

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы орта білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық**

**Алматы
2019**

***«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру
бағдарламасының авторы С. А. Назарбаева***

Нұркеева С.

Н86 Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ. – «Бөбек» ҰҒПББСО, Алматы 2019 – 196 б.

9-сыныпқа арналған оқулық «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде әзірленген. Оқулықта адамның өзін-өзі танып, өзін-өзі жетілдіруіне игі ықпалын тигізетін жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашып, жарыққа шығаратын оқу материалдары ұсынылған. Оқулық материалдарымен жүргізілетін жұмыс түрлері әрбір оқушының өзінің рухани-адамгершілік табиғаты мен өмірлік мұратын ұғынуына ықпал етіп, өскелең ұрпақтың үйлесімді қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОСТАР!

Біздің «Өзін-өзі тану» пәніміздің өзіне тән керемет ерекшеліктері бар. Сабақта алған білімдеріңіз сіздердің жасайтын барлық әрекеттеріңіздің мәнін, маңызын түсінуге көмектеседі. Биылғы оқу жылында әдеттегідей, сіздер өмір туралы және өмірдің басты құндылықтары жөнінде көп мәлімет аласыздар. Пәнді оқу барысында әлемді құндылық тұрғысынан ұғынып, өздеріңізді оның бір бөлшегі ретінде сезінесіздер.

Өмірдің мәні, болашақ өмір жолын таңдау деген не? Адамның еркіндігі, белсенді өмірлік ұстаным деген не? Қоғамдағы, отбасындағы әйел мен ер адамның орны мен рөлі қандай? Адамның рухани сұлулығы деген не? Бәрімізді толғандыратын осындай және басқа да сұрақтарға жауапты бірлесе отырып табатын боламыз. Сонымен бірге күнделікті өмірде түрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес шешуге үйренесіздер.

Оқулық мазмұнындағы рухани-адамгершілік құндылықтар сіздерге отбасындағы, ауладағы, мектептегі, қоршаған ортадағы өзара сыйластықты түсініп, халық даналығы, ата-баба дәстүрі және ұрпақ сабақтастығы туралы пайымдап, өмірде адамдардың бір-бірімен үйлесімділікте болуы керектігін үйретеді.

Оқулықтағы шартты белгілер өздеріңізге таныс айдарларда берілген қызықты оқу материалдарымен танысып, пікірталастарға қатысуға, әртүрлі жағдаяттар бойынша жұмыс істеп, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағыттайды.

Осы оқу жылында сіздерге «Менің құрдастарым» атты жоба бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Жоба әрекеті дегеніміз – қоғамға қызмет етуге бағытталған әрі зерттеу, әрі шығармашылық әрекеттің тәжірибеде жүзеге асырылуы болып табылады.

Сіздердің барлық істеріңізде шабыт пен шығармашылық тілейміз! Іске сәт!

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Дәйексөз



Оқып үйренейік



Ойланайық, пікірлесейік



Шығармашылық жұмыс



Жаңа ақпарат



Жүректен жүрекке



Жобалық іс-әрекет



Жаңа сабақ

«МЕНИҢ ҚҰРДАСТАРЫМ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Биылғы оқу жылында сіздерге «Менің құрдастарым» атты жоба бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Жоба жұмысы бағдарламаның төрт тарауына сәйкес төрт кезеңнен тұрады. Осыған орай, жобалық әрекеттің әрбір кезеңі өзін-өзі тану сабақтарында алған білімдеріңізбен тығыз байланысты және бұл сіздердің ойға алған мақсаттарыңызға жетуде көмегін тигізері айқын. Жоба жұмысы бүкіл оқу жылы бойына жүргізіледі. Жобаны дайындау көздеріне өзін-өзі тану оқулығы, танымдық кітаптар, телехабарлар, ғаламтор, отбасы мүшелерімен, сыныптастармен, достармен, жалпы жастармен, өмір өнегелі адамдармен және әрине, табиғатпен байланыс, сондай-ақ қызықты істерге, шараларға қатысу, оларды өткізуге атсалысу және іс-әрекеттің басқа да түрлері жатады.

Оқу жылының соңына қарай сіздер ХХІ ғасыр жасөспірімдерінің «Менің құрдастарым» деп аталатын жалпы портретін жасайсыздар. Жобаның **бірінші кезеңінде** төмендегі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыздар: Сіздің өміріңіз бүгінгі күнге қалай сәйкес келеді? Өзбетіңізше ойлана алатындығыңызға сенімдісіз бе? Сіз өзіңізді тұлға деп санайсыз ба? Қандай жағдайда болсын тәуелсіз тұлға болып қалуға күшіңіз жете ме? Абырой, өзінің қадір-қасиетін сезіну сияқты ұғымдар сіз үшін нені білдіреді? Өзіңіз туралы бүкпесіз айта алатын адамды таптыңыз ба? Әлде сіз өзіңізді жалғыз санайсыз ба? Жалғыздықты сезінесіз бе? Сіз не үшін өмір сүресіз? Сіз үшін өмірдің мәні неде? Кімді сүйесіз? Кімге немқұрайды қарайсыз және неліктен? Қандай сәттерде шынымен өмір сүріп жатырмын деп ойлайсыз? Осы минуттар, сағаттар, күндер неден тұрады? Сізді қатты толғандырған, ой салған не? Мүмкін ол сырт көзге білінбесе де, жаныңызды ауыртып, өміріңізді күрт өзгерткен нәрсе шығар? Сіз әлемді қалай өзгертер едіңіз? Бұл үшін не қажет деп санайсыз?

Мүмкін сіздің өзіңізге қоятын басқа да сұрақтарыңыз бар шығар? Өзіңізге өзіңіз есеп беріп, талдау жасаңыз және өзіңіздің «Меніңізді» ашатын таныстырылым даярлаңыз. Қол жеткізген табыстар мен жетістіктеріңізді ортаға салып, қандай қиындықтар, кедергілер кездескені туралы айтыңыз, өз жетістіктеріңіздің құпияларымен бөлісіп, хоббиіңіз туралы айтып беріңіз.

Жобаның екінші кезеңінде өзіңіздің сыныптастарыңыз туралы ақпараттарды қорытындылау қажет. Олардың сыртқы келбеті, бет-бейнесі, қызығушылықтары, талпыныстары қандай? Оларды қандай сұрақтар толғандырады? Шешімін таппаған қандай мәселелері бар? Қандай мамандықтар қызықтырады және несімен? Сіздің ойыңызша,

олардың қайсысы басшы, дәрігер, суретші, әртіс, инженер бола алады? Сіз өз сыныптастарыңыздың болашағын қалай елестетесіз? Сыныбыңыз өз замандас, құрбы-құрдастарын қалай бейнелеп, көрсетеді?

Осы мақсатта сыныптастарыңыз туралы мейлінше көп білуге тырысыңыз: мұның бір жолы – әрқайсысыңыздың өзін-өзі таныстыруы болып табылады. Демалыс күндері табиғатқа серуенге шығыңыздар, тамашалаған спектакль, кинофильмді, тыңдаған концертті, оқыған кітапты бірлесіп талдап, пікір алмасыңыздар. Бұл бірлескен әрекеттің қорытындысы ретінде шығарылған ұжымдық қызықты газетке әрқайсысыңыз туралы ақпараттар, фотосуреттер, қызықты оқиғалар, бейнероликтерді орналастыруға болады.

Жобаның үшінші кезеңінде өз замандас, құрбы-құрдастарыңызға жалпы сипаттама беріңіз. Бұл мақсатпен БАҚ материалдарын пайдалануға болады. Радио және телехабарлардың, газет, журнал басылымдарының қандай кейіпкері сізді қызықтырды? Олар өздерінің қандай әрекеттерімен атақты, танымал болды? Олардың нені оқығысы, көргісі, тыңдағысы келеді?

Интернеттегі жастар сайттарына кіріп көріңіз. Сіздің құрбы-құрдастарыңызды толғандыратын мәселелер қандай екен? Олар қандай тақырыптарға пікірталас ұйымдастырып, талдағысы келеді? Жастар өздерінің алдына қандай өмірлік мақсаттар қояды? Өздерін-өздері танытып, көрсетуге қалай ұмтылады? Жинаған ақпаратты өз сыныптастарыңыз туралы деректермен салыстырып көріңіз. Бұл сіздердің зерттеу жұмыстарыңыз болып табылады.

Төртінші кезең – қорытынды кезең. Өз жасаған зерттеулеріңіздің нәтижелерін рәсімдеп, тұсаукесерін жасау керек. Бұл әртүрлі формада болуы мүмкін: өздеріңіз түсірген кино, коллаж, слайдтық таныстырылым, әдеби туынды, фотомонтаж ... Мүмкін, сіз бірнеше жанрдың мүмкіндіктерін пайдаланатын шығарсыз? Өз жобаңыздың тұсаукесеріне кімдерді шақырғыңыз келетінін ойластырыңыз. Жұмысыңыз ұжымдық бола ма, әлде жеке өзіңіздің таныстырылымыңыз бола ма? Ең бастысы – таныстырылымда сіз өзіңіз үшін және қоршаған әлем үшін не ашасыз? Бұл сіздің жоспарларыңызға, мақсаттарыңызға, өмірлік бағдарламаңызға қалай әсер етеді?

Осы бір қызықты іс-әрекеттеріңізді жүзеге асыруда жетістіктерге жетулеріңізге тілек білдіреміз!

I ТАРАУ

ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ





«Менің кұрдастарым» жобасы

I кезең

1. Жобаның мақсатын анықтап, әр кезеңге қатысты міндеттерді белгілеңіз.
2. Жобаның бірінші кезеңі бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:
 - 2.1. Сіздің өміріңіз бүгінгі күнге қалай сәйкес келеді?
 - 2.2. Өзбетіңізше ойлана алатындығыңызға сенімдісіз бе?
 - 2.3. Сіз өзіңізді тұлға деп санайсыз ба?
 - 2.4. Қандай жағдайда болсын тәуелсіз тұлға болып қалуға күшіңіз жете ме? Бұл үшін қандай қасиеттеріңіз болуы керек?
 - 2.5. Абырой, өзінің қадір-қасиетін сезіну сияқты ұғымдар сіз үшін нені білдіреді?
 - 2.6. Өзіңіз туралы бүкпесіз айта алатын адамды таптыңыз ба? Әлде сіз өзіңізді жалғыз санайсыз ба? Жалғыздықты сезінесіз бе?
 - 2.7. Сіз не үшін өмір сүресіз? Сіз үшін өмірдің мәні неде?
 - 2.8. Кімді сүйесіз? Кімге немқұрайды қарайсыз және неліктен?
 - 2.9. Қандай сәттерде шынымен өмір сүріп жатырмын деп ойлайсыз? Осы минуттар, сағаттар, күндер неден тұрады?
 - 2.10. Сізді қатты толғандырған, ой салған не? Мүмкін ол сырт көзге білінбесе де, жаныңызды ауыртып, өміріңізді күрт өзгерткен нәрсе шығар?
 - 2.11. Сіз әлемді қалай өзгертер едіңіз? Бұл үшін не қажет деп санайсыз?
 - 2.12. Мүмкін сіздің өзіңізге қоятын басқа да сұрақтарыңыз бар шығар?
3. Жобаның бірінші кезеңінің қорытындысы ретінде өзіңізге өзіңіз есеп беріп, талдау жасаңыз және өзіңіздің «Меніңізді» ашатын таныстырылым даярлаңыз. Қол жеткізген табыстар мен жетістіктеріңізді ортаға салып, қандай қиындықтар, кедергілер кездескені туралы айтыңыз, өз жетістіктеріңіздің құпияларымен бөлісіп, хоббиіңіз туралы айтып беріңіз.
4. Бірінші кезеңдегі атқарылған барлық жұмыстың, атап айтқанда жобаның мақсатын анықтаудан бастап таныстырылымға дейінгі барысын Жобаның күнделігінде көрсетіңіз.

ӨМІР ЖОЛЫН ТАҢДАУ



Егер мақсатың болмаса, түк те тындыра алмайсың, ал мақсатың мардымсыз болса, ешқандай көрнекті нәрсе тындырмайсың.

Д. Дидро

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңыздар.



Әдебиет танытқышы

(Үзінді)

Ахмет Байтұрсынов

Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Есі әбден кіргенше өзгеден өзін айырмайды, өзгенің істегенін істеп, дегенімен болады. Есейген сайын өзінің өзгеден басқалығын біліп, өзіне ұнағанын істеп, ұнамағанын істемей, қиықтық¹ шығара бастайды.

Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше өміріне жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға² тиісті жердің шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғалам екеуі кездеседі. Сонда ішкі ғаламның ниетіне тысқы ғаламның шарттары тура келмей, екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді.

Задында³, тіпті мүддесі жоқ адам болмайды. Адам болған соң, оның көңілі бір нәрсені тілемей тұрмайды, көңілі тілеуіне қарай бір нәрсе істемей тағы да тұрмайды. Көңілінің тілеуі де, ол тілеуінің жолындағы ғамалы да адамына қарай түрлі болады, неғұрлым қайратты болса, соғұрлым мақсаты да зор болады. Ұсақ адамның мақсаты да ұсақ болады.



Ахмет Байтұрсынов

¹ Китарлық, қияңқылық.

² Бүкіл жер жүзі, әлем.

³ Тегінде, негізінде.

Біреу жер жүзін өзіне қарату, бағындыру талабында болады, біреу дүниеге атағын жаю талабында болады; біреу дүниенің сырын танып, адамның көзін ашып, білімін арттыру талабында болып, сонымен өмірін өткізеді. Біреу адам баласын теңгеріп, арасына әділдік орнатып, дүниеден жұмақ жасау талабында болып, өмірін сонымен өткізеді. Біреулер тек дүние жию, бай болу мақсатпен өмір өткізеді; әйтеуір тілеусіз, мақсатсыз адам жоқ.

*Аз болсын, көп болсын
әркімнің мұраты бар.
Ұлы болсын, ұсақ болсын
әркімнің мұраты бар.*

Аз болсын, көп болсын әркімнің мұраты бар. Ұлы болсын, ұсақ болсын әркімнің мұраты бар. Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң, талассыз, тартыссыз да адам жоқ. Әркім әліне қарай таласады, тартысады. Талас, тартыс – табиғаттың негізгі заңының бірі.

Табиғат тас жүрек, қанша өтініп жалынсаң да, жағынсаң да, өзінің заңынан бұрылмайды. Табиғаттың заңы қатты, үкімі рақымсыз: жолы толып жатқан кер⁴ мен кедергі; ісі шынжыр қатар тіркескен себеп пен салдар болып, алды-артыңды ораған шырмау.

Өз еркім өзімде, өз ісіме өзім қожа, өзім себеппін деп жүрген адам тұрмыс ісінің орауынан, шырмауынан әрі аса алмайды. Табиғат заңы мейірімсіз, мерзімсіз бір тағдыр: дауылды тоқтатуға, жазды ұзартуға, қысты қысқартуға, суды жоғары ағызуды еш адамның қолынан келмейді; сол сияқты табиғат заңы адамда, адам әлеуметінде де бар. Адам қанша дана, білімді болса да, қанша қаһарман, қайратты болса да, әлеумет оның мақсатын ұқпайтын болса, қайраткер қамалға жалғыз шапқан батырдай әлек болмақ.



1. Мәтіндегі «... тіпті мүддесі жоқ адам болмайды» деген тұжырымды қалай түсінесіздер? Жауаптарыңызды нақты мысал келтіріп, дәйектеніздер.
2. Автордың «ішкі ғаламның ниетіне тысқы ғаламның шарттары тура келмей, екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» деген ойы нені білдіреді деп ойлайсыздар? Өз пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.
3. «Ұсақ адамның мақсаты да ұсақ болады» деген пікірмен келісесіздер ме? Неліктен кейбір адамды ұсақ адам деп атайды?
4. Адам қандай қасиеттері арқылы өзінің өмір жолын белгілеп, жақсылық, жамандықты айырып, өзінше сынап, өзінше бағалай алады деп санайсыздар?
5. Сіздің ойыңызша, мәтінде қандай жалпыадамзаттық құндылықтар туралы айтылады?

⁴ 1. Қарсы, кері; кедергі. 2. Қырсық, қыңыр.

6. Адамның бойындағы қандай қасиеттері оның адамдық болмысын көрсетеді? Мысал келтіріңіз.
7. Өзіңіздің өмірлік мақсатыңыз қандай? Мақсатыңызға жетудің жолдары қандай деп санайсыз?



1-тапсырма. Қанатты өздерді оқып, негізгі ойын анықтап, бүгінгі өмірмен байланыстырып, өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

- *Фалес:* «Ең қиын іс – өзінді-өзің тану, ең оңай іс – басқаға ақыл айту».
- *И. Гете:* «Өзінді қалай танып білуге болады? Тіпті де құр түйсінуге емес, тек қана іс-әрекет арқылы. Өзіңнің борышыңды орындап көрсең болды, өзінді тани кетесің».
- *Абай:* «Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады».
- *М. Горький:* «Мен армандағыш, ізденгіш, жаны тыным таппайтын кісілерді ұнатамын. Ал дегеніне жетісімен тоқтай қалған адамның мен үшін ешқандай қызығы жоқ».
- *Л. Фейербах:* «Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады».
- *Б. Момышұлы:* «Үміт өрге тартады, үмітсіздік көрге тартады».

2-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдарға сәйкес мағыналарын табыңыздар.

Ұғым	Анықтамалары
1. Ғалам	а) Алға қойған мақсат, тілек, арман.
2. Мұрат	ә) Күткен үміт, ықылас, ниет.
3. Мүдде	б) Ынта, ықылас, жігер, міндет, жауапкершілік.
4. Рақым	в) Бүкіл жер жүзі, әлем.
5. Сенім	г) Қайырым, мейірім, шапағат.
6. Талап	ғ) Белгілі бір істі, жоспарды орындау жолындағы ойлы мақсат, асқақ арман.

3-тапсырма. Өмір жолын таңдаудың қаншалықты күрделі әрі жауапты екендігін түсіну үшін төменде берілген мәтінмен танысып шығыңыздар және «Өмір жолын таңдау» тақырыбы бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар. Пікірталас үшін сұрақтар дайындап, төмендегі нұсқауларды басшылыққа алыңыздар.

Пікірталасқа қатысушы үшін нұсқаулар:

1. Сөз сөйлер алдында, өз ұстанымыңызды нақты белгілеп алыңыз.
2. Мәселенің мәнін дұрыс түсініп тұрғаныңызды тексеріп алыңыз.

3. Қарсыласыңызды мұқият тыңдағаннан кейін ғана өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

4. Дау туғызбайтын деректер ғана күшті дәйек болатынын ұмытпаңыз.

5. Қарсыласыңызды сендірудің ең жақсы тиесілі нақты дәйектеме мен мінсіз логика екенін ұмытпаңыз.

6. Әділ әрі шын жүректен бәстесіңіз, қарсыласыңыздың ойлары мен сөздерін бұрмаламаңыз.

7. Анық, нақты, қарапайым, түсінікті етіп, басқалардың емес, өз сөзіңізбен сөйлеңіз.

8. Сіздікі дұрыс болмаған жағдайда, қарсыласыңыздың дұрыс екендігін мойындауға батыл болыңыз.

9. Ешқашан дөрекі сөйлеп, қарсыласыңыздың намысына тиетін, оны қорлайтын сөздер айтпаңыз.

10. Сөзіңізді аяқтай келе, қорытынды шығарыңыз.

Таңдау қиындығы

Бақытгүл Салыхова

Шешім қабылдаудан шаршадыңыз ба? Маңызды мен маңызы жоқты, қауырттық пен жайбасарлықты, негізгі мен қосалқы нәрсені ажырата алмай басыңыз қатты ма? Әлбетте, өмір тест сұрақтарының жауабы емес, бір дұрыс жауапты таңдай алмайсыз. Сондықтан шешім қабылдаудың жылдамдығы мен сапасы сай келуі де, келмеуі де мүмкін.

Бірақ өмір көп таңдау жасатады, сондықтан шешіміңізге өкінбейтіндей болуыңыз керек. Өмірінің бір кезеңінде тамақ, киім таңдаудан бастап, мамандық, өмірлік жар таңдау сияқты мәселелерде шешім шығару кезінде барлық адам бірдей қиналады. Өйткені салыстырмалы түрде, бірінен бірі жақсы, тіпті керемет нәрселерден таңдап алу қиын, оған қоса көп ойланған сайын шешім қабылдау да қиындай түседі, содан әйтеуір кез келгенін таңдай салып, соңында риза болмай, көңіл-күйің түсіп кететін кездер болады. Психологияда бұл «шешім қабылдаудан шаршау» деп аталады. Ал ол өз кезегінде таңдау нұсқаларының тым көп болуына және оны игере алмауымызға байланысты. Жиі таңдау жасау қажет болған сайын шешіміңіздің сапасы да нашарлай түседі, дейді мамандар.

Ең басты мақсатты «табысқа жету» деп ойлайтын адам көбінесе мынадай үш сенімді басшылыққа алады екен: «мен міндеттімін», «мұның барлығы маңызды», «мен осының барлығын немесе екеуін де істей аламын». Сөйтіп жүріп өзіне тым көп жүктеме алып қойғанын байқамай қалады, дер кезінде тоқтап сараптауға да уақыты болмайды. Сондықтан көп шаруа атқарып жатқанымен ешнәрсенің түбіне дейін зерттеп, жете білетін маманы бола алмайды немесе ешқандай нәтижені

көрмей бәрінен көңілі қалады, тығырыққа тіреледі. Ондай адамдар өте көп, бірақ тиімсіз жұмыс істейді. Осындай таптаурын⁵ ойдан арылып, «азырақ, бірақ жақсырақ» теориясын қабылдауды жазушы және психолог Грег МакКеон «эссенциализм» деп атайды және «Эссенциализм. Қарапайымдыққа жол» кітабында өз әдістемесі қалай жұмыс істейтінін сипаттайды.

Эссенциализм – «көп нәрсені аз уақытта жасау туралы емес, істеуге тиіс нәрсені ғана жасау туралы», – дейді Грег МакКеон. Бұл үшін ең маңызды мәселелерді анықтап, бар күшті соны жүзеге асыру жолына жұмсау қажет.

Сіз үшін не маңызды? Өз өміріңізде маңызды нәрселерді рет-ретімен қоймасаңыз, оны сіз үшін басқа адамдар жасайды да сіздің өміріңіз өзіңізге тиесілі болмай қалады. Сондықтан қандай жағдай болса да ойланып, өзіңізге қажетті басымдықты мақсат етіп қойыңыз, өміріңіздегі маңызды нәрселерге талдау жасаңыз.

Қалай болғанда да басымдық қойып, маңыздыны таңдай білуге үйренуіміз керек, бұл тек уақыт үнемдеуге ғана септігін тигізбейді, өзіңіздің өмірлік миссияңызды дұрыс тауып, бақытты өмір сүруге мүмкіндік береді. Ал өмірде бақытты өмір сүруден басқа қандай басымдық болуы мүмкін?

Қазір біздің алдымызда көп таңдау тұр. Бұл мемлекетке де, билікке де, қоғамға да, ұлтқа да қатысты. Осы сындарлы кезеңде таңдаулардың дұрыстығы бізді нығайтуға, алға жылжуға, дамуға айтарлықтай жәрдемін тигізетінін естен шығармағанымыз абзал.

4-тапсырма. Өзіңіздің өмір жолыңызды таңдау жоспарын жасап, сыныптастарыңызбен ортаға салыңыз.



Жүсіпбек Аймауытов

Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады; басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу іскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады.

Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп, қызметте де, өз басына, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнындағы» адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.

⁵ Әлеуметтік топ, адам, құбылыс, оқиға т.б. туралы қалыптасқан тұрақты, үстірт ой-пікір.

Әр адамның еңбегі қашан жемісті болмақ? Әркім «өз орнында» қызмет істегенде. Олай болса, бұл – негізгі мәселе. Әр адам бір жағынан әлеуметтің мүшесі болып, әлеуметке пайда тигізуі қажет.

Екінші, әр адам өз пайдасын, өз мақсатын көздеме. Бас мақсатын біржола ұмытып, әлеумет қызметін түгел білетін адам болуы мүмкін емес, ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды, біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек сағалайды. Айырма жалғыз осында. Бұл адамның табиғатынан туатын заң. Неге десеңіз, әр адамға тіршілік ету керек. Азды-көпті өмірін әркім өз көңіліндегідей мұңсыз өткізуге талпынады. Сондықтан ең күшті мақсат – бас мақсат. Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады?

Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, ыңғайына, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады...



Қыран қазақ

Нұртөре Жүсіп

Қазақ «Тәуекел ет те, тас жұт» дейді. Ер адамның ең басты серігі - сол тәуекел. Тәуекелге екінің бірінің жүрегі дауалай бермейтіні анық. Тоқтар Әубәкіровтің сегізінші сыныпты бітіре салып, Теміртаудағы құю-механикалық зауытына токарь болып істеуі үшін де сол тәуекелдің керек болғаны даусыз. Кешкі мектепті жұмыспен қатарластыра оқып шыққан соң, 1965 жылы әуе қорғанысына қарсы ұшқыштар даярлайтын Армавир жоғары әскери авиация училищесіне түсу үшін де үлкен тәуекел керек еді. Осы училищені 1969 жылы бітірген соң әскери-қарулы күштерінде қызмет етуге бел байлайды.

Былай қарағанда өмірбаян беттеріне тізбектелген осы жылдар опонай өте шыққан сияқты. Бірақ ол кезде қазақ баласының ұшқыштар мектебіне түсуі, шынын айтқанда, талайлар үшін тек арман болатын. Тіпті Елбасымыздың өзі жас күнінде ұшқыш болуды армандағаны белгілі ғой. Өйткені, қаншама бауырлас елміз дегенімізбен, Кеңестер Одағының былайғы халықтары үшін темір шымылдықты жерлері көп еді. Қазақтың арманы аэроклубтан ары аспайтын. Ары қарай тәуекел етуге екінің бірі бел байлай да бермейтін. Тұмсығы тасқа тірелетінін білген соң да солай болды ма?.. Біздің кейіпкеріміз сынақшы-ұшқыш болуға Кеңес Одағының Батыры А.Федотовпен кездескеннен мықтап бел байлағанын айтқаны бар. МИГ фирмасының атақты сынақшы-ұшқышы жас жігіттің өміріне өмірлік өзгеріс енгізсе керек. Училищені

бітірген соң Қиыр Шығыста, Амурдағы Комсомольск қаласында әскери қызметін жалғастыра береді. Сонда СУ-15 ұшағымен ұша бастайды. Төрт жылғы әскери қызметінде Тоқтар ерекше қабілетімен көзге түседі. Қиыр Шығыстағы ең үздік ұшқыш атанады. Сондағы авиация зауытына жиі барып, сынақшы-ұшқыштармен танысады. Олар әңгіме арасында егер сен эскадрилия командирі болсаң, сынаққа мүлдем жібермей қояды деген сөзді айтады. Өзін сынақшы-ұшқыштар мектебіне ауыстыруды өтініп, қайта-қайта сұранады. Өтініші қанағаттандырылмай, кейін қайтарыла берген соң «жығылсаң нардан жығыл» дегендей, Тоқтардың ойына керемет бір идея сап ете қалады. Ол дереу Қонаевқа хат жазу қажет деп шешеді. Отыра қалып, хат жаза бастайды. «Мен, Тоқтар Әубәкіров, аға лейтенантпын. Сынақшы-ұшқыш болғым келеді. Оған денсаулығым да, білімім де жетеді. Барлық сынақты ойдағыдай тапсырдым. Бірақ Қорғаныс министрлігі мені бұл жаққа жіберетін емес. Қазақтың бір баласы сынақшы-ұшқыш болса, несі жаман? Маған осындай мүмкіндік жасауға қол ұшын беріңіз» деп хатты жолдап кеп жібереді.

Арада алты ай өткенде КСРО Қорғаныс министрінің тапсырмасы бойынша Тоқтар Әубәкіровті Авиация өнеркәсібі министрлігіне ауыстыру туралы жоғары жақтан пәрмен келіп түседі. Сөйтіп, Тоқтар Оңғарбайұлы Мәскеудегі МИГ авиация фирмасына тап болады. Сол жерде көптеген сынақшы-ұшқыштармен танысып, небір асау әуе тұлпарын ерттеп міне бастайды. МИГ-23-тен бастап МИГ-29 ұшағына дейін реактивті ұшақтың 50-ден аса ең соңғы техникамен жарақталған түрін сынақтан өткізді. 1988 жылы бірқатар сынақ ұшуларын сәтті өткізгені үшін Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Қиыр Шығыста жүріп Дінмұхамед Қонаевқа хат жазу, онда да қазақтың бір баласының сынақшы-ұшқыш болса, несі айып, – деп мәселені төтесінен қою үшін де жүрек жұтқан батырлық керек. Егер сонда Тоқтар солай тәуекел етпесе, қатардағы көп ұшқыштың бірі болып қала берер ме еді? Өмір жолы мүлде басқаша қалыптасар ма еді, кім білсін?!

Кейде ғұмыр кірпік ұшында тұрады. Көзіңді ашып-жұмғанша... Мәселені сағаттар емес, минуттар емес, секундтар шешетін уақыт болады.

Бала Тоқтар Теміртауға келгенде, Қарағандыдағы аэроклубқа жазылып, кеудесіне ұшқыш болсам деген үкілі үмітті қондырғанда мұндай жағдайлар болады дегенді қаперіне әсте алмаған да шығар-ау!

Адамның жаны мұрнының ұшына келетін кез. Тоқтар Әубәкіров сондай сұрапыл теңіз дауылы ышқынып тұрған шақта дыбыстан жылдам ұшатын ұшақты кеме үстіне қондырып, ғаламат ерлік жасаған. Әдеттегі сынақ ұшуы деп есептелгенімен осындай күрделі жағдайда

ұшақты кеме үстіне қондыру таза жүрек жұтқандық қой! Судың жал-жал толқындарының салмағына ұшақтың салмағы келіп қосылғанда 80 мың тоннаға тең келерлік жойқын жүктен кеме шайқалғаны сондай: қауырсын секілді айнала жөнелген ғой. Тоқтардың бойына сонда да үрей ұя салып үлгермеген.

Гиннестің рекордтар кітабына кірген ерлігін де осы ұшақпен жасады. «Тбилиси» крейсерінен жаңа әдіспен ұшақты көкке көтеру оқиғасына бүкіл әлем көз тікті десе де болады. Совет ұшағы лып етіп көтеріле ала ма, жоқ, бұрқ етіп жоқ бола ма, деп бүкіл дүние жүзінің мамандары демін ішіне тартып, қарап тұрған еді. Тоқтар Әубәкіровке крейсердің камзолдың етегіндей қып-қысқа ұшаңқайынан МИГ-29 ұшағын лып еткізіп көкке көтеру міндет болды. Жаңа әдістің ерекшелігі сонда: ұшақ трамплиннен түскендей төмен лықсып келіп, дүр етіп ұша жөнелген кептердей тез көтеріліп кетуі керек. Барлық мәселені секундтар ғана шешеді. Асқан дәлдікпен аядай жерге ұшақты қайта қондыру да ғаламат ерлік болатын. Авиация тарихында бірінші рет мұндай әдіспен ұшуды жүзеге асырғаны үшін Тоқтардың бұл ерлігі Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді. Бұл 1989 жылдың 1 қарашасында болған оқиға еді.



Тоқтар Әубәкіров

Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдинов ағамыздың Тоқтар Әубәкіровтің ерлігіне тәнті болғанда айтқан сөзіне қосыла бас иземеске амал қайсы? «Мынау деген кез келген ғарышкер-ұшқышыңыз сынақшы-ұшқыш бола алмайды. Былай қарасаң, олардың дәрежелерінің бір-бірінен еш кемістігі, не артықшылығы жоқ. Тек, ғарышкерлер елдің алдында, халықтың алдында жүретін топ, ал сынақшылар құпия өмір сүреді. Сынақшы мен ұшқыштың ара-жігін ажыратып алу керек. Мәселе – олардың қызметінің сынақшылық құпиялылығында да емес, бар мәселе – олардың жүрегінде. Ең алдымен жүрек керек, жүрек!». Жүрек жұтқан батыр ағасының жүрек жұтқан батыр інісі туралы айтқан сөзі бұл. Қазақ «жүрегінің түгі бар» деп осы Талғат пен Тоқтар сияқты кісілерді айтса керек.

Кім көрінген кесімді сөз айта алмайды. Адамның өз беті болады. Өз бетінше өмір сүру, өз бетінше шешім қабылдау ер мінез адамның ғана қолынан келетін шаруа. Тоқтарға ғарышқа ұшу туралы екі мәрте ұсыныс жасалынды. Мұның алғашқысында сүйікті ісін тастағысы

келмегендігі себептен бас тартса, екінші ретінде Президентпен кездесуге шақырылады. Барған бетте ғарышқа ұшудан бас тартатынын мәлімдейді. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы:

– Тоқтар, бауырым! – деп майда қоңыр даусымен бауырына тартып сөз бастайды. – Мені дұрыс түсін, бұл ұшу сен үшін, я болмаса мен үшін қажет емес, біздің қазақ халқы үшін керек. Білесің бе, Байқоңырдан осынау отыз жылдың ішінде ғарышқа кімдер ұшпады? Ал сол жердің иесі – қазақтар «Біздің жерден біздің ғарышкер қашан шығады?» деп армандаумен келеді. Өзінді туған сол халықтың арманын орындаудан неге бас тартпақсың, а? Оның үстіне сен барлық жағынан дайын тұрсың... Керек десе, Кеңес Одағының Батырысың! – дейді.

Аталы сөзге тоқтаған қазақ емеспіз бе, Тоқтар осы сөзге тоқтайды. Байқоңырдағы «Энергия» ғылыми-өндірістік бірлестігінде «Халқым үшін, қазағым үшін өліп кетуге дайынмын!» – деген таспаға жазылған сөздер бар.

Тоқтардың ғарышқа ұшу кезеңі қазақтың Азаттық туралы арманының орындалуға бет бұрған уақытпен тұспа-тұс келді. Елбасымыздың күш салуымен 1991 жылғы 21 қаңтарда Тоқтар Әубәкіровтің кандидатурасы жедел түрде бекітіліп, бас-аяғы төрт айдың ішінде бүкіл дайындықтан сүрінбей өтіп, 1991 жылдың 2-10 қазаны аралығында қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7 тәулік, 22 сағат, 12 минут, 40 секунд ғарыш кеңістігінде болған Тоқтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды. Осылайша күллі бір халықтың ғасырлар бойы аңсаған азаттығының көзайымындай болып, ғарышқа барып қайтты. Сонысымен де туған халқының мәртебесін сан ғасыр алға оздырып тастады. Халықтың маңдайына жүз жылда бір бітетін Ұлы тұлға – Ғасыр адамы атанды.

Тоқтар Әубәкіров – Жаратушы мен Азаттық аңсаған халқының арасын жалғап жібергендей көрінеді де тұрады! Тоқтар ұшқан соң, арада небәрі бір жарым ай өткенде қазақ халқының қолы ғасырлар бойы аңсаған азаттығына жетті!



1. Мәтіндегі «Ер адамның ең басты серігі – сол тәуекел. Тәуекелге екінің бірінің жүрегі дауалай бермейтіні анық» деген тұжырымды қалай түсінесіздер? Саналы тәуекелдің адамның абыройымен, мақсатының орындалуымен қандай байланысы бар?
2. Адамның бойындағы қандай қасиеттері оны абырой биігіне көтеріп, дұрыс әрекетке жетелейді? Неліктен?
3. Автордың «Тоқтар Әубәкіров – Жаратушы мен Азаттық аңсаған халқының арасын жалғап жібергендей көрінеді де тұрады!» деген ойын қалай жалғастырар едіңіздер?

4. Мәтінде Тоқтар Әубәкіровтің бойынан қандай асыл құндылықтарды, кісілік пен адамгершілікті байқадыңыздар?
5. Өз өміріңізде мақсатқа жету үшін саналылықпен тәуекелге бел буған сәттеріңіз болды ма? Мысал келтіріп, әңгімелеп беріңіз.



5-тапсырма. Төмендегі сұхбатты оқып, сұрақтар бойынша өз шешімдеріңіз бен ой-тұжырымдарыңызды айтыңыздар.

Талғат Сүйінбайдың кітабында Елбасы мен Тоқтар Әубәкіровтің арасындағы әңгіме түйіні былай көрініс тапқан.

«Қалайда осы қазір ұшуға тиіссің», – деді Елбасы.

«Ұшамын!..» – дедім мен.

«Қазағың үшін басынды қауіп-қатерге тігесің». – деді ол.

«Тігемін!..» – дедім...

- *Тоқтардың орнында болсаңыз, қалай жауап берер едіңіз? Неліктен?*
- *Сертке адал болу адам бойындағы қандай құндылықтар мен қасиеттерді арттырады? Қалайша?*


6-тапсырма. Ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің студенттермен болған кездесуде айтқан сөздерін оқып шығып, өзіңіздің мүмкіндіктеріңіз бен шынайы борышыңызды қалай түсінетініңізді ортаға салыңыз.

• Кішкентай қиындық үшін армандарыңнан бас тартпандар! Бәрін тастағым келген күні радиодан Бибігүл Төлегенованы 25 минут тыңдадым. «Осы қараша қазақтың қызын қазір бүкіл Одақ тыңдап отыр емес пе? Ол күн сайын қиыншылық көріп, ақыры осы биігіне өз еңбегімен жетті ғой. Ал сен кездескен аз қиындыққа бола арманыңды сатайын деп отырсың. Болмайды» деп өзімді қолға алдым да, ол күні бүкіл комиссиядан сүрінбей өттім.

• Он жасымда өзімді жігіт санадым. Слесарьдың көмекшісі болып жұмыс істедім. Олар тапсырма береді, мен бұлжытпай орындаймын. Әкем ұста болған кісі. Сондықтан темір дегеннен аздап хабарым бар. Бірде бастығым үлкен доңғалақтың болтын бұрауды тапсырды. Бұрап болған соң оны шешіп алу керек боп, өздері құралдарымен шешуге кірісті. Бір кезде «Әй, мынаны қай темірмен бұрап едің? Тастай ғой өзі, шешілмейді» дейді. Мен оны жай қолыммен бұраған болатынмын.

• Он бес жасымда полиция учаскесіне барып «маған паспорт беріндер, бермейінше осы жерден шықпаймын» деп отырып алдым. Өйткені жұмыс істегім келеді. Үйде жағдай әбден нашарлап кеткен. Ал дұрыстау жұмысқа тұру үшін жеке куәлік керек. Ақыры жеке куәлікті уақытынан бұрын жасатқызып берді.

7-тапсырма. Өтілген тақырыпқа байланысты сөздерді еске түсіріп, «Өмір жолын таңдау» атты сөзжұмбақты шешіңіздер.



Көлденеңінен	Тігінен
4. Сынақ, емтихан алушы.	1. Бір нәтижеге жету үшін алға қойылған міндет.
6. Бағыт, бағдар, жоба, жоспар.	2. Көкейтесті мақсат, тілек.
8. Бір іске жалтақтамай батыл кірісу.	3. Алға қойылған мақсат, тілек, арман.
10. Ел үшін жаумен айқасып жеңіп шыққан ержүрек адам.	5. Батылдық, қайраттылық, ерік.
11. Тәуелсіз болушылық, еріктілік, бостандық.	7. Абырой, атақ, даңқ, дәреже.
12. Ашық жер, кең алқап.	9. Аспан әлемі, біртұтас әлем.

8-тапсырма. Тоқтар Әубәкіров туралы түсірілген «Биіктерді бағындырған» атты деректі фильмді көріп, «Адамның еркі, тек қана берік адамның еркі – ғаламат күш» тақырыбында эссе жазыңыз («Oz-in-oz-tanu.kz» интернет-порталы).



Әрбір адам өзінің өмір жолын табуға талпынады, көпшілігі зор жетістікке жетуді армандайды. Бірақ барлығы бірдей ойлағанына жете алмайды. Бұл неліктен? Себеп түрліше. Көптеген адамдар қиындыққа кездескенде үмітсіздікке салынады, өмірлік жоспарынан оңай бас тартып, мүмкіндіктерім сарқылды деп ойлайды. Ондай адамдар өздерінің дене және рухани күштерін жете бағаламайды.

Адам өз мүмкіндіктерін жетілдіріп қана қоймай, оны байыта түсу керек екендігін де әрдайым есте ұстағаны абзал. Әр адам өзімен жұмыс істеуді неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым ірі жетістікке жетеді, себебі адамның жас кезінде икемділігі, яғни өзгеріске және дамуға қабілеттілігі жоғары болып келеді.

Кейбір адамдардың белгілі бір қызметтегі, ғылым мен өнер саласындағы таланттары мен қабілеттері кемел шақта да ашылып, дамуы мүмкін. Сол себепті де өз бетінше әрекет етіп, жетістікке жете білу еш уақытта да кеш болмайды.

Дегенмен толық жеңіс үшін білім мен тілек жеткіліксіздеу, өйткені білім алуда, қайсар мінез бен барынша дамыған ерік жоқ болса, тілек орындалмаған арман, қалықтап жүрген қиял боп қала береді. Ештеңе де өзінен-өзі, ерік-жігерсіз, құрбандық пен еңбексіз келмейді. Адам еркі, тек қана берік адамның еркі – ғаламат күш. Ақыл еріктің жолын жарықтандырады, ал ерік дұрыс әрекетке әмірін жүргізеді. Осы айтылғандардың бәрі адамның болмысын, мүмкіндіктерін барынша пайдалану оның өмірде жеке тұлға болып қалыптасуына, өз болашағына дұрыс таңдау жасап, өмірдегі дұрыс әрекеттеріне ықпал ететіндігін көрсетеді.



Арман жолдар

*Сөзін жазған Арман Дүйсенбі
Әнін жазған Ұлықпан Жолдасов*

Жол – жетелейді арман мен мұраттарға,
Жол – жауап жоқ алады сұрақтарға.
Сен адастырма, арманым, жол бастаған,
Үйреттің өмір сырын алғаш маған.

Сен – қиялы құсым сапарға алып ұшқан,
Сен – арман ару, жаралған сағыныштан.
Сен – жас дәуренім, жүзіндей ақ алмастың,
Мөп-мөлдір кәусарыңа қана алмаспын.

Сен – арман-қиял, жетелеп жас күнімді.
Сен – ұрлап алып кетпеші жастығымды.
Сен – қол жетпейтін тұратын сағымнансың,
Жолдарда жүріп өткен әнім қалсын.

МӘНГЕ ТОЛЫ ӨМІР



*Неге біз алға, үнемі алға ұмтыламыз?
Өйткені өмірдің мәні – тек жаңалық ашу ғой.*

Л.Н.Толстой

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Нағыз адам туралы

Сламбек Тәуекел

Мен жақында ғана ортамыздан кеткеніне ширек ғасыр өткен батыр адам, дарынды өнер шебері туралы бір сағаттық деректі фильмді жасап бітірдім. Көз алдымнан барлық кинотаспаларда сақталған тыныс-тіршілігі мен шеберлігін толық сездіретін сахналар мен кадрларды көп рет өткізіп шықтым. Тіпті, өмірімде Кенағаңмен тағы біраз уақыт бірге болғандай әсер алдым.

Жоғарыда айтылған бір сағаттық «Төзім» деректі фильмі үшін «Қасқырлар апаны» көркем фильмінің режиссері әйгілі Болотбек Шәмшиевтен арнайы сұхбат алғанымызда, ол да сол жұмыста Кененбай ағаның қатты қобалжығаны туралы ерекше айтты. Бүкілодақтық премьера, КСРО-ның ірі қалаларындағы, әсіресе, Москва, Бішкек, Алматы қалаларында болған көрсетілімдерден кейін баспасөз беттері мен телеэкран арқылы айтылған пікірлерде «Қасқырлар апаны» фильмінің сапасына Кененбай ағаның зор үлесін сыншылар мен көрермен бірауыздан қолдады. Актер Қожабековтің орындауында көптен бері бұндай күрделі, ауқымды, терең рөл болмағанын өзі де мойындаған болатын... Күрделі деп отырғанымыз, бұл рөлді Кенағаң қандай күйде ойнады десеңізші?! Жұмысқа деген зор құлшынысын өзі бұрын сезбепті! Әлде, бұл фильм Кененбай ағаның ойнаған ақырғы рөлімен тамаша шығарма ғана емес, тарихи оқиға ретінде есте қалатындығын сезді ме екен...

1928 жылдың аязды қысында Алматы жанындағы Ақсеңгір ауылында дүниеге келген Кененбай аға бір кісідей қиыншылықтар пен тауқыметтерді көрді. Өсті. Өнді. Кенекең көп балалы шопанның отбасында дүниеге келіп, кейін оны ата-анасы даралап теміржолда жұмыс істейтін әкесінің інісі Молданға береді. Себебі, әжесі Бейілхан сол үйде тұратын, осылай ешбір қиындықсыз сол Молданның баласы болды да кетті. Кененбай Молданұлы Қожабеков есімі осылай қалыптасты. Бала кезінен айтқанынан қайтпайтын қайсар болып өсіпті. Мектептен кейін «Октябрьдің XX жылдығы» зауытына түсіп, шоферлік білім алып жұмыс істей бастайды. Әкесі Молдан баланың болашағын ойлап,

оқуға түсуді тапсырады. Елгезек, сауыққұмар бала Алматыны аралап жүріп, Алматы киностудиясы жанынан ашылған киноактерлер студия-мектебіне түседі. «Аласталған Алитет» фильміне актерлер таңдауға Алматыға әйгілі орыс кинорежиссері Марк Донской келеді. Адамды баурай да, тани білетін режиссер Кененбай ағаны таңдайды. Бірден басты рөлге түсу бақытына ие болады. Ол фильмде ойнаған белгілі артистер Лев Свердлин, Андрей Абрикосов, Борис Тениндер дарынды қазақ баласының ойынына риза болады. Халық ортасынан шығып экран төріне бірден аттаған дарынды жігіт көрермен ықыласына бөленіп, Жасөспірімдер театрының шығармашылық ұжымына қабылданады. Кинодағы жолы да ашыла бастайды, «Шабандоз қыздағы» Айдар рөлінде ғашығын арқыраған асау өзенмен арпалысып құтқарған ол өжет жігіт атанады. Өжеттігі фильмнен-фильмге ауысады. Ол кездерде арнайы трюктер жасайтын мамандар тек Мәскеу мен Одесса қалаларында болатын. «Біз Жетісуданбыз» фильмінде режиссер Сұлтан Қожықов балконнан төменде байлаулы тұрған аттың ертоқымына бұтаққа қонған құстай секіретін Нартайдың орнына трюкті жасауға мамандар шақырамыз дегенде, Кененбай аға оны өзім-ақ жасаймын деп отырып алады. Жасады да. Кино мамандарының тілімен айтқанда – бір кадрмен! Актердің осы қайсарлығы көрерменнің әлі есінде. Атақты режиссер Сатыбалды Нарымбетов «Төзім» фильміне берген сұхбатында: «Бала кезімізден қазақ киносының осы бір ептілік көрсеткен тұсы өте таңырқататын, дәл осы трюкті және оны жасаған Кененбай ағаны көру үшін осы фильмді бірнеше рет көрдім», – деп естелік айтты. Иә, сол кезде ол кім еді? Кененбай еді.



Кененбай Қожабеков «Қыз Жібек» фильмінде

Жазушы Әміртай Бөрінің сөзімен айтсақ, «өнердің шыңына шығып келе жатқан шын талант, кенет «Құлагердей құлап түсті». Кененбай ағаның өзі де сол бір қарғыс атқан 1960 жылдың 10 қаңтары «құлап

түскен күнім» деп көкірек жара күрсініп айтып отыратын. Осы күннен бастап оның өмірі екіге қақ айырылды. Бір жағы жарық пен қуанышқа толы болса, екіншісі белгісіздік пен тұңғыыққа айналды.

Неге сол жолы қылмыскердің пышағына қарусыз ұмтылудан қорықпадың деген сұраққа жауап – Кененбай ағаның оған дейінгі және одан кейінгі сүріп өткен өмірі. Тұғыр: адамның жан дүниесінің өзегі мен негізі, тұлғаның өмірлік ұстанымдары. Басқаша болу мүмкін емес еді. Ол ұмтылмаса досы пышаққа ұшар еді! Күнделікті театрдағы репетицияға асығып келе жатқан үш достың алдынан осы бір сын кездейсоқ шыға келді. Бұл өмірлік сыннан Кененбай аға ғана өте алды!

Дәрігерлер пышақ бел омыртқаға тиіп жұлынға зақым келтірген деп шешті. Жарақат өте ауыр. Олар шындықты жасырмай айтқан: операция керек, өте қауіпті, ұзаққа созылатын. Немен аяқталатынын да айту қиын? Мыңнан біреу... Кененбай аға қаймықпастан келіскен. Бес сағат жасалған операция кешегі нардай жігітті бес омыртқасыз қалдырған! Ол шыдап шыққан. Ыңқ етпеген. Шыдамдылық пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен. Александр Ульянов, Ғани Мұратбаев, комиссар Шагабутдинов сияқты өзінің ойнаған кейіпкерлерінің қайсарлықтарын жалғастыра білген.

Бұл тек басы ғана болатын. Дәрігерлердің қатал үкімі – алдағы өмір толығымен қозғалыссыздықтан тұратын болады. Бұндай үкім отыз екі жастағы өрімдей жігітке жасалған еді. Ал оның көңіл күйі нені меңзегені белгілі. Мақсаттар, армандар, жоспарлар, өзін өнер тіршіліктері мен ағымдарынан басқа жерде елестету мүмкін емес... Не істеу керек? Тек ішіп жеу мен тыныстану үшін өмір сүрем бе? Жоқ! Бұл мен үшін емес! Мені ат үстінен аударып түсіру мүмкін емес!.. Қазақ ССР үкіметі Кененбайдың жағдайын есепке алып дербес зейнетақы тағайындайды. Кененбай оны алмайды. Өмірлік күрес осыдан басталды. Кененбай аға осы жолы рух күшінің мықтылығын дәлелдеді!

... ұлы әкесінің жанынан қадам алыстамайды. Осылай 28 жыл әкесін бағады. Отыз жеті жасына дейін! Міне, ерліктің ерлігін Ілияс көрсете білді.

Досы кинорежиссер Сұлтан Қожықов ауруханаға жиі келіп Кененбайды жігерлендіреді, қайрайды. Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты?» кітабын әкеліп береді. «Жата берме, қимылда, бізге сен керексің, мен саған бір тамаша рөл дайындап қойдым. Тезірек айығуың керек», – деп, «Егер біз әрқайсымыз» фильмін уақытша тоқтатып сондағы бір рөлді Кененбайға орындатуды мақсат қылады. Міне, Кененбай өзінің қажеттілігін сезінген сайын қуаттана түседі, қайраттанып кереуетінен тұрып, қабырғаға бір сүйеніп, таяққа екі сүйеніп жүруге ұмтылыс жасайды. Міне, нағыз достықтың

көрінісі, оның салдары қандай мүмкіндіктердің оянуына себеп бола алды. Сұлтекеңнің бұл нағыз психологиялық тәжірибелері десек те болады. Сегіз омыртқасынан айырылған адамның таяққа таянып жүре бастағанына дәрігерлердің өздері таңырқайды. Сол Бақытжанның рөлін ойнап жүріп өзеннің иіріміне түсіп қалған шопанды құтқару сахнасына дублер артист шақыртқызбай суға өзі секіреді... Суық өзеннің суы Кененбай аяқтарының әлсіз жандарын біржола алады. Осыдан кейін Кененбай темір арбаға өмірінің аяғына дейін байланады. 28 жыл осы қияметті бастан кешіреді.

1960 жылы Кененбай аға пышаққа түскенде оның ұлы Ілияс небәрі тоғыз жаста еді. Кененбай аға өзінің жағдайын жете түсінгендіктен тағы бір ерлікке жақын қылыққа барады, жары Римманың бас бостандығын қалайды... Бірақ балалары Ілияс пен Алена әкесімен қалады. Қызы екі жаққа бірдей жүрсе, ұлы әкесінің жанынан қадам алыстамайды. Осылай 28 жыл әкесін бағады. Отыз жеті жасына дейін! Міне, ерліктің ерлігін Ілияс көрсете білді. Жарымжан әкесінің көз жұмған сәтіне дейін қасы мен қабағына қараған осы азаматтың атқарған еңбегі мені аса таң қалдырады, сүйсіндіреді! Әкеге деген қандай махаббат! Ол сүйіспеншілік әлі де азаймаған, жылдан жылға ұлғая түскен сияқты. Оны мен «Төзім» фильмі үшін Ілиястан алған сұхбаттардан сездім. Міне, Кененбай ағаның бір бақыты – осы Ілиясы. «Ілияс менің аяғым да, қанатым да» деп баға берген екен кезінде. Міне, бүкіл жастық шағын әкесін көтеріп жүрген бала, жігіт бүгін белгілі музыкатанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясының оқытушысы. Оған қоса айтар едім, Ілияс Кененбай ағаның әр қадамынан қалған іздерді табуды мақсат еткен маман.

Кененбай Қожабековтің кино өнерінде ойнаған басты рөлдерін есептесек – жиырма. Осының тең жартысы темір арбаға таңылған актердің рөлдері. Осы мақаланың басындағы Бабахан рөлі мәңгілік халық жадында қалатын дарын иесі батыр және нағыз адам Кенағанның ақырғы рөлі!



1. «Мақсаттар, армандар, жоспарлар, өзін өнер тіршіліктері мен ағымдарынан басқа жерде елестету мүмкін емес... Не істеу керек? Тек ішіп жеу мен тыныстану үшін өмір сүрем бе? Жоқ! Бұл мен үшін емес! Мені ат үстінен аударып түсіру мүмкін емес!...» деген сөздер актердің қандай асыл қасиеттеріне дәлел болады деп ойлайсыздар?
2. Қиын тағдырлы актерді қызмет істеп, әлеуметке пайда келтіруіне оның бойындағы қандай құндылықтары мен қасиеттері жетеледі? Оның өмірінің мәні неде болды деп санайсыздар?
3. Актердің ұлы Ілиястың әкесіне деген сүйіспеншілігі оның

қандай әрекетінен көрініс табады? Нақты мысал келтіріп айтыңыз.

4. Айналаңызда өз мүмкіндіктері мен қабілетінің арқасында биік нәтижелерге қол жеткізіп, мағыналы өмір сүрген адамдарды білесіз бе? Мысал келтіріп, әңгімелеп беріңіз.
5. Өзіңіз өмірдің мәнін ұғыну жолында қандай адамгершілік ұстанымдарды басшылыққа аласыз? Неліктен?



1-тапсырма. Елбасының Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі қарсаңында қойылған «Өмірдің мәні неде?» деген сұраққа берген жауабын оқып шығыңыздар. Бұл сұраққа өздеріңіз қалай жауап берер едіңіздер?

*Айнұр Ракишева
Baq.kz сайтынан*

Адамдардың барлығы өмірдің мәні неде екендігін білгісі келетіндігін айтқан Елбасы:

– Мен аз өмір сүрген жоқпын, өмірлік тәжірибеме қарасам, өмірдің мәні туралы ойлай беру құр бекер іс. Өмірдің мәнін Жаратушымыз туғанымызда біздің генімізге салып берген және біздің қай уақытта не істейтіндігіміз жазылып қойған. Сондықтан да өмірдің мәнін түсінуге тырысудың қажеті жоқ. Тағдыр деген бар. Алайда тағдыр екен деп қарап отыруға болмайды. Адам су тасқыны болса, жер сілкінісі болса немесе қарама-қарсыңда көлік келе жатса жолдың шетіне шығып қауіптен қорғанамыз ғой. Яғни тағдырымыз жазылып қойылғанымен, ол өз қолымызда. Өткенде нені қате жасадық деп ойланып бұрыңғымен немесе 10-20 жылдан соң не болар екен деп болашақпен өмір сүруге болмайды. Бүгінмен өмір сүру қажет. Тіпті ертең не болатынын ешкім білмейді. Біздің жеріміз қарасаңыз галактиканың кішкентай ғана бір бөлігі. Оған қашанда космостан да, жер астынан да, бетінен де түрлі қауіп-қатер төніп тұрады. Адам басына да келетін нешетүрлі бәле бар. Оның барлығын ойласаң өмір сүре алмайсың. Алла бізге жан беретін кезде қашан өлетінін ешкімге айтқан жоқ. Оны білетін болсақ өмірдің өзі сұмдық болар еді ғой. Барлық діндерде Жаратқанға, Аллаға құлшылық ету керек делінген. Алайда өкінішке қарай барлығы олай істеп жатқан жоқ... Өмірдің мәні – жақсы өмір сүру, жақындарыңды, достарыңды, Отаныңды жақсы көру! Балалардың болашағы үшін жағдай жасау! – деді.

2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, адамның өзін-өзі тануы, өмірдің мәні туралы өз тұжырымдарыңызды жасаңыздар. Өмірмен байланысты мысалдар келтіріп, кестені дәптерге толтырыңыздар.

Жерден бауырын көтерген адамзат әулеті өзін-өзі тануға талпынуын бір сәт тоқтатқан емес. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, ақ пен қараның, жер мен көктің кереғарлығы сияқты, таным жолында да даналық пен шалалық, махаббат пен ғадауат мәңгілік текетірес күй кешіп келеді. Сөз жоқ, көзді ашып, көкірекке сенім ұялатқан талай-талай тарихи кезеңдер адамзат әулетінің басынан өтті. Өмірдің мәні мен сәні, адам-күдіреттің тарихи-әлеуметтік болмысы сараланып, талай шындықтың шалғайына қол тиді. Әрбір кез-кезең өзіндік сыр-сипатын көлденең тартады. Адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен адамзат туралы әр уақыттың өзі шешер түйіндер бар. Әр кез-кезеңде уақыттың өзі тудырар махаббат пен ғадауаттың⁶, даналық пен шалалықтың бітіспес күресі бар.

Менің пікірім	Өмірмен байланысты мысалдар

3-тапсырма. «Өмірдің мәні неде? Не үшін өмір сүремін?» тақырыбына эссе жазып, мазмұнына байланысты сурет салыңыздар.



Өмірдің мәні неде?

Сағындық Ордабеков

Ия, өмірдің мәні неде? Не үшін өмір сүресің? Осы бір сұрақ төңірегінде ой қозғасақ, кім не айтпайды, тәйірі. Сұрақ біреу болғанымен әркім өзінің сана түйсігіне, ой-қиялына қарай жауабын сан жаққа жүгіртіп, әрқалай жауап беретіні белгілі. Ия, сонымен кім, не үшін өмір сүреді?

Есімі тарихта қалған австриялық психоаналитик Виктор Франкл: «Біз өмірге айналадағы жұртты қуанту үшін ғана келдік. Қасындағы адамның түріне, жынысына, мәртебесіне, діни сеніміне, әлеуетіне қарамастан оған шаттық сезім сыйлау үшін ғана туылғанбыз», – дейді.

В.Франкл дәрігер болып жүргенде мынадай сезімнің соңына түседі. Ол ақша табу үшін байларға ақылы қызмет көрсететін. Ал, түстен кейін жағдайы жоқ кедейлерге тегін қарасады. Яғни, оларды емдегені үшін ақы алмайды. Кедейлер оған риза болып, алғысты жаңбырша жаудырады. Франкл олардан алғыс алған

⁶ Мұсылман діні жолындағы қасиетті соғыс.

сайын бақытқа бөленетін. Кеудесі шаттыққа толып, бейне бір бұлттың үстінде қалқып жүргендей болады. Әрине, қалталы пациенттер де алғыс айтуды ұмытпаған. Бірақ еңбегіне ақы алған соң жанды балқытып тұратын ләззатты таба алмай өмір сүруге деген ынтығы азаяды. Клиникасының ақшаға тәуелді екенін біліп тұрса да, адамдардан алғыс есту үшін ақысыз қызмет көрсетуге құмартып алады. Жағдайы жоқ мұқтаж жандарға тегін қарасқан сайын оның өмірге құштарлығы арта береді. Осылайша Франкл шыбын жанға толассыз шабыт сыйлайтын шаттық сезімді кеудесінен шығарып алмау үшін барлық адам ұрпағына риясыз қызмет ету керектігін ұғына түседі.

Сонымен, «Өмірдің мәні не?», «Бізді тіршілікке ғашық етіп, ажалмен айқасуға батылдық беретін қандай күш?» деген сұраққа Франкл: «Өмірдің мәні – өзгеге қуаныш сыйлау. Өмір жолында саған серік болған адамды қуанту. Оның көңіл-күйін шаттық сезімге толтыру. Адамдарға риясыз қызмет ету арқылы өзіңді де, оны да шаттыққа бөлеу», – дейді.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – қартайып шау тартқанша адамдық борышың, адам ұрпағына қуаныш пен шаттық сыйлау. Кез келген адамға жаның ашып, оның нәсіліне, ұлтына, түріне, дініне, тіліне, жынысына қарамастан оларға адал қызмет етіп, еткен қызметіңе мақтау, бодау⁷, ақы күтпестен шаттық сезімге шомылып жүру – өмірдің негізгі мәні болып табылмақ». Бұл Виктор Франклдің өлер алдында берген ең соңғы жауабы.



Артыма қараған уақытта екі нәрсеге қуанам

Жұлдыз Әбділда

Атақты математик, академик Асқар Жұмаділдаев – Алматыдағы ең үздік мектептің түлегі. Бүгінгі күнге дейін шәкірттерінің дені мектепті алтынға бітіретін, халықаралық олимпиадаларда алтын-күмістен алқа тағынатын әйгілі физматта оқыған. Асқар ағамызды кезінде физматқа Орымбек Жәутіковтің өзі алдыртқан екен. Алтыншыны оқып жүрген баланың еш қиналмастан 8-сыныптың есебін шығарғаны қайран қалдырса керек.

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик О.Жәутіков кезінде дарынды балаларға арналған республикалық физика-математика мектеп-интернатының ашылуына мұрындық болған. Бүгінде физмат Жәутіковтің атымен аталады.

⁷ Бір нәрсенің төлеуі, өтеуі.

Бұл мектеп – аңыз мектеп. Жәутіковті бітіргендердің біразы жоғары лауазымды мемлекеттік қызметте болса, енді біразы еліміздегі әйгілі бизнесмендер. Кейінгі түлектерінің дені «Болашақ» бағдарламасымен шет мемлекеттерде оқып, біразы әлемнің әйгілі компанияларында қызмет етіп жатса, енді біреулері ғылым жолына түскен.

Сонау Қызылорданың Шиелісінен келіп оқып, осында білім алып, кейін Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген Асқар Жұмаділдаев та бүгінде аңыз десек, артық айтқанымыз емес. Германия, Италия, Швеция, Канада елдерінде қызмет еткен. «Ұланның» жас тілшілер форумына келген жастар үшін мұндай тәжірибелі ғалымның айтары аз емес деп шештік те, балалармен кездесуге Асқар ағаны шақырдық. Жас балалармен кездесуге академик қуана-қуана келді. Болашақ журналистердің қойған сауалдарына разы болғаны сондай, қанаттанып қайтқандай көрінді.

– Математиканы таңдауыңызға не түрткі болды, кім ықпал етті?

– Ешкімнің ықпалы болған жоқ. 12 жасымда физматқа қабылданып, алғаш рет Алматыға келдім. Ол уақытта олимпиада деген сирек болады. Болса да, хабарландыру бола бермейді. Ілуде бір естіп қаласың. Сондайда математика, физика, химия, бәрінен олимпиадаға қатыстым. «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деген принциппен, бәріне бара бердім. Тіпті, қолыма аттестатымды алғаннан кейін де математик боламын деп бекінген жоқ едім. Вокзалға барып, қай жаққа билет бар екенін сұрасам, Мәскеуге бар екен. Әйгілі Мәскеу Мемлекеттік университетін тауып, сонда бардым. Қабылдау бөлімінен ертең қай пәннен емтихан бар екенін сұрап едім, математикадан емтихан екенін айтты. Соған тапсыра салдым. Сөйтіп, МГУ-дің математика факультетінен бір-ақ шықтым. Химиядан емтихан болса, химияға тапсыра салар едім. Физикадан десе, физикаға. Өйткені, қайсысы болса да, ғылымның айырмасы жоқ.

– Атаңыз Жұмаділда есепке жүйрік болған көрінеді. Бәлкім, сол кісіден бірдеңе дарыған болар?..

– Атам есепке жүйрік болды ма, болмады ма, білмеймін. Бірақ, мал базардағы сатушы мен алушының ортасында жақсы делдал екен. Атамның көрегендігі сондай, 1930 жылдары аштық басталып жатқан уақытта бала-шағасын түйеге мінгізе салып, Өзбекстан жаққа қарай үдере көшкен. Сөйтіп, отбасын аштықтан аман алып қалған. Ақылға салған.

– Жуырда сіз бір есеп жасырып, оның үш шешімін өзіңіз айтып, төртінші шешімін тапқан адамға 1000 доллар сыйақы беретінін айттыңыз. «Алпыс жылдығыма ең үлкен сыйлық болар еді» дегенді қоса айттыңыз. Сонымен, есептің төртінші шешімі табылды ма?

– Көптеген хат түсті. Бірақ, хат иелерінің 99 пайызы 1 қате жіберді. Бұл жастардың үлкен қатесі ғой деп ойлаймын, барлығы компьютерге сенеді екен. Компьютер деген – үлкен күш. Долы күш, қайрат, жігер. Бірақ, оның ақылы жоқ. Ол бар болғаны дию. Оған не айтсаң, соны істейді. Баспен жұмыс істеу дегенді білмейді. Ал балалар соған көп сүйенеді екен. Бәрі компьютерге салған. Компьютер кішкентай сандарды жақсы есептегенмен, үлкен сандарды қате есептейді. Ал менің есебімді дәл табу керек. Жуықтап табуға болмайды. Барлығы жуықтап тапқан. Дегенмен, 1 пайыз жақсы идеялар бар екен. Есепті бергенімнің себебін айтайын. Дүниеде не көп, есеп көп. Жұрт математик деген азаннан кешке дейін отырып алып есеп шығаратын шығар деп ойлауы мүмкін. Мен есеп шығармаймын.

Есеп шығару – балалардың тірлігі. Ал менің жасырған есебім – баяғыдан белгілі есеп. Бірақ, оның шешуі ғылымға негізделген. Балаларды тартатын ғылым. Көзіңмен көруге болатын есеп. Бұл ғылыми есеп болғандықтан, балалардың көңілі бөлінсін, қиялы оянсын деп бердім. Жауап берушілердің 1 пайызының фантазиясы оянғанын көрдім. Интернеттен қараған, кітап іздеген, ғылыми кітаптарды қараған. Менің көздегенім де сол болатын. Оған қуанышты болдым. Қуанғаным, жастардың қызығушылығы оянды. Бірақ, есеп әлі шыққан жоқ. 1000 доллар да өзімде қалды.

Бұрын «өнер алды – қызыл тіл» дейтін. Қазір олай емес. Қазір «өнер алды – техника».
А. Жұмаділдаев

– Оксфорд, Кембридж сынды әлемге әйгілі оқу орындарының атағына қанықпыз. Біздің елімізге сұранысқа ие, сондай мықты жоғары оқу орындары бар ма?


– Эйнштейн деген шалдың «Барлық нәрсе салыстырмалы» деген керемет сөзі бар. Жақсы мен жаман да солай. Мысалы, бүгінгі күннің көзқарасымен қарасақ, Шыңғыс хан жауыз адам сияқты. Ал өз дәуірінің көзқарасымен қарасақ, ол – батыр. Өйткені, басқаны жаулап алмаса, оның өзін біреу жаулап алады. Осы тұрғыдан қарасақ, біз, әрине, Оксфордқа, Кембриджге жете алмаймыз. Ол рас. Ал тәжікпен, қырғызбен, түркіменмен салыстырсақ, біздің ғылымымыз жаман емес. Жалпы, біздің университеттеріміз жаман емес. Елбасы жастар ғылым мен техниканы үйренуі керектігін айтты, ол дұрыс. Өзім үшін оқимын деген адамға қазір мүмкіндік көп. Мықты оқу орындарының профессорларының көпшілігі дәрістерін интернетке кіргізіп қойған. Қалада тұрасыз ба, ауылда тұрасыз ба, айырма жоқ, кіресіз де оқи бересіз. Алдыңғы қатарлы оқу орындары ретінде Сүлейман Демирел университетін, ҚБТУ-ды айтуға болады. КИМЭП тек экономика жағын оқытады ғой, ал жаңағы екі оқу орнында техника жағын оқытады. Өзім

техникаға көп назар аударамын. Өйткені, дүниежүзінің тірегі – техника. Мықты университеттердің ректоры ешқашан философ болмайды. Ол не физик, не математик, не химик болады.

– Бізге, яғни болашақ журналистерге математиканы тереңдетіп оқытудың қажеті бар ма?

– Журналистика факультеті бізде бар, ал дамыған елдерде ондай факультет бар-жоғын білмеймін. Журналистика деген кәсіпке кез келген адам келе алады. Егер қазір журналист болғым келсе, мен осы салаға кіре аламын. Және ешкімнен кем журналист болмасыма да сенемін. Бізде бір қате пікір бар, журналиске бірінші кезекте тіл байлығы керек сияқты. Журналистика деген тек сөз өнері емес. Сөз өнерін үйренумен ғана шектелмеу керек. Бұрын «өнер алды – қызыл тіл» дейтін. Қазір олай емес. Қазір «өнер алды – техника». Бүкіл әлемде екі адам революция жасады.

Билл Гейтс пен Стив Джобс. Дүниежүзіндегі 7 миллиард халықтың бағытын осы екі-ақ адам басқа арнаға бұрып жіберді. Міне, техниканың күдіреті. Мен білетін мықты журналистердің бәрі технократ болған. Адам бір кәсіпті үйренуі керек. Жазу әркімнің қолынан келеді. Журналистиканың мақсаты – ақпарат беру. Ал



Академик Асқар Жұмаділдаев

ол ақпаратыңызды елге жеткізу үшін алдымен өзіңіз түсінуіңіз керек. Тек қызыл тілге сүйене бермей, нақты бір нәрсені меңгеру керек. Сол адамның аты да оза шабады.

– Қазақ балалары математикаға бейім бе?

– Қазақ балаларының басқа балалардан ұтатын бір жері – осы математика. Дүниежүзіндегі ең ақылды екі халықтың бірі кәріс те, екіншісі – қазақ. Американың ең мықты бизнесмендерінің бәрі кәрістер. Мықты ұйымдастырушылар да солар. Мәселе балалардың математикаға бейім болу-болмауында да емес, оларды оқытуда. Қызықтырып оқытуда. Мәселен, қиырдағы ауылға мұғалім болып баратын адам сирек. Сол барған мұғалімнің қадірін білу керек. Ешкім бәрін біліп тумады, білмейтін адамды оқытып, үйрету керек. Мектепте оқып жүргенімде-ақ репетитор болдым.

Мектептің 10 жылда үйреткенін мен 1 аптада үйрететінмін. Әлбетте, оған төтеп беру оңай болмайтын. Бірақ, төтеп бергендер жоғары балл алып, оқуға түсіп кетіп жататын.

– Біраз жыл шетелде жұмыс істедіңіз. Тіл жағынан қиналған жоқсыз ба? Неше тіл білесіз?

– 1995 жылы қиын-қыстау күндер басталды. Ел дағдарды. Ғылым барахолкаға кетті. Парламентте едім, оны да таратты. Менің қара базарға шыққаным ұят қой, сол үшін шетелге кеттім. Тіл үйрену қиын емес, математиканы үйрену қиын. Студент кезімде орыс тілін оқыдым. Өйткені, ауылдың баласымын, орысша таза білгем жоқ. Ал қазір 3-4 тілдің басын шаламын. Ағылшын, неміс, француз тілдерін аздап білемін. Семинарларға барғанда математика туралы сөйлесе аламын. Итальян, түрік тілдерін аздап білемін. Тіл деген – құрал. Қажет болса, үйреніп аласың.

– Көп жыл сыртта жүргенде солардың қандай дағдысын бойыңызға сіңірдіңіз?

– Біз қазақты қонақжай халық дейміз ғой. Бос сөз. Нағыз қонақжай халық деп мен немістерді айтар едім. Адамға не қажеттің барлығын жасап қойған. Анталияға барған адам міндетті түрде келесі жылы тағы келемін деген оймен кетеді. Қазақстанға демалуға келген адам ендігәрі келмеспін деп кетеді. Өйткені, бізде қызмет көрсету дамымаған. Түркияға барыңызшы, есіктен кіргеннен қуана қарсы алады. Қу жаныңа керектің бәрін даярлап қойған. Шетелден үйренетін нәрсе көп. Кейде қарапайым мәдениетті үйренуге тура келеді. Швецияда автобус аялдамасында қарт адам тұрса, дөңгелегінің желін азайтып, автобусты қисайтып, қарт адамды мінгізеді. Содан кейін қайтадан тіктеліп алып, әрі қарай кетеді.

– Үш тұғырлы тіл дегенге қалай қарайсыз?

– Негізі, үш тұғырлы тіл деген – дұрыс саясат. Ол сізге ұнамауы мүмкін, маған ұнамауы мүмкін, бірақ түпкі негізі дұрыс. Ағылшын тілі келді, төрімізде тұр. Бүкіл дүниежүзі ағылшын тілінде сөйлейді. Одан қашып құтыла алмаймыз. Бүкіл ғылымның 80 пайызы ағылшын тілінде. Күллі техника ағылшын тілінде. Бірақ, «жаратылыстану ғылымдарын тек қана ағылшын тілінде өту» дегенге мен қарсымын. Егер олай болса, онда қазақ тілі отбасы, ошақ қасының тілі болып қалады.

Күні кеше ғана 60-қа толған Асқар ағамыздың «артыма қараған уақытта екі нәрсеге қуанамын» деген сөзі жас тілшілерімізді толқытқаны сөзсіз. «Жоғарғы Кеңесте депутат болып жүргенімде, Қазақстан Президенті кім болады, қандай адам болуы керектігі жөнінде мәселе көтерілді. Заңда «қазақ тілін білетін адам болуы керек» деген сөйлем болды. Мен соған «жетік білетін» дегенді қостым. Қазір осыған қуанамын», – дейді Асқар ағамыз.

Ал екіншісі «Болашақпен» байланысты. Иә, иә, кәдімгі шетелге оқуға жіберетін «Болашақ» бағдарламасымен байланысты. Оның жай-жапсарын Асқар аға былай түсіндірді: «Екінші рет Парламент

сайлауына түскен уақытта жастарды дамыған елдерде оқыту жөнінде мәселе көтердім. Ойымды тұжырымдап, қағазға түсіріп те қойғанмын. Ол қағазыма соус па, бірдеңе тамып кетті. Сөйтіп жүргенде Нұрсұлтан Әбішұлымен кездесіп қалдым. Көптің ішінде көріп тұрсам да, әлгі ұсынысымды қолына қыстырып жібермек болдым. Көшіріп отыруға уақыт жоқ, сол соус тамған қағазды қолына ұстатып жібердім. Бір айдан кейін мені Премьер-министрдің орынбасары Дәулет Сембаев өзіне шақыртты. Президент мәселені қарауды вице-премьерге тапсырған екен. Міне, содан бері қаниама бала шет мемлекеттерде оқып келіп жатыр. Мен соған қуанамын».



1. Әңгіме кейіпкерінің өз мақсатына жетуіне адамның адами қасиеттері қалай әсер етті деп ойлайсыздар?
2. Атақты математиктің рухани-адамгершілік қасиеттері өмірде қалай көрініс тапты? Нақты мысал келтіріп, әңгімелеп беріңіз.
3. Өзіңіз күнделікті өмірде жоғарыда аталған адамгершілік қасиеттерді басшылыққа аласыз ба? Қалай?
4. Өз бойыңыздағы мүмкіндіктерді ашуға көмектескен жағдай болды ма? Ол мүмкіндіктерді толығымен пайдаланып жүрсіз бе
5. Абырой, өзінің қадір-қасиетін сезіну сияқты ұғымдар сіз үшін нені білдіреді?



4-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өмірі өнегелі, мағыналы тұлғаға мінездеме беріп, оның портретін жасаңыздар. Тапсырманы дәптерде орындаңыздар.

Туісті сөздер мен сөз тіркестері: мақсат, бейімділік, зеректік, қызығушылық, сүйіспеншілік, ізгілік, мүмкіндік, болашақ, рухани, игілік, адамзат бақыты, зерттеу, өзін-өзі жетілдіру, мәнді өмір, адам болу.

5-тапсырма. Мәтінді оқып, сыныптастармен пікір алысыңыздар.

Өмірдің бір сәті

(Тәмсіл)

Әкесі ұлының жастық шағын бекер өткізіп жатқандығына қамығып, баласын серуенге шақырады. Ашық та желсіз күн еді. Көлге келгенде әкесі ұлына:

– Айналаңа көз салшы: аспан да, күн де, таулар да, барлығы суда көрінеді.

Қолын суға салады да, қолында қалған су тамшыларын жерге сілкіді. Ұлына жердегі тамшының біреуіне қарауын өтінеді: тамшыда қоршаған ортаның бәрі де көрінеді.

– Уақыт та осындай, ұлым, – дейді әкесі, – адамның өмірінің бір сәті барлық өмірдің көрінісі іспетті. *Бір сәт сенің бір күніңнің көрінісі болса, бір күнің барлық өміріңнің көрінісі. Сондықтан өмірдің әрбір сәтін бағалай біл.*

- Өзіңіз үшін өмірдің бір сәті не болып табылады? Неліктен?
- Өз өміріңіздің әрбір сәтін дұрыс бағалай білуге қандай қасиеттеріңіз көмектеседі?

6-тапсырма. Жоғарыда оқыған тәмсілдегі «... Бір сәт сенің бір күніңнің көрінісі болса, бір күнің барлық өміріңнің көрінісі» деген жолдарды басшылыққа алып, төмендегі рөлдерді қатыстырып, сахналау ұйымдастырыңыздар.

- Дәнекер (өмірмен байланыстырады).
- Сөз тапқыш (мәтіннен жүрекке жылы сөздерді тауып айтады).
- Сұрақ қоюшы (сұрақ қояды).
- Реттеуші (реттеп отырады).

7-тапсырма. Құрбы-құрдастарыңыздың арасында «Адамға ең қымбаты – өмір, өмір сүруге асығу керек» (Н.А.Островский) тақырыбында төменде берілген сұрақтар бойынша сауалнама жүргізіңіздер. Сауалнама нәтижесін «Менің құрдастарым» жобасына сәйкестендіріп жазыңыздар.

1. Сіз не үшін өмір сүресіз? Сіз үшін өмірдің мәні неде?
2. Сіздің өміріңіз бүгінгі күнге қалай сәйкес келеді?
3. Қандай сәттерде шынымен өмір сүріп жатырмын деп ойлайсыз? Осы минуттар, сағаттар, күндер неден тұрады?
4. «Адамға ең қымбаты – өмір, өмір сүруге асығу керек» деген пікірмен келісесіз бе? Неліктен?
5. Кімді сүйесіз? Кімге немқұрайды қарайсыз және неліктен?
6. Сізді қатты толғандырған, ой салған не? Мүмкін ол сырт көзге білінбесе де, жаныңызды ауыртып, өміріңізді күрт өзгерткен нәрсе шығар?
7. Сіз әлемді қалай өзгертер едіңіз?
8. «Адамның өмірінде алға қойған мақсаты адамға кез келген жағдайда көмектеседі» деген тұжырымға қалай қарайсыз?
9. Байлық, жақсы жұмыс, отбасы адамды әрқашан да бақытты жасай ма?
10. Ақша мен билік адам өмірінің мәні бола ала ма? Ойланыңыз: байлық – өз арманыңның орындалып, мақсатқа жетудің құралы ма?

11. Өзбетіңізше ойланып, тиісті шешім қабылдай алатындығыңызға сенімдісіз бе?
12. Сіз өзіңізді тұлға деп санайсыз ба? Қандай жағдайда болсын тәуелсіз тұлға болып қалуға күшіңіз жете ме?



Өмірдің мәні

Сағындық Ордабеков

Бірде орыстың көрнекті жазушысы Лев Толстойдың «Өздеріне сеніңдер» атты шығармасын оқыдым. Ол: «Балалықпен қоштасқан соң саналарыңда «Мен кіммін? Мен бұл өмірде не істеп жүрмін? Мен нендей мақсатта жаралдым?» деген сұрақтар пайда болғанда олардың жауабын таба алатындарыңа сенімді болыңдар. Даналардың берген жауабы жақын туыстарыңның пікірлерімен сәйкес келмесе, одан шошымаңдар. Пікір қайшылығынан әсте де қорқуға болмайды. Пікір қайшылығының ұлғаюы, сенің рухыңның ояна бастағанының айқын белгісі. Бір-біріне сәйкес келмейтін қайшы пікірдің астарында өмірдің шын мағынасы көміліп жатыр. 15 жасымда осы сұрақтар мені де мазалай бастағанда өз бетімше жауап іздеуге қаймыққам. Қасымдағы адамдардың қайталай беретін қате пікірін мен де еріксіз қабылдағам. Осы қателіктің азабы ұзаққа созылды. *Аса құрметті өскелең ұрпақ, басқалардың өздері түсінбесе де сендерге таңып сөйлейтін пікірлеріне мән берместен, шынайы түрде өмірдің мәнін ашып, түсінуге тырысыңдар.* «Сендердің бұл талпыныстарың жас адамның бойындағы жай ғана орындалмайтын арман, құлшыныс қой» деп дәлелсіз сөйлейтіндерге құлақ аспаңдар. Жан-дүниелерінде алғаш рет сезімдерің ояна бастағанда оның қаншалықты маңызды екенін барынша терең сезініп, осы ең Ұлы сезімнің әлсіз жалынын сөндіруге жол бермеңдер. Керісінше, жастық шақтың барлық күш-қуатын пайдаланып, бұл шоқтың өршеленіп жануына бар күш-жігерлеріңді салыңдар. Дәл осы рух сәулесінің күш алып, алаулап жануына барлық адамның ең ұлы қуанышы мен бақыты байланған» деп жазыпты.

Иә, зиялы, терең ойы бар ұлы адамдар ғана адамзатты толғандыратын осындай ұлы, салмақты ойлар айтады. Сондықтан да олар ұлы. Қаламгердің ой астарында өмірдің шын мағынасы көміліп жатқаны рас емес пе?!



Өмір жолы

Нұрбол Бимұрзаев

Өмір деген тылсым жол, таусылмайтын сырлары,
Белең алар бұл жолда, сан алуан қырлары,
Өткелі көп, баршылық, құздарымен шыңдары
Аяқ бассаң аңдамай, жетерлік өмір сындары.

Өмір жолы ол сынақ, шыңдайтұғын адамды,
Бейнеті де бары хақ, бейнетсіз ниғмет болмайды,
Тіпті мектеп баласы да, күн түн демей алдағы,
Емтиханды өту үшін дайындығын қамдайды.

Өмір жолы егістік, еккенінді оратын,
Таңдау, талдау, сан шешім қабылдаудан тұратын,
Ексең егер жақсылық, бақыт құсы қонатын,
Жаман болса амалың, мәңгі азап тұнатын.

Өмір жолы дария уақыт ағыс сарнаған,
Адам кеме ондағы ағысында самғаған,
Өкініші өткеннің кеудені жеп жалмаған,
Үміт берер ертеңге мұрат мақсат сан арман.

Өмір жолы өте қысқа, мәңгі болмақ ахірет,
Қапы қалып ақиқаттан тартып жүрме қасірет,
Ата-ана мен ұстазыңның батасын ал, қыл құрмет,
Біліп білмей жасап қойған күнәларға тәубе ет!

АДАМ ОЙЫНЫҢ, СӨЗІ МЕН ІСІНІҢ БІРЛІГІ



*Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа
негіз бола алады, олар барлығынан басым
болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.*

Шәкәрім

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Парасатқа құштарлық

Сағат Әшімбаев

Адамгершілік! Бұл сөздік қорымыздағы сөлі ерекше, мәні мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым. Ұғым ғана емес, тіршіліктің мәнін, дүниенің сәнін төрттағандап, ұстап тұрған ең ұлы принцип. Шынын айтқанда, жеке дара принцип қана емес, заңның да, заманның да, адамның да құдіреттілігін танытатын ең ұлы күш! Өйткені адамгершілікке негізделген жерде не нәрсеге де құдірет даритындығы мәлім.

Осы ұлы күш – адамгершілік қасиет жеке адамның ғана басындағы емес, жалпы қоғамның да қордалы байлығы. Ал, оның белгілі бір адамдар бойындағы аздығынан айналасындағы адамдарға

*Адамгершілік! ... заңның
да, заманның да, адамның
да құдіреттілігін
танытатын ең ұлы күш!
С.Әшімбаев*

ғана емес, қоғамға да тиетін кесірі көл-көсір. Олай дейтін себебіміз, бір кесірлі адамнан көп адамға тиетін зиянның шексіз көп болатындығын еске алсақ, адамдық қасиеті тапшы бір адамнан көп адам зор зардап шегуі мүмкін. Мәселен, тарихта ойы олақ, сезімі шолақ оспадар бір адам соғыс бастап отырған да, ал қарапайым халық бостан-босқа қырылып, шығынға ұшырап келген ғой. Халық еш уақытта соғыс бастамаған, тек жекелеген соғысқұмар сойқандардың кесірінен келеңсіз кесапатқа душар болып отырған. Ондайлар көктен түспеген, олар да анадан туған, тек олардың қанында адамға деген сүйіспеншіліктің орнына, керісінше, қара ниеттілік сезім басым келеді екен. Сондықтан да ең қауіпті адам ар-ұяттан ада, адамгершіліктен жұрдай адам... Бар жаманшылық атаулыны тек солардан ғана күту керек.

Адам бойындағы адамгершілік байлықтың – шын мәніндегі ең үлкен қоғамдық рухани байлықтың азая бастауын ешбір табиғи қазына байлықтың молдығымен алмастыруға болмайды. Бұл жердің үлкендігі халықтың рухани мәдениеттің үлкендігіне кепіл бола алмайтындығына немесе халықтың ұлылығы санының аз, көптілігімен өлшенбейтіндігіне ұқсас нәрсе.

Тағы бір көңіл аударатын жай, алтын мен алмастан, жалпы асыл металдардың аздығы, керісінше, кейбір керексіз дүниелердің көп болатындығы сияқты, жамандыққа қарағанда жақсылық қашанда аз болып, соған орай жамандықтың жалпылдап жүрмейтін, кездеспейтін жері жоқ екендігін де ұмытуға болмайды.

... Жақсыны тану – жақсылықты қолдау деген сөз, ал жақсылықты қолдай білмеу – жамандықтың отына май құюмен бірдей екен. Жақсылықты айыра білу дегеннен шығады, мұның өзі өмірдің көрсетіп келе жатқанындай, жеке адамның тағдырына ғана емес, бүкіл ұлттың рухани дамуына, адамгершілік парасаттың салтанат құруына да тікелей қатысы бар. Жақсылықты тап басып, танымаудың, оны дер кезінде бағаламаудың өзі жамандықтың басы екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен? Жақсылыққа қарсылық жамандыққа жол ашатындығын қашанда ұмытпағанымыз жөн. Сондай-ақ, жамандықты жалма-жан ауыздықтап отыру – жақсылықтың үстемдік құруына жағдай жасайтындығын үнемі есте ұстау, бұл принципті іс жүзінде басшылыққа алу – ұлттық адамгершілік кемелдіктің басты белгілерінің бірі болса керек.

«Жақсының жақсылығын бетіне айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын бетіне айт, құты қашсын» деген халықтың қанатты нақылында терең мән бар. Бұл өмір даналығының өздігінен даму заңдылығынан туған мағыналы сөз. Мағынасының тереңдігі сол, жақсының жақсылығын айту – шынтуайтына келгенде жақсылықты дәріптеу деген сөз.

Ал, жаманның жамандығын айту – жамандықтың тамырына балта шабу ғой. Яғни осылай жақсы мен жаманды айыру, түптеп келгенде, ақ пен қараны айыру, ақиқатқа ара түсу, сөйтіп арамзалықтың жолын кесу – шындықтың қолын шешу деген сөз! Міне, сонда ғана әділдікке деген сүйіспеншілік жеңіп, адамгершілік салтанат құратыны мәлім. Мұндай жағдайда асылдың орнына масыл таласпайтындығы, тұғырдың тұлпарға баланбайтындығы сөзсіз. Қысқасы, әркімнің ойының дәрежесіне сәйкес өз орнында болып, өз мүмкіндігіне лайық іс-әрекетімен айналысуы, әркімнің «шамасына қарап шалқайып, көрпесіне қарап көсілуі» айналып келгенде бүкіл ұлттың рухани дамуына даңғыл жол ашады екен!



1. Адамгершілік ұғымымен таныса отырып, өздеріңіз өмірлік қандай ой түйдіңіздер?
2. Сіздердің айналаңызда ойы, сөзі мен ісі бір, ерік-жігері мықты, кемелденген адамдар бар ма? Сіздер оларды неліктен үлгі тұтасыздар? Мысал келтіріңіздер.
3. Адамгершілік арқылы жалпыадамзаттық қандай құндылықтар көрініс табады?

4. Өзіңіздің өмірлік ұраныңыз ретінде қандай сөздерді тандар едіңіз? Неліктен?
5. Өзіңіздің рухани дамуыңызға даңғыл жол неден басталады деп ойлайсыз? Жауабыңызды дәйектеп, әңгімелеп беріңіз.



1-тапсырма. Төменде берілген ой-тұжырымдарды оқыңыздар. Өздеріңіз үшін адамгершілік қағидаларын анықтап, ой-пікірлеріңізді дәйектеп айтыңыздар.

- *Әл-Фараби:* «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат».
- *Махатма Ганди:* «... адамның өзін-өзі тазарту жолы азапты да ауыр жол. Кіршіксіз тазалыққа жету үшін оның ойында, сөзі мен ісінде әділдік болып, махаббат пен ғадауат, жақындық пен жаттық секілді кереғар құмарлықтардан жоғары тұруы керек».
- *Шәкәрім:* «Адамға адамшылық неге керек? Адамшылықтың негізгі тірегі – рақымшылық, мейірім емес пе?! Ендеше рақымсыз, мейірім таратпай қалай өмір сүруге мүмкін? Біреуге жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам құлаған бір бәйтерек емес пе?!».
- *Ыбырай Алтынсарин:* «Адамгершілік жолындағы жеті жақсы қасиет:

Бірінші: Имандылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниетпен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық».

- *Мырзагелді Кемел:* «Адамгершілік деген – ұлы сөз. Адамның игі іс-әрекеті, еңбек, достық, татулық – осының бәрі адамның адамгершілік қасиеті. Адамгершіліктің биіктігі адамдық ардың биіктігінен, адамдық ар-намысты ардақтай білуден, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылудан көрінеді».

2-тапсырма. «Ойға алғанның бәрін адамның ынта-жігерімен жүзеге асыруға болады» деген халық даналығын «көзқарас–себеп–мысал–қорытындылау» әдісімен талқылаңыздар.

3-тапсырма. Берілген сөзтізбекте қажет әріпті орнына қойып, дұрыс шешсеңіздер, Абайдың қанатты сөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындаңыздар.

	Д		М	Н		Ң						
	Д		М	Г		Р	Ш		Л		Г	
Ж		Қ	С									
	С	Т		З	Д		Н					
Б		Л		Д								



Нұрилла Бектемірова

Өзін-өзі сыйлаған адамның ісі мен сөзінің арасында алшақтық болмайды, пендешіліктен биік жүреді. Мұндай адам өзгенің ала жібін аттамайды, әлімжеттілікпен өзге адамға қиянат жасамайды, жолын кеспейді, өш алу мақсатымен ұсақтыққа, жаманшылыққа бармайды, көз қысты, бармақ басты жемқорлықтан аулақ болады, арам жолмен байлық жинап, бала-шағасын жаман әдетке үйретпейді, өтірік айтпайды және басқа да толып жатқан қоғамға жат қылықтардан бойын аулақ ұстайды. Шындықты айта біледі. Өз ісіне адал, ұлттық намыс үшін күресе біледі, бойында ұлттық рухы бар. Ең бастысы, атына кір келтірмей, әрдайым атақ-абыройын сақтап, ол адам, ең алдымен, өзін-өзі сыйлап жүруі шарттылық. Сондықтан да, өзінді өзін сыйлап жүру деген сөздің түп төркіні адамзат өзіне қоятын жоғарғы талаптардан тұратынын ойласаң, еріксіз жақсы қасиеттерді ойыңа да, бойыңа да сіңіруге ұмтыласың. Қалың жұртың қазақтың да ыстық ықыласы мен сый-құрметі, берер бағасы өзін-өзі сыйлап жүрген адамға жоғары болатыны айдан анық. Жақсы адамның абыройы жалпақ елге жайылатыны бесенеден белгілі. Сондықтан да өзімізді өзіміз сыйлап жүру қасиетін бойымызға ұялатып, өскелең ұрпақ арасындағы тәлім-тәрбие жұмысына кеңінен пайдаланып, ұлтымыздың абыройын көтеріп, отансүйгіштік, ұлтжандылық сияқты жақсы қасиеттерді кеңінен дәріптеп, қоғамға пайдамызды тигізе берейік.



Маңызды шешім (*Өмірде болған оқиға*)

Татьяна Квашина

Күту залының аяқ жағында бір қарт әйел жылынып отыр. Киген киімі қара. Арық. Бүкірейген. Қасында түйіншегі жатыр. Онда тамақ жоқ, олай болса, кемпір тәулік бойы оны бір ашатын еді. Кеш батты. Адамдар түнеуге дайындалып, чемодандарын қастарына ыңғайлап, қойып жатты.

Ал қарт әйел болса, қимылдамайды. Жоқ, ол ұйықтаған жоқ. Оның көзі ашық, бірақ ол айналасында болып жатқанды көрмейді. Ол ішіндегі өксікті қысқандай, оның кішкентай иықтары дірілдейді. Ол өзінің құпия жалбарынуымен біреуді шоқындырғандай, саусақтары мен еріндерін ақырын ғана қимылдатады.

Ұзақ түнгі вокзал түні өтті. Таңертең ол бұрынғыша үнсіз және қатты қажыған күйінде отырды.

Түске қарай оның қасына екі және үш жасар балалары бар келіншек келіп орналасты. Балалардың бірі оның қара пальтосының етегіне қолын тигізді. Кемпір басын көтеріп, бұл әлемді бірінші рет көріп тұрғандай, таңғалып қарады. Бұл оны өмірге қайта оралтты, оның көздері күлімдеп, жымиды, ал қолы баланың шашын асқан бір нәзіктікпен сипады. Әйел баласының мұрнын сүртейін деп, баласына жақындағанда, есікке қарап, күтіп отырған қарт әйелдің көздерін көріп: «Мамо, ал сіз кімді күтіп отырсыз? Пойызыңыз нешеде?» – деп сұрады.

Бұл кемпір үшін күтпеген сұрақ еді. «Қызым, менің пойызым жоқ!» – деп, ол одан да төмен еңкейді.

«Мамо, айтыңызшы, сізге не болды?! Мамо, тамақ ішкіңіз келе ме? Алыңыз!» – деп, оған піскен картоп берді.

Оның тамағына өксік тұрып қалды... Кенеттен, оның ішіндегі қайғысы сыртқа шығып, кең вокзал кеңістігін толғандырды:

«Жасаған ием! Кешіре гөр оны!» – деп, ыңырысып, бұріскен ол, бетін қолымен жауып алды.

Ол теңселіп, жалынып, жалбарына бастады: «Ұлым, ұлым... Қымбаттым... Жалғызым... Жазғы күнім менің ... Балапаным... Әкеліп... Тастап кетті...».

Кәрі әйел үндемей отырып, шоқынды да: «Құдайым! Күнәһарды кешіре гөр» – деді. Басындағы қайғысынан оның енді не сөйлеуге, не жылауға күші жоқ еді.

«Балалар, әженің қасынан кетпей тұра тұрыңдар», – деп айқайлап, келіншек кассаға қарай жүгірді.

«Мейірбан жандар! Көмектесіңдер! Маған билет керек! Ол залдың аяқ жағын көрсетіп, ана кемпірді алып кету үшін. – Ол менің анам болады! Менің пойызым қазір жүреді!»



Олар пойызға отыруға кетіп бара жатқанда, бүкіл вокзал оларды көздеріне жас алып шығарып салды.

«Міне, балапандарым, мен анамды таптым, ал сендер әжелеріңді таптындар», – деді, қуаныштан жүзі жарқыраған ана балаларына.

Келіншек бір қолымен кемпірді сүйеп, екінші қолымен балалары мен сөмкелерін ұстап алды.

Мен, оларға қарап, осы кездесу үшін Құдайға ризашылығымды білдірдім. Айта кетерлік жайт, мен бірнеше жыл бұрын Құрманғалиев қаласының вокзалында болған осы жағдай туралы айтқанда, адамдар осылайша бірнеше минутта өзі үшін осындай маңызды шешім қабылдауға болатынына сенбейтін кейіп танытты.



1. Балалы әйел қарт кісіні неге өзімен бірге алып кетті?
2. Сіздің пікіріңізше, балалы әйелдің нақты шешім қабылдауына оның қандай қасиеттері әсер етті?
3. Жас келіншектің вокзалдағы әрекетін жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қалай түсіндіресіз?
4. Сіздің өзіңіз осындай жылдам шешім қабылдаған кезіңіз болды ма? Ол қандай қажеттіліктен туған еді? Жауабыңызды мысал келтіріп, әңгімелеп беріңіз.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына мағынасына қарай тиісті сөздерді қойып, Ж.Баласағұнның өлеңін оқыңыз. Ақын дұрыс іс-әрекеттің мәнін қалай ашады? Сұраққа жан-жақты, толық жауап беріңіз.

Қажет сөздер: *жақсы, төзімділік, толық, ізгілік, зерек, ізгі, ақылдылық, білім.*

Ізгілік пен ... қылық – амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады.
Сен ізгілік тілер болсаң, одан да,
Кел, ... қыл, сөзді доғар да.
Егер қолың ұзын болса – халыққа
Қылық, сөзді ... қылып, жарылқа!
Ерге керек ... , күш-қайрат,
Тұру керек Күн мен Айдай нұр жайнап.
Жомарттық хәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ... қажетті.

Ақыл керек ... тандап аларға,
Білім керек іске жақсы қарарға

Жарамды мен жарамсызды аңдаса,
Керектіні керексізден бөлерге,
Барлық іске ... болса, парықтап,
Ала білсе өз керегін анықтап.
Сонда ... болар ісің, пішінің,
Білімді асты жейді баппен пісіріп.
Мұндай кісі тілегіне жетеді,
Қос жаһанда ісі оң боп өтеді.

5-тапсырма. Берілген ой-тұжырымды мұқият оқып шығыңыз. Сұрақтар бойынша өз пікіріңізді білдіріп, «Менің кұрдастарым» жобасының күнделігіне жазып қойыңыз.

Адам тек өз қарабасының қамы, мұң-мұқтажы жайлы ғана емес, бақытты өмір сүрсем деген жұпыны талап-тілегінен бастап, өз ортасы, төңірегі, елі, жері, жарық дүние, бүкіл әлем тағдыры туралы ойланған.

Зейнолла Серікқалиұлы

- Ал сізді толғандыратын басты мәселе қандай? Өмірде өзіңізді қатты толғандырып, ой салған не? Мүмкін ол сырт көзге білінбесе де, жаныңызды ауыртып, өміріңізді күрт өзгерткен нәрсе шығар?
- Бұл мәселені шешудің жолдары туралы ойландыңыз ба? Өзбетіңізше ойланып, тиісті шешім қабылдай алатындығыңызға сенімдісіз бе?
- Ойыңыздың, сөзіңіз бен ісіңіздің бір жерден шығуы үшін қандай қасиеттердің болуы тиіс деп санайсыз?

6-тапсырма. Өздеріңіз рухани кемелденген, өмірі мәнді деп ойлайтын адамдар (ата-анаңыз, туысқандарыңыз, ұстазыңыз, белгілі адамдар және т.б.) туралы альбом, слайд немесе қолдан шағын кітапша әзірлеңіздер.



Адамның рухани өсіп, дамуы оның өзінің күнделікті өмірінде мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімдікте өмір сүрген кезінде орын алады. Руханилық дегеніміз – бұл терең адамгершілік. Руханилық – бұл адамдардың қарым-қатынастарында көрініс тапқан адалдық, қайырымдылық, даналық, риясыз махаббат.

Адамның шынайы рухани байлығы оның басында туған ойдың жүрегінен өтіп, содан кейін сөз бен істе жүзеге асырылуында. Рухани білім – әрқашан практикалық білім. Мысалы, біз Сүйіспеншілік құндылығы туралы қаншалықты айтсақ та, біз кішкентай ғана жақсы істі риясыз

сүйіспеншілікпен жасамасақ, біз нағыз Махаббаттың не екенін білмейміз.

Рухани даму үшін: *Болу, Істеу, Сөйлеу* формуласы маңызды. Алдымен болу (адамның ойы, сезімдері, мінезі), содан кейін істеу (адамның іс-қимылы) тек содан кейін ғана сөйлеу. Көп жағдайда керісінше болады: адам құндылықтар туралы көп және жақсы айтады, содан кейін бір жақсы іс істеу жөнінде ойланады, ал болу үшін яғни өз мінезін тәрбиелеуге және ойлары бойынша жұмыс жасауға қолы жете бермейді. Көріну емес, болу маңызды. Сократ айтқандай: «Ұлылықтың алғашқы кілтті – кім болып көрінгендей шынайы болу».



Бір ел болса

*Сөзін жазған Мөлдір Айтбай
Әнін жазған Ұшқын Жамалбек*

Жазира кең байтақ қазақтың даласы,
Сыр менен Еділдің арасы.
Арманы тауындай асқақ қой қарашы,
Қалдырған ержүрек бабасы.
Шүкір деп жазылды көбінің жарасы,
Ешкімнің жоқ оған таласы.
Осынау далада жыламай анасы,
Өссе екен қазақтың баласы.

Қайырмасы:

Бір ел болса біздей болсын Алатаудай айбары,
Көгіндегі қыран құстай желбіреген байрағы.
Бір ел болса біздей болсын азаттықтың айғағы,
Татулық пен берекенің бұзылмаған қаймағы.

Көліне, шөліне, көгіне тамсанам,
Жүректің үнімен ән салам.
Сағынып жете алмай Отанын аңсаған
Шетте жүр қаракөз қанша адам.
Әр қазақ жалғызым деп бүгін жар салам,
Әніммен жететін жол салам.
Әлемде кім қазақ бауырмын мен соған,
Құшақтай айғара қарсы алам.

ДАНАЛЫҚТЫҢ САРҚЫЛМАС КҮШІ



Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз.

Нұрсұлтан Назарбаев

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Бұқардың соңғы өсиеті
(«Ел аузынан» кітабынан)

Тайкелтір ауылы Далбадағы Тотияны, Бұқар ауылы Қожа қорығын мекендеп, ауыл арасында ауыл жоқ бір-бірімен қатысып жүреді екен. Бұқар жырау қанша сапарда болып, жер шолып ел аралап қайтса да аңсап келіп тыныстайтын жері өз қонысы – осы қорық болыпты.

Бұқарды бүкіл ел асқан құрметпен сыйлаған. Ал ауыл арасында ауыл жоқ, іргелес қонысты Тайкелтірдің Бұқарға деген құрметі ерекше болған.

Қартайған жыраудың көңілін сұрауға халық тынымсыз ағылып жатады. Науқастың жанында болған Тайкелтір біраз жатқан соң кетуге емеурін білдіреді. Бұқар болса келте қайырады:

—Ұлықсат жоқ, қайтпайсың. Мына менің халімді білуге келіп жүрген жұртты қорық басына жина. Мені сүйемелдеп алып бар, олармен әлім барда қоштасайын да, жолдарын байламай таратып жіберейін. Шаруаларына барсын,- дейді қарт. Әлден уақытта ауыл жақтан Тайкелтір бастаған бір топ адам Бұқар жырауды қау-қаулай ортадағы жаюлы кілем үстіне әкеліп отырғызады. Оның бұрынғы сұңғақ бойы еңкейген, тартқан төстіктей кеуде жоқ, денеден ет қашып, суалып тартылған, алты жасар атандай адуындап аттамайды, шөккен.

Бұқар торғын орамалмен бетін сүртіп, қалың қабағын көтеріп, жиылған жұртты бір шолып шығады да сөз бастайды:



– Есен саусыңдар ма, халқым! Әмсе есендікте болыңдар! Менің көңілімді сұрап келгендеріңе рахмет! Тілегі бір, көңілі түзу, бірақ аяғы жетпеген кәрі, жасқа менен сәлем айтыңдар! Мына қу тірлікте бұқарама айтқан артық-кем сөзім болса кешсін. Биыл тоқсанның төртеуіне келген екем. Өзекті жанға – бір өлім. Өлімнен қорқып отырған мен жоқ.

Қасенді халқы Асан Қайғы деп атаған екен. Асан қайғырған да, қамыққан да жоқ, ол тек халқының болашағын ойлады. Қазақ халқын іргелі ел қылмақ болды. Сондықтан да ол желмаясына мініп алып, кең байтақ жерін шарлап шолып шықты, батысы мен солтүстігіндегі, шығысы мен оңтүстігіндегі шекарасын өз көзімен көрді. Жиделі бойына келгенде: «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең ат көтере алмайды-ау», Сырға барғанда: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен. Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен». Ертіс бойын көргенде: «Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер» деген екен. Терісаққанды көргенде: «Сарыарқаның тұздығы», Жетіқоңырды: «Сарыарқаның маусымы», Нұраны: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер», «Есілдің жары мен суы бірдей, жарлысы мен байы бірдей», «Аттың төбеліндей Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын» депті ғой Асан. Мына мекендердің: Баянауылға, Өлеңті, Шідертіге тағы басқа жерлерге берген бағалары қандай даналықпен айтылған. Мұның бәрінің дұрыстығын тарих таразысы дәлелдеп отырған жоқ па, халайық? Енді сол құт жерлерінде аман-есен жарқын өмір сүріңдер! Береке – бірлікте. Бірлік отын сөндірмеңіздер».

*Енді сол құт жерлеріңде
аман-есен жарқын өмір
сүріңдер! Береке - бірлікте.
Бірлік отын сөндірмеңіздер!
Бұқар жырау*

Жырау асықпай-саспай, әлсін-әлсін нұры тайған көзінен аққан жасын сүртіп, қатпарланған бетін орамалымен орай сипайды да, аз тыныстағандай болады. Жиылған көпшілік оның әр сөзін меруерттей теріп алып, ынталана тыңдап, ұрпақтан-ұрпаққа айта жүргендей жырау тағы не айтар екен деп үмітпен ұйып тыңдайды. Өлден уақытта ол сөзін одан әрі жалғастыра түсіпті:

– Асан болған жердің кейбіреулерінде мен де болдым. Түркістан, Сығанақ, Сайран, Жанкент, Ташкент қалаларын көзіммен көріп, Балқаш, Жетісу өлкесін, Сарыарқаны араладым. Сонда мен не көріп, не білдім? Иә, көргенім де көп, түйгенім де аз емес. Оның ішінде менің ең алдымен көргенім талай қиыншылықты басынан өткізіп, барлық ауыртпалықты мойнымен көтеріп ұлан-байтақ жерге ие болып қалған берекелі елім болды. Жер мен ел егіз, – деп еңтігіп қалған қарт біраз дем алады.

Қарт жырау халқына тағы да бір-екі ауыз нақыл айтпақ болып, бірақ жөтеліп деміге береді, сонда да:

Ата-ананың қадірін балалы болсаң білерсің,
Ақ тәніңнің қадірін жаралы болсаң білерсің.
Бостандықтың қадірін жазалы болсаң білерсің,
Дәулетіннің қадірін мал кеткенде білерсің.
Ажарыңның қадірін сән кеткенде білерсің,
Тіршіліктің қадірін жан кеткенде білерсің,

Андып жүрген дұшпанды дәл жеткенде білерсің,— деп Бұқар жырау халқымен ақтық рет қоштасыпты.



1. Бұқарды бүкіл ел неліктен асқан құрметпен сыйлаған? Қандай қасиеттері үшін деп ойлайсыздар?
2. «Тілегі бір, көңілі түзу, бірақ аяғы жетпеген кәрі, жасқа менен сәлем айтыңдар! Мына қу тірлікте бұқарама айтқан артықкем сөзім болса кешсін» деген сөздерінен қарт жыраудың қандай ізгі қасиеттері көрініс береді?
3. Бұқардың сөздерінен жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың өзара әрекеттестігін байқауға бола ма? Қалайша? Нақты мысал келтіріп, түсіндір.
4. Адамның өзінің ішкі жан дүниесінің сарқылмас, мөлдір бұлақтарына нені жатқызасыздар?
5. Сіздің өзіңізді-өзіңіз тәрбиелеу мен кемелденуіңіз үшін жыраудың өсиетінің рухани мәні неде?
6. Сіздіңше, дұрыс әрекет құндылығы адамның қандай қасиеттері арқылы көрініс табады?



1-тапсырма. Даналық туралы өсиет сөздермен танысып, өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Израиль патшасы Дәуіттің ұлы Сүлейменнің өсиеттері
(үзінділер)

1. Ұлым менің! Сөзіме тоқтап, менің өсиетімді ұға біл:
2. Тұла бойыңа даналық дарып, ақыл-ойды жүрегіңмен қабылдасаң;
3. Білім нәрімен сусындап, парасатпен пайымдасаң;
4. Соны асыл тас, қазына деп білсең;
5. Сонда сен ақиқатты, әділдікті, турашылдықты, ізгі бағытыңды табасың.
6. Жүрегіңнің түкпіріне даналық қонса, жаның біліммен рахат табады.
7. Сол кезде ақыл мен парасат сені қорғайтын болады:
8. Жауыздың жолынан, өтірікті айтатын адамнан;

9. Жауыздықты жасауға үйірлерден, азғындыққа тамсанатындардан;
10. Жолы қисық, адасқандардан сақтайды.

2-тапсырма. Мәтінді көңіл қойып оқып шығып, берілген сұрақтарға жауапты дәптерде орындаңыздар.

Әлемге деген соңғы сый

Колумбияның ұлы жазушысы Габриэль Гарсиа Маркес қоғамдық өмірден қол үзді: лимфа түйіндері ісігінің асқынуы. Бүкіл жер шарындағы көптеген достарына өзінің қоштасу хатын арнайды. Бұл хат өмірдегі тамаша адам және өз ісінің нағыз шеберінің адамзатқа жолдаған соңғы сыйларының бірі.

Габриэль Гарсиа Маркес

Мен қаншама нәрсені сендерден үйрендім, Адамдар! Мен әр адамның тау шыңында өмір сүргісі келетінін, ал шын бақыттың түсіп келе жатқан жолда болатынын білмей-ақ өмір сүре беретінін ұғындым. Мен адамның сол адамның төбесінен биікке шығуына көмектескен жағдайда ғана қарауға құқығы бар екенін түсіндім. Және сендерден үйренетін қаншама нәрсе бар екен әлі, адамдар!

Өрқашан сезінгеніңді ғана сөйле және ойлағаныңды ғана істе. Егер мен сенің есіктен соңғы рет шығып тұрғаныңды білсем, онда мен сені қатты құшақтап, ұзағынан сүйіп және өзіме қайта-қайта шақыра берер едім. Егер мен сенің даусыңды соңғы рет естіп тұрғанымды білсем, онда мен қайта-қайта тыңдай беру үшін сен айтқанның бәрін таспаға жазып алар едім. Егер мен сені соңғы рет көріп тұрғанымды білсем, онда мен «Мен сені жақсы көремін!» деген сөздерді айтар едім.

Өрқашан ертеңгі күн бар. Бәрін дұрыстау үшін Өмір бізге тағы да бір мүмкіндік береді. Егер қателесіп тұрсам және осы күн ғана өмірім қалса, онда мен саған өзімнің қалай қатты жақсы көретінімді, ешқашан жадымнан шығармайтынымды айтқым келеді.

Еңбектеген бала да, еңкейген шал да ертеңгі күннің атар-атпасын білмек емес. Бүгін өзің жақсы көретін адамдарды соңғы рет көріп тұрған болуың мүмкін. Ендеше, еш нәрсені күтпе. Бәрін қазір жаса.

- *Г. Маркес айықпас дертке ұшырағанын сезінгеннен кейін, өзі үшін қандай жаңалық ашты?*
- *Бұл хат неліктен ұлы шебердің «Әлемге деген соңғы сыйы» деп аталады? Бұл сыйдың адамзат үшін құндылығы неде?*
- *Әрбір адамға «осында» және «қазір» өмір сүру қажеттігін хатта не дәлелдейді?*
- *«Шынайы бақыт оны таудан түсерде күтіп тұрғанын білмей, әркім таудың шыңында өмір сүргісі келеді» дегенді қалай түсінесіз?*

3-тапсырма. Сөзтізбекті дұрыс шешсеңіз, Жүсіп Баласағұнның қанатты сөзін оқи аласыз. Халық даналығының, салт-дәстүрлердің өзіңізді-өзіңіз танып, тәрбиелеудегі алатын рөлі туралы ойыңызды «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне жазыңыз.

П		р		с		т	-
---	--	---	--	---	--	---	---

қ		р		ң	ғ		д		ғ	
ш		р		қ	.					



Төртінші өлшем

(Д.Лихачевтің замандастарына арнаған хаты)

Д.Лихачев

Өткенді есте сақтау және білу өмірді толықтырып, оны қызықты, маңызды етіп, рухтандырады. Егер сіз өзіңізді қоршаған ортаның өткені туралы ештеңе білмесеңіз, оны көрмесеңіз, онда ол сіз үшін бұл бос. Сіздің ішіңіз пысады, қамығасыз және ақыр аяғында сіз жалғызсыз, себебі, жолдастарыңыз шын мәнінде – сіздерді өткен ортақ бір нәрсе байланыстырса ғана жолдас болады: мектепті, немесе институтты бірге бітірсеңіздер, немесе бірге жұмыс істесеңіздер, ал қарттар болса, ерекше нәзік сезіммен кіммен бірге соғысқандарын, қиыншылықтарды бастан бірге өткізгендерін естеріне түсіреді.

Біз күнде жанынан өтетін үйлер, біз тұратын ауылдар мен қалалар, біз жұмыс істейтін зауыт, біз жүзетін кеме – бәрі біз үшін өткен тарихы бар, тірі болсын! Өмір – бір сәттік емес.

Тарихты білейік, біздің айналамыздағыны аз болса да, көп болса да білейік. Бұл әлемнің өте маңызды төртінші өлшемі емес пе? Бірақ, біз отбасымыздан бастап, ауыл немесе қала, ел мен әлемнің тарихын біліп қана қоймай, ол тарихты, әлемнің шексіз тереңдігін сақтауымыз керек.

Назар аударыңыздар: балалар мен жастар әсіресе дәстүрлерді, салтанатты тойларды жақсы көреді. Себебі, олар әлемді дәстүр мен тарихтан таниды. Біздің өмірімізді мағыналы, бай және рухани ететін нәрселерді көздің қарашығындай қорғайық.





Қазақ қазынасы

Қорғанбек Аманжол

Қазыналы елміз деп жатамыз. Ол рас. Қазақтың несібесі басқаларға қарағанда кем кесіп-пішілді деп пешенемізге өкпе айта алмаспыз. Шүкір құдайға, қазақтың жер байлығы да, кен байлығы да бір басына жетерлік. Бауырына басып жеймін десе де, ақсұңқар құстай шашып жеймін десе де жарап тұр, жарасып тұр.

Соған орай ата-бабаларымыз да қазына деген сөздің қадіріне жеткен, қасиетін білген. Бұл, әсіресе, көшпенділер өркениетінің қымбат құндылықтарын «жеті қазына» деп бөлек әспеттеп құрметтеуінен де көрініс тапқан. Қазақ өзінің дәстүрлі дүниетанымында жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, ол ұғымға мыналарды жатқызған: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік. Халқымыз қазынаны ырыс деп санаған. Сол себептен сол ырыстардың қатарында ақыл-парасатты, денсаулықты, ақ жаулықты, баланы, пейіл-көңілді, жерді, итті атаған. Әлбетте, ғасырлар бойғы өмір тәжірибесіне сүйенген халық философиясы қателеспейді.

Ал енді бір сәт қазіргі замандағы қазақ қазынасы хақында ойлансақ қайтер еді? «Қазына» сөзінің байыбына барып жүрміз бе? Әлде бетінен қалқып, үстірт ойлап, сырттай қызықтағанға мәзбіз бе? Айтар болсақ, дәл бүгін таңда ұқсата білсек, оқсата білсек, қымыз да қазына. Бірақ, «Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?» деп хакім Абай айтқандай, осы сықылды көптен-көп қазыналарымызды мақтаныш еткеннен артыққа бара алмай, пайдалы кәдеге жарата алмай жүргеніміз де еш өтірік емес-ау. Өткен жазда Түркияда болғанымызда мол да мөлдір сулы Манавгат өзенін көріп көзайым еткенбіз, түрік туысқанның құдай берген бір нәпақасы⁸ екен-ау дескенбіз. Сөйтсек, ол ойымыз да бекер емес екен. Өзен бойында өркендеген туризм мен ағын суды бойлап былқыған он сан балық кәсіпшіліктерін былай қойғанда, дарияның басы ауыз су алу үшін Израильге жалға беріліпті. Күн мен ай, аспан мен жер, от пен су жалпыадамзаттық жеті қазынаның ішінде болса, түрік кәрдаштардың⁹ сол суды шын мәнінде ұлттық қазына – байлық көзіне айналдырғаны байқалып тұр.

Бірақ, бұл арада біздің айтпағымыз рухани қазыналар жайы еді. Қазақ даналығындағы жеті қазына қатарынан ақыл-парасат пен пейіл-көңілдің ойып тұрып орын алуы бекер емес. Бажайлап үңілсек, байлықтың кені – адамның өзі, оның жан-жүрегі екен. «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы, Теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы. Сол жүректен жылылық достық пенен Бұлақша ағып ғаламға тарамашы» дейтін Абай

⁸ Табыс, ризық.

⁹ 1.Бауыр, бірге туған қандас. 2. Пікірлес. Діндес, бір діндегі.

ғақлиясы¹⁰ да осыған саяды. Олай болса, қазынаның үлкені адамның өз бойында, басты қазына адамның жүрегінде екендігіне ден қоятын уақыт жеткен сияқты. Жалпақ жаһанға жауһар жақсылықтарымен үлгі шашып отырған жапон жұртының бір ғана мысалына жүгінейікші. Бүгінде 50 мыңнан астам жапондық 100 жылдық ғұмыржас межесінен емін-еркін, емен-жарқын аттап өтіп отыр. Енді 15 жылдан кейін бұл елдегі ұзақ жасаушылар миллионнан асып жығылмақ. Мұндай ғажап әлемнің басқа ешбір елінде жоқ. Ал ұзақ өмір сүрудің құпиясы мынада: жапондықтар қарым-қатынас кезінде бір-бірін ренжітпеуге, көңіліне қаяу салмауға тырысатын жер бетіндегі жалғыз халық екен. Нақ осындай қадамы құтты елді әлем картасынан табу қиын. Экономиканың кереметін біз солардан көріп отырмыз. Күріш егетін, қала салатын ұлтарактай жері де қалмады. Оларда табиғи байлық дегеніңіз атымен жоқ. Осыған қарамастан жапондықтар жаһандағы ең бай ұлт саналады. Байлыққа жеткізген де ақыл-парасат пен ғылым-білімі. Ал енді осы ғажайып жетістіктерді ежіктеп айтып отыруымыздың себебіне келейін.

*Бағзыдан бергі салт-санасы,
әдет-ғұрпы, дәстүр-
жоралғысы, тәлім-тәрбиесі,
даналық сөздері – бәрі-бәрі
қазақтың азбас-тозбас,
сарқылмас асыл қазынасына
жатады.*

Гәп жоғарыда айтқан ұлт қазынасында жатыр. Тұтас елдің табыстылығының құпиясы сол, жапондықтар өз ой-пайымдарын тізгіндеп ұстауды үйренді. Теріс ойлар әңгімелесіп отырған адамның көңілін бұзып, жүйкесіне тиіп қана қоймай, оның денсаулығына, болашағына нұқсан келтіретінін жақсы білгендіктен олар балағат, дөрекі сөздерді өз тілдерінен мүлдем тыйып тастапты. Жапондықтардың көп жасауының ақиқат сыры, міне, осында. Бір-біріне деген ілтипат-ізгілікте, сыйластықта.

Ізет пен ілтипат, сыйлағанның құлы болу, шынына келгенде, қазақтан қалған. Даладай дархандық та, кең пейіл де, ер көңіл де, жалғыз атын жолаушыға сойып салар қонақжайлық та, зият¹¹ тектілік те қазақтың сүйегіндегі қазыналы қасиеттері екендігі бүгінде төрткүл дүниеге түгел мәлім-ау. Бағзыдан бергі салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүр-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі, даналық сөздері – бәрі-бәрі қазақтың азбас-тозбас, сарқылмас асыл қазынасына жатады. Осының бәрі, сайып келгенде, Елбасы айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізі, адам капиталының алтынға айырбасталмас әзиз құндылықтары болып табылады. Олай болса, қазақ қазынасын игерейік, ағайын! Ұзақ ғұмыр

¹⁰ Ой-пікірді философиялық тұрғыда тұжырымдайтын трактат, шығарма.

¹¹ Артық, жақсы.

да, ырыс-береке де ұлт рухынан, ұлттың ақыл-парасаты мен жан-жүрегінің қайнарынан шығатынын әсте қаперден шығармайық.



1. Ата-бабаларымыздың көшпенділер өркениетінің қымбат құндылықтарын «жеті қазына» деп бөлек құрметтеуінің себебі неде деп ойлайсыздар?
2. Автордың «Күн мен ай, аспан мен жер, от пен су жалпыадамзаттық жеті қазынаның ішінде» деген пікірін қалай түсінесіздер?
3. Мәтін авторының «Ал енді бір сәт қазіргі замандағы қазақ қазынасы хақында ойлансақ қайтер еді? «Қазына» сөзінің байыбына барып жүрміз бе?» деген сұрақтарына қалай жауап берер едіңіздер?
4. «Қазынаның үлкені адамның өз бойында, басты қазына адамның жүрегінде» деген пікірге көзқарасыңыз қандай?
5. Өз өміріңізде рухани құндылықтардың алатын орны қандай? Жауабыңызды мысалдар келтіріп, дәйектеп түсіндіріңіз.



4-тапсырма. Төменде берілген мәтінді рөлдерге бөліп оқып, әңгімені қалай аяқтауға болатынын ойластырыңыздар.

Жылу¹²

Серік Үсенұлы

Кешкі дастарқан үстінде Нартайлардың үйінде үлкен кеңес болды. Ауылдың үлкендерін үйге шақырып алған Нартайдың атасы. Әңгімені де әдеттегідей сол кісі бастады.

– Естіп жатқан шығарсыздар, кеше мына көрші ауыл – Қызылөзекте тасқын болыпты. Тауға жақын ғой, жаңбыр көп жауып, соның аяғы осындай апатқа ұрындырыпты. Біраз үй суға кеткен. Әйтеуір адамдар аман. Жауын бізді де оңдырған жоқ. Дегенмен, біз анау-мынаудан аманбыз. Апатты ешкім Құдайдан сұрап алмайды. Іргелес ел қиналып жатқанда қарап отырсақ, жараспайды. Елдігі қайда дейді жұрт. Басқалар да қарап жатпаған шығар, біз де жұртпыз, көмек қолымызды созайық. Не істейміз? Соны ақылдасайық деп шақырдым сіздерді, – деп сөзін аяқтады.

– Дұрыс айтасыз, қарап қалғанымыз жарамайды.

– Көмектесейік. Қол ұшымызды берейік, – десті отырғандар.

– Қалай көмектесеміз? – деді жұрттың пейілін көріп, көтеріліп қалған Нартайдың атасы отырғандарға шола көз салып.

– Мәселе сонда болып тұр.

– Жаңа үйлері суға кетіпті дедіңіз, бастысы сол үй ғой, – деді біреу.

¹² 1. Күннен, оттан бөлінетін қызу. 2. Ауысп. Мейірімділік, қайырымдылық. 3. Біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем.

– Иә. Үй салуға көмектесейік, – деді екінші біреу.


– Әй, сол үйін өкімет салып бермей ме, біздің қолымыздан не келеді? – деді үшінші біреу керенауланyp¹³.

– Қой ондай кербакқан әңгімені! Өкімет өз ісін атқарады, біз өз қолымыздан келгенді істейміз. Сөйтіп, көп болып жабыламыз, – деп тыйып тастады оны үлкендердің біреуі.

– Ертең біреу «Басымызға күн туғанда, көрші отырып тарп етпедіндер ғой» десе, сүйекке таңба болады ғой, Құдай-ау!

– Дұрыс, дұрыс! Қарап отырғанымыз болмайды. Құдай бетін ары қылсын, әр ауылда болуы мүмкін мұндай жағдай! – деп қоштады тағы бір кісі...

5-тапсырма. Өтілген тақырыпқа байланысты сөздерді еске түсіріп, «Даналық» сөзжұмбағын шешіңіздер.



Көлденеңінен	Тігінен
1. Кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге.	1. Тірі организмнің тіршілік ету мерзімі, ғұмыр.
2. Түрліше түсінудің әсерінен болатын түсінік, ұғым, ой.	2. Құштарлық, ынтықтық көңіл күй.
4. Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік.	3. Тәртіп пен мінез-құлық дағдысы.
5. Әдетке айналған салт-сана, ғұрып.	5. Кемеңгерлік, данышпандық.
7. Толып жетілу, кемелге келу.	6. Жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық дәстүр, жөн-жора.
9. Асыл мұра, рухани байлық.	8. Біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем.

¹³ Енжарлану, еріншектену, жалқаулану, самарқаулану.

6-тапсырма. «Даналық» тақырыбына синквейн жазыңыз. Синквейн – бес жолдық өлең түрі, оның құрылымы төмендегідей:

- 1-жол – сипатталатын нәрсе, зат есім;
- 2-жол – сол зат есімді сипаттайтын 2 сын есім;
- 3-жол – осы зат есімнің әрекетін білдіретін 3 етістік;
- 4-жол – зат есімнің мағынасы туралы негізгі ойды білдіретін 4-6 сөзден тұратын сөйлем;
- 5-жол – зат есімнің синонимі.

7-тапсырма. Атақты суретші Н. Хлудовтың картинасының репродукциясын карап, халықтың өмір салты, тұрмысы, дәстүрлері жөнінде ойыңызды білдіріңіз.



Н. Хлудов. Салтанатты көш. (19 ғасырдың соңы)



Гуго Сен-Викторский

Табиғатында өзбетінше ой ойлап, оп-оңай түсінуге болатын нәрсенің өзін қиындықпен түсінетіндер аз емес. Мұндай адамдар, менің пайымдауымша, екі топқа жататын сияқты. Біреулері өзінің қабілетінің қаншалықты дәрежеде екенін мойындай отырып, білімге бар күшін салуға ұмтылады; егерде сол жанталаса іздегенінің арқасында қандай да бір нәтижеге қолы жететін болса, онда онысы ақыл-ойының емес, тынымсыз күш-жігерінің арқасы. Басқалары болса, қанша тырысса да, биік нәтижеге қолы жете алмайтынын білгендіктен, аздың өзіне қанағат тұтуға мәжбүр болады: олардың соншалықты әрекетсіздігі мен немқұрайдылығынан ұлы ақиқаттың сәулесінің өзі олардың сол аздың өзін оқып-

білуге ықылассыздығынан мардымсыз болып көрінеді. Болғалы тұрған нәрсені болдырмайтын олардың өздері ғана.

Біз ұмтылған нәрселердің ішінде ең лайықты да мәртебелісі – даналыққа жету бәрінен биік саналады. Даналық адамның өзін-өзі тануына, ол өзін тұңғыш суреткермін деп ойламаған кезінде кіммін және не үшін өмір сүремін деп ойлануға мүмкіндік берді, ағартушылыққа жеткізді. Біз оқып-білу арқылы өзімізді бастапқы қалпымызға келтіре аламыз, сөйтіп өзіміздің табиғатымызды білу үшін, сырттан іздеуді үйренуден бұрын өзіміздің бойымызда барды іздеп табуға ұмтыламыз. Өмірдің ең биік мәртебесі әрі мұраты – даналыққа ұмтылу, оған жеткен адам – бақытты, ал ол кімде бар болса, ол қазыналы, көшелі¹⁴ адам.



Қазағымның дәстүрлері-ай

Сөзін жазған Т. Әшімов

Әнін жазған Н. Адамбеков

Қайта оралды қазағыма бүгін дәстүрлері-ай,
Көптен күткен халқымыздың асығып арман еді-ай.
Берекелі қазақ жері - ел мерекелі,
Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі.

Қайырмасы:

Шілдехана, бесік той,
Тұсау кесер, сүндет той,
Ай, шіркін-ай.
Құда түсіп, сырға салу,
Беташарым-ай.
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,
Қыз-бозбала кең даланы
Әнімен елітіп тербеткен.

Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден,
Қыз балаға жарасады алқа, шашбау, сәукеле.
Жоғалмасын дәстүріміз, ұмытылмасын,
Ата-баба көзіндей қылып сақтайық қазақ дәстүрін.

Қайырмасы.

¹⁴ Байсалды, ой-өрісі кең.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Адамның бойындағы қандай қасиеттері оны абырой биігіне көтеріп, дұрыс әрекетке жетелейді?

- а) Ақылдылығы, білімділігі, жауапкершілігі.*
- ә) Тақабатлығы, көңілшектігі, менмендігі.*
- б) Сыртқы тартымдылығы, зеректігі, бауырмалдығы.*

2-тест

Сіздіңше, өмірдің мәні –

- а) әрбір күнді ұмытпастей етіп өткізу. - ұмытпастай.*
- ә) риясыз қызмет ету арқылы өзін де, өзгелерді де шаттыққа бөлеу.*
- б) өзінің мүддесін ғана ойлау.*

3-тест

Адамның рухани дамуына даңғыл жол неден басталады деп ойлайсыз?

- а) Терең білімнен, қабілет пен дарыннан.*
- ә) Ата-ананың мансабы, лауазымы мен байлығынан.*
- б) Ар-ұят тазалығы, адамдық қадір-қасиет пен кісілік келбетінен.*

4-тест

«Өмірдегі ең мардымсыз игілік – байлық, ең зор игілік – даналық» деген ой-тұжырымға көзқарасыңыз қандай?

- а) Әрине, байлық-бір күндік, ал даналық - мың күндік, себебі бұл өмірлік тәжірибе.*
- ә) Қолында байлығы бар адам – дана адам.*
- б) Даналық деген кітаптан оқып алатын нәрсе ғой, ал байлыққа қол жеткізу оңай емес.*

М.Әуезов: «Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі».

Ғ. Мұстафин: «Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек».

Әл-Фараби: «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында».

II ТАРАУ

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...





«Менің құрдастарым» жобасы

II кезең

1. **Жобаның екінші кезеңінде** өзіңіздің сыныптастарыңыз туралы ақпараттарды қорытындылау қажет.
 - 1.1. Сыныптастарыңыздың сыртқы келбеті, бет-бейнесі, қызығушылықтары, талпыныстары қандай?
 - 1.2. Оларды қандай сұрақтар толғандырады?
 - 1.3. Шешімін таппаған қандай мәселелері бар?
 - 1.4. Қандай мамандықтар қызықтырады және несімен?
 - 1.5. Сіздің ойыңызша, олардың қайсысы басшы, дәрігер, суретші, әртіс, инженер бола алады?
 - 1.6. Сіз өз сыныптастарыңыздың болашағын қалай елестетесіз?
 - 1.7. Сыныбыңыз өз замандас, құрбы-құрдастарын қалай бейнелеп, көрсетеді?
 - 1.8. Осы мақсатта сыныптастарыңыз туралы мейлінше көп білуге тырысыңыз: мұның бір жолы – әрқайсысыңыздың өзін-өзі таныстыруы болып табылады.
2. Демалыс күндері табиғатқа серуенге шығыңыздар, тамашалаған спектакль, кинофильмді, тыңдаған концертті, оқыған кітапты бірлесіп талдап, пікір алмасыңыздар.
3. Бұл бірлескен әрекеттің қорытындысы ретінде шығарылған ұжымдық қызықты газетке әрқайсысыңыз туралы ақпараттар, фотосуреттер, қызықты оқиғаларды, бейнероликтерді орналастыруға болады.

АДАМНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ



*Адамның адамшылығы ақыл, ғылым,
жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы,
жақсы ұстаздан болады.*

Абай

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Менің досым

Бейбіт Қойшыбаев

Үй тапсырмаларын орындап боламын да, тысқа шығамын. Подъезд алдындағы ұзын ағаш орындықтың орта тұсында әп-әдемі боп, аппақ кимешек киген әжем отыр. Мен оның қолындағы тәспісіне қараймын. Әр тасты бірінен соң бірін ақырын тартып тұрған әлсіз тарамыс саусақтарына қараймын. Одан сонадайдағы бөбектер ойнайтын шағын алаңға көз тастаймын. Анау әткеншекті көкке шарықтата бір тепкім кеп кетеді. Бірақ олай етпеймін. Мен сәбиліктен іргемді аулақ салғалы қай заман? Мен бұл күнде он үштемін.

Құшағымды жайып керілемін. Даусымды шығара тыныс алам да, қолымды төмен қарай сілке тастаймын. Сосын әжемнің қасына келіп отырамын.

Менің әжем өте кәрі кісі. Кәрі болғандықтан да қадым заманғы¹⁵ хиссалар мен ертегілерді көп біледі. Сұрасаң болды, айта береді. Жалықпайды. Тек өзің тыңдай біл.

Жанына отырғанымда әжем маған әжім-әжім жүзін бұрып:

– Сабағыңды оқып біттің бе, Қайыржан? – дейді.

– Иә, – деймін мен.

Сонан соң:

– Әже, адалдықтың пірі¹⁶ жайындағы аңызды айтыңызшы, – деп өтінем.

Әжем күлімсірейді. Бұл оның ең жақсы ертегісі. Мен мұны әрдайым құмартып тыңдаймын. Әжем ешқашан тауымды қайтарған емес.

– Пәлі, жаттап алатындай болған жоқпысың ендігі, – деп бір қояды да, тамағын кенейді.

Есіктен әдемі киінген бір бала жүгіре басып шықты. Біз жаққа тіпті мойнын бұрмастан, қарсы алдындағы әткеншекке сәлемдескендей:

– Амансыз ба?! – деп дыбыстады да өте берді.

¹⁵ Өткен дәуір, баяғы заман.

¹⁶ 1. Қолдап – қорғаушы рух. 2. *Ауысп.* Демеуші, қолдаушы, сүйеуші.

– Жақсы ма, қалқам?! – деп әжем ертегісін үзе күбір етті.

– Руслан! – дедім мен. Ол артына қарады.

– Кел, қайырымдылық тәңірісі туралы әңгіме тыңдайық.

– Уақыт жоқ. – Ол жүре берді. – Бүгін біз роботқа жаңа бағдарлама құрастырамыз.

Тамаша бала бұл Руслан. Сұңғақ бойын тәкаппар ұстап, асыға адымдаған қалпы жөніне кетіп барады. Соңынан сүйсіне қараймын. Мен оны өзімнің жолдасым деп есептеймін және онымен жолдастығымды мақтан тұтамын.

Мәселе тек екеуіміздің бір подъезде тұратындығымызда ғана емес. Біз бір мектеп, бір сыныпта оқимыз. Екеуіміз де мына көшенің арғы бетіндегі мектептің шәкіртіміз. Ана көрінген жерасты жолының сол жағымен көтерілсеңіз – тура біздің мектепке барасыз. Зәулім, үлкен мектеп.

Міне, сол мектептегі төбеге көтерер санаулы үздіктердің бірі – осы Руслан. Жанып тұрған от дерсің. Жиналыстарда қалай жатық сөйлейді! Ағып тұр әшейін. Білмейтіні жоқ. Үйіндегі кітаптарын айтсайшы. Бір рет ертіп апарып маған көрсеткен. Ғарыш, ғалам, кибернетика, телемеханика жөніндегі менің тісім батпайтын кітаптар сыңсып тұр-ау, сыңсып тұр. Бұл оның күнде біреуін қолтықтап жүреді.

Өзі қалалық оқушылар сарайындағы жас техниктер үйірмесінің мандайалды өнертапқышы. Әлгінде айтып барады ғой: роботқа жаңа бағдарлама құрастырамыз деп. Білесіз бе, олар сонау адам кейіпті ғажап автоматтарын жақында ғана жасады.

Ал сол роботтарының ескі бағдарламасының өзі таңдай қақтыруға жарарлық. Істемейтіні жоқ, еден сыпырудан бастап шахмат ойнауға дейін ешкімнен қалыспайды. Нағыз электронды-механикалық интеллектуал. Және ең кереметі: оның бас конструкторы – менің досым. Міне, қалай!

Бұрышты айналып кеткенінше, Русланнан көзімді айырмаймын. Сосын әжеме бұрылам. Бұрылам да, таңданып, қасымды керем: мынаны қара, тағы бір тыңдаушы келіп қалыпты! Көбей. Ол да менімен түйдей жасты, осы үйде, екінші подъезде тұрады. Жанымызға келді де:

– Әже, сәлеметсіз бе? – деп қос қолын ұсынып, сәлем берді. Ол ылғи өстіп амандасады.



– Көп жаса, қалқам, – дейді әжем оның сәлемін алып. Ұдайы осылай.

Қарсысында ізетпен кібіртіктеп тұрған балаға сүйсіне көз салып, әке-шешесінің есен-саулығын сұрайды. Ежіктеп, әрқайсысын атап сұрайды. Анау да ең арғысы мамасының тұмауратып қалғанына дейін ұмытпай, мейлінше толық жауап қайтарады. Екеуінің есік алдында кезігіп қалғанын көрсең болды, сондай диалог тағы қайталанды дей бер. Әрдайым солай. Қазір де сол баяғы ән.

Олар әдеттегі рәсімдерін аяқтағанша, мен электронды ми жасап жүрген Руслан досым жайлы тағы бір толғана ойлап үлгерем.

Кенет есіме өзімнің аңыз естімекке ниеттенгенім түседі де, әжеме жалт бұрыламын. Көбей әлі кетпепті. Кетпегені былай тұрсын, әжемнің ар жағында жайғасып отыр. Осы Көбей-ақ әжемнің әңгімелерін тындағыш.

– Әже, адалдық пен зұлымдық туралы ертегіңізді айтыңызшы, – дейді. – Ойымда қалғанын жазып қойып едім. – Ол қолындағы дәптерін көрсетті. – Енді тексеріп алу керек болып тұр.

Мен таңырқаймын:

– Оны неғыласың?

Көбей ықыластана жауап қайтарады:

– Білесің бе, біздің әдебиет пәнінен беретін ағайдың айтуынша, бұл бір тұнған парасат сабағы, мұнда адамгершілік жөнінен тәлімді нәрсе көп. Жазып алуға кеңес берген сол кісі. Кеше ғана үйірмеде мазмұнын айтып беріп ем...

Расында, қыртыс-қыртыс әжімдеріне шейін мейір төккен әжем өзінің қырық жылғы әңгімесін мың пәленшесінші мәрте айта бастағанда, ол дәптеріне қарап, жазғандарымен салыстырып отырды. Бірдеңелерді түртіп қояды. Артынан әр жерін қайта сұрап, толықтырып алды.

Бұл басы ғана екен.

Бір сәт әжемнің өзімдікі екенін сездіріп қоймақ болып:

– Қайырымдылық пірі жайындағы ертегіні білмейсің сен, – дедім мен оған. – Әжемнің аңыздарының ең асылы.

Сол-ақ екен, Көбей ұшып кете жаздады. Аһылап-уһілеп, елпектеп:

– Айтып беріңізші, әже, – деп емінді де қалды.

Менің әжем керемет кеңпейіл. Ешкімнің меселін қайтармайды.

Ол әжемнің аузынан естігеннің бәрін көшіріп алуды дағдыға айналдырды. Күніне қасына кеп отырғаны. Әжем кейде сыртқа шығуды ауырсынып, жатып қалады. Ондайда Көбей біздің үйге келіп, әжемнің әлсіз сыбырмен жеткізген күшті ертегілері шығып жатқан аузына қалқан құлағын жіті тосқан қалпы, бас жағында дәптеріне шұқшияды да отырады.

Мен онымен дос емеспін. Руслан оны тіпті көзіне де ілмейді. Бірақ ол бізбен жолдас болуға құмар. Әйтеуір есебін тауып жақындасқысы

келетін де тұратын сияқты. Маған жұғысудың ретін келтіргенін қарағын, әжеме үйір болғансып жүр. Арагідік менен әрнені білгісі кеп, мектебіміз, класымыз жөнінде түрлі сауал қояды.

Өзі біздің мектепке бармайды. Алысқа автобуспен қатынап, қайдағы бір мектеп-интернатта оқиды. Сонда жататын, жан-жақтағы ауылдардан келген балалармен бірге оқитын көрінеді. Сонысын білгендіктен ғой, Русланның оны «колхоз» деп менсінбейтіні.

«Ұжымшар» – «ұжымдық шаруашылық» деген тіркестің қысқартылған түрі. Біздің кейіпкерлеріміз өмір сүрген кезеңде тек орысша атауы қолданылған, ал бұл жерде қалалық балалар ауылдық жерден келген құрбыларына «артта қалғандықтың» белгісі ретінде осы атауды таңып отыр.

Бір күні ол менің ішек-сілемді қатыра күлдірді. Қайтіп дейсіз бе? Ол Русланды аяйтын көрінеді. Естимісіз, аяйды! Ал, ендеше! Руслан мұны шыбын құрлы көрмейді, ал ол... Күлемісіз, күлмеймісіз?!

«Неге?» – деймін мен оған күле қарап.

Ол маскара салмақты жүзбен күрсініп алып: «Руслан енді өмір бақи мыналарды түсіне алмай кетеді ғой», – дейді.

«Мыналары» – қилы ертегі, қисса, аңыз жазылған әлгі дәптерлері.

«Е, кибернетикке оның не қажеті бар? – деп қоям мен езуімді жимай. – Дегенмен, оқысын десең, аударып бер, сонда көресің, түсіне ме, жоқ па...»

Айтуын айттым да тілімді тістей алдым. Көбей оның қазақша білмейтінін айтып тұр-ау... Иә, сұмдық байыпты кескінімен маған тік қарап:

«Жиырмасыншы ғасырдың соңында, төрт құбылаң түгел осынау тамаша заманда сауатсыз болғандарға жаның қайтіп ашымасын», – дейді. Шынымды айтсам, оның бұл жаңсақ сөзі менің де қытығыма ептеп тиетінін сезем, бірақ сыр бермеймін. Әңгімені басқа жаққа бұрып жіберем.

Сосын болуға тиіс нәрсе болды. Әбден қартайған науқас әжем бізді тастап, қайтпас сапарға кетті. Бір жаман күндер өтті. Үш күн сабаққа барған жоқпын.

Анда-санда аңғарам, қасымда бұйра басы үрпиіп Көбей отырады. Үндемейді. Дыбысын шығармай отыра береді. Тапжылмай екі-үш сағат боп, ертесіне тағы келеді.

Ақыры сабаққа шықтым. Класқа кіреберісте Русланмен қатар кеп қалдым. Иық тіресіп, ішке бірге ендік. Ол жол-жөнекей, партамызға беттей бергенімізде:

– Мен саған көңіл айтамын, – дей салды. Мен үшін бұл күн сұмдық көңілсіз болды. Үйге сопиып жалғыз қайттым. Келдім де, подъезд алдындағы орындыққа сылқ етіп отыра кеттім. Мұнда ылғи әжем отыратын. Бір кезде сонадайдан:

– Не бітіріп отырсың? – деп жүре сауал тастап, қасымнан Руслан өтті. Үйірмесіне асығып бара жатса керек.

Енді біраздан соң Көбей көрінді. Бері бұрылып, үн-түнсіз қасыма отырды. Бірақ мен не оған сөйлемеймін, не ол туралы ойламаймын.

Менің көз алдымда – Русланның сөре-сөре боп көздің жауын алған кітапханасы. Онда бәрі бар: ғарыш туралы, кибернетика туралы, телемеханика туралы... Русланға олар робот жасау үшін керек. Оның сықиған текшелерінде әжем айтатын ертегілер ғана жоқ... Өйткені, робот адамгершілік сабағына мұқтаж емес... Қажет нәрсенің бәрі бағдарламаланған...

Көзімнің қиығы Көбейге түсіп кетті. Қолында тысы таныс қалың дәптер бар екен. Ақырын аударыстырып қарауда. Ол әжемнің аузынан жазып алған аңыздарды өзімен бірге көтеріп жүр. Мектепке, үйірмеге апаратын көрінеді, сыныптастарына оқып та беріпті. Енді, міне, менің жанымда парактап, әр жерінен шолып, кейбір қызықты да тәлімді жерлерін еске түсіруде.

Ол менің әжемнің аңыздарын қайта оқып отыр. Жүрегім шым ете түсті.



1. Әженің әңгімелері адамды қандай әрекеттерге жетелейді деп ойлайсыздар? Олардан жалпыадамзаттық қандай құндылықтарды байқауға болады?
2. «Ол Русланды аяйтын көрінеді. Естимісіз, аяйды! Ал, ендеше! Руслан мұны шыбын құрлы көрмейді, ал ол... Күлемісіз, күлмеймісіз?!» деген жолдардан Көбей мен Русланның қандай қасиеттерін көресіздер?
3. Әңгіме кейіпкерінің «... робот адамгершілік сабағына мұқтаж емес... Қажет нәрсенің бәрі бағдарламаланған...» деген ойын тарқатып түсіндіріп беріңіздер.
4. Әженің аңыздарын қайта оқып шығуға Көбейде қандай қажеттілік болды деп санайсыздар?
5. Адам бойындағы қандай қасиеттер оның жеке басын сыйлы етеді? Неліктен?
6. Адамның өзін және өзгелерді сыйлауының мәні неде деп ойлайсыз?
7. Өзіңіз көпшілік алдында қандай қасиеттеріңізбен сыйлы болып жүрсіз? Қандай қасиеттеріңізден арылығыңз келеді? Әңгімелеп беріңіз.



1-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздерді мұқият оқып шығып, ой-пікірлеріңізді ортаға салыңыздар. Өзіңіз үшін қандай қасиеттерді иемденгіңіз келеді? Неліктен?

- *Конфуций*: «Адамгершіл кісіде мына бес қасиет болуы керек: кісіге шын құрмет, кеңпейілділік, шыншылдық, зеректік, мейірбандық.
Біріншісі – жарамсақтануға жол бермейді;
Екіншісі – барлығын бағындырады;
Үшіншісі – адамдардың көңіліне сенім ұялатады;
Төртіншісі – жеңіске жетуге мүмкіндік береді;
Бесіншісі – адамдарды басқаруға мүмкіндік туғызады».
- *Ахмет Ясауи*: «Адамға ащы татпай тәтті қайда?
Тер төгіп тапқан абзал адал пайда.
Әркімді жаратпаған тәңір жайға
Өлшемі адамшылық, туралықта!»
- *М. Пришвин*: «Асқан ұлы бақыт – өзін ерекше санамай, барлық адамдар сияқты болу».
- *Т. Фонтане*: «Қарапайымдылық – ең тәуір нәрсе ғана емес, сонымен бірге ең ізгі нәрсе де».

2-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдар мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір ұғымның өзіне сәйкес келетін анықтамасын табыңыздар.

Ұғымдар	Анықтамалары
1. Адалдық	а) Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі.
2. Парасаттылық	ә) Мейірімділік, қайырымы молдық.
3. Тәлімді	б) Адамға тән байыптылық, байсалдылық.
4. Қайырымдылық	в) Адамның таза ниеті, имандылық қасиеті.
5. Кеңпейіл	г) Барын аямайтын, молшылықты ұнатұшы.

3-тапсырма. «Қарапайымдылық дегеніміз – өзінің адамдық қадір-қасиетін түсіну» (*П. Буаст*) деген қанатты сөзді «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, мәнін түсіндіріңіздер.

4-тапсырма. Берілген жағдаятпен танысып шығып, сұрақтарға жауап беріңіздер. Өзіңіздің ой-тұжырымдарыңызды «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне толтырып жазыңыз.

Елдос жаңа физика-математика мектебінің 10 сынып оқушысы болып осы жаңа оқу жылын бастады. Жаңа сыныптастарымен жақсы тіл табысты, қарым-қатынас құрды. Бірақ, бұл көпке ұзамады, бір-екі айдан соң, Елдостың қасына барып сырласатын достары жоққа жуық болғаны көзге түсті. Бір күні физика сабағында бір теорияның мән-

мағынасы жайлы Елдостың мінсіз жауабынан соң, мұғалім оған бұл тақырып бойынша ғылыми жоба дайындауға ұсыныс жасады. Елдос бас тартты. Бұл жауап мұғалімді таңғалдырған жоқ, себебі қорытынды бақылауға көп уақыт қалмаған еді, мүмкін оның ұсынысы баланың жоспарларын бұзатын шығар. Бірақ өз шешімін жұмсарту үшін, Елдос ұсыныс жасады:

«Бұл жобаның қажеті, пайдасы қандай? Сіз менің қабілеттерімді көрдіңіз – сол жеткілікті, ал мыналар үшін, (ол сыныпқа қарай қолын сермеп), қажеті шамалы, олар ондай ақылды теорияны түсінбейді» – деп, менсінбеушілік танытты.

1. Бұл жағдаяттан сіз Елдостың қандай қасиеттері жайлы мәлімет алдыңыз? Оның сыныптастарымен қарым-қатынасы қандай деп ойлайсыз?

2. Елдостың өзіне-өзіне баға беруі жайлы не айтасыз? Оның бойындағы бұл қандай қасиет? Өз сыныптастарыңыздың арасында осындай балалар бар ма?

3. Сіз өз өміріңізде осындай оқиганың куәсі болдыңыз ба? Тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін осы мінез-құлық моделі неліктен қауіпті?

4. Сіз өз сыныптастарыңыздың болашағын қалай елестетесіз?



Адамдар арасындағы қарым-қатынас сыйластыққа негізделсе, жан-жағына жылуын шашады. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті. Қазақ халқының салтында сыйластық ұғымы әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету – адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып, әдептілік ережелерін тудырған.

Адам мәдениеті жоғары болған сайын оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі. Адамның ізгі бейнесі ұлы ғұламалар еңбектерінде ертеден-ақ орын алып, өзіндік ұлттық сипатын айқындайды. Нақтылап айтар болсақ, ізгі әрекеттердің психологиялық негізі ұлы ғұлама әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген еңбегінде былай беріледі: «Дене сияқты жанда да өзіне тән денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер көрсетіледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның

науқастығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады», – деп сипатталады. Мұнда әл-Фарабидің адамның ізгі әрекеттерінде, қатыгездік әрекеті де сыртқы әсерлер жиынтығынан пайда болған тәрбиенің нәтижесі екендігін психологиялық тұрғыда түсіндіретінін аңғару қиын емес.

Сондай-ақ, XI ғасырда жазылған педагогикалық мәні бар «Кабуснама» кітабында да адамның адамдығын білдіретін үш сипат былай беріледі: «Адамның адамдық сипатын білдіретін үш нәрсе бар. Бұл үшеуінің бірі – ақыл, екіншісі – туралық, үшіншісі – жомарттық, адамгершілік қасиеттер». Жомарттық жолына түспек болсаң: «Көзіңді жаман қараудан, қолыңды жаман істен, тіліңді жаман сөзден сақта», – дейді.



Ұлы ұстаздың соңғы лекциясы

Өтеген Күмісбаев

Әуезов әлемінің дәмі таңдайымызға студенттік кезде тиіп еді. Біз ол кезде он жеті, он сегіздеміз, табанымыз жерге тиіп тұр ма, тимей тұр ма, сезбейтін уақытымыз еді. Қайран, жастық-ай, қадірінді кеш білдік. Әбу ақынның ақша бұлтындай алып-ұшпа кезіміз еді. Дәл осы тұста біз Әуезовке тап болдық.

Біз ұстаздың соншалықты зор, беделді, ықпалды адам екенін аңғарсақта, бүкіл болмыс-бітімімен, сөзімен, әрекетімен данышпанның нағыз өзі, қазақ Аристотелі екенін елпілдеген елік көңілмен ескермепіз. Әуезов дәрісі болады деген күні университетте, аудиторияларда ғажап бір өзгеріс, қарбалас болатын. Ауылдан әкеміз келетіндей сабақ өтетін аудиториялар мен қазақ әдебиеті кафедрасының арасын шапқылап тоздыратынбыз. Ол кезде Қазақ университеті қазіргі Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының ғимаратында болатын. Филология факультеті екінші қабатта еді. Әншейінде сылтауратып зытып отыратын жалқаулардың өзі көздері жыпылықтап, алдынан орын алып, есікке қараумен, Әуезовті күтумен болатын. Тіпті Алматының басқа оқу орындарының студенттері, мұғалімдері, бейтаныс кісілер келіп Мұқаң сөзін ұйып тыңдайтын.



Батыс, Шығыс елдерін аралап жүріп, небір ұлағатты ұстаздарды

тыңдағаным бар. Бірақ бірде-біреуі Әуезовке ұқсамаушы еді. Дәріске кіруінің өзі бір керуен сән-салтанат еді, қоңыраумен қатар кіріп, қатар шығады, бір минут әрі не берісі жоқ. Құлаққа ұрған танадай тамаша бір тыныштық орнайды, шыбын ызыңы естілмейді. Бүкіл Алматы Әуезовті тындап отырғандай әсерленесіз. Сүйкімді, келісті қоңыр жүзінен мейірімділік, ізгілік шуағы шашырап тұрушы еді. Дәл осы тұрысын, дәл осы келбетін орыстың атышулы ақыны Илья Сельвинский керемет келтіріп айтып еді, оның Мұқаңның кесек көркем жүзін Буддаға теңегені бар еді. Қазіргі қазақ академиялық драма театры алдындағы Мұқаң ескерткіші сол Сельвинский сөзбен салған суреттен айнымайды.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! – деп, Мұқаң Абайды алдымызға алып келетін де, өлеңнің әрбір жолын қырық бес минут әсем әңгімеге тартушы еді. Жалығу, зерігу дегенді білмей сілтідей тынып тыңдайтынбыз. Столдың үстінде француздың атақты жазушысы Луи Арагон сыйлаған былғары қоңыр пәпкі жататын, оның қасында Ұлы ұстазымыз Абай жырларын жатқа айтып, қуатты саусақтарымен парақтарды ақтаратын. Ол кісі үлкен мұхит, біз бір алып айдында шарықтап ұшқан шағалалар секілді едік.

Бізді сиқырлы қуатпен алып ұшады, қайтадан табанымызды жерге тигізеді. Сол сәтте есімізді жинап алып, қоңырау соғылғанына іштей қынжылып қалатынбыз. Алатаудың ақ шыңындай алдымыздан қозғалған алыпқа аңырап қараймыз да, көлден көтеріле ұшқан құстардай дүр ете қаламыз. Өлдеқандай бір қанат бітіп, сұлулық сырына шомылып шыққандай шабыттанып кетеміз.

Мұқаң аз ғана үзіліске шығып кеткенде орындығына, столына жапа-тармағай жармасып, алтынның сынығын тапқандай жуан қызыл қаламын қолға алып, бір-бірден ұстап, қайтадан орнына қоятынбыз, пәпкісінен сипайтынбыз. Қоңырау соғылады. Үзіліс бітеді, кереқарыс маңдайы жарқыраған Мұхтар аға аудиторияға кіріп келе жатады. Суретке түсіретіндей тағы қатып қаламыз. Әуезов – Абай, Абай – Әуезов болып кетеді.

Біздің ол кездегі Абайымыз да, Әуезовіміз де басқа еді, біздер қатып-семіп қалған хрестоматия мен оқулықтың ішінен әлгінде ғана түлеп ұшқан қыр балапандары едік. Мұқаңның сонда қаншама дүниенің сырын-ішін ақтарып кеткенін аңдай, бағдарлай алдық па?! Сонда біз Мұқаң аузынан Дж. Кеннанның, Шекспирдің, Байронның, Дантенің, Лонгфеллоның, Купердің, Пушкиннің, Лермонтов, Толстой, Тургенев, Фирдоуси, Омар Хайям, Сағди, Низами, Науаи, Мақтымқұлы, Рабиндранат Тагордың, Руставелидің есімдерін естігенде ғажап ертегі тыңдағандай тебіренуші едік. Жай ғана бір тізе салмай, сүйсініп, сүйіп

айтушы еді, тереңнен тартып толғаушы еді ғұлама. Аса шабыттанған кезінде даланың ұлы жыршысына ұксап кететін.

Сол уақытта деймін-ау, Мұқаң бізге төрт құбыласы тең, барлық арманы орындалған адамдай көрінетін. Жүрісінде, киім киісінде, сөйлеген сөзінде бір мін болмайтын. Сәл кідіріп, сәл жөтеліп, әрі қарай көсіле жөнелгенде кәдімгі қайран Құлагердің өзі еді ғой. Ал, Әуезов лекциясы болады деген күні ерте жатып, кешікпей баруға тырысатынбыз. Сондай кемеңгер кісінің бар сырын, шынын ашып сөйлейтініне таң қалатынбыз, сабақ сайын салмақтанып, жадырап, жайнап қалатынбыз. Ауыл, даланың тойған қозыдай төлдері едік. Абай атамыздың тілімен айтқанда:

Есінде бар ма жас күнің,
Көкірегің толы, басың бос.
Қайғысыз, ойсыз мас күнің

Кімді көрсең – бәрі дос, кезіміз еді ғой. Мұхтар Әуезов бізге дәл сол тұста жолықты. Жолықтырған, жүздестірген тағдырыма мың да бір рахмет! Бұл менің студенттік шақтағы Әуезовім еді. Бүгінгі Әуезовімді басқа биіктен білемін, танимын, тереңіне талмай бара беремін. Жастарды жатырқамай жақсы көретін кісі еді, талантты дегендердің қадамын қадағалап отыратын, барынша нәзік, ақжарқын азамат, ұстаз ағаны көрген сайын бір жасап қалатынбыз. Жалған дүние-ай, ортамызда мәңгі жүре беретіндей көріппіз ғой.

Бір күні Мұқанның лекциясы болмай қалды. «Мәскеуге жол жүріп кетіпті» десті. Анда-санда Мәскеу университетіне барып, КСРО халықтары әдебиеті тарихынан сабақ беріп келетінін еститінбіз. Сондай кезекті сапарлардың бірі шығар дедік. Ол кісі оралмайды деп ойламадық. 1961 жылдың қоңыр салқын айларының бірі еді. Таң алагеуімде Мәскеу радиосынан суық хабар жетті. Қазақтың белгілі жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов операциядан кейін қайтыс болыпты. Апандай аранын ашып ажал қазақтың ұлы перзентін жұта салыпты. Ал сосын жастығыма бетімді басып булығып өксігімді баса алмай жылаймын кеп, өзімді-өзім тоқтата алмадым. Аяулы, ардақты әкем өлгендей ағыл-тегіл жыладым.

Зымырап бара жатқан уақыт-ай, заман-ай десеңізші. Әр айларымыз, әр жылдарымыз Абайсыз, Әуезовсіз өткен жоқ. «Таулар алыстаған сайын биіктей береді» демекші, дананың даңғыл жолы таусылмайды. Мұқаң бүкіл адамзатқа ортақ орасан зор тұлға, жапырағын жайып тұрған өркенді бәйтерек қой. Ал бірегей, бітімді бәйтерек қашанда халықпен бірге жасайды.




1. Мұхтар Әуезовтің рухани өзін-өзі жетілдіруінің мәнін қалай түсіндіресіздер?
2. Ұлы ұстаздың өмірінде риясыз сүйіспеншілік қалай көрініс табады?

3. Кемелденген, толық адам, ақылды, парасатты деп қандай адамдарды атайды? Мұндай тұлғаның бойынан қандай қасиеттерді атап өтесіздер?
4. Қарым-қатынастағы өзара сыйластық, түсінушілік адам бойындағы қандай құндылықтардың көрінісі?
5. Өмірде адамның шынайы адамдық табиғаты қалай көрінеді?
6. Автордың өзін және өзгені тануы мен бағалауы арқылы қандай құндылықтарды байқадыңыздар?
7. Автордың «... бірегей, бітімді бәйтерек қашанда халықпен бірге жасайды» деген тұжырымына қатысты өз ойыңызды ортаға салыңыз.
8. Өзіне сенімнің, риясыз сүйіспеншіліктің күнделікті өмірдегі көріністерінен нақты мысалдар келтіре аласыз ба?



5-тапсырма. Сөздер шоғырын мұқият қарап шығыңыздар.

Оларды мағынасына қарай орнын тауып қойсаңыздар, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов туралы екі сөйлем оқуға болады. Бұл қандай сөйлемдер? Айтылған ойды одан әрі өрбітіп, бүгінгі өмірмен байланыстырыңыздар.



6-тапсырма. Мақалдарды аяқтап жазыңыздар және оларды біріктіретін идеяны табыңыздар.

- Адамның ұяты бетінде ,
- Қайырымдылық жасасаң,
- Адамгершілік болмай,
- Айырылмастай досыңа,
- Өзіңді өзің сыйламасаң,
- «Сіз» деген – әдеп,
- Ұлық болсаң,
- Кішіпейілділік –

7-тапсырма. Атақты педагог В. Сухомлинскийдің ұлағатты сөзін мұқият оқып, мағынасын түсіндіріңіздер: *«Адам бойында кішіпейілділікті басқа қасиеттерден оқшау қалыптастыру мүмкін емес: кішіпейілділік, сыр мінезділік – еңбекті кісілік сипатына, рухани өмірінің бір саласына айналдырған адамның ғана қолынан келеді».*

8-тапсырма. «Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі» (Махмұд Қашқари) тақырыбында пікірталас өткізіңіздер. Жеке тұлғаның мәдениеті адамның адамгершілігінің көрінісі екендігін, адамдардың үйде, ұжымда, қоғамда бірін-бірі түсінуіне не кедергі жасайтынын талқылаңыздар.

9-тапсырма. Төмендегі әңгіме үзіндісін оқып шығыңыздар. Сыныптастарыңыздың күнделікті өмір тынысы, демалысы, қызығушылықтары туралы өздеріңіз байқаған деректерді «Менің құрдастарым» жобасына сәйкестендіріп, Жоба күнделігіне толтырыңыз.

Өтеген Күмісбаев

Біз жас едік-ау. Дариға-ай, біз сол уақытта қандай күйде едік. Көзге жаңа жайқалған қыр қызғалдақтарын әкеліңізші. Қуансақ шын қуанып, жыласақ шын жылайтын кезіміз еді. Ақындардың өлендерін жатқа айтып жарысатынбыз. Бұрынғы Виноградов көшесіндегі жатақханамыз кештер бойы жырмен, күймен, бимен тербетіліп жатушы еді. Ізденіп оқушы едік, кітапханалардан шықпаушы едік. Бір бөлке нанды бес студент бөліп жеп, университетке асығушы едік.

Нұрхат Шакузадаұлы



Мәдениетті адам – рухани тұлға. Мәдениетті адамның тұлғалық қасиеттерінде адамның табиғи ерекшеліктері, оның әлеуметтік қасиеттері және мәдениетті адамға тән қасиеттер көрініс тапқан. Өз ұрпағын ақылды, ержүрек, қайырымды, еңбексүйгіш етіп тәрбиелеу міндеттерін өмір тек біздің алдымызға ғана қойған жоқ. Бұл біздің әкелерімізді, аталарымызды да толғандырған, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, жалғасып келе жатқан асыл парыз, үлкен міндет.

Кішіпейілділік пен қарапайымдылық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі, оның рухани мәдениетінің көрінісі болып табылады. Бұл екі қасиет адамның барлық іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан, өзін ұстауынан, мінез-құлқынан, тәртібінен, сөзінен, киген киімінен де аңғарылып тұрады. Кішіпейілділік дегеніміз – өзімшілдік пен менмендіктің болмауы. Қарапайымдылық – менмендікке мүлдем қарама-қарсы қасиет. Қарапайым адам өзінің қабілеттері мен қасиет-

терін дұрыс бағалайды, әрі мұндай адам атаққұмарлықтан аулақ.

... Адам баласының бәрі бұл өмірде бақытты болсам дейді. Сол бақытқа жету үшін қолынан келген бар мүмкіндігін істеп бағады. Бірақ, көбісі бақытқа апарар ең оңай жолды ұмытып жатады. Бұл жол – әдептілік жолы. Ал әдептілік адамның ішкі жан дүниесі, оның интеллектісі, парасаты мен сезімі сыртқы келбетінен, көздерінен, бет-әлпетінен, сондай-ақ тұлға-мүсіні мен мінез-құлқынан көрініс табады.

Әдеп арқылы жеке адамның адамдар арасындағы қадір-қасиеті арта түседі. Ол елге осылайша сыйлы болады. Мұндай әдепті адам істейтін ісіне, сөйлейтін сөзіне, қабылдайтын шешіміне баса назар аударады. Адам – өз өміріне өзі қожа. Өйткені ол өз тұрмыс тіршілігін өзі реттестіріп отыруға қабілетті. Ол өзінің осы бір қабілетін дұрыс пайдалана алған жағдайда ғана дегеніне жете алады.



Құштармын

Сөзін жазған Айсәуле Бейсенхан

Әнін жазған Данияр Сағынтаев

Күлімдесе көкжиектен шыққан күн
Қабағымды жадыратар қысқа мұң.
Піспегіне қарай бергім келеді,
Жылы жақтан келе жатқан құстардың.

Шағаладай шаттық жырын сыйлаған,
Бірін-бірі мұңайтуға қимаған
Достарымды аялағым келеді,
Жарық күннен тек жақсылық жинаған.

Қайырмасы:

Әуеніне әуен қосып құстардың,
Қанат байлап мен де биік ұшқанмын.
Жанарынан жан сәулесі төгілген,
Жүзі нұрлы адамдарға құштармын,
Жүзі нұрлы адамдарға құштармын.

Талаптанып үміттеніп бақ кудым,
Қайырмасын айта берем гәккүдің.
Жер бетіне махаббатын тілеймін,
Адалдықтан айнымайтын аққудың.

Қайырмасы.

ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ, РӨЛІ



*Не іске де әйел араласса, бәрі жақсы
аяқталатынына сенімдімін. Әйел әлемді
басқаратынын түсіндім.*

Габриэль Гарсиа Маркес

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Шанханайдың шынары

Әли Ысқабай

Күнделікті тірлік күйбеңімен жүретін қатардағы қарапайым отбасынан өз талабымен ерекшеленіп, елгезектігін, білімділігін, біліктілігін, зейінінің зерделілігі мен зеректігін танытып, адал еңбегімен беделі артып, елді басқару тізгінін ұстап, жұртшылыққа жақсылық шарапатын¹⁷ тигізіп, олардың ризашылығын естіп, алғысын алған адамның тұлғасы әрқашанда Алатаудай асқақтайтыны өмір шындығы. Сондай өресі биік тұлғаның бірі ғана емес, бірегейі Зылиха Жанболатқызы Тамшыбаева екі қолының күшіне сенген шаруа адамының отбасында өсіп бойжеткен, халқына адал қызмет етіп, тектілік тұтқасын мықты ұстаған, бақытын еңбектен тапқан, мәртебесін еңбекпен биіктеткен туған елінің сүйікті анасындай болған шуақты да аяулы жан еді.

Алтынемел асуының маңындағы Шанханай ауылында дүние есігін ашқан Зылиха масатындай құлпырған таудың жұпар иісін құшып, аңғарын емін-еркін аралап, жауқазын, жуа теретін. Тамшыбайдың Жанболат, Күнболат есімді екі ұлы болады. Жанболаттан жалғыз Зылиха. Анасы Бибіш өмірден ерте озады. Ұлы Отан соғысы басталғанда алты жастағы Зылиха басқа түскен ауыртпалықты жеңуге талпынады. Аштықтың да, жоқтықтың да дәмін тым ерте татады. Әкесі Жанболат таң қылаң бере жұмысқа кететін де, ымырт үйіріле шаршап-шалдығып оралатын. Көзі қарауытып, белінен шойырылып жүрсе де сыр бермейтін. Төзімді кісі еді. Қарабайырлау тірлік кешсе де ешкімге қолын жайып, телмірген жан емес. Әкесі: «Жақсыны күшінен таныма, ісінен таны. Күш ақымақта да бар. Ұрыны көзінен таны, кісіні сөзінен таны. Сөзі түзудің өзі түзу болады», – дейді екен. Әкесінің осы қанатты сөзін көкейіне жаттап өскен Зылиха жамағайын¹⁸ Қадидиша апайының қамқорлығымен онжылдықты бітіреді.

¹⁷ Шапағат, қайырым, мейірім.

¹⁸ Алыс ағайын.

Отбасының бар үмітін аркалап, жастайынан жетімдікті, жоқшылықты көріп өскен Зылиха тауқыметті¹⁹ тірлікке жасымайды. Қайта қайраттана түседі. Оқығысы келеді. Жоғары білім алуды армандайды. Әкесі оған қарсылық білдірмей, жалғыз бұзауын сатып: «Қарағым, қатарыңнан қалмай оқы, білім ал», – деп ақ батасын береді. Жоғары оқу орнына түсу үшін Алматыға аттанады. Құжаттарын малдәрігерлік-зоотехникалық институтына тапсырады. Бірақ қабылдау емтиханы кезінде ауылға барамын да келемін деп кетіп, қайтарда кешігіп қалады. Әкесі қызының оқуға ілікпей қалғанына реніш білдірудің орнына, қызының көз алдында жүретіндігіне шүкіршілік етеді. «Нешауа, қызым, бір әріп танымай-ақ нанымызды тауып жеп жүрміз ғой. Сенің орта білімің бар. Болашағың әлі алда. Жаныңа қуат берсін. Әлі-ақ жетілесің. Өлесің. Мамандықты да игересің. Тәуекел, әзірше қол қусырып отырмай, еңбекке аралас», – деп ақылын айтады. Әке сөзін мақұл көрген Зылиха салып ұрып ұжымшар басшысына барады. «Ажарлы қыз екенсің. Қара жұмыстан гөрі оқу үйінде істегенің жөн болар», – деп шағын кітапхананы қабылдап алуды ұйғарады.



Ол кезде жұпыны ауылдың жұтандау оқу үйін мәдениет орталығына айналдырудың өзіндік қиындықтары да жеткілікті еді. Оқу үйінің сәнін де, мәнін де келтіріп, сауық-сайранын үзіліссіз ұластыру жастар қолында екенін түсінген Зылиха ең алдымен көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыруға күш салады. Еңбекке араласқан алғашқы күннен ұйымдастыру қабілетінің ұтқырлығын ұнатқан ұжымшар басшылары Зылиханы бастауыш комсомол ұйымының хатшылығына ұсынады. Жастар бірауыздан сайлайды. Осылайша, Зылиханың беделі кітапхана арқылы емес, өнерлі жастардың белсенділігін арттырудың нәтижесінде көтеріліп, талантымен ауызға іліге бастайды.

Зылиха жастар жетекшісі ретінде бір жолы құрбыластары мен тұрғыластарын жинап алып: «Кәне, менімен бірге үшінші ауысымға, тұқым тазаласуға барасындар. Бұл жұмысты біз істемесек, кім істейді? Басқа жақтан ешкім де келмейді. Жүріңдер», – деп өзі алға шығады. Жастар бастаманы дереу қолдайды. «Жас келсе, іске» дегендей, қырманда еңбек көрігі қыза түседі. Еңбек өнімділігі артады. Жастардан арнаулы бригада құрып, қай жердің жұмысы өнбей жатса, сонда барып қолғабыс беру дәстүрге айналады. Басшылар да: «Біз білмей жүр

¹⁹ Ауыртпалық, азап, қиыншылық.

екенбіз, жастар нағыз мықтылар екен ғой», – деп сенім арта бастайды. Бірде ұжымшар бастығы: «Зылиха, енді сендерге сеніп тапсыратын бір жауапты жұмыс бар. Сауын фермасының жұмысы қожырап, кенжелеп тұр. Сауыншылар да жетіспейді. Мемлекетке сүт тапсыру жоспары орындалмай келеді. Осы саланы қолға алсаңдар қайтеді?» – деп ұсыныс жасайды. Оған Зылиха бірден келіседі. «Мен сауыншылыққа ауысайын. Маған жеті-сегіз құрбымның еретіндігіне сенімдімін», – дейді.

Осы келісімнен кейін Зылиха сауыншылыққа ауысады. Жаңа бастаманы тоғыз қыз қолдайды. Бәрі дереу іске кіріседі. Бұрын шығынға батып келген ферма екі-үш айдың ішінде сүт тапсыру көрсеткішін арттыра түседі. Іркіліссіз ілгерілейді. Табыс көзі ашылады. Сонымен не керек, Жетісудың сауыншы қыздарының даңқы шығып, аймаққа таныла бастайды. Зылиха ферма меңгерушісі болып тағайындалады. Тұрғылас құрбыларының қажырлы еңбегінің арқасында абырой биігіне көтеріледі. Жемісті еңбегімен жұртшылық қошеметіне бөленген жиырма үш жастағы Зылиха Тамшыбаева Шоқан атындағы ұжымшардың сауыншылары атынан Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланады. Қазақстан комсомолының XII және XIII съездеріне делегат болып қатысады. ВЛКСМ-ның IX съезіне делегат болып сайланады. Осы жолғы сапарында қоғам қайраткері Бижамал Рамазанова секілді ақылшы әрі қамқор әпке табады. Екеуінің сыйластығы мен сырластығы жарасып, достығы мен жұмыстағы одақтастығы ұзақ жылдар бойы жалғасын тауып, өмірлік қағидаға ұласады. Бижамал Рамазанова апайы көптеген кеңес беріп, жоғары білім алуға жол сілтейді. Үлкен апасының ұсынысын құп алған Зылиха бұрын өзі түсе алмай кеткен малдәрігерлік-зоотехникалық институтына түсіп, оны бітіріп шығады.

Талдықорған облыстық партия комитетінің ұйғарымымен Зылиха Тамшыбаева Көксу аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне жоғарылатылады. Бұл қызметті бір жылға жуық істер-істеместен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тұрсын Махметов шақыртып жатыр дегенге барса, «Аудан деңгейінде ел басқару онша қиынға соқпайды. Жұмыстың қиын жері шаруашылықта. Сізді сондай жерге жіберсек деп ой қорытып отырмыз. Оған қалай қарайсыз?» – деген сұрақты алға тартады. «Қайда, қандай шаруашылыққа?» – дейді Зылиха. «Еңбекші» кеңшарына», – дейді хатшы. Зылиха үнсіз мүдіріп қалады. Әр кадрға үлкен сенім артатын хатшының ұсынысына тойтарыс беруге батылы да жетпейді. Парасаттылығы жоғары басшы. Жұртпен сөйлескенде көкірек қақпайды. Сонымен «Еңбекші» кеңшарына партия комитетінің хатшысы болып баруға келісімін береді. Коммунистердің бас қосқан жиналысына бірінші хатшының өзі қатысып, «Тамшыбаева шаруашылықтың жағдайын жақсартады деп ойлаймын. Ол осында тұрақты істейтін болады», – деп сенім білдіреді.

Шаруашылық экономикасы әдеуір нығайып, табыс молая бастаған

тұста кеңшар директоры болып тағайындалады. Бұл сонау 1970 жылдар еді. Сол уақыттан өмірінің соңғы күніне дейін осы «Еңбекші» кеңшарын білгірлікпен тұрақты басқарды. Өзіне және қол астындағыларға талап қойғыштық қасиетінен ауытқымайтын, табандылықты сүйетін іскер басшы шаруашылықты алға шығаруға барынша күш салады. Білімін де, тәжірибесін де, біліктілігін де аямай жұмсайды. Кеңес одағы әйелдері комитетінің Мәскеуде өткен бір жиынында конференцияға қатысушыларға таратылған анкетада: «Сіз өмірді лайықты сүру дегенді қалай түсінесіз?» деген сауал бар екен. Осы сауалға Зылиха былайша жауап қатады:

«Иә, лайықты өмір сүру дегеніміздің шын мәнісі неде? Ол, меніңше, балаларға – қуаныш, жастарға – талпыныс, қарттарға – қамқорлық, әлсізге – қайрат, науқасқа – денсаулық, күштіге – кешірім-ділік, арсызға – ұят, ашушаңға – өкініш

«Лайықты өмір сүру дегеніміздің шын мәнісі неде? Ол, меніңше, балаларға – қуаныш, жастарға – талпыныс, қарттарға – қамқорлық, әлсізге – қайрат, науқасқа – денсаулық, күштіге – кешірімділік, арсызға – ұят, ашушаңға – өкініш беру деген сөз».

Зылиха Тамшыбаева

беру деген сөз. Егер сен осыларды істей алсаң, одан тек медет²⁰ аласың». «Адам баласындағы қандай кемшілікті өте үлкен ақау деп есептейсіз?» – дегенге: «Дырдулық²¹, дүниеқоңыздық, ойдың самарқаулығы²², бойдың жалқаулығы, жеңілтек желкілдектік, ұшқалақ көбелектік, өзін өр санап, өзгені елемеушілік дер едім», – деп жауап берген.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған кезеңде сайлаушылардың аманаты ретінде Мұсабек атындағы орта мектеп ғимаратын, Қазақ ССР-інің 50 жылдығы атындағы кеңшарда балалар комбинатын салуға, Көксу стансысындағы наубайхананы күрделі жөндеуден өткізуге депутаттық ықпал жасап, игілікті істерді жүзеге асырып, халық қалаулысы екенін нақты іспен дәлелдеді.

Туған ауылын жанындай сүйетіндігі болар, Зылиха: «Өмірде көзімді тырнап ашқанда бірінші көрген ауылым, шаңына талай асыр салып аунаған Шанханайым, Шанханайым! Сенде менің жастық дәуренім қалды, әкем мен шешемнің зираты қалды. Сенде менің беймаза күндерім, ұйқысыз түндерім қалды. Сенде менің сүйген жарыммен бірге қарсы алған таңдарым, жастық леппен оянған армандарым қалды. Сенің тынысың, өмірің, келбетің жүрегімде мәңгілік қалды. Шанханайым, Шанханайым!» – деп толғанатын-ды. Тағдыр қанша өмір бұйыртса, соншама уақыт туған ауылымен бірге болуды армандаған

²⁰ Демеу, сүйеніш, таяныш

²¹ У-шу, сауық-сайран, думан.

²² Адам бойындағы жігерсіздікті білдіретін ұғым.

Шанханайдың биік шынары Зылиханың шырағының биікте жұлдыздай жарқырай беретіндігі күмәнсіз.

Зылиха апайдың өнегелі өмірі, қажырлы еңбегі, азаматтық істері кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық. Ол – өзінің қарапайым еңбегімен, қамқорлыққа толы көңілімен, жібектей жарқын жүзімен халқының жүрегіне жол тапқан Жетісудың маңдайында жарқыраған жұлдызы. Зылиха Жанболатқызы Тамшыбаева 1981 жылы ауыл шаруашылығындағы айрықша әрі жемісті еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері жоғарғы атағына ие болды.



1. Халқына адал қызмет етіп, бақытын еңбектен тапқан, мәртебесін еңбекпен биіктеткен Зылиха Тамшыбаева туралы не білдіңіздер?
2. «Жақсыны күшінен таныма, ісінен таны. Күш ақымақта да бар. Ұрыны көзінен таны, кісіні сөзінен таны. Сөзі түзудің өзі түзу болады» деген әке сөзін қалай түсінесіздер?
3. Зылиханың бойынан көшбасшыға тән қандай қасиеттер көрінді? Басшылар оған неліктен сенім білдіріп отырды?
4. Автордың «Шанханайдың биік шынары Зылиханың шырағының биікте жұлдыздай жарқырай беретіндігі күмәнсіз» деген ойын одан әрі өрбітіп, өз ой-пікіріңізді дәлелдеңіз.
5. «Сіз өмірді лайықты сүру дегенді қалай түсінесіз?» деген сауалға өзіңіз қалай жауап берер едіңіз?
6. Әңгіме кейіпкері қандай құндылықты бойына сіңіріп өсті деп ойлайсыздар?
7. Сізді Зылиха Тамшыбаеваның қандай ізгі қасиеттері ерекше сүйсіндірді? Өзіңіз үшін оның қандай қасиеттерін аламын деп ойлайсыз? Неліктен?
8. Жүрегі сүйіспеншілікке толы адам болу үшін қандай қасиеттерді өз бойыңызда дамытқыңыз келеді? Әңгімелеп беріңіз.



1-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді оқып, айтылған басты идеяны табыңыздар.

- *Халық даналығы:* «Гүл өссе – жердің көркі, Қыз өссе – елдің көркі».
- *Халық даналығы:* «Жақсы қыз – жағадағы құндыз, Жақсы жігіт – төбедегі жұлдыз».
- *Халық даналығы:* «Ақылды қыз білімге жүгірер, Ақылсыз қыз сөзге ілігер».
- *Мұхтар Әуезов:* «Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді».

- *Пьер де Бомарше*: «Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе сұлу бол, қаласаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға міндеттісің».

2-тапсырма. Төменде берілген мәтін үзіндісін оқып, қазақ қызының тәрбиесі, оның адамгершілік бейнесі туралы өз ойларыңызды ортаға салыңыздар. Айтылған ойдың бүгінгі өмірімізбен байланысы туралы әңгімелеп беріңіздер.

Қазақ қызы (үзінді)

Өмірзақ Айтбайұлы

Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген.

«Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен, қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тиым» жасайды. Ата-ана қызынан ешнәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазекен қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді. Қыз, әйел, абысын-ажын, ағайын туралы мақал-мәтелдерді саралай отырып, халық даналығына қайран қаласың.

3-тапсырма. Өздеріңіз оқыған кітаптар, көрген фильмдер бойынша «Әйелдің жүрегі – әлемнің тірегі» тақырыбында эссе жазыңыздар.

4-тапсырма. «Біздің сыныптың қыздары» тақырыбына таныстырылым даярлаңыз. Сыныптас қыздардың қызығушылықтары, жетістіктері, ұмтылыс, мақсаттары туралы айтыңыз. Олардың болашағын қалай елестетесіз? Жинақтаған материалдарыңызды «Менің құрдастарым» жобасымен сәйкестендіріңіз.



Оразгүл Мұхатова

Әйелдің қоғамда, отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан-теңіз. Әйел-ана – ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке – ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдестіруші, араздықты бітістіруші, дәнекерлеуші, ол іскер, қаһарман. Әсіресе қазақ

қоғамында аналардың алар орны ерекше болған. Сонау ерте замандардағы наным-сенімдердің түп-тамыры да Ана. Ата бабаларымыз аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынатын. Ұмай ана қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя, отбасының пірі. Түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде «Түркілер әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген» – деп жазған. Қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін, ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел ана деп санаған. Халқымыздың татулығын, береке-бірлігін келтіруші ана екендігіне тарих куә.

Қазақ хандығында аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі болғандығына жазба деректер мен ауызша тарих айтудың жәдігерлері дәлел бола алады. Аналарымыздың қоғамдағы орнын қалыптасқан ру-тайпалық қатынастар, дәстүрлі шаруашылық, тамыры тереңнен бастау алатын діл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып анықтаған. Қыздарын болашақ ана ретінде санаған дана халық оларды сыйлап, қастерлеген. Перзентінің тұңғышы қыз болғанда «ырыс алды қыз» деп, жақсы ырымға жорып қуанған. Қазақ қызын «қыздың жолы жіңішке» дей отырып, жан-жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған. Сондай - ақ тәлім - тәрбие, күш - жігер зая кетпеген.

Қазақ тарихы жоңғарларға атойлап шапқан Қабанбай батырдың қызы – Назымды, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Абылай ханның қызы – Гауһарды, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқынды, найман жұртшылығының батыр қызы – Жанқайды жадында сақтап, ұрпаққа дәріптейді. Бұлардан өзге ақылдылығымен, әулиелігімен аты шыққан Бегім ана, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен Бопай, Шоканның әжесі, бірнеше шығыс тілдерін білген Айғаным ханша тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған. Қазақ халқының осындай ерекше тәлімді тәрбиесін, қыздар мен аналардың ұлылығын өз кезегінде ел

арасында болған орыс ғалым-зерттеушілері жоғары бағалап, пікірлерін жазып кеткен.



Өлімді жеңген ана

Ғабит Мүсірепов

Мақтасақ – әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе!..

Азияның ақсақ барысы Темір жер бетін қанға бояп, ойды сырға теңеп, жоннан жол салып, жер шарын асықтай үйіргісі келген адам. Ол елу жыл жалғанды жалпағынан басып, өзінен өзге де күш барын сезген де адам емес.

Жалғыз баласы Жәңгір өлгенде Самарқан халқы от түкіріп, қан қақырған арыстанын қаралы қошеметпен қарсы алған ғой. Отырарда өліммен ұшырасып, ұлын берген сағаттан бастап, отыз жыл бойы Темір бір рет езу тартқан емес-ті. Содан бері отыз жыл бойы Темірдің жүрегі адам баласын аяу дегенге, адам баласын сүю дегенге мүлде жабылып қалған! Ол адам баласын өлім орағымен орудан басқаны іс деп те санауды қойған.

*Дүниеде әйелді құрметтеп,
әйелді нұрға бөлейік те! Әйел –
ана, дүниедегі жалғыз күш қой:
оның алдында Азияның айбарлы
арыстаны Темір де, Темірді жеңген
өлім де басын иеді.*

Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те! Әйел – ана, дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иеді.

Темір Қанығұл деген әдемі алаңында сайрандауға шықты. Үйткені ол далаға шықса, қай жаққа өлім себу керектігін көзімен көргендей болып қайтатын еді. Алаңға тігілген бес мың ақ шатыр, бәрінің ортасында Ақсақ Темірдің ала шатыры – алып ордасы тұр. Ортасында, көк күмбездің дәл ортасында, биік тақта, ешкімге жеңгізбеген, жеңгізбеймін де деген бесінші ақиық Ақсақ Темірдің өзі отыр. Темірдің арт жағында әнші-күйшілер, қатарында ешкім жоқ. Бәрінен де патшаға жақынырақ бас ақын Кермене отыр. Сонымен ойын қызып, шаттық билеген байбатшалар майданда аққан қан өзендерінің тереңдігін өлшесіп отырды. Бір кезде Темірдің құлағына ашынған бір дауыс келді. У-шу айғайды, күйшілердің күйін, әншілердің әнін қақ жарып, Темірдің құлағына іліккен дауыс әйел даусы еді.

– Даусында өлім көлеңкесі елестеген неткен адам? Шақырындаршы! – деді Темір мұрнына қан иісі келгендей жан-жағына алақтап.

– Қайдан екені белгісіз бір әйел пайда болды. Үш арысты билеп тұрған арыстан, сізді көрем деп бой бермей тұр! – десті қасындағылары.

– Арапша сөйлейді. Үсті-басы кір, шаң. Өзі есалаң болса керек... – десті біреулері.

– Әкеліңдер!–деді Темір өз сезіміне ғана бағынып. Сонымен Темірдің алдына жалаң аяқ, үстіндегі барлық лыпасы далба-дұлба әйелді алып келді. Бірақ, жасымаған көзі от шашып, әмір етіп тұрғандай. Қап-қара қолдарын Темірге созғанда бір қалтырамады.

– Баязит сұлтанды жеңген сен бе?– деп сұрады әйел салған жерден.

– Иә, мен. Мен талайды жеңдім. Жеңгенімнің ішінде о да бар. Жеңуден әлі шаршағаным да жоқ!.. Сен, әйел, келген жұмысың не еді, соны сөйле!–деді, Әмір-Темір сазарып.

– Тыңда!–деді әйел. – Сен не істесең де адам ғанасың. Ал енді мен – ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етем, өмірге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да.



– Мен ешкімнің қалай саналуымен есептесіп көрген де емеспін, есептесе алмаймын да! Жұмысыңды айт, әйел!–деді тәкаппар Темір.

– Тыңда, өлімнің егіншісі Темір! Сен менің алдымда күнәлісің. Менімен есептеспей тұра алмайсың да. Менің алдымда күнәнді жусың деп келдім. Сенің бағынғаның «Күш - әділдікте!» деген ұран дегенді айтты. Мен бұған иланбаймын. Бірақ, сен маған еріксіз әділ боласың. Өйткені мен – ана! Сен өлім сепсең, мен дүниеге өмір себем. Сені жеңем! Сондықтан сен маған әділ бола аласың!–деді.

Темір патша да мұны ұғарлық данышпан еді. Шығыстың салқын данышпандығын алмады дейсің бе, әйелдің сөзінде батылдық пен күштілікті де сезіп:

– Өзің отыршы, сөзіңді тыңдағым кеп барады,– деді. Әйел, байбатшаларды етегімен сырып, қақ жарып барып кілемнің үстіне отыра кетті. Қай жерге қалай отыруды өзі таңдады. Өйткені отырғандарды адамға санамады да. Сонан соң сөзін бастады:

– Мен Салерно деген жерден келдім. Ол алыс жер, Италияда. Сен білмейсің. Сенің қанды тұяғың ол жерге жеткен жоқ. Бірақ, онда да сен секілді өлім егуші толып жатыр. Әкем балықшы, байым да балықшы. Байым бақытты еді: үйткені оны бақытқа бөлеген еңбек пен мен ғой! Одан соң, жалғыз бір ұлым бар еді. Ол жер бетіндегі адамның ақылдысы, сұлуы болатын еді, - деді.

Сол кезде:

– Менің Жәңгірімдей екен ғой...– деді, Темір патша ақырын ғана күрсініп.

– Жоқ, жоқ! Нағыз сұлу ақылды бала менікі еді. Сенен туған бала,

адам баласының өкінішін ақтай алатын ба еді?—деді ана тіксініп.— Теңіздің жағасында отырған талаушылар келгенде ұлым алты-ақ жаста еді. Талаушылар әкемді де, байымды да, тағы да көп адамды өлтіріп, ұлымды тартып әкетті. Ұлымның қазір қайда екенін сен білесің. Өзіме қайтарып беруге міндеттісің!—деді.

Ана осыны айтқанда, өздерін данышпан санайтын байбатшалар күлісіп: — Байғұс, жынды екен... Есінен танған ғой,— десіпті.

Жалғыз Кермене ақын ғана анаға күлмей қарайды да, Ақсақ Темір ғана таңданып отырады.

— Бұл ана болғанда да ақылдан танғандай ана екен! Болсаң бол!— дейді Кермене ақын. Ал енді, өмірдің дұшпаны, өлімнің егіншісі Темір былай депті:

— Әйел! Сен, мен білмейтін елден неғып келдің? Арада тау бар, тас бар, өзен бар, теңіз бар, ит мұрны өтпейтін қалың орман бар, олардан қалай өттің? Жүгірген аң, ұшқан құс саған қалай тимеді? Қанша ел, адам бар. Адам аңнан да жауыз, олар сені қалай аман жіберді? Адамның күші біткенше жолдас болатын бір нәрсе — қару. Сенде о да жоқ. Қалай бұл жерге аман жеттің? Осының бәрін айт. Сонда ғана мен сені түсіне алам. Айтшы, тезірек!— дейді.

Әйел Темірге былай депті сонда:

— Мен бір-ақ теңізге ұшырадым. Онда арал да көп екен, балықшы да көп екен. Сүйген ұлыңды іздесең жел артыңнан шығады, теңізден қайықпен өттім... Ал енді, өзенге көп ұшырастым. Теңіз жағасында өскен анаға өзеннен өту қиын ба? Тау дейсің ғой? Тауды мен елең де қылғаным жоқ, байқағамын да жоқ! Орман отын бергеннен басқа тоқтау қылған жоқ!— дейді.

Сонда Кермене шыдамай:

— Мұндай анаға тау деген жазық болып кетпей тұра ала ма?—дейді шынымен.

— Аю, қаблан, арыстан, басын жерге салбыратқан тағы өгіздер көп ұшырады. Көзі сенің көзіңе ұқсап оттай ойнап, өлім шашып тұрған барыс та екі рет маған қарап тұрды. Бірақ әрбір аңның жүрегі бар емес пе? Олар да менің ана екенімді біліп, иланды: ауыр күрсініп, мені аяп жөндеріне жүре берді. Аңның да баласын сүйетінін сен білмейтін бе едің?— дейді әйел Темірге төніп.

— Солай, әйел!—дейді Ақсақ Темір басын изеп.— Аңдар адамнан көрі де өз баласын артық сүйеді. Ең қатты жауыздық адам баласынан шығады деген қорытындыға мен де келдім, — дейді Темір, жаңа бір дүниені көргендей ойға батып.

— Адам деген бала ғой. Өйткені ананың жанына көз салсаң жүз есе бала, адам қашан да анасының баласы. Әркімнің анасы бар. Сен шал, білесің бе, сені де әйел тапты. Сен құдайдан бас тарта аласың, ал енді анадан бас тарта алмайсың, шал!— дейді әйел.

– Солай, әйел!–дейді Кермене ақын қорықпастан-ақ– Өгізді қанша жинасаң да бұзау таппайды. Күнсіз гүл өспейді. Сүйсіз бақыт жоқ. Әйелсіз сүйе жоқ. Анасыз ақын да болмайды, батыр да болмайды! – дейді.

– Бер, баламды өзіме қайтарып! Өйткені мен анамын, баламды сүйемін,– дейді әйел тұп-тура Ақсақ барыс Темірге.

– Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам! Мен көп жасқа келдім.. Мына қолыммен өлім құрбандығын баудай түсіріп жүргеніме отыз жыл болды. Неге бүйтесің дейсің ғой, оны да айтайын: мен патша, алдымен осыны білем. Мен өзімнің патша екенімді танысам, патшалығымды кеңейте беруім керек. Сондықтан мен мемлекет алып, өзіме ел бағындырам. Бұл – бір. Екінші, өлім менің ұлым Жәңгірді алып, жүрегімнің күнін сөндірді. Сондықтан өлімнің күнбе-күнгі құрбандығына арнаған адамын тартып алып, кегімді алып жүрмін. Менімен патшалық үшін, ел үшін көп адам алысты. Бірақ, адам үшін ешкім алысып көрген жоқ. Адам деген кім? Менің жолымда неге тұрады? Мен оны білмеймін.

Бұл - өмірдің иесі, бұл - ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүйеі - ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой.

– Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам! Міне, менің алдымда әйел отыр. Бұл әйел бүгінге дейін өзім білмеген сезімді қозғап, мені жеңіп барады. Бұл әйел менімен тең адамша сөйлесіп отыр, өтінбейді – бұйырады. Бұл әйелдің неге мұнша күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл – өмірдің иесі, бұл – ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүйеі – ол ұлы өмірдің бір ұшқыны ғой. Кім біледі, мүмкін, ол ұшқыннан әлденеше ғасырға кететін жалын туар. Мүмкін, жерді жылытып, бақыт себетін адам болар... Дүниені жалмап, адам баласына топандай тиген, тәңірімен таласқан Темір тағы да көп ойланып отырды да:

– Мен тәңірі құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам. Үш жүз салт әскер, қазір жердің төрт бұрышын аралауға аттансын. Тапсын олар мына әйелдің ұлын! Әйел осында күте тұрады. Мұнымен бірге мен де күтіп отырам. Кімде-кім мұның ұлын атқа мінгізіп әкелсе, ол шын бақыттың дәмін татады. Солай ғой, әйел?–дейді.

Әйел бетіне түскен қара шашын кейін сілкіп тастады да:

– Солай! Осыны істе!– деді азырақ езу тартып.

Сол кезде, әлгі айбатынан ай жасырынған қаһарлы шал – Ақсақ Темір орнынан тұрып, әйелге басын иді. Барлық байбатшалар жаңа ғана сықақтап күлген әйелге қарап «ана!» деп танданды да қалды.

Бұл шындық қой. Үйткені қай анадан сұрасаң да:

– Біз өлімнен күштіміз: біз дүниеге ақын да, ақылды да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейттік!–демей ме!



1. Ананың баласына, өмірге деген сүйіспеншілігінің мәні неде? Оған қуат беріп, қайраттандырған қандай күш деп ойлайсыздар?
2. Ананың әрекеттерінен жалпыадамзаттық құндылықтар қалайша көрініс береді деп санайсыздар?
3. Ананың «Сен өлім сепсең, мен дүниеге өмір себем. Сені жеңем! Сондықтан сен маған әділ бола аласың!» деген сөздері оның бойындағы қандай қасиеттердің айғағы?
4. Айбатынан ай жасырынған қаһарлы Ақсақ Темірді орнынан тұрғызып, әйелге басын идірген қандай күш?
5. Сіздің пікіріңізше, ананың сөздері ұлы әміршінің бойындағы қандай қасиеттерінің жарыққа шығуына себеп болды? Жауабыңызды мысал келтіріп, дәйектеніз.
6. Ата-ананың үмітін ақтау үшін қандай қасиеттерді бойымызға сіңіруіміз керек? Әңгімелеп беріңіздер.



5-тапсырма. Төменде берілген өлең шумақтарын оқып, ондағы айтылған ой мен сөздің, отбасы мүшелерінің, атап айтқанда әйел мен қыздың орны, рөлі туралы айтып беріңіздер.

Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы,
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Қызың жақсы болса,
Жайқалып өскен құрағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші - иманың,
Екінші - жиғаның,
Үшінші - ырысыңның тұрағы. *Төле би*

Жақсы жігіт ел - жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай. *Сүйінбай Аронұлы*

6-тапсырма. Ғабиден Мұстафиннің нақыл сөздерін оқып, отбасы мүшелерінің қандай дұрыс әрекет жасайтынын талдап, отбасындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды тауып, әңгімелеп беріңіздер.

1. Анаң – асыл қазынаң, әкең – асқар тау.
2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.
3. Бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі.
4. Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмай-

ды. Балаға деген махаббатқа ешбір махаббат теңдесе алмайды, ол өле-өлгенше сусындайтын махаббат.

7-тапсырма. Сөзтізбектегі әріптерді тауып, орнына қойсаңыздар, мақалды оқуға болады.

1. Туынды сын есім. 2. Зат есім (Атау септік). 3. Зат есім (Барыс септік). 4. Етістік (Есімше тұлғасы. 5. Туынды сын есім. 6. Зат есім (Атау септік). 7. Зат есім (Барыс септік). 8. Етістік (Есімше тұлғасы).

	қ		л	д			қ		з		б		л		м	г			ж		г		р		р	,	
1						2						3						4									
	қ		л	с		з		қ		з		с		з	г				л		г		р		.		
5						6						7						8							.		

8-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғысының қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Хиуаз Қайырқызы Доспанова туралы түсірілген деректі фильмдерді («ozin-ozu-tanu.kz» интернет-порталы) тамашалап, «Қазақтың қанатты қызы» тақырыбында үйде эссе жазыңыз.



«О, әйелдер, осындайсың бәрің де!..»

(толғаныс)

Нұргүл Хасанова

Әйел!.. Әйел-Ана!!! Әйел-Жар!!! Әйел-Өмір!!! Жер бітіп, су аққалы, Адам Ата-Хауа Анадан тараған адамзат баласы жұмыр Жердің бетінде жұмбақ тіршілігін бастағалы бері қасиетті есіммен қадірленіп, ардақты атпен айшықталып келе жатқан осынау тылсым тірлік иесінің алдында баршамыз да баспалдақта тұрғандай бір саты кіші, иығымыз төмен, именшек жүзділеу екеніміз рас. Әйел деген – үлкен ұғым. Күллі тіршіліктің құлақ күйі Әйел жүрегінің дүрсіліне қарап түзеледі. Барлық жасампаз өмірдің жақсылық нұры Әйел-Аналардың көңілінен көк бұлақтай мөлдір бастауын алады.

Жалпақ жаһанның жаратушысы да, жасаушысы да – Әйел-Ана. Бұл – барлығымыз да үнсіз ғана мойындап үйренген шындық. Осынау шындықты мойындау – мол кісілік пен зор кішіліктің, үлкен ізет пен үлгілі ілтипаттың, асқақ ар мен асқан адамгершіліктің белгісі.

Әйел деген қастерлі ұғымнан қашанда қылықты Қыз, аяулы Ана, жауқазын Жар деген толғанысқа толы түсініктер туындайтыны қайбір санасызға болмаса, қаны бар қазақ

азаматына айдай аян. Қалай дегенмен де, қадым замандардан бері қаншама қиямет-қайым сәттер мен қиын кезеңдерді басынан өткерсе де, Жер деген жетім орбитаны талақ етіп, тастап кетпеген Әйел атты ұлылық есте жоқ ескі замандардан бері өзінің Өмірмен ғана өлшенетін, толықтай Ізгілікке ие ғұмырбаянын тоқтатқан жоқ. Және маһшар²³ күніне дейін маңызын жоймай, жасай бермек, жалғаса бермек!

Ардақтасақ, алдымен Алла Тағаланы, сонан соң Алланың ақ ниетті елшісіндей ақ жүректі, адал ниетті Аналарды ардақтайық! Жер бетіндегі ел тұтқасы – ер-азаматтар осылай деп бар дауыспен байтақ дүниеге жар сала отырып, әлемге өмір себуші Әйел атаулыға «Сіздер де осынау аялы алақанға лайық, құрметтей білетін қолға ғана қонақтайтын қуаныш құсындай сыйлы да сымбатты, иманды да инабатты, арлы да абыройлы бола біліңіздер!» дейтіндей. Сонда ғана барша еркек басын иіп, аспан астын жаңғырқтырған алып дауыстар оркестрі «О, әйелдер, осындайсың бәрің де!!!» деген әсем әуенді шығандата шырқап, асқақтата айтатын болады...



Мен қазақ қыздарына қайран қалам

Сөзін жазған Исраил Сапарбай

Әнін жазған Рамазан Тайманов

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары жаны жаздай жайрандаған.
Қыз өссе – елдің көркі – деген сөзді,
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

Намысын бермеу үшін жатқа қолдан,
Арулар аз болды ма атқа қонған.
Көңілде қалған сыз бар өткен күннен,
Өмірде қалған із бар Ақтабаннан.

Жасырмай айтар болсам жан сырымды,
Тағдырың қарауылға қанша ілінді.
Ерліктің қос қанаты деп білем мен,
Аяулы Әлия мен Мәншүгімді.

Сүймеген сені азамат, азамат па?
Көңілің тәрізді аппақ таза мақта.
Бәрін айт, бірін айт та лайықсың,
Қазақтың қызы деген ғажап атқа.

²³ Діни ұғым бойынша өлген адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет.

ЕР АДАМ – ПАРЫЗДЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ТӘРТІПТІ ІСКЕ АСЫРУШЫ



*Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.*

Бұқар жырау Қалқаманұлы

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Үміт үзгім келмейді
(Үзінді)

Немат Келімбетов

Балалық шағымызда балауса жүрегімді тебіrentкен бір оқиға тап қазір ойға оралып отыр. Сол оқиғаның маған қатты әсер еткені сондай, әлі күнге дейін көз алдымда елестеп тұр.

Кешегі соғыстан екі аяғынан бірдей айрылып қайтқан Қаратай дейтін ағам құртақандай жер бауыр арбаға отырып, әрі өзін-өзі сол мүгедектер арбасына қайыс-жіппен мықтап таңып тастаушы еді. Сосын екі қолымен жер тіреп әлгі арбасын әрең жылжытатын. Бес-алты қадам жерге жету оған ақыреттен қиын еді.

Біздер, ойын балалары, көктем келсе-ақ Сұрымсайдан шықпай қоятынбыз. Өйткені бұл кезде мұнда қызғалдақ та, көбелек те көп. Бұл сай ауылдан екі-үш километр жерде.

Бір күні Сұрымсайда қызғалдақ теріп жүріп зәрем ұшты. Өзімнен бес-алты адым жерде өсіп тұрған қалың шөптің бастары өзінен-өзі тербеліп, шайқалып кетті. Шоқ басып алғандай ыршып түстім. Маған қарай жылан жылжып келе жатқан шығар деп қалдым.

Артынша-ақ әлдекімнің аһлеп, уһлеп, құдды зорығып ыңыранғандай үні естілді. Бір сәт өз көзіме өзім сенбей аңырайып қалдым. Әлгі қалың шөптің арасынан қылтиып мүгедек ағамның басы көрінді. Баяғы жер бауыр тақтай

арбасымен жылжып жүр. Борша-боршасы шығып терлеп, үсті-басы терге малынып тұр. Өзі әбден діңкелеп, шаршаса керек. Түтігіп кетіпті, бірақ көздерінен қуаныш ұшқыны шашырайды. Қос жанары жарқ-жарқ етіп, бойында жатқан қыруар қайсарлықты сездіргісі келгендей.

Бұл кісі мұнда қалай жеткен деген сауал ойыма өзінен-өзі сап ете

*Қос жанары жарқ-жарқ
етіп, бойында жатқан
қыруар қайсарлықты
сездіргісі келгендей.*

түсті. Екі-үш километр жерге жолсыз, сүдігер²⁴ арқылы қалай келген? Мынадай жер бауыр арбамен айнадай тегіс асфальтта қозғалудың өзі қияметтен қиын ғой. Әлде, біреу атпен яки арбамен жеткізіп тастады ма екен?

*Мүгедек ағам жеңгеме
бір минуттық қуаныш
сыйлау үшін қаншама
тер төкті десеңізші!*

Ол өзі маған күлімсіреп, бір түрлі қуақылана қарап қояды. «Менің мұнда неге келгенімді білесің бе?» деп тұрғандай. Үсті-басы адам көргісіз лай-лай. Жейдесінің жеңдерін шынтағына дейін түріп қойыпты. Екі білегін де тікен тілгілеп, айғыз-айғыз етіп тастаған. Ағамның сонау көз ұшындағы ауылдан осында сүйретіліп, өз күшімен жеткеніне енді ешқандай күмәнім жоқ еді.

Шынында да, соншама әбігерге түсіп неге келді екен деп ойладым. Дозақ отынан өткендей өзін-өзі осыншама азапқа салып неге келді? Сондай-ақ мына елсіз, жансыз сайда не бар? Бірақ әрі ойлап, бері ойлап дардай кісіні соншама азап шектіруге арзитындай-ақ мына сайдан еш нәрсе ойлап таппадым.

Бағанадан бері өз ойыммен өзім әуре-сарсаң боп, түк те байқамаған екем. Ағам кеудесін астындағы жер бауыр тақтайша-арбаға жалпақ қайыстармен шатып-пұтып таңып тастаған деп едім ғой. Кеуде тұсынан айқыш-ұйқыш тартылған сол қайыстардың ара-арасына қаз-қатар етіп қызғалдақ гүлдерін тізіп қыстыра беріпті. Сонда бұл кісі шынымен-ақ гүл теруге келген бе? Жоқ. Гүлді не қылсын ол? Қыз дейсің бе, қызғалдаққа қызығатын. Ағам айтпай тұр. Әйтпесе бұл келуінде құпия бір сыр бар деп ойладым. «Сізге қызғалдақтың керегі не?» деп те сұрамақ боп оқталдым. Бірақ жүрегім дауаламады. «Немене, даланың гүлін маған қимай тұрсың ба, әлде сенің ойыңша, мүгедектер адам емес пе?!» деп кейіп тастаса қайтем.

Ауылға бірге қайттық. Жол-жөнекей ағам өзінің екі аяғы сау кезде осы Сұрымсайда құрбыларымен асыр салып ойнағанын, ортекедей орғи шауып, көбелек қуғанын, кейінірек осында колхоз жылқысын баққанын, небір асау аттарды ауыздықтап, арынын басқанын айтып берді. Ол өзінің соғысқа дейінгі өмірін әңгімелегенде жүзі нұрланып, көздері ойнақшып, тіпті көзінің астындағы әжімдері де өзінен-өзі ғайып боп кетеді екен.

Ақыры ауылға да жеттік-ау. Мен де ілесіп үйіне бардым. Ешкім жоқ екен. Жеңгем колхоз жұмысында болса керек.

Үйдің іші тап-тұйнақтай жинаулы. Келген бойда-ақ ағам аласа стол үстіндегі қыш көзеге²⁵ су құйып, ішіне өзі әкелген гүлдерді салып қойды.

²⁴ Дәнді дақылдар егу үшін күзде жыртылған жер.

²⁵ Қышты күйдіріп жасаған құмыра.

Сосын дереу жуынып, шайынды. Сакалын кырды. Таза жейдесін тауып киді. Бетіне әтір жағып алды. Айнаға қарап, шашын тарады.

– Көке, қонаққа барасыз ба? – дедім өзімше пайымдап.

– Жоқ, ә.

– Әйтпесе неге?... – деп күмілжіп қалдым.

«Әйтпесе неге сонша сәнденіп жатырсыз?» демекші едім. Аузым бармады. Айтар ойымды өзімше жонып, жұқалай түскен болдым:

– Көке, бүгін мереке емес қой, – дедім.

– Бүгін мереке, Ержан! Үлкен мереке. Біздің үйде, әрине. Жеңгеннің туған күні ғой. Мына гүлдерді кімге әкелді дейсің? Жеңгеңе! Ұқтың ба, балақай?

– Ойбай-ау, маған бір ауыз айтсаңыз ғой... сізді сонша әуреге салмай-ақ қызғалдақты мен теріп келмес пе едім?

– Жоқ, Ержан. Есінде болсын. Ең жақсы көретін қызыңа сыйлайтын гүлді тек өз қолыңмен үзіп алатын бол. Сонда ғана гүлден махаббат иісі аңкитын болады. Тер сіңбеген бұйымның көк тиындық құны бола ма?!

Сол ағамның осы бір сөзі бүгін есіме түсіп, өзімнен-өзім қысылдым. Мүгедек ағам жеңгеме бір минуттық қуаныш сыйлау үшін қаншама тер төкті десеңізші! Ағамның сол жолы малмандай боп терлегені, өкпесі өшіп шаршағаны, алақандарының күлдіреп, қабарып кеткені бір сәтте көзіме елестеп кетті.



1. Қаратай ағаның жұбайына бір минуттық қуаныш сыйлау үшін соншама тер төккен әрекетін жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан түсіндіріңіздер. Бұл оның бойындағы қандай қасиеттерінің көрінісі?
2. Әңгіме кейіпкерінің қадір-қасиеті мен абыройын асқақтатып, дұрыс әрекетке жетелеген қандай күш деп ойлайсыздар? Неліктен?
3. Әйел адамды сыйлау дегенді қалай түсінесіздер? Ол үшін адамның қандай қасиеттері жарыққа шығуы тиіс?
4. Кейіпкердің «Тер сіңбеген бұйымның көк тиындық құны бола ма?!» деген сөздерімен келісесіз бе? Өмірден мысал келтіріңіз.
5. Қазіргі уақытта бұл қаншалықты өзекті деп санайсыз? Нақты мысал келтіріп, әңгімелеп беріңіз.
6. Осы әңгімеден өзіңіз қандай ой түйдіңіз? Пікіріңізді ортаға салыңыз.



1-тапсырма. Төменде берілген сұхбаттан үзіндіні мұқият оқып шығып, ер адамның отбасы үшін жауапкершілігі туралы ойды «Арлы азамат болу – парызым» тақырыбында өрбітіп жазыңыз.

– Бауке, сіздің өміріңіз өте күрделі болды ғой. Әртүрлі оқиғаны бастан кештіңіз, әртүрлі кісілермен кездестіңіз. Бір білгім келетіні, адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалайсыз?

– Адамгершілікті, намысты жоғары бағалаймын. Ой, мынау адам емес екен деген, түсінсең, өте ауыр. Намыс деген сөз өз орныңды біліп, қатарыңнан қалма, қолыңнан келсе, жақсылық істе, мысал боп жүр, жамандық істемегін деген сөз.

– Е, намысы жоқ, арсыз екен. Бірге өсіп ек, намысым келіп отыр, –деп ыза болатындар бар. Бұл – дұрыс. Біреулер намыс деген жалғыз соғыста керек деп ойлайды. Ол – қате.

– Адамның қандай қасиетін жек көресіз?

– Ең кешірмейтінім – опасыздық, тұрақсыздық. Оны кең түсіну керек. Өмір мың құбылмалы. Қиын жағдайда ол тұрақсыз болып шығуы мүмкін. Опасыздық – сұмдық сұмдайы іс. Опасыздық та отбасынан басталады. Отбасындағы ырың-жырыңнан қайбір дені түзу адам шығады. «Қыз күнінде қыздың бәрі жақсы» дегендей, бала кезде баланың бәрі сүйкімді. Өскенде өзгереді. Кейбіреу туған баласының алдында аталық, аналық парызын орындай алмай жүр. Ол бүгін ғана емес, бұрын да болған.

2-тапсырма. Шағын топтарға бөлініп, әр топ төменде берілген тұжырымдардың біреуі бойынша ой-пікірлеріңізді ортаға салып, оларды біріктіретін қандай идея екендігін анықтаңыздар.

- *И.Гете:* «Өзіңді қалай танып білуге болады? Тіпті де құр түйсінуге емес, тек қана іс-әрекет арқылы. Өзіңнің борышыңды орындап көрсең болды, өзіңді тани кетесің».
- *Л.Н. Толстой:* «Өзіңнің борышыңды орындауға тырыс, сонда сен өзіңнің неге тұратыныңды дереу біліп аласың».
- *Л. Фейербах:* «Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады».
- *С. Смайлс:* «Борыш сезімі нұрландырмаған өмірдің шын мәнінде ешқандай бағасы болмас еді».

3-тапсырма. Ұлдарға арналған өсиетті оқып шығып, өз құрбы-құрдастарыңыздың, жалпы жасөспірімдердің бойында қандай қасиеттердің болуы тиіс екендігі жөнінде пікір алысыңыздар.

Әзілхан Нұршайықов

Ұлдар! Алдымен сөзімді сендерге арнаймын. Менің сендерден тілегім мынадай:

– Арақ ішпендер, айналайындар! Арақ – азаматтың жауы: халықтың, қоғамның дұшпаны. Адам арақ ішпегеннен өлмейді, араны ашылып арақ ішкеннен өледі. Әрбір арақ ішкен адамның өмірі аз, ғұмыры қысқа

болады. Оның үстіне маскүнемнің өмірі мәнсіз болады. Адамның өмірі онсыз да қысқа. Ендеше аз өмірді ардақтап, шамаң келгенше мағыналы, мәнді етіп өткізгенге не жетсін, шіркін.

Жігіттер, қастарында отырған қыздарды құрметтендер, мәпелендер. Алақандарыңа салып әлпештендер. Қыздың жанын қинамаңдар! Қыз – болашақтың анасы. Қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Анаңды ардақтап, әжеңді құрметтесең – қызды сыйла, қарағым.



Бауыржан Момышұлы

Тілімізде азамат дейтін сөз бар. «Малым – жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген сөзді де естіген шығарсың? Ар, намыс жағынан біз, мақтанды десең дей бер, қарағым, әжептеуір халықпыз. Бұған дәлелдеріміз көп. Мысалы, эпостарымызды ал. Бәрінің тақырыбы –ар.

Ар-намыс деген нәрсе – ердің туы. Арсыз деген сөз қып-қызыл мазақ, қып-қызыл қорлық! Біздің қазақ халқы бұл жағынан көп нәрсені білген, түсінген. Арсыз адам азамат бола алмайды. Ал азамат бола алмасаң, өмір сүрдім деп айтудың керегі жоқ!

Кім болса сол азамат бола бере ме? Ол үшін талап, өнер керек, қажымайтын күш, қайрат керек. Барлық адам азамат бола алмайды. Өйткені бәрі бірдей емес. Бәрі бірдей болмағаннан кейін бәрінің азамат болуы да қиын. Кейбіреу әртүрлі топ, ұжым басқарып, біреулер әкім атанып, енді біреулер депутат болам, азамат болам деп талпынып жүр. Депутат болғандары да бар. Ал солардың бәрі бірдей азамат па?



Бақытжан Ертаев:
**«Батыр таққа таласпайды,
батыр тақты қорғайды»**

Риза Исаева

Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев төмендегі сұхбатында Ауған соғысына қатысқан жылдарынан тағылымды естеліктер айтып отыр. Ол «біз қазақ батыр, рухты елміз» дейді.

– Сіз оқ пен оттың арасында жүргенде, сенім күшті болды ма, әлде батылдық па?

Біздің қазақ жігіттері сол жерде қалай соғысты дегенге келейік. Олар батырлық қанымызда бар екенін көрсетті. Біз – намысқой халықпыз. Біз – батыр, қаһарман халықпыз. Біз – рухты елміз. Көп жігіттердің шабуылға «Иә, аруақ» деп шыққанын да көзім көрді. Кей жігіттерге менің, комбаттың, қазақ болғаным қиындау тиді. Ал олардың қазақ

болғаны маған қиын болды. Ойпырм-ау, ертең олардың әке-шешесіне мен жауап берем, оларға не айтам деп уайымдадым.

Былтыр Түркістан қаласындағы Қазақ-Түрік университетіне кездесуге шақырды. Сол кездесуде, жүргізуші жігіт сөз арасында, менің бір қайтыс болған сарбазым туралы айтып, оның суретін көрсетті. Түркістанның жігіті екен. «Осы залда, сол кісінің анасы отыр» деді. Мен тұрып ол кісінің қасына барып, тізерлеп отырып, қолын сүйдім. «Ана, білемін, сіздің жүрегіңіздегі сызатты, қайғыңызға ортақпын, мені кінәламаңыз, ол балаңыз ғой. Бірақ, мені балаңыздай көріңіз, осындай болды, бұл соғыс қой»,– деп едім, «Бақытжан, сенің маған жазған хатыңды әлі сақтап жүрмін, сені кінәламаймын»,– деп жылап бетімнен сүйіп, аналық сөзін айтты. Бұл соғыс оңайға түскен жоқ. Сол себептен, бұл соғыста көп психологиялық-моральдық қиын болды.

Жалпы, соғыс кезінде адам баласы қандай батыр болсын, жүрек бар ғой әркімде, біраз қобалжиды екен. Мен кей кездері таңғалам, оқ жан-жағымда ұшып жатты, маған неге тимеді? Ал, кейбір жандар қанша қорғанса да, оққа ұшып жатты. Кейбіреулер тастың қалқасына тығылды, бірақ соның өзінде оны дұшпан тауып алып ататын.

– Балалық шағыңыз туралы не айтар едіңіз? Жалпы сізді батырлыққа тәрбиелеген не нәрсе болды деп ойлайсыз?

– Мен алақандай ғана, Кеңес деген ауылда өстім. Әкемді көрген жоқпын, менің он айлығымда қайтыс болып кетіпті. Елдің арқасында әкемнің жоқтығын сезбей, қиыншылық көрмей өстім. Қой да бақтық, шөп те шаптық. Бірақ ауылда бізге үлкенді сыйлауды үйретті. Ауылдың бар баласы, жұма сайын мешітке, үлкендердің қолына су құйып беруге жүгіретінбіз. «Қаншалықты көп адамның қолына су құйып, батасын алсаң, өмірің соншалықты жақсы болады» – дейтін, соған таласатынбыз.

Адам баласының мінезіне туып өскен табиғаты да әсер етеді. Мысалы, біз таудың етегінде өстік. Атқа ертоқыммен мінсек, «ей, бала, немене атты ертоқыммен мініп жүрсің?» – деп, шалдар күлетін. Түнде тауға шығу батырлыққа үйрететін. Ауа райы қатал, қыста қар қалың. Тіпті ол кезде комсомол билетін алу үшін, бұрынғы Бурный, қазіргі Бауыржан Момышұлы атындағы ауылға қыста Кеңестен жаяу барғанбыз. Біз, Күйік және Шақпақ деген екі қасиетті тоғайдың ортасында тудық. Табиғаты өте суық, өте қатал. Міне, Баукеңнің мінезі қандай қатал болған. Әрине, мінез қанмен беріледі, бірақ ел мен табиғат адамның мінезіне үлкен әсер етеді. Түріңіз қатал болса, жүрегіңіз жылы болады. Адам баласы соның бәрін үйлестіре білсе, меніңше ол адам Отанды сүйеді біледі. Елін де, жұртын да сүйеді.

– Бүгінгі өміріңізге көңіліңіз тола ма?

– Кейде өмірімді мақұл көрем, кейде жек көріп кетем. Себебі, өтірікші қасымда жиі болды, шындық алыстап кетті. Ол кезде қиыншылықты

көп көрдім. Бірақ мен шындығымды ешуақытта бүгіп қалған емеспін. Жолым жаман болды деп, жаман жолға түскен емеспін, шындық туатынына бәрібір сенетінмін. Кей кезде, жүрек ауырып сыздағанда, бір газеттерде «Батыр таққа таласпайды, батыр тақты қорғайды» деп айттым. Біз, ер бала Отан үшін туылғанбыз. Отан үшін кірпік қақпай жан беруге туылғанбыз. Соның ішінде, әркімнің өзінің қалаған мамандығы бар. Менің қалаған мамандығым осы болды. Баукеңдей батыр болсақ деп өстік. Намыс. Біз, қазақ халқы, намысқой халықпыз.



Есіме бір оқиға түсіп отыр. Ол жігіт қазір Қапшағайда тұрады. Ауғанстанда, соғыстың алғашқы күндері сол жігітке оқ тиіп, құлап түсті. Қарасам, жараланып қалыпты, қан ағып жатыр. Қазір дұшпан оны тағы бір оқпен өлтіруі мүмкін екенін біліп, оның үстіне жатып, оқтан қалқаладым. Денеммен қорғаштап, өзім де дұшпандарға оқ ата жүріп, оны БМП-нің астына жатқыздым. «Қай жерденсің?» десем, «Қазақстаннан, Қапшағайданмын ғой, аға» – дейді. «Тірі қаласың, бауырым!» – дедім. Содан бері қаншама жылдар өтті. Осы былтыр жұмыс бабымен Қапшағайға барсам, қаланың әкімі: «Қазір сізге бір тосын сый жасаймыз», – дейді. Көп жылдар өтті, мен енді әлгі жігіттің түрін танымаймын. Бір кісі келіп құшақтап бетімнен сүйіп, «Есіңізде ме аға, мені аман алып қалып едіңіз, мен міне тірі қалдым», – дейді.

Мұны неге айтып отырмын? Командир үлгі болуы керек. Бұрын осы жерде мен ротаның бастығы болғанда, «маған ұқсап жаса», яғни, «делай как я», – деп өзіміз бірінші болып нысанаға ататынбыз. Сарбаз, басқа да командирлер, үлкен командирлерді қай уақытта сыйлайды? Егер сол басшылар, өздерін сыйласа, оларды үйрете білсе, олардың білмегені үшін ұялтпай, көптің көзінше сұрап, бірге үйретсе, сол дұрыс. Тіпті кейде, «сен менен жақсы атады екенсің, мені, мына командирінді үйрет», десе, одан жаман болмайды.

– Ауған соғысы сіздің өмірге деген көзқарасыңызды өзгертті ме?

– Ауған соғысы, әскери-кәсіби пікірімді өзгертті. Моральдық тұрғыдан, адам баласына қалай қарауды үйретті. Ауған соғысында өмірді таза парактай көріппіз. Ол жерде ғұмыр мәңгілік емес екені, әр сәт сайын есіңе түседі. Бәрін тоқтатуға болғанмен, уақытты тоқтата

алмайсың. Әрбір секундты бағалайсың. Сосын, өз қателіктерің есіңе көп түседі. Ертеңгі күні мына өмірден өтесің, кімге не жақсылық істедің, нені істемедің? Сонда түсінгенім, бірінші, адам баласын сыйлау керек. Соғыс соны үйретті. Екінші, өмірден абыроймен өтуді ойлайсың. Адам баласы қандай батыр болса да, өмір сүргісі келеді. Бірақ батыр адам, қайтыс болып кетсе де, көп өмір сүреді. Себебі, батырлық – үлкен жол. Сол себепті, ол жерде менің алған тәрбием – ештеңеден қорықпау. Бәрібір мәңгілік емеспін, бірақ, ел сыйлайтындай мәңгілік іс қалдырайын. Бір жағы мен батальон командирі болдым ғой, ал командир қорықса, кім оның артынан ереді? Кім сыйлайды? Батырлық ол тек орден алуда ғана емес екен. Ол – шындықты айту, кінәнді мойындау, жылтыр сөзден аулақ болу. Осының бәрін пайымдасақ, батырлықтың жолы қиын.

Мен қаһарман боламын деп ойлаған жоқпын. Алғысым шексіз, алайда, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алдына барып маған қаһармандық беріңіз деп сұраған жоқпын. Ал, қаһармандық атақты алғанда: «Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл қаһармандық белгісі тек маған ғана берілген жоқ. Бұл – Ауған соғысына қатысқан сарбаздар мен Тәуелсіз еліміздің бүгінгі Отан қорғаушы сарбаздарына берілген даңқ!» – деп, екі-ақ ауыз сөз айттым.



1. Батырдың «Біз – намысқой халықпыз. Біз – батыр, қаһарман халықпыз. Біз – рухты елміз» деген сөздері қандай жалпыадамзаттық құндылықтардың дәлелі деп ойлайсыздар? Өмірден мысал келтіріп, түсіндіріп беріңіздер.
2. Адам мінез-құлқының қалыптасуы қандай факторларға байланысты деп санайсыздар? Жауаптарыңызды дәйектеу үшін мысал келтіріңіздер.
3. Сұхбаттасушының сөздері оның бойындағы қандай қасиеттердің көрінісі деп ойлайсыздар?
4. «Өмірден абыроймен өту» деген сөздің мәні неде? Өз ойыңызды ортаға салыңыз.
5. Адам өмірде қалайша өзіне жүктелген жауапкершілікті атқарып, парызын өтейді, абыройға қол жеткізеді? Мысал келтіріңіздер.
6. Күнделікті өмірде абыройларыңызға нұқсан келмеуін қаншалықты қадағалап жүресіздер? Әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлдың өлеңін оқып шығып, парыз, борыш сезімі туралы түйген ойларыңызды сыныптастарыңыздың пікірімен салыстырып, қорытындылаңыздар.

Сендерге айтам, жас ұрпақ!

Сендерге айтам, жас ұрпақ!
Жауқазын ғұмыр, жасыл бақ.
Тәуелсіздігім бүгінгі,
Бабалар күткен ғасырлап.

Даламның мынау кеңдігі,
Бабаларымның өрлігі.
Таныса әлем қазақты,
Елбасымыздың ерлігі.
Сары алтын сынды сабырым,
Ақылға қайрат жаныдым.
Тозақты бір рет сезбеген,
Жұмақтың білмес қадірін.

Тәуелсіздігім тұғырлы,
Егемендігім бүгінгі,
Сыйлады, қалқам, сендерге
Жұмақтай мынау ғұмырды.

Қап-қара бұлттар түнерген,
Орнына оқтың гүл өнген,
Тыныштық деген не екенін,
Қан кешіп келген білем мен.

Түсіме енер өлгендер,
Ауғанда жанын бергендер.
Тесілген жүрек орынын,
Бекіте алмас ордендер.

Кешегі өткен асылдар,
Жарқылдап жанған жасындар.
Біздерге сенім жүктеді,
Бауыржан менен Қасымдар.

Осынау бейбіт күн үшін,
Шашылмау үшін ырысың,
Тәуелсіздігім – тынысым,
Жас ұрпақ – барша ұлысым,
Мәңгілік елдің жолында
Ұлт болып қалу – ұлы сын!

5-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, «Мен жарық дүниеде не үшін өмір сүремін?» тақырыбында эссе жазыңыздар.

Василий Сухомлинский

Сен он алты жасыңда-ақ өзіңе: «Мен жарық дүниеде не үшін өмір сүремін?» деген сұрауды қоя білуге тиіссің және бұған азаматқа лайықты жауап бере білуге тиістісің. Он алты жасыңда сен өткен жолыңа қарап тұрып, өз еңбегіңнің жемісін көруге, өз өміріңнің алғашқы қорытындысын шығаруға тиістісің. Сен болашақ еңбеккер ғана емессің, сонымен бірге болашақ жауынгерсің де. Кішкентай кезіңнен-ақ өзінді әскери қызметке даярлай біл. Төзімді әрі шыдамды бол, қиыншылықтардан қорықпа.

6-тапсырма. Қазіргі заманның ер азаматының ауызша портретін жасаңыздар. Оған қорғаушының көзімен қарап, қазіргі уақыттағы замандас, құрдасқа тән адамгершілік жақсы қасиеттерді, содан кейін кейіпкеріңізге прокурордың көзімен қарап, оның бойындағы түзетуге тиіс қасиеттерін анықтаңыздар. Қорытындысында портрет кейіпкеріне деген өз пікір, қарым-қатынастарыңызды білдіретін шешім шығарып, «Менің құрдастарым» жобасының күнделігінде көрсетіңіздер.



Кез келген бозбаланың нағыз ер болуға тырысатыны айқын. Ол жастайынан өзінің бойында нағыз ер жігітке тән қасиеттерді, атап айтқанда батылдықты, байсалдылықты, өзін-өзі алып жүре алу, салмақтылықты, ашықтық (өтірік айтпайтын) пен мейірбандылықты қалыптастыруға тырысуы қажет. Нағыз ер адам қиындықтарға, қауіпке төтеп бере алады. Әр азамат алға қойған мақсатына жетіп, аңсаған арманының шыңын бағындыру үшін, өзіне деген сенімділікті бойына дарытуы тиіс. Бұл қасиеттер жасөспірімнің болашақта абыройлы болуының бірден-бір кепілі. Ал абырой – адам бойындағы ең асыл құндылықтардың бірі, ар-ұят, қадір-қасиет, бедел, құрмет ұғымдарының жиынтығы, адамның кісілік келбеті, адамгершіліктің тірегі.

Абырой – ар-намыстың тазалығы және адамгершілік, еңбек, шығармашылық қызмет арқылы көпшілік тарапынан сый-құрметке ие ететін адамның қадір-қасиеті, қоғамдық бейнесі, беделін білдіретін іргелі негізгі ұғым. Абырой қаншалықты биік, әрі ұзақ уақыт бойы тірнектеп жиналғанымен, бір сәтте ғана, сын сағатта шалыс басқан қадамнан оған кесір келуі мүмкін. Сондықтан да ел арасында берілетін батада «Абыройлы

бол!» деген қағида орын алған. Қазақ баласы үшін абыройдан айырылудан асқан жаза жоқ. Халық «Абыройыңды жасыңнан сақта» деп ұдайы ескертеді, елдің абыройын қорғаған күрескерлерді құрметпен ардақтайды, олардың өнегелерін жыр-аңыз етіп, мұрат тұтады.



Сарбаздар маршы

*Сөзін жазған Қуаныш Смағұл
Әнін жазған Қайырбек Сәтиев*

Қырандай түлеп ұшқан арманымыз
Біз бүгін өркен елдің сарбазымыз.
Ант алып ар алдында сапқа тұрып,
Қорғаймыз туған жердің ар-намысын.

Қайырмасы:

Алға бас, қарышта, жас ұлан,
Қанаты талмайтын, жас қыран.
Жастықтың жігері бойында,
Өзендей күші бар тасыған.

Көк байрақ арайлаған нұр таңымыз,
Жігіттің сынға түскен сұлтанымыз.
Дұшпанға қатал болған, досқа берік,
Жаужүрек Бауыржанның ұрпағымыз.

Қайырмасы:

Алға бас, қарышта, жас ұлан,
Қанаты талмайтын, жас қыран.
Жастықтың жігері бойында,
Өзендей күші бар тасыған.

Қара жер қаны сіңген бабалардың
Қорғауға шақырады балаларын.
Сапқа тұр, сарбаздары туған елдің,
Қиынға қайыспайтын қара нарым.

Қайырмасы.

АДАМНЫҢ ЕРКІНДІГІ



*Ең тамаша әрекет – бақытқа қол
жеткізетін еркіндік.*

Әл-Фараби

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



**Біз үшін игі нәрсе не?
Ақиқат еркіндіктің не екендігі туралы**

Гүлжиһан Нұрышева

Антика философиясының өкілі болып табылатын Эпиктет еркіндік дегеніміз шын мәнінде не екендігі туралы пікірін былай білдірген: өзі қалай өмір сүргісі келсе, солай өмір сүретін адамды ғана еркін адам деуге болады. Ақылды адам ылғи да өз қалауы бойынша өмір

сүреді, оған ешкім кедергі жасай алмайды, сондықтан да ол алуға болатын нәрсені ғана қалайды. Осы себепті, ақылды адам – еркін, - дей келе, еркіндіктің мәнін ары қарай ашықтауға тырысады.

... Өз еркімен емес, мәжбүр болғандықтан әрекет жасайтын адам құл емес пе?

... Мен өзінің ар-ұятына жүгініп әрекет жасайтын, ешқандай да қырсықтар мен азаптардан, тіпті өлімнің өзінен де қорықпайтын адамды ғана еркін адам деп атаймын. Диоген: «Өлуге әрқашан да дайын адам ғана ақиқат еркін адам».

... Адамдар шындық пен ізгілік заңдарымен үйлесімсіз өмір сүргендіктен ғана бақытсыз. Олар ақыл-ойдың әміріне

құлақ аспай өмір сүргендіктен ғана бақытсыз.

... Сенің еркің ғана еркін. ...Ал сенің денең – шаң мен тозаң, ол кез келген өзінен күштінің билігіне бағынады. Ақылды адам үшін дене бос нәрсе ғана. Ал дене үшін жасалатын нәрсенің бәрі түкке тұрмайтын нәрселер. Осы түкке тұрмайтын нәрселердің билігінен тезірек және жеңіл құтыл.

...Саған тиісті нәрсені ешкім сенен тартып ала алмайды және ешқандай істе де кедергі жасамайды. Құдай ісіне кедергі болу мүмкін еместігі секілді, сенің ізгі ниетінді тоқтату мүмкін болмайды. Яғни,



еш ренішсіз және мазасыз өмір сүру мүмкіндігі бар. Адамдар өздері қорыққан нәрсе жүзеге асқанда ғана қамығып, ренжиді. Сен болсаң ештеңеден қорықпа, ешкімге күнестік көрсетпе, тыныш өмір сүр, өз еркіндегі, адал және өзіңнің қол астындағы нәрсені ғана тіле.

... біздікі емес нәрсенің бәрінен бас тарту қажет, ол біздің қожайынымыз бола алмайтындай етіп бас тарту керек, денемізге және ол үшін жасалатын заттарға үйірсектіктен бас тарту керек; байлыққа, даңққа, қызметке, мәртебеге деген махаббаттан бас тарту қажет. Өзімізге бұл нәрселердің бәрі біздің меншігіміз емес екендігін айтуымыз керек. Сонда бізге адам зорлығын зорлықпен жою қажет болмай қалады.

Менің денемді алуы мүмкін; бірақ менің рухым еркін, сондықтан да мен өзім қалай қаласам, солай өмір сүре аламын. Өтірік және зұлымдық жасаушы адам оған берілгенді сезінбейді, сондықтан да оның өзіне жаман. Сократты өлім жазасына кескенде, зұлымдық оған емес, оны соттаушылар мен өлтірушілерге болды.

... Мен еркін болғым келеді және еркін болуға бар күшіммен тырысамын. Бірақ, әрине, толық еркіндікке мен әлі жеткен жоқпын. Мен үшін әлі де болса тән қымбат. Денемнің баяғыда-ақ бұзылғанына қарамастан, мен денем аман болса екен деп әлі де көбірек тілеймін. Бірақ сендерге нағыз еркін адамның мысалдары керек болса, ондай адамдар болатынын біліңдер, яғни адам үшін еркіндік мүмкін нәрсе. Мысалы, Диоген. Ол бостан ата-анадан туғаннан «олар бостан емес еді» өзін құлдыққа апаратын нәрседен азат еткендіктен еркін болды: «Мен үшін Құдай заңы – ең басты; ал қалған нәрсенің мен үшін еш маңызы жоқ», – деп өз пікірін айтады.

Сонымен қоса Эпиктет еркіндік ұғымы бойынша өзі идеал деп есептейтін бірнеше мысалдар келтіреді. Соның бірі Сократ жайлы. Оның айтуынша, Сократ та еркін, бостан адам болды. Ол өлімнен қорыққан жоқ және өзінің ішкі үніне, ар-ұятына құлақ түрді, тіпті оны осы үшін қудалағанда да, өлімге кесу қаупін тудырғанда да бас тартқан жоқ. Достары оған түрмеден қашып кетуді ұсынғанда ол өз өмірін алдаудың көмегімен сақтап қалуды қаламады және қажет болған жағдайда өзінің өлімі арқылы адамдарға өзі өмір бойы үйреткен жақсы нәрсенің бәрін дәлелдеді.

Адамдар соншама шаттанатын, соған қол жеткізу үшін толғанатын және мазаланатын нәрсенің бәрі оларға кішкене болса да бақыт әкелмейді. Адамдар мазаланып, жетсем деп жүгіріп жүргенде осы қол жеткізбек болған нәрсені игі нәрсе деп ойлайды. Бірақ оған қол жеткізген бойда олар тағы да мазалана бастайды, күйінеді және оларда әзірге жоқ нәрсеге қызығады. Бұл түсінікті де, себебі адам еркіндікке күйбең тірліктерін қанағаттандыру арқылы жетпейді; керісінше, осындай тілектерден құтылу арқылы жетеді.

Бай және ықпалды адамдар қоғамынан кет, белгілі және күшті адамдарға жалпақтауды және олардан өзіңе қажетті нәрсені аламын деп елестетуді тоқтат. Керісінше, өзің ала алатын нәрсені шыншыл және ақылды адамдардан ізде, оларға таза жүрегіңмен және ізгі ойларыңмен келсең, олардан құр қол кетпейтіндігіңе сенімдімін.

Егер де менің сөзіме сенбесең, осындай адамдарға уақытша болса да жақын болуға талпын, ақиқат еркіндік жолында ең болмаса бірнеше қадам жасауға тырыс. Сені қай жақ өзіне көбірек тартатынын әрі қарай өзің шеш – жақсылық пен еркіндікке ме, немесе зұлымдық пен құлдыққа ма. Мұндай тәжірибеде ұялатын ештеңе жоқ. Өзіңді сына!...






1. Эпиктеттің «Менің рухым еркін, сондықтан да мен өзім қалай қаласам, солай өмір сүре аламын» деген тұжырымын қалай түсінесіздер?
2. Өзі қалай өмір сүргісі келсе, солай өмір сүретін адамды ғана еркін адам деуге бола ма? Пікіріңізді нақты мысал келтіріп дәйектеп айтыңыз.
3. Сіздің ойыңызша, толық еркіндікке жету деген нені білдіреді? Бұл мүмкін бе?
4. «Адам еркіндікке күйбең тірліктерін қанағаттандыру арқылы жетпейді; керісінше, осындай тілектерден құтылу арқылы жетеді» дегенді қалай түсінесіздер?
5. «Мен өзінің ар-ұятына жүгініп әрекет жасайтын, ешқандай да қырсықтар мен азаптардан, тіпті өлімнің өзінен де қорықпайтын адамды ғана еркін адам деп атаймын» деген тұжырыммен келісесіз бе? Неліктен?
6. Адам үшін жауапкершілікті қабылдау адам бойындағы қандай құндылықтар мен қасиеттерді арттырады? Қалайша?
7. Еркіндік пен жауапкершілік бір-бірімен қаншалықты байланысты?
8. Осы мәтіннен өзіңіз үшін маңызды және пайдалы не алдыңыз?



1-тапсырма. Біздің заманымызға дейінгі I ғасырда өмір сүрген римдік философ Эпиктеттің қандай пікірі біздің замандастарымыз үшін, құрбы-құрдастарымыз үшін маңызды деп санайсыздар? Өз ойларыңызды дәйектеп түсіндіріп беріңіздер.

2-тапсырма. «Менің еркін болғым келеді». Еркіндікті екі түрлі түсінуге болады: бір нәрседен «азат, еркін, тәуелсіз болу» және бір нәрсе үшін «еркін, азат, ерікті болу». Сіз үшін осы екі ұғым нені білдіретіні туралы ойланып, кестені толтырыңыз.

Менің еркін болғым келеді.	Неден еркін болғым келеді?	Не үшін еркін болғым келеді?
		

3-тапсырма. Төменде берілген тапсырмамен мұқият танысып шығып, сахналық қойылымдар дайындаңыздар.

- Оқушылардың шағын топтары (3-5 адамнан) адамның басты құқықтары мен бостандықтары көрсетілген карточкалар алады.
- 7-10 минут ішінде карточкадағы сөздермен аяқталатын жағдаят ойлап, оны сахналау қажет.
- Әр топ өзі даярлаған сахналық қойылымын көрсетеді.

Карточкалар

- Әрбір азаматтың өз пікірін және ойын айтуға құқығы бар.
- Әрбір азаматтың қай жерде тұрғысы келсе, сонда тұра алады. Әрбір азаматтың өз елінен кетуіне және қайтып оралуына құқығы бар.
- Әрбір адам өз елінің азаматы болу құқығы бар. Ешкім азаматтығынан айрылу немесе азаматтығын өзгерту құқығынан айрылған жоқ.
- Ешкім басқа біреудің құлы бола алмайды.
- Әрбір азамат билік органына сайлауға және сайлануға құқықты. Сайлау жалпыға бірдей, еркін және тең болуы тиіс!
- Ешкімнің басқа адамды ренжітуге, кемсітуге және аяусыз жазалауға құқығы жоқ!
- Әрбір азаматтың мүлікке ие болу құқығы бар және оған тиісті мүлікті ешкімнің тартып алуға құқығы жоқ!
- Ешкімнің басқа азаматтардың жеке өміріне араласуына, рұқсатсыз бөтен үйге кіруге және бөтен хаттарды оқуға құқығы жоқ!
- Әрбір азаматтың мектепке барып, тегін білім алуға құқығы бар!
- Барлық адамдар тең және азат болып туады, барлығының бірдей құқықтары мен қадір-қасиеті бар. Барлық адамның ақылы бар және олар бір-біріне аға мен қарындас сияқты қарауы керек ...
- Сенің түр-түсіңнің қандай екені, қай ұлтсың және қай тілде сөйлейсің, саяси көзқарасың қандай, дінің қандай, қандай

отбасынансың, байсың ба, кедейсің бе, әйелсің бе, ер адамсың ба, қандай елде тұрасың – Декларацияда көрсетілген барлық құқықтар мен бостандықтар әрбір азаматқа тиісті!

4-тапсырма. Күнделікті өмірде еркін адам ретінде не істей алатыныңыз туралы ойланып, монолог даярлаңыз. Өз монологіңізді мына сөздермен бастаңыз: *Еркін адам ретінде мен ...*



Адамзаттың аспанында жарқырап тұратын жұлдыздар сияқты өте биік сөздердің арасында «еркіндік» сөзінің орны ерекше. Адамға еркіндіктің ауадай қажет екенін барлық адамдар түсінеді және келіседі, ол керемет құндылық, байлық: еркіндіксіз өзің бола алмайсың, өз қылықтарың үшін жауап бермейсің, өзінді өзің көрсете де алмайсың. Бірақ осы «азаттық», «еркіндік», «бостандық» дегеннің өзі не, оны қалай түсінуге болады? «Еркіндік» және «жауапкершілік» ұғымдарының бір-біріне қандай қатысы бар, қандай байланысы бар? «Сөз бостандығы», «ар бостандығы», «баспасөз бостандығы», «демократиялық бостандық», «ерікті, азат қоғам» – біз бұл сөздерді үнемі естиміз және пайдаланамыз. Бірақ бостандық, азаттық деген не? Ол шын мәніндегі байлық, игілік пе?

Көпшілік кейде адамның күші, байлығы, билігі және де басқа ресурстары қаншалық көп болса, ол кез келген мәжбүрлеуден азат, тағдырдың кез келген сынынан соншалықты азат деп ойлайды. Алайда билік пен байлық кей жағдайда өзін өзі қолдаудың жүйесіне, құралына айналады. Адам оларды өзі үшін сақтап қалуға қаншама күш, жігер, көп уақыт жұмсайды, мұндайда азаттық, еркіндік, бостандық туралы ой миыңа кіріп те шықпайды.

Бенедикт Спиноза бостандықты санамен, оқу-ағартумен, адамның білімділігімен байланыстырып, еріксіздікті, тәуелділікті надандықтың көрінісі, соның салдары деп санаған. Орыс философы Н.А.Бердяев адамды азат, ерікті жасайтын оның таңдауға, шығармашылыққа, өзі мен қоршаған ортасын өзгерту мүмкіндіктері деп есептеді. Өз тағдырын, іс-әрекетін өзі анықтай алатын адамды ғана азат деп атауға болады. Г. Спенсер «Еркіндіктің не екенін өте түсінбейтін адамдар оны өте тез жоғалтып алуы мүмкін» деп ескерткен. Нағыз адамгершілік әрекет жақсылық пен жамандықты еркін айыра алусыз мүмкін емес, сондықтан да бүкіл этикалық жүйелер адам еркінің бостандығын мойындайды.



**Жақсылық Үшкөмпіров, Олимпиада
чемпионы: халыққа алғысымды
осылай білдіргім келеді**

Жадыра Аққайыр

Абай отыз сегізінші қара сөзінде жақсы адам атанудың алты шартын айтады. Олар: жақсы тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз. Міне, осылар жаныңыздан, бойыңыздан табылса, жақсылықтың өлшеміне сай келгеніңіз деседі. Жақсы адам десе, Жақсылық Үшкөмпіров көз алдыма келеді. Тіпті «Жақсылық аға келді дегенше, жарық келді десейші» деп те жүрміз. Жүрген жеріне шуағын шашып, мейіріміне бөлейтін бұл қазақтың баласын білмейтіндер кемде-кем. Қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионын ел алақанына салады. Оған жауап ретінде даңқты балуан бірқатар игі істер атқарудан талмайды. Талай жасты қанатының астына алған, қайырымдылық жасауға құштар мұндай жан қандай марапатқа болсын лайық! Сәті түсіп, Жақсылық Әмірәліұлымен сұхбаттасқан едік.

– *Кеңес Одағы кезіндегі күрес пен тәуелсіз Қазақстанның күресінен қандай айырмашылық байқайсыз?*

– Біз күрескенде 15 республика бір Одақтың құрамында болдық. Соның ішінен суырылып шығып, Әлем, Еуропа біріншіліктеріне, Олимпиадаға жолдама ұту қиын іс болатын. Тіпті бәсекенің қызу болғаны сонша, Кеңес Одағы біріншілігінде топ жарса, біршама абырой саналатын. Бүгінде жас балуандарға бар жағдай жасалып отыр. Олардан сұрайтынымыз, күтетініміз – жеңіс қана. Өмірін күреске, бос уақытын жаттығуға арнаса, әлбетте, нәтиже шығады. Шыңға шығудың оңай әдісі болмайды. Өзім де Олимп биігін оңай бағындырған жоқпын. Жасым отызға келгенде барып бұйырған бақ десе болады. Айтқанымдай, егемен елдің атынан шығып жүргендіктен жағдай басқаша. Бірақ жалпы спорт түрінде қарастырар болсақ, күрес – сол баяғы күрес. Қай кезде болсын қажырлы еңбек керек.

– *Қазіргі жастардың қай мінезіне бәлкі қылығына көңіліңіз толмайды?*

– Спортшы жастар туралы айтайын. Бүгінгінің баласы әрі чемпион, әрі бай болғысы келеді. Барлық жағынан «нөмірі бірінші» болуды көздейді. Мақсат қойған, биікке ұмтылған дұрыс. Дегенмен сол нәтижеге сай жұмыс істей ме? Мәселе – осында. Алла Тағала бәріне бірдей бақ бере бермейді. Өйткені әркімнің несібесі, ырзығы бар. Істеген ісін өлшеп, еңбегін бағалайды. Содан барып бұйыртады. Сол үшін де үлкен спорт – жан алысып, жан берісу, Отан үшін, ел үшін аянбай тер төгу. Сонда ғана жеңіске жетуге болады. Бір рет барып, бәріне қол жеткіземін деу – қате түсінік.

– Олимпиадаға орда бұзар шағыңызда бардыңыз. Бүгінде спортта жүргендердің ішінде отыз жастағыларды аса көре бермейміз. Спортшыларымыздың шыдамсыз болғаны ма бұл?

– Күреске әу баста келгенде соңына дейін барамын деген ой барлық балуанның басында жүреді. Сонда спорттан кім кетеді, кім карьерасын тоқтатады? Өз нәтижесіне сенбегендер ғана спорттан қол үзеді. Айталық бір балуан ұзақ жылдар бойы күреспен айналысты, жарыстарға барды. Бірақ жолы болмай қойды, нәтиже көрсете алмады. Бұл жағдайда спорттан кетуден өзге амал бар ма? Әрине, шығатын өзге жол жоқ. Амалсыздан қош айтысады. Әйтпесе, мықты балуандардың спорттан кетіп,



*Олимпиада чемпионы –
Жақсылық Үшкемпіров*

«әттеген-ай» дегізгенін көрмедім. Біздің балуандардың ішінде отыз жастағылары жетерлік. Барлығы бір мақсатта күреспіп, әлі спортта жүр. Мәскеу Олимпиадасында чемпион атанғаным биыл – 37 жыл. Содан бері қазақтың баласына бір жеңіс бұйырмай тұр. Бұл жөнінде талай жерде айтып та жүрмін. Көзімнің тірісінде Олимпиада чемпионын көргім келеді. Ендігі бар тілек – Олимп шыңына інілерімнің шығуы.

– Күрес түрлерінен өтетін жарыстардың қадірлі қонағысыз. Бірін қалдырмай, қадағалап жүресіз. Жастардың ішінен кімнің күресіне жоғары баға бересіз?

– Грек-рим күресінің балуандарынан соңғы кезде жағымды хабарлар жиі естіліп жатқанына шын қуанамын. Демеу Жадыраевқа толықтай көңілім толады. Әлем чемпионатындағы, күні кеше өткен Конфедерация кубогындағы күресі қандай тамаша?! Мейрамбек Айнағұлов есімді жас балуан бар. Одан да күтер үмітім үлкен. Жұғысты болсын деген ниетпен бір жылы жейдемді де сыйға тартып, батамды бердім. Олимпиадаға дейін алдымызда екі үлкен біріншілік бар. Сол жерде көк туымызды желбірететіндер көп болса екен.

– Спорттан кәсіпке бет бұрайық. Бизнесмен ретінде жақсы танымыз. Шаруашылығыңыздың жай-күйі қалай?

– Ата-бабамның кәсібімен айналысқандықтан ба, ерекше рақат аламын. Бұл өзі – берекелі іс. Төрт-түліктің қазақ үшін орны бөлек емес пе?! Осымен он бес жылдай уақыт болыпты ауыл шаруашылығының айналасына келгеніме. Бұл кезең ішінде мал бордақылау алаңдарын аштық. Бүгінде еншімде төрт мыңға жуық жылқы, бес мың ірі қара бар. Олардың барлығы – асылтұқымды. 20 мың гектар жерім бар. Кәсібім

Алматы облысының Балқаш және Жамбыл аудандарында шоғырланған. Жаз жайлауымыз – Үшқоңырда, қазір Бақанас жаққа, құмға көшіп кеттік. Айтқанымдай, ата кәсіпті қолға алу арқылы кейінгі ұрпаққа үлгі болсақ дейміз. Мал бордақылау кешенінен бөлек, қасапхана бар. Ол жерде біраз адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Байқап қарасақ, барлығымыз бір-бірімізбен тығыз байланыстамыз. Біріміздің бірімізсіз күніміз қараң. Бүгінде Алматыға ай сайын 25 тоннадай ет өткіземіз. Сонымен бірге, шетелге де ет экспорттаумен айналысамыз. Мысалы, Қырғызстан мен Ресейге 200 тоннадан астам ет жеткіземіз. Негізі, етті бағыттағы сиырларға сұраныс көп.

– *Күрестің дамуына қосып жүрген үлесіңіз де орасан. Жыл сайын ірі турнир ұйымдастырып, жастарға жігер бересіз.*

– Жақсылық Үшкөмпіров атындағы халықаралық турнирін өткізу игі дәстүрге айналды. Оған қатты қуаныштымын. Биыл Алматыда өткен ашық турнирде 280 балуан белдесті. Қазақстаннан бөлек, Грузия, Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан сынды күрестен мықты мемлекеттер қатысып, бақ сынады. Ендігі жылы Ақтауда өткізуді жоспарлап отырмыз.

– *Ақша әкелмесе де, абырой сыйлайтын біршама істің басы-қасынан табыласыз. Спорт кешендерінен бастап, балабақша ашуға мұрындық болдыңыз. Оның сыры неде?*

– Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданындағы Мыңбаев ауылынан 100 бүлдіршінге арналған балабақша аштым. Аумағы – 400 шаршы метр. Атауын «Жақсылық» деп ырымдап қойдық. Сонымен бірге, жатақхана салдық. Бүгінде бәрінің мәселесі – баспана. Соны ескере отырып, аздаған көмегім болсын деп жатақхана салуды жөн көрдік. Әйтеуір қазаққа пайдам тисін деген ниеттен туындаған дүниелер ғой. Халық мені Олимпиада чемпионы деп үнемі қолпаштап, көтеріп жүреді. Қайда барсам да орным – төр. Ендеше, неге халыққа ілтипатымды көрсетпеске?! Спорт маманы ретінде өз саламадағы кемшіліктерді жөндегім келеді. Олқылықтардың орнын толтырсам деймін. Осы оймен Мыңбаев елді мекеніне көпсалалы спорт кешенін салып бердім. Жастарға барынша жағдай жасағымыз келеді. Бүгінде спорттың 9 түрінен жаттығып жүр. 200-ге тарта бала сол залда спортпен айналысуда. Қолдан келгенше көмек беруге даярмыз. Бұл – менің алғысым. Халықтың сені сыйлап жатқанын көріп, сезіну де бақыт қой. Сондай-ақ әр бастамамызға қолдау білдіріп, мерейімізді үстем етіп жүретін Елбасымызға рақметімді айтқым келеді. Әрдайым Қазақстанның абыройы арта берсін!

– *Әңгімеңізге рақмет!*



1. Сұхбат кейіпкерінің «Өмірін күреске, бос уақытын жаттығуға арнаса, әлбетте, нәтиже шығады. Шыңға шығудың оңай әдісі болмайды» деген тұжырымынан қандай ой түйдіңіздер?

2. «Әркімнің несібесі, ырзығы бар, істеген ісін өлшеп, еңбегін бағалайды» деген пікірді қалай түсіндіңіздер?
3. «Олимпиадаға дейін алдымызда екі үлкен біріншілік бар. Сол жерде көк туымызды желбірететіндер көп болса екен» деген сөздерден кейіпкердің бойындағы қандай қасиеттерді байқауға болады?
4. Сіздің ойыңызша, ата кәсіпті қолға алу арқылы адам кейінгі ұрпаққа үлгі бола ала ма?
5. Кейіпкер неліктен халыққа алғыс айтады? Халықтың оны сыйлап жатқанын қайдан көруге болады?
6. Адамның бойындағы қандай қасиеттері оның адамдық болмысын көрсетеді? Бұл орайда еркіндік қаншалықты маңызды? Мысал келтіріңіздер.
7. Белсенді өмірлік ұстанымы бар адамның әрекетінде жалпыадамзаттық қандай құндылықтар көрініс береді деп санайсыз?



5-тапсырма. Жақсылық Үшкемпіров туралы түсірілген фильмдердің біреуін көріңіз («ozin-ozu-tanu.kz» интернет-порталы). Төменде берілген мәтін үзінділерін пайдаланып, кейіпкердің бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың жарыққа шығуына қандай қасиеттері себеп болғанын түсіндіріңіз.

- *Несін Жүнісбай:* «Жақсылықтың бойындағы өршіл рух, қайтпас қайсар мінез, тынымсыз іздену, шүмектеп төгілген тер, алапат күш қазақ баласының алар асуын асқақтатты».
- *Талғат Сүйінбай:* «1951 жылы дүниеге келген, 48 келі салмақ дәрежесінде Мәскеу Олимпиадасында атой салған Жақсылық Үшкемпіров ол кезде ақша үшін емес, абырой үшін белдескенін айтады. Жақаң тіпті салмақты бір қалыпта ұстап тұру үшін он бес жыл бойы түйір нан да ауыз тимепті. Спорттық бапта болу, салмақты ұстап тұру қаншалықты мехнаты мол тірлік десеңізші...».
- *Жақсылық Үшкемпіров:* «Менің қуанышымда шек жоқ. Тұғырдың ең биік сатысында тұрғанымда осының бәрі түс секілді болып кетті. Қаншама жылдар... ауыру, жарақаттар, физикалық және психикалық қысым. Соның барлығының өтеуі – осы сәт».
- *Жақсылық Үшкемпіров:* «15 жыл күрестім, 20 жыл кәсіпкермін – 35 жыл тек сабыр мен шыдамды серік еттім».
- 2017 жылғы 15 желтоқсанда классикалық күрестен әлем, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алды! Бұл жоғары марапатты Ақордада Президент Нұрсұлтан Назарбаев тапсырды.

6-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға қатысты пікіріңізді ортаға салыңыз.

Алтамыс Шаримов

Димаш Құдайбергенов – Тәңірдің қазақ халқына бере салған үлкен сыйы. Димаштың өнерге деген махаббаты мен адалдығына еріксіз таңғаласыз. Оның бүкіл мақсат-мүддесі өзінің өнерін жетілдіру. Одан басқа жаққа бұрылмайды да, одан өзгеге алаңдамайды да. Ақшаға да, алтын бұйымға да, өзге де жылтырақтарға да қызықпайды. Өзінің өнерін жетілдіру жолында 48 сағат ұйықтамауға әзір. Қазақ халқының көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ зиялыларының ұлтқа қызмет етуі - білімнен емес, мінезден!» дейтіні бар еді ғой. Сол сияқты Димаштың өнерге деген риясыз адалдығы, өнерге құлай берілуі мінезден ғой деп ойлаймын. Ә. Бөкейхановтың «мінез» деп адамның шыққан ортасын, тегін меңзеп отырғаны да аян.

- *Димаш жөнінде белсенді өмірлік ұстанымы бар деп айтуға бола ма? Неліктен?*
- *Димаштың өз әрекеті үшін жауапкершілігін қалай түсінесіз? Нақты мысал келтіріңіз.*
- *Өнерпаздың өнерге, еліне деген махаббаты мен адалдығына қандай қасиеттері мен әрекеттері дәлел болады? Оның еркіндігі туралы не айтасыз?*

7-тапсырма. Сіз өзіңіздің ойыңыздағы еркін адамның эмблемасын салыңыз. Суретке тұлғаның еркіндігін білдіретін символдарды енгізіп, сәйкес ұран ойлап табыңыз. Шығармашылық жұмысыңыздың нәтижесі ретінде таныстырылым даярлаңыз. Адамға риясыз сүйіспеншілік танытатын ұрпақтың өкілі ретінде адамзат үшін не істей алатыныңызды Жоба күнделігіне жазыңыз.



Өмірлік ұстаным – адамның дүниетанымдық, моральдық-психологиялық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы. Өмірлік ұстаным адамның іс-әрекетінде белсенді (айналадағы шындықты өзгертуге үнемі ұмтылу) немесе бәсең (қалыптасқан дәстүр мен норманы сақтау) түрінде көрініс береді. Өмірлік ұстаным – жеке адамның іс-әрекетінің белгілі бір бағыттылығы. Адамгершілік бағытта өмірлік ұстаным жеке адамның мінез-құлық жүйесінен көрініс табады, адамдардың сенімінен, ар-ожданынан, идеялық бір бағыттылығынан байқалады. Адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы, ең алдымен, оның өмірден өз орнын саналы түрде таба білуіне байланысты.

Жеке тұлғаның өзіндік өмірлік ұстанымы оның қоғамға, қоғамдық байлыққа деген көзқарас, пікірінен, іс-әрекетінен, қоғамдық қызметінен, өмірге деген көзқарасынан білінеді. Адамның өмірі мен қызметі, өмірге деген көзқарасы оның мамандығына байланысты. Адамның өмірлік белсенді ұстанымы еңбек процесінде айқындалады, шындалып беки түседі. Ол іс-әрекет пен сөздің бірлігінен, адамның алға қойған мақсатты орындаудағы белсенділік пен теориялық білім, білік, іскерлік қабілетін жүзеге асыра білуінен байқалады. Адамдық борыш – адамның өзіне ғана емес, өзгелерге көрсете алатын қызметі. Халқыңа қызмет етсең, сенің білімің мен кісілігіңнің молдығын білдіреді. Халыққа қызмет ету азаматтың кемелденуіне, өрісінің кеңеюіне үлкен әсер етеді. Таза ісімен, адал еңбегімен және әрекетімен көрінетін адамдар болады, олар өзінің ең басты өмір сүру қағидасы өз халқына еңбек ету деп есептейді.



Біздің елдің жігіттері

Сөзін жазған Есенқұл Жақыпбек

Әнін жазған Жәкен Омаров

Біздің елдің жігіттері – жігіттердің төресі,
Солар жайлы ағайын-жұрт, не білесің сен осы?
Олар жайлы айтылмайды биік-биік мінбеден,
Өйткені олар – ақиқат пен шындық сөздің жебесі.

Біздің елдің жігіттері – жігіттердің төресі,
Біздің елдің жігіттері – ұлы мұхит кемесі.
Осы жұрттан бақ пен Қызыр қашпаса екен деп тілеп,
Осал жерін түзеп жүрген біздің елдің шегесі.

Біздің елдің жігіттері – жігіттердің сырттаны,
Кешегі өткен ақындар мен батырлардың ұрпағы.
Ерте туып, еш заманның маңдайына сыймаған,
Өз елінің ұлтаны мен өз елінің сұлтаны.

Олар жайлы білгің келсе, ортасына кіріп көр,
Солар жүрген жолдарменен дәтің болса, жүріп көр.
Ерте туып, еш заманның маңдайына сыймаған,
Қайран біздің қасиетті қара нардай жігіттер.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

М.Пришвиннің «Асқан ұлы бақыт – өзін ерекше санамай, барлық адамдар сияқты болу» деген тұжырымына сәйкес адам бойында қандай қасиеттер болуы керек деп санайсыз?

- а) Адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық.*
- ә) Ақкөңілділік, бірбеткейлік, өзімшілдік.*
- б) Байыптылық, байсалдылық, жомарттық.*

2-тест

«Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөзді кім айтқан?

- а) Ғабит Мүсірепов.*
- ә) Ғабиден Мұстафин.*
- б) Мұхтар Әуезов.*

3-тест

«Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады» деген ой-тұжырымға көзқарасыңыз қандай?

- а) Дұрыс айтады, ең алдымен адамға күш керек.*
- ә) «Білегі күшті бірді жығар, білімі күшті мыңды жығар» деген халық даналығын есте сақтау керек.*
- б) Адамның қара күшінен гөрі амал-айласы мықты болу қажет.*

4-тест

Еркіндік дегенді қалай түсінесіз?

- а) Еркіндік, ең алдымен жауапкершілік, қажеттілікті түсіну.*
- ә) Адамның кез келген іс-әрекетінің еркін, тәуелсіз болуы.*
- б) Адамның өмір сүру салтының, қызметінің белгілі бір шектен шықпауы.*

Төле би: «Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық».

Анахарсис: «Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай еркін көшіп-қонады».

Ян Амос Коменский: «Ақыл еркіндікке жол ашады, еркіндік әрекетке иелік етеді».

III ТАРАУ

АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ





«Менің құрдастарым» жобасы

III кезең

1. **Жобаның үшінші кезеңінде** өз замандас, құрбы-құрдастарыңызға жалпы сипаттама беріңіз.
2. Құрбы-құрдастарыңызға жалпы сипаттама беру мақсатымен БАҚ материалдарын пайдалануға болады:
 - 2.1. Қызықты радио және телехабарлардың, газет, журнал басылымдарының қандай кейіпкері болды?
 - 2.2. Олар өздерінің қандай әрекеттерімен атақты, танымал болды?
 - 2.3. Құрдастарыңыздың қандай әдебиетті, нені оқығысы, қандай фильмді көргісі, қандай концертті тамашалап, қандай хабарды тыңдағысы келеді?
3. Интернеттегі жастар сайттарына кіріп көріңіз.
 - 3.1. Сіздің құрбы-құрдастарыңызды толғандыратын мәселелер қандай екен?
 - 3.2. Олар қандай тақырыптарға пікірталас ұйымдастырып, талдағысы келеді?
 - 3.3. Жастар өздерінің алдына қандай өмірлік мақсаттар қояды?
 - 3.4. Өздерін-өздері танытып, көрсетуге қалай ұмтылады?
4. Жинаған ақпаратты өз сыныптастарыңыз туралы деректермен салыстырып көріңіз. Бұл сіздің зерттеу жұмысыңыз болып табылады.
5. Жобаның үшінші кезеңінде атқарылған іс-шаралардың барысын Жобаның күнделігінде сипаттап жазыңыздар.

ОТБАСЫ ТАТУЛЫҒЫ – ҚОҒАМДАҒЫ ТАТУЛЫҚ



***Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын,
туған-туысын, жолдасын сыйлауға
үйретуден басталады.***

Ы.Алтынсарин

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңыздар.*



Қайран менің жан анам...
(Үзінді)

Әкпаржан Ақылбай

Әйел-ана – әлемнің тірегі. Ананың ыстық жүрегінен ғаламға мейірім, ізгілік тарайды. Ана алдында бас имейтін адам жоқ. Ананың ақ сүті – киелі. Бар ізгілік ананың ақ сүтінен тараған. Бабаларымыз: «Шаңырақты көтеретін еркек, бірақ оны тігетін әйел» деп әйелдің отбасындағы орнын ерекше бағалаған. Ана – мейір, ана – қамқоршы. Ана жүрегіне бүкіл әлем сыйып кетеді. Ана жүрегі мұхиттан терең. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөздің мағынасы терең. Ана мейірімі Алатаудың тасын да ерітеді. Ана – құдірет. Бабаларымыз «Ананың басқан жерінде пейіш бар» деп текке айтпаған болар. Қасиеттің бәрі қосып байқасақ, бүкіл қасиет бір ғана жаннан – Әйелден тарайды. Әйел – Ару, Әйел – Ана, Әйел – Жар.



К. Муллашев. Ана мен әже (Аялы алақан) 1998 жыл.

*«...Соларменен көктем келер, гүл шығып,
Сәби қолын күнге созар ұмсынып.
Әйел деген – болашақтың бастауы,
Әйел деген, әйел деген – тіршілік!»*

Тіршілік отын өшірмей келе жатқан әйелдерге бас иейік ендеше!

Жанұя – шағын мемлекет. Ол әуелі жеміс ағашы. Ағашқа нәр беріп тұрған, тереңге кеткен тамырлары – әкелер. Әр бұтағы – аналар. Бұтақтардың бірі аз, екіншісі көп жеміс береді – ол біздің ұрпақтарымыз. Ағашқа нәр беріп тұрған суымыз – иман. Бір жеміс ағашы – бір рулы ел. Жеті ата. Қазақта: «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөз содан қалған болар.

Менің әкем Тәжібақыт: «Адамның ісі қандай болса, іші де сондай» деп жиі айтатын. Марқұм тарих пәнінен сабақ берген ұстаз болатын. Көп білетін, әңгімені жақсы айтатын. Ол кісі көсіліп, тарих пен шежіреден сөз тартқанда, жұрттың аузы ашылып, көзі жұмылатын. Жарықтық әңгіме айтудан жалықпайтын. Алыс-жақындағы жекжаттарды аралағанда ауыл ақсақалдарымен шежіре жайлы пікірлесіп, оны жинақтап жүретін.

Әке-шешем қонақжай адамдар еді. Ағайын-туыстары, құда-жекжаттары, жора-жолдастары бірі келіп, бірі кетіп жататын. Қай кезде де анам солардың бәрін қабақ шытпай қарсы алып, күлімдеп шығарып салып жүргені.

Анам мені «балам» деп, әкемнің бауырларынан бөле-жарып қараған жоқ, тамақтың тәттісін тығып беріп, жаман үйреткен жоқ. Әкемнің бауырларына деген сый-құрметі ерекше еді. Мен де, анамнан көрген тәрбиемнің арқасында, туыстармен арамыздағы бауырмалдық қарым-қатынасты жалғастыруға үлкен мән бердім. Сол туыстар анама деген құрметін маған да жасайды...

Ана – отбасылық қатынастың негізі, ерлі-зайыптының отбасылық бақытының тірегі, мәңгілік болашақтың кепілі. Анам немерелеріне: «Ана бақыты – бала, бала бақыты – ана. Ана адамзатқа өмір сыйлайды. Жар – дүниедегі ең жақын адам. Қорғаушы. Үйдегі жылылық пен қуаныштың иесі» деп отыратын.

Ана еңбегі өте ауыр. Күнделікті үйдегі тіршілікпен қатар, түздің шаруасын да бірге

алып жүру, отбасы мүшелерінің тілін табу, жұмыстан шаршап келіп, үй тірлігін жасау үлкен қажырды талап етеді. Әйел үйдің сәні, «отбасы» деген шағын мемлекеттің билеушісі. «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс». Үйдің көркі, береке-бірлігі, жақсы-жамандығы, бақ-ырысы әйелге байланысты. Әйел – отбасының ұйытқысы. Атам қазақ: «Қызы

*Ана бақыты – бала, бала бақыты – ана. Ана адамзатқа өмір сыйлайды.
Жар – дүниедегі ең жақын адам.
Қорғаушы. Үйдегі жылылық пен қуаныштың иесі.*

бардың ізі бар» деп, қыз баланы аялап, алақанына салып өсірген. Үйде тамақтың жақсысын қыз баласына ішкізіп, киімнің сәндісін қыз баласына кигізген.

Әйел – ерлердің сенімді серігі, жөн сілтер ақылшысы. «Ерді ер қылатын да, жер қылатын да – әйел» дейді халқымыз. Қазақ халқы ерлердің елі үшін еселі еңбек сіңіріп, ераталуын да, еңсесі түсіп ез болуын да, ең алдымен, әйелдің жақсы-жамандығымен байланыстырады.



1. Ананың бойынан қандай ізгі қасиеттерді байқадыңыздар?
2. Мәтіндегі «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл сөзді қалай түсінесіздер?
3. Ата-ананың бойындағы қандай қасиеттер бала өмірге келгенде оны ізгілікке, дұрыс әрекетке жетелейді?
4. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген нақыл сөзден қандай ой түюге болады?
5. Сіздің пікіріңізше, отбасындағы қандай құндылықтар бала тәрбиесінде маңызды?
6. Отбасы ошағының жылулығын қалай сақтауға болады деп ойлайсыздар?



1-тапсырма. Ұлы адамдардың ой-тұжырымдарын оқып, отбасы өнегесі туралы ой-пікірлеріңізді ортаға салып айтыңыздар.

Әл-Фараби: «Ғылымды игерген, бірақ тәрбие көрмеген адам қоғамды қайғы-қасіретке жетелеуі мүмкін».

Б. Момышұлы: «Ата-ананың қадірін білмеген–ел қадірін біле алмас, ел қадірін білмеген– ата-ана қадірін біле алмас».

С.В.Михалков: «Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол бала кезде егіледі. Ол жылдар өте келе, өніп шығады. Жақсылық ұрығының өніп шыққаны немесе оны жамандықтың арамшөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады».

М.Әуезов: «Үлкен алдында жас қарызы,

Ата алдында бала қарызы – әдеп пен сый».

2-тапсырма. Суретші Карим Муллашевтің «Ана мен әже» (Аялы алақан) картинасының репродукциясын қарап, өз отбасы құндылықтарыңыз туралы пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

3-тапсырма. Ақын Төлеген Айбергеновтің «Ана» өлеңін оқып, өз аналарыңызға деген сүйіспеншіліктеріңіз туралы айтып беріңіздер.

Арманыңды ақтармын ба жүрегімде тербесем?

Айға сіңлі, қарындассың қасиетті Жерге сен.

Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем,
Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен.
Сұлу әлем, әлем сұлу сен жаратқан адаммен,
Көк жолының қарсылығын қағып тастап барам мен.
Сендік қуат болар, бәлкім, басын иді көк маған,
Әркез сенен туғанымды есіме алсам, тоқтаман.
Ал ұмытсам, ұмыт болып қаларымды білемін,
Ұмыт қалмау үшін менің шарқ ұрады жүрегім.
Шат жүріп-ақ қас қаққанша боламын мен шерменде,
Жетім емес кей ананың жетімдігін көргенде.



Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы – өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ.

Қазақ ұғымында отбасы – өмірдің тұтқасы, оттың маңайына таратқан жан балқытар жылуы. Қазақтың ошағы дөңгелек үйінің ішінде болады да, бүкіл жайдарылық жағылған отқа үйіріледі. Отбасының амандығы, ошақтағы оттың маздап тұруы – үмітінің өшпес алауы. Үй ішінің қызыққа, қуанышқа толы болуы да соған байланысты. Қазақ отбасында арнай жазылып бекітілмеген «зандары» – әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, ата мен келіннің, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысы әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі.



Жалғасқан өмір (Үзінді)

Бақыт Мерекенова

Тәй-тәй басып, ес білгеннен әкемнің жанынан екі елі қалмай еріп жүретінмін. Өйткені, шешем үй шаруасынан қолы тимейтін, үбірлі-шүбірлі шиееттей он баланың тамағын жасап, кірін жуу оңай шару емес қой, содан ба, әмсе басының сақинасы ұстап, байғұс ана шаршап-шалдығып жүреді, кейде жалқау балаларына ашуланғанымен іле-шала мейірбандықпен кешіре салады. Балалардың ешқайсысы тіл алып,

жүгіріп келе қоймағасын басындағы ақ жаулығын түзеп тартып, өзі ыстықта моншақтаған маңдай терін көйлегінің жеңімен сүртіп, гүлді көйлегінің мол етегіне сүріне-қабына ыстықта күйіп-пісіп, қазан ошаққа шымтезек, курай жағып, жаппа нан пісіретін, кейде даладағы дағарадай үлкен пешке тобылғы жағып, бөлке нан жабатын, пештегі қып-қызыл ыстық шоқты көсеп-көсеп, пештің түбіне ысырып, пештің ыстық табына таба нанды қаз-қатар тізіп қойып, пісіре бастайды. Бөлке нанның иісі бұрқырап, жап-жаңа пісірілген нанның хош иісі танауынды жарып, күні бойы ойын қуып, қарнымыз ашқан бәріміз балапандай шүпірлеп, жан-жақтан жүгіріп жетіп келеміз. Бұл кезде бүйірлі сары самаурынның буы бұрқырап, көңілді ызындап, шай қайнағанын байқаймыз. Үлкенді-кішілеріміз түгел ағаш көлеңкесінде жасалған дастарқан басында жаңа пісірілген нанды кілегейге батырып жеп, түскі асымызды ішіп, мәз-мәйрам болып отырамыз. «Қайғысыз қара су ішсең де жақсы» деген осы екен-ау...

Әкеміз Қабылхан аудан орталығындағы мектеп-интернаттың директоры болып, ұзақ жыл еңбек етті. Ол кісі әсте мейірімді болатын, әсіресе, балаларды өте жақсы көретін, мүмкін үйде он баланың болуы әкенің балаға деген махаббатынан болар. Бос уақытында әкеміз жұмсақ диванда жатып, өлең, қиссаларды нақышына келтіріп, әндете оқитын. Кейде мерзімдік баспасөз беттеріне өлеңдері, әңгімелері жарық көретін. Мен туған әкемді «аға», шешемді «тәте» деп атаушы едім.

Әкем мен шешемнен адамға деген жылылық шуағы есіп тұратын, үнемі үлкенге де, кішіге де қамқор болатын, сол себептен бе, бейтаныс адамға дейін әңгімелесіп, бір сөйлескеннен соң ескі таныстардай өмірбақи араласып кететін. Ағам өте әңгімешіл, ақкөңіл адам еді, көбінесе бала-шаға бәріміз кешкі дастархан басында жиналған шақта пайғамбарымыздың өмірі туралы, қиссаларды мәнерлеп айтқанда көзбен көргендей әрбір оқиғаны қаз-қалпында көз алдыға елестетіп, тамылжыта суреттейтін. Осындай таңғажайып әңгімелерге елітіп, басқа әлемге кіріп кеткендей тамаша сезімге бөленіп, жүрек тебіренер әсер алатынбыз.

Қазір ойлап отырсам, осы әңгімелер арқылы әкеміз бар балалары мен немерелерін сүйіспеншілікке, мұсылмандық мейірімділікке, адалдық, әділеттілікке тәрбиелеген екен. Егер біз әкемнің қалған ұрпағы – балалары, немере, шөбере, шөпшектері адамгершілігі мол жақсы адам болып шықсақ, ол әкемнің рухани тәрбиесінің арқасында.



1. Отбасындағы үлкендердің өсиеті адам өмірінде қаншалықты маңызды деп ойлайсыздар?
2. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөзді қалай түсінесіздер?

3. Сіздің пікіріңізше, отбасында ұлттық құндылықтардың сақталуы қаншалықты маңызды? Неліктен?
4. Отбасы жарастығына қалай қол жеткізуге болады деп санайсыз?
5. Сіз өз отбасыңызға деген сүйіспеншіліктеріңізді қалай білдіресіз?
6. Өзіңіз шеше алмаған жағдайдың дұрыс шешімін табу үшін ата-анаңызбен еркін сыр бөлісіп, ақылдаса аласыз ба? Мысал келтіріп, әңгімелеп беріңіз.



4-тапсырма. «Қамқор әке», «Мейірімді ана», «Ақылды бала» тақырыбында өз ойларыңызды постерге салып, қорғаңыздар.

5-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, ондағы негізгі ойды анықтап, өз тұжырымдарыңызды жасаңыздар.

Отбасы ошағы

(Аңыз әңгіме)

Ертеде бір ауылда үш жас отбасы өмір сүріпті. Бір кездері ол ауылға бақыт келіп қоныстады. Ол өзінің қай отбасында жарық пен жылу толы болса, сонда қонатынын хабарлады.

Бірінші отбасы өз үйлерін күміске толтырды. Үй жарық болды, бірақ күмістің жарығы үйді жылыта алмады.

Екінші отбасы өз үйлеріне алтынды толтырды. Ол үй жарық бола түсті, бірақ жылулық бәрібір болмады.

Тек, үшінші тапқыр отбасы өз үйлерінің ошағына от жақты. Оның әсерінен үй жарық болып, жылуға толды.

Әрине, бақыт сол үйге мәңгілік қоныстауды ұйғарды. Ол үй иелерімен бірге баланың дүниеге келген, әр отбасы мүшелерінің туған күндері, отбасы құрған күндері және алтын той күндеріне дейін болуға қалды.

6-тапсырма. «Отбасы – татулық мекені» тақырыбы бойынша ақын, жазушы ретінде өлең, әңгіме құрастырып, суретші ретінде сурет салыңыздар.



Адамға өмірде ең қымбаты – отбасы. Отбасында сүйіспеншілік, сыйластық, татулық, бауырмалдық болғанда бірлік болады. Бір-бірін аялап, кешіре, түсіне білгенде отбасы берік болады.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай

көрініп, қалыптасады. Отбасы сүйіспеншілікті сезіне білуге үйретеді, жақсылыққа жетелейді, үлкендерді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелейді, Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан сіңеді. Отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала өміріне әсер етеді. Отбасында баланы жақсы тәрбиелесе, ол әдепті, ақылды азамат болып шығады. «Анасына қарап, қызын ал», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Әр баланың көкірегінде адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік отбасында орын алады.



Перзент парызы

Сөзін жазған Бауыржан Есебаев

Әнін жазған Жарылқасын Дәулет

Қандай шаттық сыйласам екен,
Әлем нұрын жинасам ба екен.
Ұл-қыздарың жаныңда
Ай-күн алақаныңда,
Алтын тойың қанат қағуда.

Ұл өсірдім сендерге қарап,
Қыз өсірдім тұлымын тарап.
Менің ғазиз мекенім,
Сенен үлгі етемін,
Қартаюдың өнер екенін.

Қайырмасы:

Шашылайын шұғылаң болып,
Шырқа көңіл бүгін ән болып.
Аман-есен жүрсеңдер екен,
Бет түзейтін құбылам болып.

Ақ қыраудай шашынды көрем,
Басын иген ғасырды көрем.
Бәрі сенің жеңісің,
Бәрі сенің жемісің,
Ұрпағыңа бақыт кенісің.

Қайырмасы.

ҰЖЫМДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



***Ынтымақ жүрген жерде,
Ырыс бірге жүреді.***

Халық даналығы

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңыздар.*



Алға, командир!
(Үзінді)

Сансызбай Сарғасқаев

Әбден терісі қалыңдап көнбіс болған заттай Мақанға ешқандай сөз өтпейді. Соңғы жылдары: «Мақан ондай, Мақан бұндай», – дегенге өзі де әбден сенгендей. «Жаман-жаман десе, бөркі қазандай боладының» кейпінде еді ол. Тіпті өзінің жаман оқитынын, сабақтан қалатынын, уәдесінде тұрмайтындығын мақтан етер жайы бар.

Сол Мақанды әкесі осы Қызылтаудағы мектепке әкеліп бергенде: «Несі бар, – деген ол иығынан асыра шырт түкіріп, – мектептен мектептің ешқандай айырмасы жоқ».

Класс жетекшісі сырықтай ұзын аяқ, қайыстай қатқан қара әйел болатын. Ол оқудың алғашқы күні ортадағы партаға әкеліп отырғызғанда, Мақанның көңілі тоқ еді. Класс та баяғы өзі оқыған мектептің класындай, парта да сондай. Жылтырап бояғаны болмаса, мұнда да бәкінің жүзі түскен. Жазылған. Жонылған. Шұрқ-шұрқ тесілген. Қозғалсаң сықырлауы да өзіне таныс. Қарсы алдында ұзын бұрым, көк көз, сары қыз да әдейі отыра қалғандай. Шашын партаға байластыруға бұрынғы мектепте Мақаннан шебер, Мақаннан епті ешкім болмайтын. Байқайды, мұнда да ешкім қуып жетпейтін секілді.

Мақан өз «өнерін» бірінші сабақтан бастамақ болды. Сөйтіп, өзін танытқысы келді. Ең әуелі барлау үшін дәптердің парағын жұлып алып, самолет жасады да, лақтырмақ болып көтеріле бергенде:

– Қоқаев, сен айтасың ба? – деді мұғалім. Мақан сасқалақтап басын шайқады.

Орнына сылқ отыра кетті. Оң жағынан бір бала мырс етті. Мақан алара қарады. Келесі сабақта ол енді алдындағы қыздың шашын байластырмақ болып қолын соза бергенде, ол жалт қарады. Күлімсіреп:

– Не? – деді.

– Ештеңе емес, – деді Мақан міңгірлеп. Үшінші сабақта ол партаны шиқылдатпақ болып, арлы-берлі қозғалақтап көрді.

– Саған парта жайсыз ба? – деді арт жақтағы бала. – Онда ауысып отырайық.

Мақан үндемеді. Мойнын күржитіп, қабағын түйе түсті. Күн жылжып өтіп жатыр. Сабақ жүріп жатыр. Алғашқы күні-ақ «өнері» өрге баспаған Мақанның тауы шағылған секілді.

Сол күні ол үзіліс кезінде басы тап-тақыр, үп-үлкен, бадырақ көз, тәпелтек баланы қасақана қағып өтіп еді, ол костюмнің етегінен шап етіп ұстай алды да:

– Кел, танысып қоялық. Менің атым–Шоқай, –деді қолын ұсынып, үлкен күрек тістерін көрсете күліп. Қолы қатты екен. Ақырын мытып қойып еді, Мақанның саусақтарын сындыра жаздады. «Абайла, соқтығысатының біз емес!»–дегендей, өзгені түсінбесе де, мұны Мақан түсінді.

Мақанның енді тықыршып күткені – мұғалімнің сұрауы. «Екілікті қаптатқанымды көресіңдер!» Алғашқы «екілікті» Шотбай мұғалім қойды. Әуелі сұраққа жауап бере алмай тақтаны бормен тықылдатып тұрған Мақанға сүзіле бір қарады. «Хм!»–деп басын шайқады. Тандайын қақты. Содан кейін барып:

– Балақай, ренжіме, «екілік» қоямын, – деді.

Мақан алғашқы «екілікті» көңілі орнына түскендей ренішсіз қабылдады. Іштей қуанған секілді. Бірақ оның «екілік» алғанын балалар байқамады. Есеп сабағы кезінде олардың қыбыр-жыбыры да көбейіп кетеді де, кімнің не баға алғанымен шаруалары болмайды.

Мұнан кейін география пәнінде тағы да «екіліктің» қармағына түсті. Балалар елең етіп, назар аударған секілді. «Е-е, саспаңдар әлі. «Екіліктің» көкесі алда жатыр»,–деді Мақан іштей қоразданып.

Үзіліс кезінде кеңірдегі сорайған, шегір көз, ақ құбаша бала ғана:

– Байқа, Қоқаев!–деді тістене сөйлеп.–«Екілікке» біздің отряд көнбейді.

Сол күні бақыр бас бала Мақанмен ілесе шықты мектептен.

– Сен Көкқапталдан келдің бе? –деді.

– Иә.

– Бәтігүл апайды білесің бе?–деді тағы да Шоқай.

– Білмегенде ше,–деді Мақан.

– Ол кісі маған апай.

– Әй, сен өзің Көкқапталданбысың?–деді Мақан Шоқайдың иығынан сарт еткізіп қағып қалып.

– Сол жақтанбыз.

– Мәссаған! «Адам көріскенше, жылқы кісінескенше» деген осы екен-ау!

– Сен өзің мақал-мәтелді көп білесің-ау деймін.

– Білмегенде ше!–деді Мақан «туысты оңай тапқанына» қуанғаны сонша, көзі шоқтай жайнап. –Қаласаң үйретейін, ол иттің балалары – мақал-мәтелді айтам –менде қап-қап, қанша үйренсең де жетеді.

– Жарайды, – деді Шоқай. – Бірақ сен де менің бір тілегімді орындайтын бол.

– Қиын ба? – деді Мақан тартына, сезіктене қарап.

– Оп-оңай.

– Ендеше айт.

– «Иттің балалары» деген сияқты жаман сөзді таста. Тфу де. Ендігі әрі айтпайтын бол.

– Е-е, сол да сөз болып па! – деді Мақан күліп жіберіп. – Тфу! Тфу!

– Міне, енді әп-әдемі бала болдың, – деді де Шоқай да қуанған шыраймен. – Енді мақал-мәтелді тойғанымша үйренем сенен.

Мақанның мақалшыл екенін балалар да біліпті. Келесі күні елден бұрын алдында отыратын бұрымды қыз Айнаш тілек білдірді.

– Мақан, қабырға газетіне оқу туралы мақал керек еді. Соны айтып жіберші, ә?

Бұрын Мақанға ешкім тілек айтып, одан білмеген нәрсесін сұрап көрген емес. Олар Мақанға ұрсатын, қорқытатын, үйрететін. Кеше Шоқай «тілегімді орында» деп сыпайы сөйлесе, бүгін қыз келіп өтініш айтып тұр. Қалай қырсығып, қалайша қыңыраймақсың!

– Жарайды, жазып ал, – деді Мақан. «Оқу-білім бұлағы, білім-өмір шырағы», «Оқу-түбі тоқу»...

– Жете ме?

– Рақмет. Көп біледі екенсің. Жақсы айтады екенсің. Қандай тамаша! – деді Айнаш.

Мақан өз құлағына өзі сенбеді. Бұрынғы еститіндері: «миғұласың», «санасызсың» сықылды сөздер болатын. Ал бүгін оған рақмет айтып отыр. «Жақсы!» – деген сөзді ес білгелі естігені осы шығар кластас балалардан.



1. Алғашқы күнгі Мақанның іс-әрекетінен қандай қасиеттер байқадыңыздар?
2. Мақанға сыныптастарының қандай қарым-қатынасы әсер етті?
3. Мақанның ұжымға кіруіне не түрткі болды деп ойлайсыздар?
4. Бауыржан Момышұлының «Жақсы сөз жан сүйсіндіреді» деген нақыл сөзін қалай түсінесіздер?
5. Сіздерді сыныптастарыңыздың арасындағы қандай қарым-қатынас қуантады?



1-тапсырма. Жағдаяттармен танысып, ұжымдағы қарым-қатынас туралы өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Әсел сыныптағы озат оқушы, мінезі де ашық жарқын. Үнемі сыныптастарына көмектесіп жүреді. Бірақ соңғы кездері мінезі

тұйықталып, сабақ үлгерімі де төмендеп кетті. Осы жағдайда сіз не істейсіз?

Досыңыз қатты ауырып ауруханада жатыр. Өте қымбат дәрілер керек. Оның жағдайы жоқ. Сіздер не істер едіңіздер?

Сіздің сыныбыңызға жаңа оқушы келді. Оның мінезі тұйық, көп сөйлемейтін. Ұжымға бірден енуі қиынға соқты. Үнемі оқшауланып жүреді. Алғашқыда оған ешкім мән бере қоймады. Жаңа ортаға келгендегі қалыпты жағдай деп ойлады. Уақыт өте берді. Бірақ бұл жағдай жалғаса берді. Сіз қалай көмектескен болар едіңіз?

2-тапсырма. Сыныптастарыңыздың алдындағы жауапкершіліктеріңіз туралы тізбектеп жазыңыздар.

3-тапсырма. «Алға, командир!» әңгімесінде әсер еткен ойды және өз ұсыныстарыңызды жазып, төмендегі кестені толтырыңыздар.

Мәтіндегі маған әсер еткен ойлар	Менің ұсынысым



Ұжымдағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тындап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, ұжымда өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.



Мектеп бағында

Сапарғали Бегалин

Ерден бүгін де мектеп бағына келіп ағаштарын көрді. Өзінің қарауына алған ағаштары кішкене жапырақтары желбіреп, бойлап қалған тәрізді. Өзімен бірге он түп ағашқа ие болып өсірген Темірдің ағаштарына көз жіберді. Орта жеріндегі екі ағаштың жапырағы сарғыш тартыпты, ал шеткі бір ағаш түбі қопарылып, жығылып қалыпты. Өзінен ересек, әрі оқуға ерекше құнтты Темірдің ағаштарының күтімсіздікке ұшырағанына танданды.

Ерден кішкене бақты тегіс аралап шықты. Басқа ағаштарда ондай ақау көрінбейді. Бақтың айналасында бұрыннан тұрған зәулім теректер мен ақ қайыңдар күн асқан сайын жапырағы қоюланып, әнші торғайлардың әсем әніне бөленіпті. Ерденді осы қызықтардың бәрінен де қағажулап²⁶ тұрған Темірдің ағаштарының жүдеп қалғандығы болды. Ол екі күн бұрын Темірмен болымсыз нәрседен ерегісіп қалған. «Ал мына ағаштардың бірі орнынан қопарылып құлап қалғанын таң сәріден келіп жүрген менен көруі де мүмкін. Бірақ ол пионер ғой, қалайша ондай жаман ой ойлайды? Менің пионерлік ұятыма сенуі керек қой»— деп ойлады.

Ерден арықта судың жоғын көріп, шелек әкеліп, өз ағаштарына құдықтан су құйды. Кейбір қабыршықтанған топырақты босатып, ағаштардың түбін тегіс қарап шықты. Ол Темірдің ағаштарын да қарап шықты. Қопарылған ағашты қайтадан ұясына жайлап отырғызып, топырағын жинастырып, қалпына келтірді. Осы сәтте баққа отряд советінің председатели Коля да келді.

— Түу, сен тіпті ерте келген екенсің. Мынау су құйып жүргенің Темірдің ағаштары ғой. Ол өзі қайда? — деп Коля ағаш арасындағы алаңға отырғызылған гүлдердің ішін аралады.

— Темірдің өзі әлі тұрмаған болар. Ал, мына ағаштары жүдеп қалған сияқты. Өне бір шеткі ағаш орнынан қопарылып, жығылып та қалыпты. Көре тұра қалай жөндейсің? Орнына жөндеп отырғызып, мына бір жапырағы сарғая бастаған ағаштарына су құйып жүрмін.

— Оның дұрыс-ақ. Бірақ біздің Темір бірбеткей. Өз айтқаны болмаса басқаны мойындамайды. Әнеугүні сенімен ерегіскені де тіпті болымсыз нәрсе...

Коля осыны айтқанда, өзінің Темір жөніндегі ойлағаны дұрыс болғандай Ерден көңілденіп:

— Мен Темір үшін істемеймін, біздің отрядтың абыройы үшін істеймін.

²⁶ Шеттету, бөлектету, окшаулау.

Егер мына ағаштар өспей бүлінсе, ол кемшілікке бәріміз ортақпыз, –деген Ерденнің сөзіне Коля:

– Ия, ол рас. Бірақ әрбір пионер өз міндетін өзі жақсы ұғынуы керек, –деді.

– Әрине солай. Темір мұны ұқпайды емес.

Ерденнің кейінгі сөзіне Коля онша мән берген жоқ, гүлдерге су құйып, топырағын қопсытып болды да:

– Бүгін пионер отрядының жиынында жазғы жұмыстың жоспарын қарап, бекітетін болармыз. Және мына баққа биыл отырғызылған ағаштардың жазғы күтімі жайында да сөйлесеміз, –деп Ерденге жиын хабарын да қайталап ескертті.

... Отряд жиынында пионерлер өздері еккен ағаштардың жазғы күтімі туралы әңгімелесті. Әдетте жиында сөйлеуден гөрі үндемеуді қалайтын Ерден де бұл жолы сөз алды. Оның сөйлеуіне себепші болған Коля еді. «Жаңағыны айт» деп мазалай берді. Ерден сөзін қысылыңқырап бастады:

– Мен көп не айтамын. Ағаштардың орнығуы, тамыр тартуы жақсы. Бірақ күтім жағын әлі де күшейтуіміз керек. Мысалы, Темірдің күтіміндегі ағаштардың өсіп-өнуі көңілдегідей емес. Мен бүгін таңертең ерте тұрып, ағаштарға су құйдым. Арықта су жоқ екен, суды құдықтан



шелектеп тасыдым. Темірдің екі ағашы бүршік атпай семе бастапты. Бір ағашы неден құлағаны белгісіз, орнынан қопарылып қалыпты. Оны көтеріп, орнына қондырдым. Су құйдым. Сол кезде Коля келді. Екеуміз барлық отырғызылған жаңа ағаштарды көріп, ағаш ұяларының қабыршықталған топырақтарын босатып, күн көтерілгенше бақта болдық. Алғашқы кезде пионерлердің бәрі де ағаш күтіміне құнтты еді. Қазір жалыққан тәрізді, – деп сөзін аяқтады.

Темір қатты ұялды, басын көтерместен көзінің астымен ғана Ерденге қарады. Отряд вожатыйы Зәйда салмақты үнмен:

– Ал Темір, бұл жөнінде не дейсің? Ағашыңды күтімсіз қалдырғаның қалай? – деді.

– Мен баққа екі күннен бері бара алғаным жоқ. Үйде бір жұмыс істедім. Бұдан былай қатемді түзетем, – деді Темір қатесін ашық мойындап.

– Үйде не жұмыс істедің? Үй жұмысы ма, әлде сылтау ма? – деді осы кезде Коля.

– Сылтау емес. Рабиға шешей ауырып, бақшасы күтімсіз қалыпты. Екі күндей сонымен айналыстым, – деді Темір алғашқыдай емес, еркіндеу батылырақ сөйлеп.

– Бізге неге айтпадың? Бәріміз істемес пе едік?–деді Коля, тағы да шапшандығына басып. Темір үндемей қалды.

– Бұл үшін Темірді кінәлауға болмайды, – деді осы кезде Зәйда, – дегенмен, айтуың керек еді.

Темір басын изеді...

Жиын біткен соң бірге қайтқан Темір мен Ерден бақ арасына келіп, тегіс гүлдеп келе жатқан жас ағаштардың әсем көркіне сүйсіне қарасты.

– Ерден, саған рахмет! – деді Темір.

Бұған Ерден де қуанды. Темірдің бірбеткейлігі тез оралып, тез кілт етіп қалатын мінезін осы жерде де көрсетті. Көңілдегі разы болған сөзін ашық айтып салды. Екі дос жел тербеген жас ағаштарды аралап мектепке қарай беттеді.




1. Мәтіндегі «Мен Темір үшін істемеймін, біздің отрядтың абыройы үшін істеймін. Егер мына ағаштар өспей бүлінсе, ол кемшілікке бәріміз ортақпыз» деген ойдан қандай қорытынды жасауға болады?
2. Темір Ерденмен арадағы болған жағдайдан қандай сабақ алды деп ойлайсыздар?
3. Досқа адал, қамқор болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы тиіс деп санайсыздар?
4. Осы әңгімеден қандай қасиеттер мен құндылықтарды байқадыңыздар? Әңгімелеп беріңіздер.
5. Өз сыныбыңызда оқушылар арасында сыйластық, достық қатынас орнаған ба? Әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Төменде берілген қасиеттер мен іс-әрекеттердің қайсысы адамдар арасында жақсы қарым-қатынас құруда маңызды деп ойлайсыздар? Өздеріңізге маңыздыларынан бастап орналастырыңыздар: *құрметтеу, сыйлау, қолдау көрсету, көңілін аулау, демеп жіберу, әдептілік, инабаттылық, шынайылық, ізгі ниет, түсінісу, бағалау, есептесу, санасу.*

5-тапсырма. Тақырып бойынша өтілген материалды қайталап, «Ынтымақтастық» сөзжұмбағын шешіңіздер.



Көлденеңінен	Тігінен
1. Адамға деген қамқорлықтың белгісі, сыйлау, қадірлеу.	1. Адамдардың бір-біріне көрсететін демеуі, қолдауы, қорғауы.
5. Бірлікке келу, бірге тірлік жасаудың көрінісі, татулықтың белгісі.	2. Қарым-қатынас жасауда адамды тыңдап, түсіне білу.
6. Адамдардың бірлігі, сыйласымдылығы.	3. Тазалық, ой, ниет және амалдардың тұнықтығы.
7. Ынтымақтасып біріккен бірауыздылық, іштей байланысты табиғи біртұтастық.	4. Адамдардың бір біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті.
8. Мақсаты бір топ мүшелерінің ынтымақтастық, ұйымшылдық көрсетуі.	

6-тапсырма. Ұжымдағы қарым-қатынасты жақсартудың жолдарын көрсететін сахналық көрініс әзірлеңіздер. Сыныптастарыңыздың бойынан өздеріңіз байқаған қасиеттер мен құндылықтарды, олардың қызығушылықтарын, мақсаты мен мүдделерін «Менің құрдастарым» жобасының күнделігінде жазып көрсетіңіздер.



Оқушылар ұжымы – ортақ мақсат және қоғамдық іс-әрекет арқылы біріккен тұрақты бірлестік. Жақсы ұйымдасқан оқушылар ұжымының белгісі – дұрыс қоғамдық пікір, жоғарғы жауапкершілік, өзара сенім. Тек ұжымда ғана адамның бойында жауапкершілік, ұжымшылдық, достық, жолдастық, өзара көмек сияқты бағалы адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Ұжымда шығармашылық, белсенділік, достық, жолдастық байланыс нығаяды. Ұжымдық қарым-қатынас жасаудың негізі – адамдардың ұйымшылдығы мен бірлігі болып табылады.

Тұлға мен ұжымның дамуы – өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын процесс. Адам табиғатпен және өзін қоршаған адамдармен қатынастар жүйесінде өмір сүреді және дамиды. Байланыстардың молдығы тұлғаның рухани байлығын анықтайды, ал байланыстар мен қатынастар молдығы адамның қоғамдық, ұжымдық күшін көрсетеді. Ұжым мүшелерінің бірлігі және әрқайсының өзіндік пікірі болуы, олардың өз араларындағы міндеттерді белгілеп, мұқият орындауы, ұжым мүшелерінің арасында өзара жауапкершілік, көмек және жолдастық, қайырымдылық қарым-қатынастың болуы – ынтымақтастықтың кепілі. Ынтымақтастық бар жерде адамдар өзара бірлікке келіп, бірлесіп әрекет етеді. Ұжымдағы, ел ішіндегі ынтымақтастық татулыққа, достыққа жеткізіп, болашағымызды баянды етеді.



Жан досым

Сөзін жазған Тұманбай Молдағалиев

Әнін жазған Сейдолла Бәйтереков

Іздегенде табылатын қасыңнан,
Көңілі бар қызғалдақтай ашылған.
Көріспесек сағыныштан жүдейтін,
Кім бар екен бала күнгі досыңнан!

Қайырмасы:

Жан досым, үстем болсын мерейің,
Әрқашан жеңісіңді көрейін.
Сырымыз да бітпесін,
Жырымыз да бітпесін, жырымыз да бітпесін!

Қос бұтағы секілденіп ағаштың,
Қатар жүріп сырымызды сан аштық.
Жол тапсақ та бірге жүріп жол таптық,
Адассақ та бірге жүріп адастық.

Қайырмасы:

Жан досым, үстем болсын мерейің,
Әрқашан жеңісіңді көрейін.
Сырымыз да бітпесін,
Жырымыз да бітпесін, жырымыз да бітпесін!

ӨЗГЕЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ-ӨЗІҢЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ



*Шынайы сүйіспеншілік басқа адамның тағдыры үшін
алаңдаған жүректе ғана туындайды.*

Василий Сухомлинский

- Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңыздар.



**Дінмұхамед Қонаев: «Өзге елдің оты
өз еліңнің түтініне де татымайды»**

(Үзінді)

Серік Әдбірайымұлы

Ар ойлап, дүниеге бой алдырмаған екі Адам болса, соның бірі-елі еркелетіп Димаш атаған, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Шыққан тауы биік болды. Бір кісідей биліктің шыңына көтерілді. Бірақ, кісілігін ұлықтыққа жеңдірмеген кім десеңіз, онда да осынау абзал жанның есімі еріксіз еске түседі.

*Шыққан тауы биік болды. Бір
кісідей биліктің шыңына көтерілді.
Бірақ, кісілігін ұлықтыққа
жеңдірмеген кім десеңіз, онда да
осынау абзал жанның есімі еріксіз
еске түседі.*

Сұрақ: Аштықта жеген құйқаның дәмін тоқтықта ұмытып кететіндер аз емес. Димекеңнің шылқа майға батып өскені шамалы. Жоқ пен бардың арасы. Ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс уақытында ер жетті, студенттік бірішек болған күндерді көрді. Оның есесіне, кейін «ақ дегені-алғыс, қара дегені-қарғыс» болды, не ішем, не киемін деген жоқ.

Жауап: Сіздің сұрамақ жайыңызды түсіндім. Димаш Ахметұлы мына беріге дейін орны толмас өкінішіндей бір жайды еске алып отыратын еді. 1933 жылы Ресей жеріндегі Уральскіге, ондағы Дегтярск кенішіне практикаға барады. Мұнда да елдің сіңірі шыққан, аш жалаңаш адамдар. Ертеңнен қара кешке дейін қу тірлік соңында салпақтап жүргені. Білдей-білдей үш жігіт қарапайым шахтердің үйінде үш күн паналап, жан сақтайды. Өздері шиеттей бала-шағалы екен. Онсыз да тапқаны тамағынан артылмай отырған тақыр кедей бұлармен бөліседі. «Қарапайымдылығында шек жоқ еді, – дейтін ол кісі, 1936 жылы институт бітіріп Қоңыратқа жұмысқа тұрған соң, жолда бүлінбейді-ау дейтін тағам, кішкентай балаларына көйлек-көншек салып жібердім.

Мекенжайы Дегтярск, Мәскеу көшесі, 24-үй. Фамилиясы есімде қалмапты. Иван Савельевич деген аты-жөні еміс-еміс еске оралады. Екі-үш қайтара хат жаздым. Жауап болмады». Димекен осыны бітіре алмаған бір шаруасындай қинала еске түсірер еді.

Сұрақ: Демек, қайырымдылық, мейірім ол кісіге тән қасиет болды ғой?

Жауап: Оған күмәніңіз болмасын. Жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары Министрлер Кеңесі төрағасының кезінде Жамбыл облысының қазіргі Байзақ ауданының шаруашылықтарын аралап жүреді. Суармалы егістің шығымын көреді. Балақты санға дейін түріп, белуарға дейін шешініп тастап жалаң аяқ-жалаң бас атыз-атыздың көзін ашып жүрген мұраппен әңгімелеседі.

– Қолдан кетпен түспегелі қанша жыл болды? – деп сұрайды Димекен.

– Соғыстан оралғалы айналдырғанымыз осы тірлік. Тұңғыш балам туған жылы...иә, содан бері он екі жылдай болып қалыпты ғой, –деп жауап береді мұрап.

– Неше балаңыз бар?

– Шүкір, оншақты күшік ізіме ілесіп келеді. Менікі емес, бір Алланікі.

– Егіндік пен ауыл арасы қанша?

– Жеті шақырым болып қалар.

– Машина жүргізуге қалайсыз?

– Трактордан қиын болмас. Баяғыда ХТЗ-ыны айдадық қой.

Сол жерде обкомның ауылшаруашылығы жөніндегі хатшысына бұрылып:

– Мына «Уазикті» мінгеніңізге неше жыл болды? –деп сұрайды.

– Бес жылдан асты.

– Бір кісідей мініпсіз ғой.

– Ілдалап мініп жүрміз, Димеке! – деп елпең етеді әлденеге иегі қышып.

– Олай болғанда былай етсек қайтеді. Машинаңызды мына он баланың әкесіне қалдырсаңыз. Ит өлген жерден құдайдың мына ми қайнатқан күнінде жаяу-жалпылап барып-келу оңай емес. Ал сізге Алматыға барған бойда су жаңа машина жіберейін. Қалай қарайсыз?

– Сіз айтсаңыз, солай болады!

Аң-таң болған мұрап бұ кісілердің қарасы үзілгенше кетпеніне сүйенген күйі тұрып қалыпты...

Сұрақ: Бұған иә сенерсіз, иә сенбессіз?

Жауап: Мен кәміл сенемін. Неге дейсіз ғой? Димаш Ахметұлы қанағатшыл жан. Газет, журналдарда жарияланған материалдарын есептемегенде, қай баспадан қанша кітап шығармасын, соның барлық

қаламақысын жетім балалар үйіне аударып отырған. 1951 жылы Қазақ ҚСР Ғылым Академиясының Президенті болып сайланғаннан 1993 жылы дүниеден қайтқанша академиктік стидендиясын аспиранттарға беріп келді. КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесіне жыл сайын бөлінетін арнайы қаржыны ресми қабылдауға жұмсағаны болмаса, бірде-бір рет қара басы үшін пайдаланбаған кісі. Тіпті пенсияға шыққан соң Зуһра Шәріпқызының аманаты еді деп, 3000 теңгесін, екі кілемін, пианиносын, музыкалық орталықты Алматыдағы № 204 балабақшаға тапсырады. Ал жеке адамдарға жасаған жақсылық, рақым, шапағатында шек жоқ. Оның шет жасаған өз көзіммен көрдім.



1. Димаш Ахметұлының игілікті іс атқаруының мәні неде деп ойлайсыздар?
2. Биліктің шыңына көтеріліп, бірақ кісілігін жоғалтпауы қандай құндылықтардың көрінісі? Нақты мысал келтіріңіздер.
3. «Қанағатшыл адам» дегенді қалай түсінесіздер?
4. Дінмұхамед Ахметұлының бойынан өзіңіз үлгі тұтарлық қандай ізгі қасиеттерді байқадыңыздар?
5. Өзіңіздің риясыз қайырымдылық жасаған кездеріңіз болды ма? Мысал келтіріңіздер.



1-тапсырма. Төмендегі берілген қанатты сөздерден негізгі ойды анықтап, өз ойларыңызды түйіндеңіздер.

Ы. Алтынсарин: «Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе».

Ж. Де Лабрюйер: «Жақсылық жасау—әрекет жасау деген сөз».

Р. Роллан: «Қайырымдылық – ғылым емес, әрекет».

Ж. Ж. Руссо: «Қайырымдылықтан басқаның бәріне қарсы тұруға болады».

М. Монтень: «Қайырымдылық ғылымын игермеген адамға басқа кез келген ғылым тек зиянын тигізеді».

Н. Чернышевский: «Адамның шын мағынасындағы білімді болу үшін үш қасиет қажет – кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім».

2-тапсырма. «Кеңпейілділік», «қайырымдылық», «жанашырлық» сөздеріне қатысты сөздерді топтастырып жазыңыздар.

3-тапсырма. «Жақсылық – жан шуағы» тақырыбына қайырымдылық іс-шара жоспарын жасаңыздар.

– Жоспарлардың ішінен ең шыншыл және тиімдісін таңдаңыздар.

– Іс-шараны іске асырыңыздар.



Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегі адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылыққа даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен өткірлігі, сезімталдық жатады. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау – қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылықтың астарында жүрек жылуы мен шынайы сезім жатады. Адами қасиеттердің қадірлісі қайырымдылық болса, ал оны жасау қамқорлыққа зәру жандардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске қолынан келгенше көмектесіп, үлесін қосу – адамның адаматтық парызы. Әрине, қамқорлық жасау, өзінде барды өзгемен бөлісу, мұқтаж, көңілі жарым жандарға қол ұшын беру – жомарттықтың белгісі және ондай іс тек жомарт жандардың қолынан келеді.



Қайырымдылық қазақ халқына тән қасиет пе?

Демеуова Мария

Біздің ойымызша, сол басқа ұлттан үлгі алмасақ та өзіміздің қанымыз бен жанымызға қайырымдылық мінез сіңген. Арғы тегі сақтардан бастау алып, түркі тілдес тайпалардан бөлініп, қазіргі замандағы рулы ел, ұялы ұлт болғанша қазақ халқы ең кем дегенде бес-алты мыңжылдық тарих талқысынан өткені мәлім. Оның ең бастысы – халқымыздың ұлттық әдет-ғұрпына, сана-сезіміне, ата-салтына, азаматтық ар-ожданына ұялаған ерекше қасиеттері. Қайырымдылық қазақ тіршілігінде түрліше іске асырылып отырған. Біріншісі–жылу жинау әдет-ғұрпы. Мәселен, әртүрлі себептерден табиғат апаты салдарынан малынан, үй-жайынан айрылып қалған адамдарға ел-жұрт, ауыл-аймақ дүние-мүлік, мал жинап берген.

Екіншісі – көрші-қолаңның, ағайын-туыстың жалғыз аты немесе сиыры өлсе, оның етін көпшілік болып бөлісіп, орнына бірігіп мал сатып әперуі. Үшіншісі–алыс сапарға аттанғанда кедей қауымдастарына сорпасу деп ұсақ малдан қарасу, мініске деп жылқы беру, көлік деп көшуге, малға жем-шөп даярлауға қажетті түйе беріп көмектесуі. Төртіншісі–кедей-кепшіктерге жаз кезінде сауынға мал беруі. Бай адамдар қашан болсын кедей-кепшіктерге, жетім-жесірлерге, мүгедектерге,

қайыршыларға жәрдем көрсетіп отырған. Айта берсек, жетіп артылады. Осының өзі-ақ қайырымдылық қазақы қасиет деуге болады. Қазақ халқы қайырымды болудың қажеттігін балаға ес кіргеннен бастап айтып, бойына сіңіріп отырған.

Ескіден қалған тағы бір тағылым – Ақсақ Темір Қожа Ахмет Иасауидің ескерткішін салдырғанда оның бір бөлмесіне қазандық жасап, оған 60 шелек су сиятын Тайқазан орнаттырған. Заманында осы қазанға 2,5 батпан ақталған бидай, 2,0 батпан ет салып пісіріп, әр жұма мен дүйсенбі күндері алыстан келген табынушыларға, сопыларға, муриттерге, мүсәпірлерге, дәруіштерге тамақ береді екен. Бұл – сонау XIV-XV ғасырдағы қазақ еліндегі қайырымдылық. Бұрынғының ауқатты адамдары алдына келген мүгедек-мүсәпірлерге мал-мүлік беріп, ел қатарына қосқан. Ертедегі байлардың қайырымдылық істерге баруы да бір жағынан қайырымдылық, екінші жағынан отансүйгіштік сияқты. Аурухана, мешіт, шіркеу, мұражай сияқты орындарды салдыру қашан да қай халықта болсын бар. Құнанбайдың Қарқаралыдан мешіт, ал Меккеге барғанда қандастары тоқтайтын қонақ үй салдыруы, сол кездегі бай шонжарлардың қайырымдылық істері.

Әрбір мұсылманның бес парызының ішінде қайыр-садақа беру де бар. Біз сияқты нарықтық экономикаға көшіп жатқанда ізгілік мәселеріне көңіл бұрып тұру қажет. Кезінде қандай экономика үстемдік етпесін әр халықтың ерекшелігіне қарай сапалық белгісі болады. Мысалы, кәрістерге еңбексүйгіштік, немістерге тазалық, тыңғылықтылық, американдарға іскерлік, жапондарға қоғамдастық, қазақтарға қайырымдылық тән екен. Қайырымдылықты сөз еткенде бүкіл әлемнің бедел биігіне көтерілген Тереза шешей туралы айтпай кетуге болмас. Оның қайырымдылық жолы тарихқа өшпейтін із қалдырған. Тереза шешей 1950 жылдан бастап әртүрлі діни бірлестіктер ашып, оны қайырымдылық орденіне айналдырған.



1. «Қайырымдылық» деген ұғымды қалай түсінесіздер?
2. Қамқорлық көрсету, басқалардың қамын ойлау, жанашырлық таныту қандай құндылықтардың көрінісі деп ойлайсыздар?
3. Қайырымдылықтың, жанашырлықтың көрінісі қандай ұлттық дәстүрлерде байқалады?
4. Айналадағы адамдарға риясыз көмек көрсету деген не?
5. Жомарттық малмен бола ма, жоқ пейілмен бола ма?– деген сұрақты қалай түсінесіздер?



4-тапсырма. Төмендегі тапсырма бойынша өз бойыңыздағы жақсы қасиеттердің бірін тандап, сөйлемді аяқтаңыз. Өз өміріңізден мысал келтіріп, түсіндіріңіз.

Үлгі: Мен жақсылық жасай аламын, себебі мейірімдімін.

1. *Мен жақсылық жасай аламын, себебі...*

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтармен байланыстырып «Менің түсінігімдегі қайырымдылық» тақырыбына ой-пікірлеріңізді сыныптастарыңызбен бірге талқылап, өз тұжырымдарыңызды жасаңыздар.

1. «Кеңпейілділік» деген ұғымды қалай түсінесіздер?
2. Қайырымды адамның ұстанымдары қандай болады?

6-тапсырма. «Жомарт адам бергенін айтпас» атты тақырыпқа ой-толғау жазыңыздар.

7-тапсырма. Құрбы-құрдастарыңыздың немесе кез келген жасөспірімнің, сыныптасыңыздың өзара қарым-қатынаста достарына, сондай-ақ айналасына қайырымдылық, кеңпейілділік, жомарттық танытып, риясыз қызмет еткен оқиғаларын байқадыңыздар ма? Бақылауларыңыздың нәтижелерін «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне жазып көрсетіңіздер.



Қайырымдылық – ол басқалардың игілігі үшін қамқор болу. Қайырымдылық адамдармен, жануарлармен, табиғатпен қарым-қатынаста байқалады. Шынайы қайырымды болу – өзіңнен гөрі адамдар мен айналаны қоршағандарға қамқор болу дегенді білдіреді. Ол – рақымшылық пен аяушылық. Қайырымды кісі әрқашан басқаларға көмекке келіп, әр кез жақсылық жасағысы келіп тұрады. Адамның өзге адамдарға шын пейілмен жақсылық жасауынан жомарттықты байқауға болады. Адам бойындағы сезімталдық, қамқорлық қасиеттер риясыз көңілмен өзінде барымен бөлісуге жетелейді, зәру адамдарға қол ұшын беру – кеңпейілділіктің белгісі. Жаны жомарт, қолы ашық, кең пейілді адам өз ортасында сыйласымды, жарасымды өмір сүреді. Жомарт болу үшін дүние-дәулеттің мол болуы шарт емес. Жомарттық малмен емес, ақ пейілмен болады. Жомарт адам өзгелерді бақытты етуден бақыт табады. Тіпті кішкене уақыты мен күшін жұмсағанның өзі оны қуанышқа бөлейді. Нәтижесінде мұндай адам ақшаға сатып алынбайтын игіліктерге қол жеткізеді.



Мен сені сүйем, өмір

Сөзін жазған Жадыра Байбұланова

Әнін жазған Роза Әлқожа

Өмір, өзінді таппай іздеп өзек талса да,
Өмір, мен кешкен мөлдір таза мезет қаншама.
Өмір, жанымда бақ пенен зор кезек болса да,
Мен сені сүйемін, өмір, мен сені сүйемін, өмір.

Қайырмасы:

Алдымнан мұнартып шақырды дала-ау,
Жарыққа күнә ғой жақындамау.
Әлі де сөнбеуге хақым бар-ау,
Мен сені сүйемін, өмір.
Берерін білмеймін әлі ертеңнің,
Өткеннің үзігін әрең тердім,
Сонда да келеді тағы өртенгім.

Өмір жеткенде бір биікке құлап қалсам да,
Өмір бойдағы қайта тұрар қуатты алса да,
Өмір алдына талай сыңсып жылап барсам да,
Мен сені сүйемін, өмір, мен сені сүйемін, өмір.

Қайырмасы:

Алдымнан мұнартып шақырды дала-ау,
Жарыққа күнә ғой жақындамау.
Әлі де сөнбеуге хақым бар-ау,
Мен сені сүйемін, өмір.
Берерін білмеймін әлі ертеңнің,
Өткеннің үзігін әрең тердім,
Сонда да келеді тағы өртенгім.

Өмір, күз болып салдым әнін сағыныштардың,
Өмір, аппақ қар болып кейде алып ұшқанмын.
Өмір, көктемдей саған бірақ әлі құштармын,
Мен сені сүйем, өмір, мен сені сүйем, өмір.

БАҚЫТ – БІРЛІКТЕ



*Адам табиғатқа тәуелді болса,
Табиғат та оған тәуелді.*

Анатоль Франс

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңыздар.*



Күлімде, Күн, күлімде!

Құрманбай Толыбаев

Жер беті ертеден қара кешке дейін тынбаған дүбірден, жүріс-тұрыс қозғалысынан қалжыраған сықылды. Күн бата манаурай мүлгіді де, ұйқысы меңдеткендей қалғи бастаған. Маңайда ешбір қыбыр жоқ. Көңілді алаңдатар сыбдыр-сыбыс естілмейді. Назар аударар қараңқұраң да байқалмайды. Мелшиген мылқау қараңғылық барған сайын қоюланып, айналадағы ашықты қара шымылдық көлегейлеген. Аң да, құс та тыныштық құшағына бөленген. Бесіктей тербететін самал да еспейді. Қорадағы қой бырт-бырт күйсеп, бейғам жатыр. Түннің торғындай қара мақпал пердесі төңіректі тұмшалаған. Аспан да тұңғиық түбіндей тымырайып, шұңқырға іркілген судай тұнған. Дөңкиген жон-жотаның етегі далия жаймаланып, үлкейіп кеткен.

Алыс-жақынды болжау да қиын. Аспан күмбезіне көз жетпейді. Алыс шалғайда жымыңдаған мың-миллион жұлдыздар майы таусылған шырақ құсап өлеусірей жылтылдайды. Тастай қараңғы шыңыраудың түбіне шашырай түсіп кеткен ұшқындар сықылды. Жалпақ жапыраққа жабысып қалған жұлдыз құртынша жыбырлайды. Кейбір шоғыры домна пешінің ішінде құж-құж қайнаған болат қорытпасының түйіршіктеріндей қызыл күреңдене жылтырағанымен, жарығы аз.

Өлден уақытта осы қым-қуыт, асай-топар, аумалы-төкпелі құбылысты сыпырып, түннің түндігін түргісі келгендей, салқын лебімен баяу желпіп самал есті. Қалқиған үлкен таудың етегіне қарай салаланған жон-жота ұйқысы бөлінген алыптай ыңырана қыбырлады. Аспанның күншығыс төрі ақтаңдақтанды. Сай ішінен құстың үні, аңның жүрісі білінді. Алыс көкжиектің жер шегімен қабысқан түкпірі бозарды. Таң сәулесі сүзіле сарғайып, биікке қанат жайды. Жамырай шашыраған мамыражай жарық та бірте-бірте құлашын жазып, жер үстіне тұтас жайылды. Осынау тұрақсыз ауыспалы құбылыстардың өзі мүлгіген әлемге қуаныш нұрын себелеп тұрғандай мерейлі...

– Таң атты, таң атты!... – деп, төменгі жазықтан, жалпақ алқапқа егілген астық арасынан бөдене шақырады. Дауысы балғамен соққан тақтайдай тақылдайды. Қойнаудағы ойпатта көлкіген көлдің шарасы

қаңылтырдай жалтырайды. Бөденеге копа маңында жүрген тырна үн қосты:

– Тұ-рың-дар, тұ-рың-дар!..

– Шыр-қаң-дар, шыр-қаң-дар!.. – деп, сол заматта бұл дабыраны көкке шырқап шыққан бозторғайлар іліп әкетті.

Демнің арасында жер үсті әр қилы үнмен дүңкіп сала берді. Әнші құстардың әуені біріне бірі ұласты. Маңай түгел ұйқыдан оянды.

Таулардың төбесін күннің шұғыласы аймалады. Аздан кейін жалпақ даланың төсіне маржан сәуле себілді. Шөптің бетіндегі шық күмістей жылтылдайды.

Тұс-тұстан андыздап мал өрді. Күжірейген мүк ағаштар ұйқысын ашқысы келіп керілгендей, жап-жасыл жапырақтарын судырата сілкілдейді.

Қан қызыл қою шұғыласын ағыл-тегіл ақтарып, шырадай жанған дөп-дөңгелек күннің шарасы қылтиды. Жер бетіндегі дүбірден, алыстан естілген сарыннан қуаныш лебінің, шаттық толқынының сазы шалқиды.

– Күлімде, Күн, күлімде!.. – деп, табиғат бөбегінің бәрі жамырай ізгі тілектерін ақтарды. Осы бір қасиетті ниетті, асыл сезімді әнге қосып асқақтата шырқаған құстардың әуені неткен әсерлі еді... жүрегінді әлдилейді, бесіктегі бөбектей тербетеді, елжірей аймалап, еркелетеді. Арманыңды жетелей әуелетіп, аспанға алып ұшады. Балқыған шұғылаға малына күлімдейсің.

Қыз-қыз қайнаған шуақтың жылуына шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа жоталарын тосып, рахаттана тыныс алады. Тұнық нұрға қанып алу үшін ентелеп, құжынай ұшады. Шегірткелер де мәз. Уайымсыз дүние тынысына елтіген. Шаттана шырылдайды.

Жан-жануарлар да, құс пен жәндіктер де қыбырлап жүріп, күні бойы өздерінің үйреншікті әуендерінен танбайды. Қоқырайған жартастың бауырынан төмен құлаған бұлақтың күмістей сыңғырына шегірткелердің нәзік шырылы қосылады. Жер бетін мекендеушілердің біріне бірі ұқсамайтын үндері кеуделерін жарып шыққан қуаныштарының сарыны секілді. Құлақ тоссаң, бойың балқиды, жүрегін елтиді. Осының бәрі жарық дүниенің ерке, еркін үні екенін түйсінесің. Осы бір ұлан-асыр ызы-шудың өзі адам баласының көкейіне балдай тәтті, оттай ыстық сезім құйып тұрған жоқ па!.. Сондықтан сәт сайын сана жаңғырады.

Алыстан көгілдірленіп көрінген таулардың арғы түкпірінен тіке аспан төріне өрлеп, нарттай қызыл Күн шығып келеді. Жердің үстін



жалындай алаулы шұғылаға малындырып, құшырлана айналайды. Жасыл шалғын, көк бұйра құрақ, ну ағаш, мөлдір бұлақ соған ғана мейірленген. Бәрі де елти балбырап, құшырлана өміренеді. Айналадан:

– Күлімде, Күн, күлімде!.. – деген ұлы тілек сарыны гулей естіліп тұр. Жан-жануарлар дауысы айрықша ырғақпен дүрілдейді. Дүбір де жердің үні емес пе! Адам жанын әлдилеп, шаттыққа бөлейді. Кеудені арманға толтырып, жұмсақ лебімен желпиді. Шөп басында, тас төсінде, ағаш жапырағында үміттің ұшқыны құсап күміс шық жылтырайды.

– Жарқыра, Күн, жарқыра! – деп көлкілдей тербеледі мөлтілдеген тұнық шық.

Күн сайын ұлан-асыр шуаққа малынған адам баласының, жан-жануарлардың іс-әрекеттері осылайша басталады да, өз армандарына жету үшін ілгері жылжи береді. Сонда бәрінің қосылып салған әнінің сарыны біреу-ақ:

– Күлімде, Күн, күлімде!..

Бұл – үміт пен мұрат қайнарының шығып жатқан көзі. Өмірдің басталуы да осы шығар...



1. Қоршаған ортаны қабылдауда адам қандай сезімдерге бөленеді?
2. Табиғатты анаға теңеудің сыры неде деп ойлайсыздар?
3. Айналамыздағы әсемдікті сезіну үшін адам бойында қандай қасиеттер көмектесе алады?
4. Адам мен табиғаттың үйлесімінің нәтижесі қандай болады?
5. Адамның қоршаған ортамен байланысы қандай құндылықтардың көрінісі деп ойлайсыздар?
6. Өздеріңіз табиғатпен, қоршаған ортамен қандай байланыстасыздар?
7. Табиғатқа қандай қамқорлық көрсетіп жүрсіздер?
8. Өзіңізді әлемнің, табиғаттың бөлшегі ретінде сезінесіз бе?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік туралы ой-толғау жазыңыздар.

Бүкіләлемдік тіршіліктің төрт құдіретті негізі бар. Олар: Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су. Адамзат күнделікті тіршілігінде осы төрт құдіретке сүйенеді. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан адамзат Күнді, Жерді анадай ардақтайды. Күн – барлық тіршіліктің құдіретті тірегі. Оның нұры-сәулесі, құдіретті күші – от. Әлемдегі барлық тіршілік оттың күшімен қозғалысқа түсіп, адам өмірін өркендетіп тұр. Отты халық қастерлеп, «отты баспа», «отпен ойнама», «отқа түкірме» деп, ырым, тиым жасап, кесір-қырсықты отпен «аластап», отқа табынған. Отбасы, отағасы, отау деген сөздер отты қастерлеуден шыққан.

Ал Жер-ана тіршілікке нәр беріп, анамыздай асырап жатыр. Халық Жер-ананы әулие тұтады. «Баптағанға – жер жомарт», «Жері байдың – елі бай», «Туған жер – алтын бесік» деп, Жер-ананы аялаған.

Жер-жаһандағы тіршіліктің нәрін сіңіріп, өмір сүрудің тірегі болып тұрған құдірет – су. Өмірге ең қымбат, ең қажетті болғандықтан, халық судың шығып жатқан жерін «әулие бұлақ» дейді. «Судың да сұрауы бар» деп, суды ысырап жасамау керектігін өз ұрпақтарына ескертіп отырған.

Жанды дүниенің өмір ырғағын жасап тұрған келесі құдіретті нәрсе – ауа. «Ауа – өмір тынысы», – дейді халық. Ең қымбатты, қажетті нәрсені «ауадай қажет» деп, халық ауаны қымбаттың қымбаты деп бағалайды.

2-тапсырма. Айналадағы табиғаттың сұлулығын қалай қабылдайтыныңызды көрсетіп, «Табиғат» тақырыбында синквейн жазыңыз.

3-тапсырма. Ақын Жұпаркүл Асылованың «Құдіретті Жер – Ана!» өлеңін оқып, ондағы айтылған ойды сыныптастарыңызбен талқылаңыздар.

Ұлы далам, туып өскен мекенім,
Қасиетінді тілге тиек етемін.
Бар тіршілік иесінің анасы,
Құдіретінді елге сыр ғып шертемін.

Өзіңде өндім, бүршік атып, көктедім,
Сенде өтті қысым, жазым, көктемім.
Топырағыңнан бойға қуат, нәр алып,
Сенің арқаң осы күнге жеткенім.

Өзіңнен мен алар едім кендікті,
Алар едім қайсарлықты, ерлікті.
Талай нәубет көрсендағы міз бақпай,
Көрсетпедің ұрпағыңа кемдікті.



Табиғат – тіршілік көзі. Оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен роль атқарады. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес еді. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әрқилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар. Ол – ырыс пен

мол қазынаның қайнар көзі, сондықтан халқымыз: «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажеттінің табылар содан бәрі» – деп бекер айтпаған. Адам мен табиғат егіз. Шынында табиғат үлкені. Тіпті, ата-анаң, асыраушың есепте. Сондықтан табиғатты сүйуге, аялауға міндеттіміз. Шын сүйу үшін оның қадір, қасиетін, табиғатын жете ұғуға тиіспіз. Сонда ғана оған шын қамқоршы боламыз.



Сырлы да қазыналы әлем – табиғат (Үзінді)

Құттыбек Құрманов

Адам баласы тіршілік етуінің алғашқы күнінен бастап-ақ өзіне қажеттінің бәрін қоршаған орта – табиғаттан алып келеді. Бертін келе адамдар табиғат байлығын топтасып, қоғамдасқан күйде игере бастады, олар пайдалы қазбаларды өндіріп, жер өңдеді, жануарларды қолға үйретіп, өсімдіктердің көптеген түрлерін пайдалана білді. Алайда адамның табиғатты өзгерту әрекеті оған өзінің кері әсерін тигізбей қоймады. Бірте-бірте табиғаттың берерін тек бір жақты алып отырудың зардаптары да біліне бастады. Ұзақ жылдар бойы қарымтасын қайтармастан, жерді пайдалана беру оның құнарлығын кемітті, көптеген жерлердің ағаштары кесіліп, ормандары сирей бастады, аңдардың, балықтардың кейбір түрлері азая берді, өзен, көл сулары да бара-бара жарамсыз болып қалатын жағдайлар орын алды. Дегенмен, адамның өзгертушілік әрекеті әлі де кең көлемде болмағандықтан, мұндай өзгерістерді табиғаттың өзі-ақ қалпына келтіріп отырады.

...біз туған өлке жайлы айтқанда оның өзіндік ерекшелігін біздің ұлы Отанымыздың қасиетті ерекшеліктерінің бірі ретінде еске аламыз.

Адам қоғамының дами бастаған кезеңінде адам табиғат алдында зор тәуелділікте болды. Ол климатқа да, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне де тәуелді еді. Біртіндеп табиғатты меңгеру, оның көптеген сырларын ұғыну нәтижесінде адам оның қиыншылықтарын жеңе алатын дәрежеге жетті. Оған енді климат, өсімдіктер мен жануарлар әлемі бұрынғыдай ерекше қиындық туғызбайды. Адам баласы жайлы үй, сәулетті қалалар тұрғызып, жылы киімдер тігу арқылы суықтан сақтанса, техниканың, тыңайтқыштар мен жасанды жарық, гидропониканың жәрдемімен өсімдіктерді қолдан өсіре алатын болды, жануарларды қолға үйретті. Сөйтіп, табиғат алдындағы тікелей тәуелділіктен арылып, адам біртіндеп оны өзіне тиімді пайдалануға үйренді. Алайда, адам да табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, табиғи ресурстарсыз өмір сүре алмайды, бұл – қоршаған орта элементтерін тиімді, ұқылыптылықпен пайдалану қажеттігі идеясын алға тартады.

Табиғат және адам деген ұғым бүгінде бір-бірімен ажырамастай мағынаға ие болған. Оның маңызы адамның бар қажетін табиғаттан алуында емес, сондай-ақ адам да табиғаттың бір буыны болып есептелінетіндігінен арта түседі.

Заңғар таулары мен кең байтақ даласы, жайқалған жасыл ормандары мен шалғындықтары, буырқанған теңіздері мен асау өзендері, сансыз қалалары мен селолары бар Жер беті ғылыми тілде айтылатындай литосфера ғана емес, ол – біздің туған өлкеміз, ол – біздің туған үйіміз және сүйікті мекеніміз. Оның қойнауын зерттей отырып, біз алуан түрлі қазба байлықтарына ие болып, табиғаттың небір асыл қазынасына кенелудеміз.

Туған өлке деген ұғым әркімнің туып-өскен жерін еріксіз еске түсіреді. Жас шағымыздың, балалық бал дәуреніміздің куәсі болған туған өлкеге әркім-ақ ыстық ықыласын, өзінің ризашылық сезімін арнайды. Біреу үшін туған өлке ұғымы оның шексіз даласымен, жұпар иісті шабындықты-шалғынмен, айдын көлдерімен, асқар тауларымен, жайқалған ормандарымен ұштасып жатады, ал енді біреулер үшін бұл ұғым тербелген алтын астығымен, мыңғырып өскен малымен, бау-бақшаларымен, дүбірлі еңбек майданымен байланысып жатады. Туған өлке табиғатының алуан түрлі көріністерін бұл жерде толығымен сипаттап шығу мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда, туған өлкенің әркім үшін ең сүйкімді, мәңгілік ұмытылмас артықшылықтары бар. Ол бізге үнемі қуат беріп, сол өлкенің бір перзенті екендігімізге әр уақыт шабыттандырып отырады.

Туған өлке деген ұғым әрқашан да Отан деген ұлы ұғыммен ұштасып жатады. Бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырып тұрған синоним тәрізді. Сондықтан да біз туған өлке жайлы айтқанда оның өзіндік ерекшелігін біздің ұлы Отанымыздың қасиетті ерекшеліктерінің бірі ретінде еске аламыз.

Адамның бойындағы табиғат әсемдігін, қоршаған орта құбылыстарын байқағыштық қабілет оның жанын байытады, айналадағы әсемдікті сезіне білуге үйретеді, зейінін арттырады, ең ақырында оның байқағыштық қабілетін ұштай түседі. Табиғат құбылыстарын байқағыш адам көп нәрсені тез аңғарады, демек, ол көп біледі. Оның жан сезімі асқақ, ой-әңгімелері әсерлі де тартымды болады. Ол өз әңгімелеріне жақсы теңеулер, әсем тіркестер қолдана біледі. Мұндай адамның әңгімесін тыңдау рухани ләззатқа бөлейді. Мұндай адамды осындай сый-құрметке бөлеген табиғат, оның әсемдігі деуге болады, демек, ол – табиғат арқылы тәрбиеленген адам.

Табиғат аясы бар адамды өзіне тартады, еліктіреді, біздің бойымызға рухани нәр береді.



1. Автор табиғаттың сұлулығын қалай суреттейді?
2. Адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігінің мәні неде деп ойлайсыздар?
3. «Адам – табиғаттың бір бөлшегі» дегенді қалай түсінесіздер?
4. Табиғат адамға нені риясыз береді?
5. Табиғат бізді неге үйретеді?
6. Айнала қоршаған ортаны аялап, сақтап қалуда жалпыадамзаттық қандай құндылықтар көрініс табады?




4-тапсырма. Суреттерді қараңыздар. «Табиғат шеберсің-ау, шеберсің...» тақырыбында әңгімелеңіздер. «Мөлдір бұлақ» жас зиялыларға арналған танымдық журналдан алынған <http://moldir-bulak.kz/?cat=29>.



Бүркіт тас. Алматы облысы.



Бүйен өзені. Алматы облысы.



Тасбақа тас. Алматы облысы.



Шоқпар тас. Алматы облысы.

5-тапсырма. Мәтінді оқып, «Төрт сөйлем» әдісі арқылы талдаңыздар.

1. Кіріспе. Мәтін туралы кіріспе сөз айтады.
2. Негізгі ой. Мәтіннің негізгі ойын табады.
3. Қорытынды. Мәтін бойынша қорытынды шығарады.
4. Толықтыру. Мәтінді өз ойларымен толықтырады.

Жолсапар суреттері

Генрих Гейне

Мен өмір сүріп жатырмын! Менің кеудемде табиғаттың ұлы ырғағы соғып тұр, мен қуаныштан айқайлағанда, ол мың есе жаңғырып, маған жауап береді. Мен мыңдаған бұлбұлдың үнін естимін. Жерді таңғы ұйқысынан ояту үшін оларды көктем жіберіп отыр, жер беті шаттықтан

шалқиды, оның гүлдері күнді қарсы алғанда айтқан әнұран секілді. Күн тым баяу қозғалады, менің оның от тұлпарларын тезірек шапсын деп қамшылағым келеді.

Ал ол, ысылдап, теңізге түсіп, түн оны өз құшағына алып, өзінің сағынышқа толы жанарын ашқанда, сол кезде ғана мені шынайы қуаныш кернейді. Жұлдыздар маған бас изейді және мен кішкентай жер мен адамдардың кішкентай ойларынан жоғары көтеріліп, көкке самғаймын.

6-тапсырма. «Табиғатты қорғайық!» тақырыбына іс-шара жоспарын құрып, төмендегі кестені толтырыңыздар.

Менің жоспарым	Болашақтағы нәтижесі

7-тапсырма. Сыныптастарыңызбен, достарыңызбен табиғат аясына шыққан уақытта олардың өздерін қалай ұстағаны, қоршаған табиғатқа қарым-қатынасы қалай болғанын, құрбы-құрдастары және табиғатпен бірлігі қалай көрініс тапқанын Жоба күнделігіне жазып толтырыңыз.



Адам үшін табиғат – ең қасиетті де қастерлі ұғым. Өйткені, адамның өзін дүниеге әкелетін аяулы да қадірлі жаны анасы болса, адамның табиғатты «Ана» деп құрметтеуінде өте үлкен мән жатыр. Адам – табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, адам өзіне керекті, қоректі заттардың бәрін табиғаттан алады. Сондықтан табиғат пен адамды бөліп қарауға болмайды. Әсіресе, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін табиғатсыз елестету мүмкін емес. Сан ғасыр бойы халқымыз кең далада өзін аялаған табиғат аясында көшіп-қонып тіршілік еткен. Табиғаттың сан алуан құпия сырларына үңіліп, өзіндік ой түйген. Сол арқылы табиғат заңдылықтарына үндесіп, бірлікте өмір сүрген. Әсіресе, мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз өз кәсібін табиғатпен үйлесімді жүргізіп отырған. Табиғатқа аялы алақан, жылы жүрек сезімі, көздің қарашығындай қамқорлық керек екеніне ерекше мән берген. Сондықтан әрбір адам Жер-Ананы аялап сақтауға өз үлесін қосуы тиіс.



Өзіңнен баста

Сөзін жазған Ділбар Маликова

Әнін жазған Марат Балмырза

Бұл өмір сабырлы болғанды ұнатар,
Сыны бар, кей-кезде қатігез жылатар.
Адалдық туын көтеріп жүргеніңмен,
Жалғанда жан көп шалып, сені құлатар.
Уақыттың, түсін, қайта айналып келмесін,
Қайтару мүмкін емес тағдыр кемесін.
Адам боп (болып) өмір сүремін десең егер де,
Алладан кейін тек өзіңе сенесің.

Қайырмасы:

Керемет жан санамай өзіңді босқа,
Өзіңнен шыққан әрбір сөзіңді раста.
Иілмес айналаңның бәрі сен үшін,
Өзгерткің келсе бәрін өзіңнен баста.

Өмірде жүрме ешқашан тым тәкаппар,
Алдыңда күтер қашанда көп сынақтар.
Басыңа қонған баққұсың бір күні ұшса,
Жақыныңнан өзгенің бәрі жырақта.
Арманыңның бағың бір биік белесін,
Дәлелде, бәрі жақсыға теңесін.
Өзгерткің келсе кенет жат мінезіңді,
Өзіңді білдің, өзің ғана жеңесің.

Қайырмасы:

Керемет жан санамай өзіңді босқа,
Өзіңнен шыққан әрбір сөзіңді раста.
Иілмес айналаңның бәрі сен үшін,
Өзгерткің келсе бәрін өзіңнен баста.

Түзу жолдан адаспай, көзіңді аш та,
Амалың бар ма сірә, төзумен басқа.
Иілмес айналаңның бәрі сен үшін,
Өзгерткің келсе бәрін өзіңнен баста.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Ата-ана, бауырларыңыздың алдында қандай жауапкершілікті сезінесіз?

- а) Жауапкершілік, міндеттер мен борыштар.*
- ә) Білемін, бірақ әзірге сезіне қойған жоқпын.*
- б) Ешнәрсе де сезінбеймін.*

2-тест

Сіздің сыныптастарыңызбен қарым - қатынасыңыз қандай?

- а) Әртүрлі қарым-қатынас жасаймын.*
- ә) Қарым-қатынас мен үшін маңызды емес.*
- б) Сыныптастарыма сыйластықпен, құрметпен қараймын.*

3-тест

«Көкірек сарайы кең» деп қандай адамды айтуға болады?

- а) Тек өз пайдасын ойлайтын адамды.*
- ә) Терең ойлы, білімді адамды.*
- б) Көңіл-күйі, сезімі, ішкі жан дүниесі бай адамды.*

4-тест

«Табиғат – тіршілік көзі» деген тұжырымға сіздің көзқарасыңыз қандай?

- а) Адам үшін табиғат – ең қасиетті де қастерлі ұғым.*
- ә) Мен үшін табиғат тек күнкөріс көзі.*
- б) Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес.*

К.Ушинский: «Өз Отаныңның перзенті бол, туған жер топырағымен байланысыңды терең сезін, оған перзентіше қара, одан алғаныңды үш еселеп қайтар».

В.Г. Белинский: «Адам, ең алдымен, өз елінің перзенті, өзінің туған жерінің мүдесіне жан-жүрегімен берілген азамат болып табылады».

IV ТАРАУ

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ





«Менің құрдастарым» жобасы

IV кезең

Төртінші кезең – қорытынды кезең. Өз жасаған зерттеулеріңіздің нәтижелерін рәсімдеп, тұсаукесерін жасау керек.

1. Тұсаукесер әртүрлі формада болуы мүмкін: өздеріңіз түсірген кино, коллаж, слайдтық таныстырылым, әдеби туынды, фотомонтаж ...
2. Мүмкін, сіз бірнеше жанрдың мүмкіндіктерін пайдаланатын шығарсыз?
3. Өз жобаңыздың тұсаукесеріне кімдерді шақырғыңыз келетінін ойластырыңыз.
4. Жұмысыңыз ұжымдық бола ма, әлде жеке өзіңіздің таныстырылымыңыз бола ма?
5. Ең бастысы: таныстырылымда сіз өзіңіз үшін және қоршаған әлем үшін не ашасыз?
6. Бұл жоба сіздің жоспарларыңызға, мақсаттарыңызға, өмірлік бағдарламаңызға қалай әсер етеді?

АДАМЗАТ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ



*Өмірде құны ескірмес,
Бағасы құнды асыл сөз.*

Сүйінбай Аронұлы

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Төле бидің даналығы

Аңыз әңгіме

Төле би жолаушылап келе жатып, жолдасымен қарақшылардың қолына түседі. Мал беріп құтылмақ болады да, малды алу үшін қарақшыларды хат беріп ауылына жібереді.

– Біреуің менің атыма мініңдер, шапанымды киіңдер. Сонда шынымен мен жібергеніме сенеді. Сөйтіп хатты апарып, малды айдап қайтасыңдар,–дейді би.

Сонымен екі қарақшы хатты алып ауылға келеді. Хатты оқып, ауылдың үлкендері таң қалысады. Хат өз қолымен жазылған және атын мінгізіп, шапанын кигізіп жіберген. Бірақ мұнша мал Төледе жоқ қой. Бұл қалай? Біреу оны айтып, біреу мұны айтып, бастары қатады. «Құда болса болған шығар. Ел-жұртым тауып берер деп сенген шығар?» – деседі. Ақырында Данагүлмен ақылдасады.

– Сіздер атамның сәлемін түсінбей отырсыздар, – дейді келіні. – Ол кісі қарақшылардың қолында тұтқын боп отыр екен. «Қырық құнан атан берсін» дегені – қырық мықты жауынгер жігіт. Демек, қарақшының да қырық болғаны. «Жиырма бура» дегені – жиырма палуан, күштің басым түсуі үшін керек. «Сегіз ақ бас атан» дегені – сегіз ақсақал, сөзге сендіру үшін қажет. Сол босағадағы күміс – ұлы, оң босағадағы алтыны мен едім. «Алтынымды тұтас берсін» дегені – мені келсін дегені. Жұмбағымды шешер деп атам маған сенген екен.

Данагүлдің ақылдылығына ауыл ақсақалдары дән риза болысады. «Жарайды, сұратқан малын береміз» деп, екі қарақшыны қонақ етеді. Хаттағыға сәйкес мал жинап, қарақшылардың алдына салады да, екі-үш малшы мен Данагүлді қастарына қосып береді. Ал қырық жігіт, жиырма палуан мен сегіз ақсақал бұлардың соңдарынан жасырын ілесіп отырады. Құмның шетіне ілігіп барар жерлеріне жақындаған соң, екі қарақшыға Данагүл:

– Ал енді сіздер алдымен барып хабарын бере беріңіздер. Біз малды жая айдап, арттарыңыздан жетерміз, – дейді. Өзі іштей ол араға күн бата жетуді есептейді.

– Айтқаны рас екен, малды берді, екі-үш малшысы мен келіні айдап келеді, – деген хабар жеткесін, қарақшылар қуанысып, аттарын қоя беріп, қаперіз жайғасады.

Көз байлана бере қалың қол сау етіп келді, қамсыз қарақшыларды басып қалады. Бәрін байлап-матап тастаған соң, сол арада Төле би оларға былай дейді:

– «Ғұмыр – біреу, кезек – екеу» деген. Кеше мені тұтқындап едіңдер, бүгін менің тұтқынымсыңдар. Дүние кезек деген осы. Сендердің елге пайдаларың жоқ: жарлының жалғзын тартып аласыңдар, шөлдеп келе жатқан жолаушыны тонайсыңдар. Жұмыстарың – жұртты жылату. Пайдаларың өздеріңе де тимейді, әйел-бала жоқ, қаңғып күн кешесіңдер. Қанша жыл қарақшылық жасасаңдар да құтаймайсыңдар: не малды боп, не жанды боп жарымайсыңдар. Батырмыз деп жүрген боларсыңдар, жабылып жалғыз-жарымды тонаған батыр болмайды. Басым бұлтқа тиер деп бұққан – батыр, кесірім жұртқа тиер деп ыққан – батыр. Сендердікі – зорлық. Ал «зорлық түбі – қорлық». Жазықсыз жылатқан жандардың жазасы үшін сендерге біз не істесек те дауа. Бірақ мен сендерді өлімге қиғанша, сендерге өмір сыйлайын. Тілімді алсаңдар, тәубаға келіңдер, адал еңбекпен күнелтесіңдер. Талмай жортқан ерден – салмай құлындаған бие артық. Жортқанды қойып, жұрт болыңдар, ұрпақ өсіріңдер. Әйел алып, мал жиюларыңа, бастарыңа үй тігіп беруге көмектесейін. Халықтан жырылмай, халықпен бірге болыңдар. Халықтың барын жырымдағанша, жоғын жамасыңдар!

Қарақшылардың басшысы басын иеді:

– Айналайын ататай, айтқаныңның бәрі дұрыс. Ел тонағаннан тапқан түгім жоқ. Ішкен асымыздан басқаның бәрі бойымызға жұқпады. Бәріміздің әкеміз бен шешеміз қарақшы емес, қырығымыз қырық түрлі себеппен қарақшы боп кеттік. Болымсыз кінәсін кешірмей, бай мен билер басына күн тудырған соң, қашып кеткеніміз бар. Жоқтықтан мал ұрлап, жазалы болғанымыз бар. Әкеміздің құл, шешеміздің күң болғанына қорланып шыдамағанымыз да бар. «Арымызды арлаймыз, намысымызды қорғаймыз» деп жүріп қарақшы болдық. Бізді жақтайтын жан болмады. Сіз – бізге жолыққан қыдырсыз, айтқаныңызға құлдық. Егер осы жолы өлім емес, өмір сыйласаңыз, сіз – бәріміздің екінші әкемізсіз, айтқаныңыздың бәрін істейміз.

Қолбасшыларын қостап, қарақшының бәрі шу ете қалады. Содан Төле би оларды ауылына алып келіп, адам қатарына қосады. Қарақшы аттары қалып, қырық ағайынды атанады.



1. Төле бидің сәлемін келіні қалайша дұрыс түсінді деп ойлайсыздар?
2. Қарақшыларға неліктен кешірім жасалды?
3. Төле бидің адамгершілік өсиетінен қандай ой түйдіңіздер?

4. Өмірде қандай құндылықтар адамды адастырмайды? Неліктен?
5. Теріс жолға түскен жолдастарыңызға қалай көмектесер едіңіздер?



1-тапсырма. Төменде берілген қанатты сөздердің мазмұнындағы негізгі ойды анықтап, адам даналығының бастаулары жайында қорытынды жасаңыздар.

Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш».

Л. Толстой: «Өнер – адам бойындағы құдіреттіліктің ең асқақ көрінісі».

Абай Құнанбайұлы: «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады».

М. Әуезов: «Көркем өнер біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді».

Ж. Аймауытов: «Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр».

Ғ. Мүсірепов: «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы бола алмайды».

2-тапсырма. Қазыбек бидің «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген сауалға берген жауабын мұқият оқып, бүгінгі қоғамдағы құндылықтармен салыстырып, талдаңыздар.

Тату болса, ағайын жақын
Ақылшы болса, апайың жақын,
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын – анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат.
Туып өскен елің қымбат,
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.

Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын,
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас өз үйің.
Жазылмаса, дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын,
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын.
Тентек болса, ұл қиын,
Не істеріңді – біле алмай,
Ашиды сонда бас миың.

3-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдалана отырып, берілген ұғымдарының ара-жігін ажыратып, әрқайсысына анықтама жазыңыздар: *данагөйлік, білімпаздық, данышпандық, кемеңгерлік, көрегендік, парасаттылық.*



Даналық – адамзаттың сан ғасырлық танымдық және өмірлік тәжірибесі нәтижесінде жинақталған рухани ілім-білімді игеріп, оны ұрпақтан ұрпаққа ұлағатты ой-пікір, өнегелі түсінік, ізгілікті іс-әрекет түрінде жеткізе білетін адам қасиеті. Даналық көбінесе білімділікпен, оқымыстылықпен бірге қарастырылады. Бірақ даналық білім аясында шектеліп қалмайды, оның негізгі өлшемі – түсінік. Әр нәрсені білу бір басқа да, түсіну – басқа, яғни білім оқумен келсе, түсінік оқығанды көкейге тоқумен, өз еркімен жақсылыққа ұмтылып, ой қорытумен, игілікті қам-қарекетпен қалыптасады. Даналық – адамгершілікті танудың құралы. Даналықтың тарихи бастауы – ауыз әдебиеті нұсқаларында, мифтік аңыздар мен әпсаналардың желілерінде, өнер туындылары мен әдеби, философиялық шығармаларда жатыр.



Ұлы даланың дана ойшылы

Имантай Бектөлеу

Қай халықтың болмасын өсіп-өркендеуі, ақыл-ойы мен санасының, әдебиеті мен мәдениетінің, өнері мен білімінің – қысқасы, бүкіл рухани жан дүниесінің дамуы, жалпыадамзаттық өркениетке ұмтылысы – сол халықтың өміріне, ұлт ретінде адами болмысы мен рухына іргелі бетбұрыс жасаушы ұлы дарындардың тарихи еңбегімен, қайталанбас қайраткерлік тұлғасымен тығыз байланысты болып жатады.


Қазақ халқы үшін сондай дара тұлға, әрбір сөзі даналықтың

үлгісіндей болған ұлы ақын, ойшыл-философ Абай еді. Ол өзінің құдіретті талантымен, көреген ойшылдығымен қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салып қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің қаламгерлік қуатымен бүкіл қазақ қоғамын тәрбиелеген, жақсылыққа жол сілтеуші ұлы қайраткер, адалдықты, шындықты ту етіп көтерген нағыз халық қамқоршысы болды. Абай – қазақ халқының ар-ожданы, ұлттық мақтанышы және намысы. Себебі дүниежүзілік ауқымға сай қазақтың ұлттық санасын оятқан және оны қалыптастырған адам – Абай. Қазақ даласында небір үлкен тұлғалар өмір сүрген, бірақ та дәл Абайдай өз заманына дейінгі дала данышпандарының даналық мәйегін меңгерген, бүкіл көшпелілер дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көреген ойының мүмкіндіктерін танытқан, сол арқылы бүкіл адамзат санасының дамуына айрықша үлес қосқан дара тұлға болған емес.

Абайдың ұлылығын, халқының болашағын ойлаған қайраткерлігін, елін емірене сүйген ұлтжандылығын түсіну үшін – оның «жүрегiнiң түбiне терең бойлай» білу шарт. Өз заманынан озып туған кемел дарынның жылдар өтсе де ұрпағымен бірге жасасып келе жатқан «жұмбақ жанның» алтын сандығы сонда ғана ашыла түспек.

Адамға жақсылық жасау жанына жат, жамандыққа келгенде жанып түсетін санасыз сотқарлары көп, қараңғылықтың қалың тұманы басқан, соқпағы да жоқ жерде «мыңмен жалғыз алысып» өткен алыптың қасиетті тұлғасы ғасырлар бойы жаңа ұрпақтармен бірге жасарып, жаңғыра берері сөзсіз. Мыңмен жалғыз алысқан Абайдың қаруы – «сөз патшасы, сөз сарасы» – өлең еді. Ол қылыштан да өткір өлеңі арқылы әуелі адамның санасына сәуле түсіріп, адамды, адам арқылы қоғамды түзетпек болды. Ол өзінің өлмес туындылары арқылы қазақ ұлтының «бас-басына би болған өңкей қикым» мүдделерінің басын қосып, ұлттық тұтас мақсатқа айналдырды. Сол арқылы сара жолды көрсетті. Әрқайсымыздың жүрегімізге үңіліп, «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп, «біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі – бос» деп, рухымызды тұтастырып, мүддемізді біріктіріп кетті. Абайдың данышпандығы, қазақ халқының алдындағы ұлы қайраткер екендігінің бір сарасы осы деп білеміз.

Қалың қазақ жерін қараңғылық пен надандықтың қалың тұманы басып тұрған шақта «қайран қазағының» қамын жеген Абай ең алдымен қоғамды өзгертер күш – білімде, ғылымда, адал еңбекте деп санады. Сол себепті де өз шығармаларында ішкен-жегеніне мәз, тоғышарлық пен жалқаулық, зұлымдық пен қулық-сұмдық жайлаған ортаны жақсылыққа, мәдениетке шақырды. Білімге, ғылымға, еңбекке жатпай-тұрмай үндеді.



Ә.Қастеев. Абай.

Ғылымды ол бақталастық үшін емес, ақиқатты білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады. Ақын бірқатар шығармаларында еңбекке немқұрайды қараушылықтың, жалқаулықтың, еріншектіктің қоғамды жұтатып, тоқыраушылыққа ұшырататынын, соның нәтижесінде әлеуметтік жүдеуліктің орын алып отырғанын сынайды, еңбек етуге шақырады.

Ұлылар – қай заманда да жалғыз. Олар қай дәуірде өмір сүрсе де өз заманынан озып туады. Адамзат ақыл-ойының алыбы Абай да сондай жан еді. Сондықтан да оның шығармаларындағы жан күйзелісі қазақ халқының қасіреті мен рухани дүниесінің айнасына айналды. Оның өмірі мен шығармашылығы – көшпелі өмір мен отырықшы өмірдің арасындағы тіршіліктің, таным мен мәдениеттің, салт-сана мен рухани өмірдің, заң мен дәстүрдің, билік пен қоғамдық қайшылықтың, түрлі көзқарастың алмағайып арбасқан кезінің толық көрінісі болып табылады.

Замана ағымын, өмірдің алуан түрлі құбылыстарын көкірек көзімен ғана көріп, санаға салғанда ғана түсінуге болады. Абайдың мақсаты да осы – қандастарының көкірек көзін ашу болған. «Мақсатым ...наданның көңілін қойып, көзін ашпақ» – деп жазғаны да сондықтан. Қазақтың көкірек көзі еркін ашылмағандықтан, көрген қорлығы көп. Мешеуліктің, надандықтың, пиғылы тарлықтың басты себебі – қара танымаған кезде ғана емес, құлақтың құлқында» - деп білген ақын сол

мінді түзетуге күш салды. «Көңілсіз құлақ – ойға олақ» –деп, дұрыс тыңдай білмеген адамның не жақсы, не жаман екенін ұға алмайтынын, құлақ көңілді болмай, санаға сәуле түспейтінін, көкірек көзінің ашылуын қиындатып, ойлау күшін тежейтінін еске салады.

Ұлылар – қай заманда да жалғыз. Олар қай дәуірде өмір сүрсе де өз заманынан озып туады. Адамзат ақыл-ойының алыбы Абай да сондай жан еді.

Әділетті қоғам болуы үшін, оның әрбір мүшесінің көкірек көзі ашық, жақсылыққа құштар, жаны ізгі болуға тиіс. Сондықтан да Абай: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» – деп кесіп айтқан.

Абайдың бар арманы – туған халқының көзін ашып, надандықтан құтқару болған. Оның ойынша ұлттық адамзат көшінде өзіне мықты орын алып, заман талабына сай өркендеуі үшін белгілі бір адамдар тобының надандықтан құтылып, парасатты адам болуы жеткіліксіз. Ұлттың өзгелермен терезесі теңелуі үшін оның ұлттық сана деңгейі көтерілуі шарт. Ал ұлттық мүдде, ұлттық намыс дегеннен жоғары тұратын ұғым болмайтыны белгілі. Жалпы ұят жетілмей, қараңғылық тұманы басып тұрғанда, таланттылардың көбін сол тоғышарлық құрдымы тартып кетеді. Осыны көкірек көзімен көре білген ақын жоғарыда мысалға келтірген өлең жолдарынан кейін «Халқым надан болған соң, қайда барып оңайын» – деп күйінішін айтып кеткен. Адаммын деп жүрген әрбір азаматқа ұлт деңгейін көтеру үшін – оның көкірек көзін ашуға қызмет ет деп өсиет қалдырған. Демек, Абай қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер ұрпаққа тірі жеткізген елінің ұлтжанды, халқын сүйген ұлы тұлғасы.

Қорыта келгенде, қазақты дәл Абайдай сынап-мінеген қайраткер жоқ. Оның ызалы сөзінің астарында туған халқына деген ұлы махаббаты жатты. Оның болашаққа деген бұл асыл арманын «үміт еткен жас достары» жақсы түсінді және Абай армандаған рухани бостандықты ту етті де, бүкіл ұлттық мүддені «Алаш» деген ұранға біріктірді. Абай сөзін жүректеріне жалау етіп ұстап, бостандыққа ұмтылды. Азаттық күрес жолына түскен алаштың аяулы азаматтары – Әлихан мен Ахмет, Шәкәрім мен Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт пен Міржақып, Мағжан мен Мұхтарлар Абайды өздеріне рухани көсем санағаны осыған айқын дәлел.

Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, оның ұлттық өмірінің символы болған Абай өзінің бүкіл өмірі мен ақыл-ойын, құдіретті талантын туған халқының болашақ бақыты үшін сарқа жұмсап өтті. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан Абай – қазақ халқы үшін теңдесі жоқ ұлы құбылыс. Оның сарқылмас ғажайып мұрасы бүгін де, ертең де, ғасырлар бойы біздің мәдениетіміз бен әдебиетімізді, бүкіл рухани өмірімізді көркейтіп, мәңгі жасай бермек.



1. Абай неліктен халықты білім мен ғылымға шақырды?
2. Өнер-білімді, мәдениет пен әдебиетті меңгеру адамның рухани кемелденуіне қалай ықпал етеді?
3. Адам бойындағы қандай қасиеттер мен құндылықтар оны надандықтан құтқарады деп ойлайсыздар? Неліктен?
4. Абайдың өмірі мен даналығынан қандай өнеге алуға болады?
5. Күнделікті өмірде ұлы ғұламалардың қандай өсиеттерін пайдаланып жүрсіздер? Әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қарасөзінен алынған адамгершілік өсиеттерді оқып, адам баласын қор қылатын теріс қасиеттерден аулақ болудың амалын талқылаңыздар.

«...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны».

5-тапсырма. Өлеңді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

Даналығың өлмейді

Иса Байзақов

Өлеңнен бұлақ ағызған,
Түрінен тұр туғызған,
Ақыннан – ақын Абайға,
Ұлы халқың ардақтап,
Тарихи белгі тұр сақтап,
Мың сан жылға, талайға.
Даналығың өлмейді,
Өлуге жол бермейді.

Халқың үшін қалдырған,
Адам мейірін қандырған,
Инжумен егіз сөздерің,
Бірі қымбат бірінен,
Алтын мен зұфар²⁷ зерінен,
Өлеңмен салған іздерің.
Іші-сырты, сыны бал
Сыры терең, тілі бай.

- Қандай адамдардың даналығы өлмейді? Неліктен?

²⁷ Жеңімпаз.

6-тапсырма. Адамзат тарихындағы өздеріңіз үлгі тұтатын ұлы тұлғалардың өнегелі өсиеттері мен жеке басының асыл қасиеттерін сипаттай отырып, «Даналыққа құштарлық» тақырыбында эссе жазыңыздар.



Білігі мен өмірлік тәжірибесі мол, рухани әлемі бай, ой-сезімі сергек тұлғаларды «дана адам» деп атайды. Өзінің ақылдылығымен, парасаттылығымен, рақымдылығымен ерекшелене білетін даналық иелерінің өнегелі өмірі, ғибратты сөздері мен тағылымды іс-әрекеттері – барша адамзаттың рухани игілігі. Өмірдің өткінші қызығына елікпей, адамзаттың қарапайым әрі мәңгілік мұраттарын аңсар тұтқан даналар қазақ тарихында да баршылық. Олар – рухани кемелдік сатысына көтеріліп, жан сарайы мен тән тұлғасын тазартқан сайын болмыстың сырын ұғып, пәни мен бақидың мәнін түсіндіру арқылы адамзат ұрпағын шапағатқа бөлеуді мақсат тұтып ғұмыр кешкен адамдар.



Бұл дүниенің мысалы

Шал Құлекеұлы

Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең.
Өмірде көрген жақсылық
Ұйықтап өткен түспен тең.

Атадан мирас ақылың,
Түзік²⁸ айтқан мақұлың
Ләзім²⁹ болған іспен тең.

Ағайының көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық жер кез келсе,
Бір - біріне сеп болса,
Бүтін тұрған бұзылмай
Отыз екі тіспен тең.

Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең,
Шешен жігіт дүрмен тең,
Иманды көңіл кірмен тең,
Ақылы жоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар,
Жүз болса да бірмен тең.

Жақсының айтқан ақылы
Қазулы сара жолмен тең.
Жаманға айтқан ақылың
Ағып кеткен селмен тең.

²⁸ 1.Түзу, тура. 2. Еш жері бұзылмаған, ақауы жоқ.

²⁹ Жөн, лайық.

МӘҢГІЛІК ІЗДЕНІС – МӘҢГІЛІК ЖОЛ



*Оқу, білім – жанған шырақ, ойласаң.
Үйренерсің, іздеп көрсең, қоймасаң.
Қу өнерді, бу беліңді, жігер сал.
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң.*

Жүсіпбек Аймауытов

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Әл-Фараби

(үзінді)

Мұхтар Құл-Мұхаммед

Весижден³⁰ Фарабқа қарай бір қолында таяғы, екіншісінде түйіншегі бар қарапайым киінген жолаушы кетіп бара жатты. Бұл даңқты әскербасы Мұхаммед Тарқанның баласы, Узлақтың немересі – Мұхаммед еді. Ол білім патшалығына, кітаптар мен қолжазбалар қоймасына асығады. Білімнің көмегімен ғажайып Ергенекөн жазығына қоныстанған тайпа сияқты бақытты өмір сүруді армандайтын жерлестеріне, достарына, туған-туыстарына көмектесіп, олардың өмірін өзгертуге бекінген.

Алдында қандай тағдыр күтіп тұрғанын ойланбастан, аяғын сенімді, нық басып келеді. Оған мақсатына жақын қалғандай көрінеді. Алайда артта қалған Весижге енді қайтып оралмайтыны, алдындағы Фараб өзін әлемге танытатын, атақ-даңқтың шыңына көтеретін алғашқы баспалдақ болатыны ойына кіріп шықпайды. Білімге деген құмарлық талай қиыншылық пен кезбешілік тағдырды дайындап қойғанын қайдан білсін.

Иә, талай жылдар жылжып өткен соң еңбегі жоғары бағаланып, Фарабтан шыққан адам, яғни әл-Фараби атанып, бүкіл әлемге танылғаны тек біздерге ғана мәлім.

Ал ыстық күнде, шаңы бұрқылдаған соқпақпен асыға адымдап келе жатқан Мұхаммед мұның бірін де білмейді. Жүрегіндегі қазіргі жалғыз ой – өзі таңдаған жолға түсу, алдына қойған мақсатын іске асыру.

Қалаларды аралай жүріп, Мұхаммед көптеген адамдармен танысып, пікір алмасып, өзіне көп жаңалықтар ашты. Дегенмен, алғашқы кездері Весиждегі туған-туыстарын жиі есіне алып, сағынып жүрді. Бірақ біртіндеп жаңа өмір оның бәрін ұмыттыра бастады. Білім іздеген Мұхаммед ғасырлар бойы өсіп-өркендеген, мәдениеті жоғары дамыған қалаларды көрді. Хорасан, Бағдат, Дамаск, Бұхара, Алеппо, Каир және басқа да көптеген шаһарларда тұрды. Онда кітаптар мен қолжазбаларды

³⁰ Сырдарияның сол жағалауында орналасқан ортағасырлық қалашық.



іздеп, өзін толғандырып жүрген көптеген сұрақтардың шешімін тапты.

Саяхат оны шынықтыра түсті. Небір қиындықтар мен қуанышты сәттерді өткерді. Ол жүрген жерінде төреші де, бағбан да, халиф сарайындағы ақын да, жатжұрттық та болып көрді. Оны кейде тағдыр еркелетіп, мерейін көтерді, кейде аяусыз жазалап, батыл, еркін пікірлері үшін қуғындалды.

Мұхаммед бір қаладан екінші қалаға ауысып, ел кезіп жүруден шаршады. Ол Бағдад шаһарында тұрақтауды жөн көрді. Бұл қалаға жан-жақтан халық ағылып жататын, тіпті көпшілігі өз бақытын табу үшін қалып та қоятын.

Бағдад қонақжай қала еді. Онда атақты данышпандар мен ақындар, шешендер мен қарапайым халықтар өмір сүретін. Мұнда орныққан Мұхаммед араб тілін жылдам үйреніп алды (ол өмірінің соңына дейін 70 тіл білген).

Бағдадта ол көрнекті ойшыл-ғалымдармен араласып, аз уақыттың ішінде олардың ортасында беделді адамға айналды. Мұхаммед тек білімінің тереңдігімен және ойының ұшқырлығымен ғана емес, адами қасиеттерімен де ерекшеленді.

Әл-Фараби біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген ежелгі грек философы Аристотельдің шығармаларын зерделеуді Бағдадта жүріп те жалғастыра берді. Оқыған сайын асқан ой иесінің өмірге деген көзқарасының кеңдігі мен жүйелілігіне таң қалды. Өзі де ойларын жүйелі етіп құруда Аристотель мен Платонның жазу үлгісіне сүйенді. Ол әртүрлі мәселелер төңірегінде, яғни табиғи күштер, өсімдіктер мен жануарлардың шығу тегі, өнер мен саясат, физика, аспан әлемі туралы ой толғады. Бәрінен бұрын ол адам, адамның жан-дүниесіне көбірек үңілді.

Түбіне жеткізбейтін ойлар оны тұңғыығына қарай тарта береді. «... Жүрек – адам ағзасындағы ең басты мүше. Одан кейін ми тұрады. Ол да негізгі мүше, бірақ ол екінші орында. Ми барлық мүшелердің жұмысын қадағалайды, алайда өзі жүрекке бағынады. Және тек жүрекке қызмет етеді. Былайша айтқанда, үй басқарушысының жұмысына ұқсайды: ол тек өзінің қожайынына ғана қызмет етеді, ал оның айтқанын барлық тұрғындар орындайды, әрине тек қожайынның тілегіне орай...».

Әл-Фараби қол жетерлік білімді меңгеруге және қоршаған орта туралы танымын кеңейтуге барлық мүмкіндікті пайдаланды. Бірде тіпті діндарлығымен, дін саласындағы білімімен мұсылмандар арасында

танымал болған христиан-ойшыл Йуханна бен-Хайланнан логиканы үйрену үшін аз уақыт Хорран шаһарына да барып тұрды. Бағдадқа қайтып оралған соң бүкіл уақытын Аристотельдің философиялық еңбектерін оқуға арнады.

Аристотель әл-Фарабидің өмірінде үлкен рөл атқарды, үнемі дұрыс жол сілтейтін темірқазықтай болды. Бұл тегін емес еді. Аристотельдің асқан білімдарлығы оның замандастарын тәнті еткен. Тіпті мыңдаған жылдар кейін де ғалымдар мен философтарды тандандыруын қоймаған. Шығыста бұл ғұламаны «Бірінші Ұстаз» деп атап кеткен. Оның ізін қуған шәкірттері мен мұрагерлері өте көп болғанымен, ешқайсысы «Екінші Ұстаз» деген жоғары атаққа жете алмаған.

Тек Аристотельден кейін бір мыңжылдық және екі ғасырдай уақыт өткен соң ғана Шығыста, «ай астындағы әлемде» бір ойшыл-ғалым ғылым шыңына көтерілді. Оны замандастары «Муаллим ассана», яғни «Екінші Ұстаз» атандырды. Бұл ұстаздың шын аты жөні Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби еді. Оның басты ұстанымы, өмірінің мәні әлемді танып, біліп, оның заңдылықтарын адамдарға көрсетіп беру болды.

Әртүрлі тақырыпты қамтитын 160-қа жуық шығармасын жазғанда бір ғана мақсатты – адамдарды өздері өмір сүріп отырған әлем жайлы, заттардың табиғаты, адамның тіршілігінің мәні туралы білімге жақындату ойын көздеді. Руластарын бақытты өмірге апаратын жолды табу үмітін әлі де есінен шығармады және енді ол өз туыстарын ғана емес, бүкіл адамзат туралы ойлады. Адамзаттың тағдыры жеке адамдардың тағдырынан құралатынын да жадында сақтады.

Әл-Фараби халықты соңынан ертіп, жаңа, бақытты өмірге тағы бір рет жетелеп көру үшін өмірлік тәжірибе де, бай білім де жинады. Ұзақты күндер бойы бақшаның бұрышындағы зәулім ағаштың көлеңкесінде күн сәулесінен жасырынып, «Ізгілікті қаланың тұрғындарының көзқарасы туралы ғақлия» атты тамаша туындысын жазды.

Әл-Фараби өз халқына, келешек ұрпақтарға, бүкіл адамзатқа өткен ғасырлардың ақыл-ойының асылын теріп, жинаған баға жетпес қолжазбалар қалдырды. Ол өмірді, ондағы адамның алатын орнын түсіну үшін және оны адамдарға жеткізу үшін қажымай, талмай, көп ізденді.



1. Әл-Фарабидің мәңгілік ізденіс жолына түсуіне не себеп болды?
2. Ілім үйрену жолында қандай жетістіктерге жетті?
3. Неліктен адам өмір бойы біліп алып, кемелденуі тиіс?
4. Білімге құштарлық адам бойында қандай қасиеттер мен құндылықтарды дамытады?
5. Өздеріңіз қаншалықты білімдеріңізді арттырып, адамгершілік тұрғыда өздеріңізді жетілдіріп жүрсіздер? Өңгімелеп беріңіздер.



1-тапсырма. Берілген қанатты сөздердің мазмұнындағы негізгі ойды анықтап, тақырыппен байланыстырып, түйіндеңіздер.

Конфуций: «Он бес жасымда мен білімге бет бұрдым. Отыз жасымда бағынышсыз тұрмысқа қол жеткіздім. Қырық жасымда күмәннан арылдым. Елу жасымда көктің еркін таныдым. Алпыс жасымда шындық пен өтірікті ажырата бастадым. Жетпіс жасымда жүрегімнің қалауына ере бастадым».

А. Йүгінеки: «Білген адам білімді өмір бойы іздейді».

А. Құнанбайұлы: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды».

А. Чехов: «Күндіз-түні үнемі еңбек ету, мәңгілік оқу, оқуға әбден жаттығу, соншалықты өжет болу қажет... Ол үшін әрбір сағат өте қымбат».

Ф. Достоевский: «Оқы және үйрен. Маңызды кітаптарды оқы. Қалғанын өмірдің өзі түсіндіріп береді».

Н. Лобачевский: «Адам табиғаттың төресі, әміршісі, падишасы болу үшін жаралған. Бірақ үстемдік құратын даналық оған туа бітпеген: ол ондай даналыққа білім арқылы жетеді».

У. Черчилль: «Адамның жасына қарап емес, мәдениеттілігі мен біліміне қарай бағалауымыз керек».

2-тапсырма. Өлеңді оқып, оның мазмұнында айтылған өнер-білім үйренуге қажетті қасиеттер мен іс-әрекеттерді теріп жазыңыздар.

Өнер-білім қайтсе табылар

Мағжан Жұмабаев

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,
Ерініп шаршамастай, белін буса,
Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,
Періште боп анадан қайта туса!
Тынықпай, дамыл алмай ерте де кеш,
Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.
Дүниенің қайғысынан зарланбаса,
Көз қысып күлгеніне алданбаса,
Жамандық – аты өшкірге жақын жүрмей,
Аяғын күндік жерден байқап баса.
Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе.
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,
Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе.
Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,
Мылқау, меңіреу, наданды қас деп білсе.
Білімсіз қатқан жансыз тас деп білсе,

Өнер-білім қарны ашқа ас деп білсе,
Дүниенің теңізінде адасқанға
Тура жол көрсететін бас деп білсе.
Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,
Басқаға мойын бұрса, көз салмаса –
Өнер-білім жер астында болса-дағы,
Бір жетер, жалықтым деп тастамаса.

3-тапсырма. Дінмұхамед Қонаевтың «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» деген қанатты сөзін басшылыққа ала отырып, эссе жазыңыздар.



Білім – бұл қолдағы шырақ. Адамның санасы – түбі жоқ теңіз, ал білім – теңіз түбіндегі інжу-маржан. Білім көзі – іздену. Білім – бүкіл адамзатты сусындата алар шалқар көл, байлыққа, бақытқа бөлер таусылмас кен, рухани дерттің бәрін аластайтын, күш-қуат беретін дәру. Білім адамға оңайлықпен түспейді, оны меңгеру үшін өлшеусіз әрекет ету керек. Ғылым-білімге түбегейлі берілген адам ғана ойлаған мақсатына жете алады.



Мәнді сөздер

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті-керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп. «Алдыңда өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, «мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн» деп, басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім. Негізгі алған білімім болмаса да, өз бетіммен ізденіп, өткен жазушы-ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойымнан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім. Елу жасқа тақаған соң, оңашада жатып, басқа келген ойлардың барлығын қағазға түсіріп кеттім. Мен солардың бәрін өз мақтаным үшін жазғамын жоқ, мақтан үшін жазылған, айтылған сөздің құны болмайтынын жақсы білемін. Кейінгілер жарағаннан үлгі алып, өнеге үйренсін дедім. Міне, жетпістен астым, ойым тозбағанмен, денем тозды. Тозған денем ойыма орын болудан қалып барады. Мен оған қарамай әлі де келген ойды жаза бермекпін.

Бұл айтқалы отырған ойымды жекелеп, сұрыптап жазбағаныммен, бұрынғы жазғандарымда кездесіп отырады. Бұл тараудағы ойды

басынан аяғына дейін түгел жазып, бәрін талдап, қорытып шығуға бір адамның өмірі керек. Ендігі менің қалған өмірімнің жетпейтіні анық. Дегенмен, сол ойымды қысқаша алдарыңа тартпақпын.

Бұл ойым – басқа келген қиял. Бірақ болмаған іс, құрғақ қысыр кеңес, жай қиял дейтін бір ауру бар. Бұл аурудан құтылу керек. Неге десеңіз, барлық ғылымның өзі қиялдан, ойлаудан туған. Адам осы жаралыстың бір бөлігі, бұл жаралыстан, табиғаттан бөлек емес. Сондықтан адамның бұл дүниеде, бұл табиғатта жоқ нәрсені ойлауының өзі мүмкін емес, болуға мүмкін істі ғана ойлай алады – бір. Екінші, сол қиял болмайтын нәрсе деп отырғанымыз – ұлғайтылып, өзгертіліп, ауыстырылып айтылған болашақ болуы мүмкін. Неге десеңіз, бұрын фантазия, қиял деп жүрген ойлар бүгін мүмкін дағдылы іс екенін танып, құтыла аламыз ба? Әрине, қиялдың да шегі бар. Менше, айтқалы отырған ойым болмайтын қиял емес, болуға мүмкін.

Адам өмірін қалай түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? Ойлы, саналы адамдардың ғасырлар бойы миын тыншытпай, өмірін сарп еткен, әлі де сан адамдардың арын қозғап, ойларын тыншытпайтын осы сұрақтар. «Адам өмірін түзейміз» деп сан ғалымдар түрлі ойлар айтып, ол ойларын халыққа таратып, том-том кітаптар жазды. Солардың ойларының мен білетін бастылары: біреулер «адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі» десе, кейбіреулері «үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе – түзеледі» деді. Ал, біреулер «оқу біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі» деді. Біреулері «бай, кедейді теңеумен түзеледі» десе, біреулері «тәрбиемен түзеуге болады» деді. «Өмірдің өзі – тіршілік таласы. Сондықтан адам өмірін жаратылыстың өзі солай жаратқан, бірін-бірі жеп, талап, таласып өмір сүрмек» дегендер де болған.

Біздіңше, бұларды жекедей алғанда ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды.

«Адам өзі жаратқан иесін танумен түзеледі» десе, жаратқан иесін танып күнде бес уақыт намазын оқып, Құранды қақпан қып, елді алдап жүретін молда-сопылардың қылықтарын ойлап қараңыз. Үкімет жойылса, адам бет-бетімен кетсе, біреу-біреуге жәрдем етпесе, азулы айуандар жекелеген адамдарды жей берсе, қайтіп өмір сүрмек? Оқу, білім үйренген адам түрлі өнерді білетіні рас. Бірақ ол өнер-білімді қандай іске жұмсайды. Мен көрген адамдар үйренген ғылыммен түрлі қару жасап, улы газдар тауып, басқа адамдарды аң есебінде атып, әлсізді құлданып, жердің бетін адам қанымен бояғаннан басқа бітіргені шамалы. Бұған ең өнерлі, білімдіге саналатын Англия, Америка елдерін қараңыз. Бай мен кедейді теңеу, байдың малын кедейге бөліп беру – кедейді еріншектік, еңбексіз мал табуға дағдыландырып жіберетін жол. «Тәрбиемен түзеуге болады» десе: менің ержеткен төрт ұлым болды. Бұлардың бәрі бір шешеден, бір әкеден туған, өскен жері, ішкен тамағы,

өскен ортасы, алған тәрбиесі – бір. Бірақ біреуі шыдамды, біреуі шыдамсыз, біреуі еңбекке құмар, біреуі жалқау, біреуі мейірімді, біреуі қатал, біреуі ашуланшақ.

Ақырында, «өмір – тіршіліктің таласы, сондықтан адам таласып, бірін-бірі қыруға жаралған» деген ой негізсіз, өйткені барлық зат, оның ішінде адам жаратылыстағыдан өзгеретіні сөзсіз. Ары бар, ақылы бар, мейірімі бар, махаббаты бар адамның бірін-бірі жеп, талап, қырып өсуі мүмкін емес.

Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

Әрине, адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек.

Ақ жүректің керектігі – мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады.

Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді.

Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен бірі тату тұруында сөз жоқ. Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер де бар. Міне, осы жаман әдеттердің барлығынан адамдар тату тұрып, жайлы өмір сүре алмайды. Олар – нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек. Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай.




1. Шәкәрім қандай мақсатпен рухани кемелдену жолына түсті?
2. Адамды түзету үшін қандай амалдар қажет? Неліктен?
3. Адам баласы неліктен өзін-өзі рухани жетілдіруі тиіс деп ойлайсыздар?

4. Арлы ақыл мен ақ жүрек адамды қандай рухани белестерге шығарады?
5. Шәкәрім айтқан «Ар білімі» мен «Өзін-өзі тану» пәнінің арасында қандай байланыстар бар?
6. Өздеріңіз рухани кемелдену жолында қандай әрекеттерге талпынып жүрсіздер? Әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Сөздер шоғырын мұқият қарап шығыңыздар.

Оларды мағынасына қарай орнын тауып қойсаңыздар, ұлы ойшыл Шәкәрімнің мәнді сөздерінен екі сөйлем оқуға болады. Бұл қандай сөйлемдер? Айтылған ойды одан әрі өрбітіп, бүгінгі өмірмен байланыстырыңыздар.



5-тапсырма. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында» деген қанатты сөзін «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылаңыздар.

6-тапсырма. Бойыңыздағы жағымды және жағымсыз қылықтар мен әдеттердің тізімін жасаңыз. Олардың қалыптасуына себепші болған жағдайларды ой елегінен өткізіңіз. Жақсы әдеттерді дамытудың, теріс әдеттерден құтылудың амалдарын ойластырыңыз.

7-тапсырма. Өз-өзіңізді жетілдірудің жоспарын құрыңыз. Ол үшін төменде берілген әрекеттердің үлгісін пайдаланыңыз:

Білгім келеді...
 Үйренгім келеді...
 Өзгерткім келеді...
 Дамытқым келеді...



Адамның мінезін, ой-өрісін, сана-сезімін қалыптастыратын үш жағдай бар: тұқым қуалаушылық, қоршаған ортаның әсері және өзін-өзі тәрбиелеу. Адамның өзін-өзі жетілдіруі жан мен тәнді үнемі шынықтырып, жаттықтырып отыруды қажет етеді. Өзіңнің жан дүниеге терең үңіліп, дұрыс-бұрыстың ара-жігін ажыратудың өзі өнер. Осы мақсатта ерекше табандылық, шыдамдылық пен төзімділік таныта білген адам ғана жетістікке жете алмақ. Әр адамның жан дүниесі – ерекше сырлы, жұмбақ әлем. Біздің рухани байлығымызды арттырып, бойымыздағы кемшіліктерден арылтатын ең күшті қару – бұл адамның өз ерік-жігері екені сөзсіз. Адамның таңдаған жолы ұлы болмайды, оны ұлы ету адамның өз қолында екенін естен шығармай, жақсы-жаман қасиеттерімізді таразылай білгеніміз жөн.



Менің жолым

Сөзін жазған Ринат Зайытов

Әнін жазған Еділжан Ғаббасов

Сан күйге бөленген,
Айнымай қалған өлеңнен,
Өзіме ұнайтын бір айқын,
Жалынменен келем мен,
Биікпен, төменмен.
Таяздар менен тереңмен,
Бір бақыт табарыма сенем мен.

Қайырмасы:

Басталатын арманнан,
Жүрегіммен тандалған,
Оңым менен солым бар,
Менің де бір жолым бар,
Тек өзіме арналған.

Тағдырмен таласпай,
Ертеңгі күнге бал ашпай.
Өмірге ғашықпын, асықтым,
Уақытпен де санаспай,
Қайғымен жараспай,
Өкініп артқа қараспай,
Жолымда жүрсем деймін адаспай.

СҮЙІСПЕНШІЛІК – ЖОҒАРҒЫ АҚИҚАТ РЕТІНДЕ



Махаббат – әуелі адамның адамдығы.

Абай Құнанбайұлы

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



Ана ұлылығы

Сафуан Шәймерденов

Осы көктемде біздің үйде семья тағдырын жаңа арнаға салған үлкен жаңалық туды. Біз Есмағи екеуміз шешелі болдық. Аты Бейіс. Біздің үй осы кісінің қолына көшерде де әкемнің естілігін байқаймын. Ол кісі онға жақындап қалған мені, алты жастағы інім Есмағиды қасына отырғызды да:

– Міне көрмейсің бе, үй болса азып барады. Маған колхоз жұмысы да олқы соқпас. Ал үй ішіндік отын-су, тамақ пісіру, кір-қондарынды жуу секілді шаруаны, сендер қарсы болмасаңдар, бір әйелге тапсырғым келеді, – деді. Және ол кісінің қақ-соқта жұмысы жоқ, момын, ісіне тыңғылықты, әрі біздерге дұрыс қарайтын, кеудемізден итеріп, кет әрі демейтін адам екенін ескертті.

Әкем бекер айтпапты. Сол жылғы көктемнен бастап отыз жыл бойына бар-жоқты, ыстық-суықты әкеммен бірге бөліскен, бізге ана орнына ана бола білген, әрі Еркебұлан атты іні тауып берген Бейіс, шынында да, сондай адам болып шықты.

Біз тегі әке сөзіне қарсы болмасақ керек. Сол күннің ертеңіне көрпе-жастық, шымылдық, алаша, текемет, ыдыс-аяқ, самауырын секілді дүние артылған кішкене арба кішкене үйіміздің алдына келіп тоқтады. Біз сөйтіп сордан құтылдық. Үйімізге тазалық, тәртіп келді. Бөлме іші ақталып, еден мен терезе шынылары жуылды. Әйнектерге қызыл ала сисадан шілтерлер ұсталды. Бұрын құрым жапқандай қарауытып тұратын қара пеш енді ақ шаңқай түрге түсті.

Үй еңсесі көтеріліп, самаладай жарық болып жүре берді. Ең бастысы Есмағи екеуміз көп айлар бойы уысымыздан шығып кеткен, зарықтырған алақан жылылығын сезіндік. Көйлегіміздің жағасы тазарды. Бейіс көп сөйлемейтін, қойылған сұраққа «бар» немесе «жоқ» – деп жауап беретін кісі. Бізді еркелететін еді, бетімізден сүйетін еді деп те айта алмаймын. Сырт көзге салқын да сабырлы. Бірақ жылылығы ішінде, жүрегінің тереңінде болатын. Бала жүрегі ол жылылықты әу баста-ақ аңғарғанды.

Бір ересек бала мені жығып салып, асығымды тартып алды. Бет-аузым қан-қан, жылап үйге келдім. Сондағы өгей шешемнің жағдайын көрсең. Мені жетектеп алды да, жаңағы баланың үйіне барды. Тентектің құлағын бұрап, шапалақпен тартып-тартып жіберді.

–Жетімдеп, жақтаушысы жоқ деп басынбақсындар ма?! Басындырмаймын. Бұдан былай әлімжеттік жасасаң тура сирағыңды қырқамын, – деді. Содан кейін үйге келе жатып:

«Ондай сойқанға жолағаныңның соңы осы болсын. Жылағаныңды көрмейін мен енді», – деп маған ұрысты.

Өгей шешем қанша ұрысса да көңіліме алған жоқпын. Бала жүрегі тамыршы секілді. Жек көріп ұрсу бар, жақсы көріп ұрсу бар. Бірден айырады. Мен де солай. Кектенбеген, ренжімеген себебім, өгей болса да, Бейістің үлкен жүрегін, маған деген махаббатын, жанашырлығын сезіндім. Бейіс құдды өз анам секілді. Өз анам болып, жаны ашып ұрсып келе жатқандай болып кетті.

Маған ана болған сол отыз жылдың ішінде өмірдің не тауқыметін тартпадық. Не қиындықты бастан кешірмедік. Қандай бір қиямет кезеңде де Бейіс бізге деген жаңағы бір ішкі жылылығынан айнып көрген емес. Арып-ашып, таусылған, мойып жасыған күнін де көрмедім.

Жаратылысында сондай нәзік, ашаң болса да, ауыртпалықтың бәрін әкеммен бірдей жүріп көтеріскен еді. Балапанына жемді құсып берер көгершіндей таршылық кезеңде өз сыбағасын аузынан жырып бізге бергенін ұмыта алармын ба сірә да.

Әлі есімде: сол жылы жаз ортасында біздің үй ішке көшті. Түменде біздің ағайындар бар. Соларды сағалап кеткен болсақ керек. Пәлен жерде бақыр бар. Барсаң бақыр түгіл, сапты аяқ та жоқ дегендей, ағайынсырап барған біздің онда да қарық болғанымыз шамалы. Бірақ бір жақсысы, әйтеуір, жұмыс табылды. Әкем мен шешем, тағы бір елдес ағайындар қалың орман ішінен күрке қалқайтып, құрылыстық қарағай кесті. Ақысына не алатындарын білмеймін, әйтеуір, екі ай бойы қара көжеден басқа түк көргеніміз жоқ. Нан дегенің түсімізге де енбеген. Августің аяғында ол жақта қара бидай орылады. Қара бидайы орылып алынған сондай егістіктен масақ теріп Бейістің нан пісіргені бар. Екі айдан бері нан сағынған Есмағи екеуіміз төңіректен от басынан шықпаймыз. Таба жаппайдағы нан иісі бұрқырап біздің сілекейімізді шұбыртады.



Біз шайға бас қойдық. Бейіс буын бұрқыратып үстіңгі табаны көтерді де, қып-қызыл болып күреңіте піскен бір таба нанды қолына алып қақ бөлді. Сөйтті де бір жарты таба нанды: «Ертеден қара кешке көретінің бейнет, үздігіп кетерсің, жеп ал!» – деп әкем алдына тастайды. Ал қалған жартысын тағы да қақ бөліп: «Нан бетін ұмытқандарыңа екі ай болды ғой, мә, жеңдер», – деп Есмағи екеуміздің алдымызға қойды. Есімді біліп қалған мен: «Өзіңе қайда?» – дедім.

– Мен тағы да барып масақ терем. Тағы да нан пісірем. Сонда жеймін, – деді менің өгей шешем.

Осыдан кейін қалайша оны өгей шеше демексің? Тумаған деп аузың барып қалайша айта алмақсың?! Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді дегендей, бұл ұлы оқиғаны – әйел ұлылығын, ана ұлылығын қайтіп ұмыта алмақсың?!



1. Бейіс ананың ұлылығының сыры неде деп ойлайсыздар?
2. Өгей шешенің балаларға деген қамқорлығынан қандай әсер алдыңыздар?
3. Адамдар арасындағы қарым-қатынастағы сүйіспеншіліктің орны қандай?
4. Риясыз сүйіспеншілік дегенді қалай түсінесіздер?
5. Жақындарыңыздың сүйіспеншілігіне бөленгенде қандай күйде боласыздар?
6. Өзгелерге сүйіспеншіліктеріңізді қалай білдіресіздер? Әңгімелеп беріңіздер.



1-тапсырма. Берілген қанатты сөздердің мазмұнындағы ортақ ойды анықтап, сүйіспеншіліктің маңыздылығы жайлы өз тұжырымдарыңызды жазыңдар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық пен адалдық ақ жүректен шығады».

Ілияс Есенберлин: «Егер де ең ұлы ашылымдар болмаса да – бәрібір адамзат өмір сүрген болар еді, ал егер сүйіспеншілік жоқ болса – ол тез арада құрып бітер еді».

Бауыржан Момышұлы: «Әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс».

Нұрсұлтан Назарбаев: «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады».

Натали Фокс: «Сүйіспеншілік жеңе алмайтын қиындық жоқ. Сүйіспеншілік айықтыра алмайтын кесел жоқ. Сүйіспеншілік аша алмайтын есік жоқ. Біздің болашағымыз қаншама үмітсіз болса да,

түйін қанша шатасып кеткен болса да сүйіспеншілікті сезіну барлық кедергілерді басып өтеді».

2-тапсырма. Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

Өмірде Сүйіспеншілік маңызды

Мырзагелді Кемел

Бір кездері Қуаныш, Қайғы, Ақылдылық, Сүйіспеншілік, Байлық, Тәкаппарлық, т.б. барлық сезімдер бір аралда тұрған екен. Бір күні арал бата бастады да, барлық сезімдер кемелерге отырып аралдан алыстауға асықты. Тез арада бос кеме қалмай қалды. Сүйіспеншілік кемеге отырып үлгермеді де, кемесіз қалып қалды. Аралдың тез батып бара жатқанын көріп, Сүйіспеншілік басқа сезімдерден көмек сұрауға жүгірді.

Байлық өте үлкен кеме ішінде жалғыз отыр екен. Сүйіспеншілік:

– Байлық, мені қасыңа алшы, маған кеме жетпей қалды, - деп жалынды.

– Жоқ, ала алмаймын. Кемемде алтын мен күміс өте көп, саған орын жоқ! – деді Байлық.

Сүйіспеншілік өте әдемі кеме ішінде кетіп бара жатқан Тәкаппарлықты көріп оған:

– Тәкаппарлық, маған көмектесші, жалғыз қалып барамын! – деді.

– Саған көмектесе алмаймын, Сүйіспеншілік. Үсті-басың су болып қалды, кемемді кірлетесің!

Қастарынан Қайғы өтіп бара жатыр екен, Сүйіспеншілік Қайғыға дауыстап:

– Қайғы, сенімен барайыншы...

– Уф, Сүйіспеншілік, сондай қайғылымын, жалғыз қалғым келеді, – деді Қайғы.

Қуаныш та Сүйіспеншіліктің қасынан өтіп барады, шаттанғанынан Сүйіспеншіліктің сөздерін естімей өте беріпті.

Бір кезде Сүйіспеншілік «Кел, Сүйіспеншілік, сені қасыма алайын» деген біреудің дауысын естиді. Бұрылып қараса, оны қасына шақырған жасы үлкен бір ақсақал екен. Сүйіспеншілік қуанып оның кемесіне отырып алады. Жаңа аралға жеткен кезде Сүйіспеншілік ақсақалдың кім екенін сұрауды ұмытқанын түсінеді. Ақсақал болса баяғыдан-ақ кетіп қалған еді. Сүйіспеншілік Ақылдылықтың қасына барып сұрайды:

– Маған көмектескен ақсақал кім болды екен?

– А-а, ол ма? Ол – Уақыт!

– Уақыт? Маған неге көмектескенін білесің бе?

– Өйткені тек қана уақыт Сүйіспеншіліктің қаншалықты маңызды екенін түсіне алады...

- Барлық сезімдердің Сүйіспеншіліктен бас тартуларының себебі неде деп ойлайсыздар?
- Неліктен сүйіспеншіліктің қадірін уақыт қана біледі?
- Осы өсиет әңгімеден қандай ой түйдіңіздер?

3-тапсырма. «Сүйіспеншілік әлемінде» тақырыбында постер құрастырыңыздар.



Тіршіліктің негізгі тірегі – сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік – тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі. Жарық дүниеде барша кедергі-кесепатты жеңетін күш те осы сүйіспеншілік. Көңілі сүйіспеншіліктің түбіндегі әрбір тасын санап алуға болатын кәусар бұлағынан мейірін қандырған жанның рухы кемелдік көгінде қырандай қалықтап, мәңгіліктің жасыл жайлауына қанат қағады. Мұндай көңілі көктем, сезімі сел боп аққан ізгі жандар мәңгілік бақыт әлеміне қатысты сезіп-білгендерін, рухани дүниесіне жиған-терген жауһарларын жер-жаһандағы барша жанмен бөлісу үшін алып-ұшып тұрады. Осы мақсатта «мың өліп, мың тіріледі». Өлсе де, тірілсе де, жүрекжарды ұраны, басты қаруы осы сүйіспеншілік сөзі болмақ. Сүйіспеншілікті адам алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап сезіп-көре бастайды. Мейірімін төккен ата-анасының ыстық құшағында олардың аялы алақанын сезіне жүріп, өмірге төселеді. Есейе келе толағай сүйіспеншілікті айналасынан көру-көрмеуі екіталай. Әйтсе де, адам өмір бойы сүйіспеншілікті іздеп, дауыл алдындағы шағаладай шарқ ұрып өтері анық.



Махаббат

Қайсар Қауымбек

Сүрініпті өмір атты көкпардан,
Сұм тағдырға кеудесінде кек қалған.
Менің атам өле-өлгенше жан жарын,
Сағынумен, зарығумен өткен жан.

Алдап өткен ақ сағымдай ауып құт,
Қайран ерді қарық қылмай, ғаріп қып.
Құдай қосып алған жары әжеміз,
Сәл ертелеу аттаныпты. Жарықтық!

Тағдырына төніп содан тосын бұлт,
Сүйрелесіп, түзепті, әйтеу, көшін жұрт.
Әке де боп, шеше де боп бірақ ол,
Ұрпағына көрсетпепті жетімдік.

Сезді ме екен бір ажалдан озбасын,
Сұм жалғаннан іздемепті өзге асыл.
Күздің күрең бұлтындай боп түнеріп,
Төгіп-төгіп біткен дейді ел көз жасын.

Күн ауғанша қу жанында жоқ тыным,
Күйбең тірлік күйдірді оның көп күнін.
Мауқын басар, сәл сырласар тым құрса,
Әжеміздің суреті де жоқ-тұғын.

Бесінге ауып барған шақта күн бірден,
Жайнамазға жығылатын зіл мұңмен.
Тоқсан толғап тарататын тасбиғын,
Оның сонда нені ойларын кім білген.

Туы болмай жүрсе дағы қайта ұстар,
Ол ешкімге көрген емес айтып зар.
Кәрі еменнің тұғырындай түнеріп,
Сөне берді күннен-күнге байқұс шал.

Қайран жүрек тілім-тілім, тілім боп,
Кәрі көздің қарашығы дірілдеп.
Көз жұмарда кемпірінің есімін,
Әлсін-әлсін айтып жатты күбірлеп.

Шын сағынып өтті солай бір ғұмыр,
Жүрегімде өнген содан мұңды жыр.
Ана – жерге аманаттап соңғы рет,
Қабірінің жауып қайттық түңлігін.

Ұмыта алмай кетті, білем, дертті сол,
Оны ойласам өзегіме өрт түсер.
Көл-теңізге қимайтұғын махаббат,
Он сегізге бермейтұғын жетпіс – ол!



1. Кейіпкер жарына деген сүйіспеншілігін неліктен өмір бойы жоғалтпады?
2. «Тек сүйіспеншілік қана жүректің аштығы мен шөлін қандырады» дегенді қалай түсінесіздер?
3. Риясыз сүйіспеншілік адам бойындағы қандай қасиеттерді кемелдендіреді?
4. Өз өмірлеріңізде риясыз сүйіспеншілікке куә болған кездеріңіз болды ма? Әңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Оқыған әдеби шығармаларыңыздың, тамашалаған көркем фильмдеріңіз бен сахналық қойылымдардың мазмұнындағы сүйіспеншілік бейнесі туралы баяндап, ондағы кейіпкерлердің сөздері мен әрекеттерін талқылаңыздар.

5-тапсырма. Сүйіспеншіліктің негізгі түрлеріне (өзімшіл, өзара, риясыз) байланысты жағдаяттар ойластырып, сахналаңыздар. Өз рөлдерін таңдау және оларды орындау барысында сыныптастарыңыздың қандай қасиеттері көрініс бергені туралы ойыңызды Жоба күнделігіне жазыңыз.

6-тапсырма. «Сүйіспеншілік елі» тақырыбында эссе жазыңыздар.



Барша ғалам шынайы сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі десе болғандай. Мәселен, шуағын төккен күн көзі және судың буға, одан бұлтқа айналуы, сонан соң жауын болып топыраққа нәр шашуы – ғаламдағы сүйіспеншіліктің жарқын мысалдары. Масатыдай құлпырған сан алуан гүлдер көз жауын алатын әсемдігімен қараған жанның жанын жадыратып, көңілін шалқытады. Жапырақ бетіндегі таңғы шықтың күмістей мөлдіреген пәк бейнесінен сүйіспеншілікті қалай сезінбессің?! Иен даланы басына көтере жамырай маңыраған қозы-лақтың берекелі де бейбіт тірліктің бесігін тербеткен үнінен, құлақ құрышын қандыра сайрап, жүрекке шаттық сыйлайтын құстардың әсем әнінен сүйіспеншіліктің әуезді әуенін тыңдау қандай ғанибет!

Өзгелер үшін өмір сүру, өзгелер үшін жанын пидә ету – адам баласына ғана тән асқақ сезім. Бұл сезімнің қайнар бастауы сүйіспеншілікте жатыр. Ендеше, жұдырықтай жүрегі сүйіспеншілік деп соққан жандарды адамзаттың ең абзалына балау орынды-ақ. Ізгілік қаһармандары бойларындағы өшпенділік, жек көру секілді әдеттерді біржолата жоя біледі.

Адамзаттың барлығын бауырындай көретін пейілдері көл-көсір, жайылған дастархандай дарқан. Сондықтан да баршаның көңіліне қалай шаттық сыйлау керектігін жақсы біледі.

Адамзаттың бақыты үшін басын бәйгеге тіккен, бары мен жоғын ортаға салып, баршаның көңіліне тақ құрған ізгілік жаршыларын өзі өлсе де аты өлмейтін нағыз қаһармандар деуге әбден лайық. Ізгілік жаршыларының қолында кез келген дұшпанды тізе бүктіретін қару және барлық қақпаны айқара ашатын сиқырлы кілт бар. Ол – сүйіспеншілік. Міне, дәл осы қару мен кілтке ие болғандар бүгін болмаса да болашақта жер-жаһанның барлық қақпаларын айқара ашып, жүректерін тербеген махаббат шамшырағы арқылы төрткүл дүниені бейбітшілік пен бақытқа бөлейді. Иә, сүйіспеншілікпен барша адамзатты бауырға басып, жүректерге жол таба білсек, дүниеде шешімін таппаған мәселе қалмас еді.

Сүйіспеншілікті өмірлік ұстанымына айналдырған жандар қандай бақытты!



Отан – Ана

Сөзін жазған Тұманбай Молдағалиев

Әнін жазған Қуат Шілдебаев

Қиын жолдардан аман келеміз.
Асыл заман, саған сенеміз.
Жарқын өмір, жақсы күндер,
Арнап сәлем береміз.

Жерім құлпырды барын берем деп,
Елім жасап-ау жатар ер еңбек,
Ырысымыз тасып жатыр,
Алға бастық жеделдеп.

Қайырмасы:
Жайнап өмір жұлдыз көгінде,
Тұр ғой жарқырап.
Көңіл көзді көп арбайды,
Қиялымды түгел тартып ап.

Отан Анадан қуат аламыз,
Алға жеңіспен біз барамыз.
Бақта бұлбұл сайрайды ұзақ,
Жайнайды кең даламыз.

АДАМНЫҢ РУХАНИ СҰЛУЛЫҒЫ



***Рухани жағынан сұлу адамдар –
бұлар ең алдымен бақытты адамдар.***

В.А. Сухомлинский

- *Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.*



***Жалғыз адамның әлемді
өзгертуі мүмкін бе?***

Марфуга Шапиян

Осы сұрақ мені жиі мазалайтын. Бір ғана жанның ғаламды дүр сілкінтуі мүмкін бе? Мүмкін екен! Гибратты ғұмырында адамзатты жақсылықта соңынан ерткен, әлем тарихының жаңа парақшасының жазылуына себепкер болған жандар көп болмаса да кездесіп қалады. Махатма Ганди – солардың бірі, бірегейі.

Шын аты – Мохандас Карамчанд. Оған Махатма, яғни «ұлы адам» деген атты үнді әдебиетінің классигі Рабиндранат Тагор қойған. Адамның адами болмысының қалыптасуына отбасында алған тәрбиесінің әсері мол болатыны белгілі. Махатма діндар отбасында дүниеге келді. Өз естелігінде әкесі туралы: «Оның діни білімі таяз еді, әйтсе де ғибадатханаға жиі барып тұруы және діни уағыздарды тыңдауы арқасында көптеген индустарға тән өзіндік діни мәдениеті болды», – десе, анасы жайында: «Анам менің жадымда киелі, қасиетті әйел ретінде сақталып қалды. Ол өте діндар адам болатын және дұға оқуын аяқтамайынша тамақ ішу жайын ойламайтын да. Анам ақылды адам еді және мемлекеттік істерден әркез хабардар болып отыратын», – деп еске алады.

Махатманың бала кезінен жамандық атаулыдан аулақ жүруіне осы діндар анасының ықпалы көбірек болған секілді. Махатма – өмірінде бір рет болсын, өтірік айтпаған адам екен. Оны өзінің жазғандары да, айналасындағы адамдардың естеліктері де растайды. Міне, адамдық қағидаларынан аттап өтпеген Махатманың бұл әрекеті екі сөзінің бірі өтірік, өсек талай адамға үлгі болар...

Махатма Ганди 1891 жылы Англиядағы оқуын бітіріп келіп, Бомбейде адвокаттық қызмет атқарады. Ал 1893 жылы Африкаға аттанады. Ганди Африкаға барғанда ақ нәсілділердің қара нәсілділерді қатты кемітіп, үнділерді қара нәсілділерден сәл ғана жоғары бағалайтын кез еді. Отандастары мен қара нәсілділердің құқығын қорғау жолында Гандидің көрмеген құқайы болмады. Оны көшеде талай сабады,

көліктерге отырғызбады, небір қорлық көрсетті, түрмеге де қамалды. Бірде соққының астында қалғанын байқаған журналистер: «Оларды сотқа беріңіз. Біз сізді қолдаймыз», – дегенде, алған бетінен қайтпаған Ганди: «Жоқ, сотқа бермеймін. Бірақ күресті жалғастыра беремін», – деп жауап берген еді. Ол қолына қару алып қарсы шығуды емес, бейбіт күресті таңдады. Және солай да жеңіске жетуге болатынын әлемге дәлелдеді. Махатманың «Қанға – қан» деген ұстаным бүкіл әлемді қансыратады» дегені кейін қанатты сөзге айналды.

Оңтүстік Африкада Ганди құрған ферма белгілі орыс жазушысы Лев Толстойдың идеялары негізінде жұмыс істеді. Онда қарапайым адамдармен араласу, басшылардың бөлінбеуі, олардың жұмысшылармен бірге тамақ ішуі алға қойылған еді. Толстойдың «зұлымдыққа күшпен қарсы шығуға болмайды» деген идеясын Ганди жақсы түсінді. 1909-1910 жылдар аралығында Толстой мен Ганди хат жазысып тұрған деген дерек бар. Толстой Ганди туралы: «Ол – ерекше адам. Оның ұсынған жолы – дұрыс жол. Ганди – Үндістанның жүрегі» деген сөздерді айтқан.

Ал 1906 жылдан бастап Махатма Ганди тақуалық жолына түсті. Ауыз бекітті, еуропалық киімінен бас тартты. Үстіне екі метр матаны ғана орап, аяғына жеңіл сүйретпе аяқ киім киді. Өзі: «Мектепте маған діннен басқаның барлығын үйретті. «Дін» терминін мен бұл жерде ең кең мағынасында өзінді-өзің тану ретінде қолданып отырмын. Әкемнің достары арасында мұсылмандар да, парсылар да болатын. Олар әкеммен өз діни наным-сенімдері жайында әңгімелесетін. Осының бәрі, тұтастай алғанда, менде үлкен діни төзімділікті қалыптастырды. Менің санамда «барлық нәрсенің негізі – адамгершілік, ал ақиқат – адамгершіліктің болмысы» деген сенім терең тамыр жайды. Ақиқат менің жалғыз мақсатыма айналды. Менің бұл ойым күн санап беки түсті және ақиқат жайлы түсінігім де біртіндеп кеңі берді», – деп жазды.

Тамақ ішуді шектеген Ганди аптаның екі-үш күнінде ораза ұстап, қалған уақытында бірнеше тал таза жеміс-жидек жеп, таза су ғана ішіп, үй ішін де осыған көшіреді. «Құмарлықты тыю үшін ораза ұстау, сөз жоқ, пайдалы» деген Ганди мұны өзінің өмір сүру салтына айналдырады. Ата-бабасынан келе жатқан үйіндегі барлық асыл затты, қарсылығына қарамастан әйелінің алтын-күмісін сыпырып алып, банкке өткізіп, түскен ақшаны жетім-жесірлерге бөліп береді.

Жібектей мінезімен, жұмсақ дауысымен үнін әлемге естірте алған Махатманың үлкен күресі, осылай өзін жеңуден басталып еді.

Ол барлық адамды дос тұтты. Өзі айтқан «барлық адамдардың көз жасын құрғатсам» деген арманы жолында аянбай еңбек етті және ол мақсатына ұлтына бейбіт жолмен тәуелсіздік алып беріп, белгілі бір мөлшерде жетті де. Махатманың «Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста!» деген сөзі бүгінде жиі айтылады. «Өзін өзгертіп, сол арқылы

әлемді өзгерткен» адамды көргісі келген жан Гандиге қарасын, одан үлгі алсын...

Махатма арада 22 жыл өткенде Африкадан Үндістанға қайтып оралды. Оны үнділердің құқығын қорғаушы ретінде халық жақсы танып қалған еді. Отанына қайтып келгеннен кейін көргені Гандиді қатты қиналтты. Ол өз халқының ағылшындардың езгісінде өмір сүріп жатқанын, өз елінің байлығын олардан бірнеше есе қымбатқа сатып алатынын көріп, күресуге бел байлады.

1930 жылдары Үндістанда тұздан қымбат нәрсе жоқ болатын әрі оған жоғары мөлшерде салық төлейтін. Махатма «Бұдан былай біз тұзды тегін аламыз» – деп, жанына достарын ертіп алып, теңізден тұз жинауға кіріседі. Әрине, теңіз жағасында тұз жинап жүрген кішкентай адамның үлкен жеңістерге жететінін ол кезде ешкім білген жоқ. Ганди бастаған 10 адам бірден түрмеге қамалады. Ертеңіне тұз жинауға жүз

Менің санамда «барлық нәрсенің негізі – адамгершілік, ал ақиқат – адамгершіліктің болмысы» деген сенім терең тамыр жайды. Ақиқат менің жалғыз мақсатыма айналды.
Махатма Ганди

адам шығады. Олар да түрмеге тоғытылады. Сосын 10 мың, 20 мың, 30 мың боп көбейе береді. Түрмелер толып қалады. Ағылшын билігі адамдар тасқынын тоқтата алмайды. Нәтижесінде, тұз алуға рұқсат береді. Бұл Гандидің үлкен жеңісі еді.

Ал 1942 жылы Ганди бастаған топ Ұлыбританиядан автономия сұрайды. Оларды тағы да түрмеге қамайды. Ал халық басшылары түрмеде болса да, олар көрсеткен тәсілмен күресті жалғастыра береді. 1947 жылы Үндістанға бостандық беруге мәжбүр болады.

Махатма Гандидің күш қолданбау идеясын 1960 жылдары Америкадағы нәсілдік кемсітуге қарсы пастор Мартин Лютер Кинг, Тибет мәселесін шешуге Далай Лама, Оңтүстік Африкада Нельсон Мандела, Бирмада Аун Сан басшылыққа алды және осы бір «кішкентай үнді адамы» көрсеткен жолмен күресті.

Ол күні бүгінге дейін ел басқарған басшыға да үлгі, тақуалық тұрғысынан қарапайым адамға да үлгі болып келеді. Оның «Кешіре білу – мықтыларға тән қасиет. Өлсіздер кешіре алмайды» деген қанатты сөзі талай буынның үніне қосылып, жаңғырып келеді.

Замандастары «Адамзаттың ұяты» деп атаған Махатма Гандиге белгілі ғалым Альберт Эйнштейн: «Гандидің ойлай білетін адамдарға тигізген моральдық әсері қазіргі дәреке күш асып-тасып жатқан біздің уақытта әлдеқайда күшті болып табылады. Біз келер ұрпаққа жол нұсқап тұратын осындай тамаша замандасты сыйға тартқаны үшін тағдырға ризамыз. Бәлкім, келер ұрпақ қарапайым ет пен сүйектен жаралған

осындай адамның осынау күнәға толы жер бетімен жүріп өткеніне сенбейтін де шығар», – деп баға берген еді. Сенеміз, әрине...



1. Неліктен Ганди қиянат жасамау ұстанымын басшылыққа алды?
2. «Кешіре білу – мықтыларға тән қасиет» деген сөздің мәні неде?
3. Гандидің соңынан миллиондаған адамдардың еруінің себебі неде деп ойлайсыздар?
4. Адам бойындағы қандай құндылықтар мен қасиеттер оны шынайы жетістікке жеткізеді? Неліктен?
5. Адамның шынайы сұлулығы неде?
6. Күнделікті өмірде жұмсақ мінезімен және табанды ерік-жігерімен үлгі болып жүрген қандай адамдарды білесіздер? Әңгімелеп беріңіздер.



1-тапсырма. Ұлы тұлғалардың қанатты сөздерін оқып, рухани сұлулық туралы өз ой-тұжырымдарыңызды жазыңыздар.

Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады».

Ыбырай Алтынсарин: «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер».

Әлихан Бөкейханов: «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден».

Антон Чехов: «Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі, сондықтан да ол әр уақытта мейірбанды, жайдары, сыпайы, көнгіш болып келеді... Болмашыға бола өтірік те айтпайды... Олар көп мылжындамайды, ешкім сұрамаса ішкі сырын шашпайды».

Мұхтар Әуезов: «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі».

Федор Достоевский: «Адам бойындағы бағалауға лайық қасиет – ақыл емес. Қайта сол ақылды басқаратын қасиеттер: мінез, жүрек, мейірімділік, таза ой».

2-тапсырма. Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін есте-ріңізге түсіріңіздер. Онда үш жолаушы бұлақ басындағы тасқа жазылған «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол» деген жазбаға пікір білдіреді.

«Бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағнасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта,

нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін» – деген әңгіменің түйінді сөзін талқылап көріңіздер.

Адамның жан дүниесімен қаншалықты ұқсас?

Адамның рухани кемелденуі мен бұлақтың арасында қандай байланыс бар?

3-тапсырма. Өздеріңіз үлгі тұтатын адамзат тарихындағы ұлы тұлғалардың өмір жолдары туралы айтып беріңіздер. Олардың қандай адамгершілік қасиеттері мен өмірлік ұстанымдарын жоғары бағалайсыздар?



Сұлулық – адам жанын марқайтатын, көзін қуантатын, тамсantатын, тәнті ететін, сүйіндіретін көрініс, қимыл-әрекет, пішін немесе ой-қиялдың жемісі. Солардың ішіндегі ең кереметі – қоғам мен табиғаттың ерекше перзенті – адам, соның сұлулығы. Сұлулық – адам баласына берілген нығметтердің бірі. Ол тек бетіңіздің тегістігімен, көзіңіздің әдемілігімен, тісіңіздің түзулігімен өлшенбейді. Адам анадан сырт бейнесі, пішіні сұлу болып туылуы мүмкін, ал ішкі жан сұлулығы – өзінің мінез-құлқы, қылығы, ісі. Адамдағы басты сұлулық – ішкі жан дүниесі, мінезі, қалыптасқан әдептілігі, басқа адамдарға деген адамгершілік қасиеттері арқылы қалыптасады. Адамның сыртқы сұлулығы, яғни оның сырт бейнесі, киген киімі, жүріс-тұрысы оның ішкі рухани сұлулығымен сәйкес келсе, нағыз сұлулық сол болмақ.

Сұлу адам деп нағыз көркем мінез иесін айтады. Сұлулық бетте емес, жүректе, рухани сұлулықта. Рухани сұлулық парасаттылықты, әдептілікті, әділдікті, адалдықты, шыншылдықты, тіршілікке деген сүйіспеншілікті, ізгілікті, сезім сергектігін, биік талғамды, еркіндік сезімін қамтиды. Абай атамыз айтқандай, «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Сондықтан да, көркем мінез, әдемі әдеп, нұрлы ақыл біздің ішкі дүниемізді әрлеп тұрса, адам ретіндегі қасиетіміз бен қадіріміздің артқаны.



Адамгершілік



Өсиет әңгіме

Ұстаз айтты:

- Адамгершілік деген не?
- Адамдарға махаббат.

– Білім деген не?

– Ол – адамдарды білу. Адал кісіні адал еместерден биік қойсаң, адал еместерді адалдыққа тартасың.

Ұстаз айтты:

– Адам баласы жанымыздан ағып өтіп бара жатқан өзен суы сияқты: біздің жанымыздан өтіп кеткенмен күндіз-түні өзінің жүрісін тоқтатпайды.

Ұстаз айтты:

– Ғалым кісі табанды әрі тиянақты болмаса болмайды, өйткені оның өзіне артқан жүгі ауыр және жүрер жолы ұзақ. Оның жүгі – адамгершілік, ол ауыр болмай қалай болсын. Ол өз жолын өлгенде ғана аяқтайды – бұдан ұзақ жол бар ма?!

Ұстаз айтты:

– Ақылды кісіні көрсең, соған ұқсауға ұмтыл. Ақылсыз адамды көрсең, өзінді онымен іштей салыстырып көр де, ойлан.

Ұстаз айтты:

– Оқымысты кісі деп мінезінде ұялу бар, өзге елге барғанда өз елінің абыройына қызмет етуге жарайтын, ата-анасына, үлкенге құрметпен қарайтын, сөзі шыншыл, әрекеті батыл адамды айтамыз.

Ұстаз айтты:

– Ізгі кісі мына ойды есінде тұтады:

- қараған кезде анық байқады ма;
- естіген кезде дұрыс естіді ме;
- өзінің бет-әлпеті тартымды ма;
- сөзі шын ба;
- іске дұрыс көңілмен қарай ма;
- күмән туса, ақылдасуға дайын ба;
- ашуланса, соңы теріске айналып кетпей ме;
- қандай жетістіктерге болса да жеткенде, онысы әділетті бола ма?

Ұстаз айтты:

– Адамдар үшін адал қызмет ете алдым ба? Мінез-құлқым жұртқа жайлы ма? Достарыммен қарым-қатынаста адалмын ба? Маған үйреткенді қайталап айтып, өнеге алып отырмын ба? – деп мен өзімнен күніне үш рет сұраймын.

Ұстаз айтты:

– Жас адамдар ата-анасын ардақтауға, жасы үлкендерді сыйлауға, өз ісіне ыждағаттылықпен қарауға, халқына махаббатпен қарап, адамдарды бір-бірімен жақындастыруға міндетті. Осы міндеттерден арылған уақытта кітап оқысын.



1. Өмірде қандай адамдарға еліктеп, ұқсауға тырысуымыз керек екен?
2. Ізгі адам қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?

3. Неліктен өзгелерге адамгершілік танытуымыз қажет?
4. Рухани сұлулық пен адамгершіліктің өзара қатынасы қандай?
5. Қандай құндылықтар мен қасиеттер адамды рухани сұлулыққа жетелейді? Неліктен?
6. Күнделікті өмірде қандай адамдарды рухани сұлу адам ретінде үлгі тұтасыздар? Неліктен? Өңгімелеп беріңіздер.



4-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

Өмір

Ілияс Есенберлин

Өмір деген үлкен той. Адам өкінішін той үстінде емес, той өткен соң айтады. Өкініш кімді болса да қайғы-азапқа апарып соғады. Ал ондай жанды күйзелтер өмір, қараңғы үйде сықсқан білте шам тәрізді, тек еміс-еміс сәулесі бар, жарқыраған жарығы жоқ. Мұндай күйге ұшыраған кісінің тек арманы ғана жолын көрсетер нұрлы шырағы. Бірақ арман қанша қусаң да жеткізбейтін бір қиял, түнгі от тәрізді, жақындаған сайын алыстай береді.

Демек, өмір кейде сырын білмес тентек жылқы секілді, теуіп жібермес үшін қай жағынан келеріңді білмейсің.

Аспанда жұлдыз, жерде құндыз көп, бірақ қайсы оның қолға жеңіл түсіп жатыр? Иә, жақсылық істеу қиын, жамандық – оңай. Әркімнің-ақ қолынан келеді. Дүние неге бұлай жаратылған? Ал адам баласы дүниеге бір-біріне тек жақсылық істеу үшін ғана келеді емес пе? Неге адал жолынан таяды?

Кей кісілер өмір қызығына аш қасқырдай қомағай, бүлдіргіш жаратылатыны несі? Өмірді неге аямайды, неге мәпелеп құрметтемейді? Бұл шіркін бір-ақ рет беріледі ғой. Ал түлкі тәрізді өзгелерді алдап-арбап, үнемі рақатта өткісі келетіндер де көп. Бұлар тіпті адалдықтың не екенін білмейді.

- *Адам баласы үшін өмірдің мәні ақиқатты тану дегенмен келісесіздер ме?*
- *Адал, тура жолдан таймау үшін адам баласы қандай қасиеттерді бойына сіңіруі керек?*


5-тапсырма. Төменде берілген қасиеттерді пайдалана отырып, рухани сұлу кісіге мінездеме жазыңыздар.

Қасиеттер: *отансүйгіштік, әдептілік, бауырмалдық, қарапайымдылық, қайырымдылық, әділдік, адалдық, батылдық, жомарттық, ізеттілік, еңбекқорлық, рақымдылық, мейірбандық, кешірімділік, жасаушкершілік, ержүректік және т.б.*

6-тапсырма. Кестеге рухани сұлу адамның адамгершілік қасиеттерін, олардың өзіне және қоршаған ортаға тигізетін пайдаларын жазыңыздар.

Адамгершілік қасиеттер	Адамның өзіне тигізетін пайдасы	Қоршаған ортаға тигізетін пайдасы

7-тапсырма. Тақырып бойынша өтілгенді қайталап, «Жалпыадамзаттық құндылықтар» сөзжұмбағын шешіңіздер.



Көлденеңінен	Тігінен
2. Адамның өзге біреуге жылылығын білдіруі.	1. Бүкіл жарық дүниені сүю.
5. Басқаларға зиян келтірмей өмір сүру.	3. Адамның рухани жан дүниесінің тыныштығы.
7. Жүректен шығып, сөзбен бейнеленіп, іс жүзінде қолданылатын құндылық.	4. Адам бойындағы кісілік қасиет.
8. Объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін ұғым.	6. Бұлтартпас шындық.



Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген ұлағатты азамат болу. Әр адам өзін, өзінің қажеттілігін, өмірдегі рөлін толық түсіну нәтижесінде өз мүмкіндіктерін таниды. Адам өз бойындағы мүмкіндіктерін толық пайдаланғанда ғана, алдына қойған мақсатына жете алады. Мақсатқа апаратын ізгі жолдарды өздігінен іздеп табу жақсы нәтижеге жеткізеді.

Адам жағымды қасиеттерін, ізгі ниеттерін дамыту барысында өзін-өзі тәрбиелейді. Ізгілікті іс игілікке жеткізеді. Адамның мейірімді, ықыласты болуы, елін, жерін сүюі, танып білуге құштарлығы, еңбексүйгіштігі ізгі істер мен жақсы әрекеттерге жетелейді. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын, қанағатшыл құлқын асқақтатады. Ар-ұят – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелілігінің белгісі. Ар-ұят дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің, арлылық пен сыпайылықтың негізі.



Абайлаңыздар

Сөзін жазған Ринат Зайытов

Әнін жазған Ерген Айтымбетов

Неге келдік өмірге біз?
Неге көңіл бөлудеміз?
Дүниені ардан қымбат көрудеміз.
Жалған мақтап өлгендерді,
Тірілерді сөгудеміз,
Адалдықты, адамдықты көмудеміз.
Сыймай емес, сыйыса алмай,
Қалып жүрміз көп пенде біз,
Көзге қарап, қарамаймыз көңілге біз, неге?

Қайырмасы:

Абайлаңыздар, абайлаңыздар,
Көкке емес, жерге қарайлаңыздар,
Тәнге жан қонақ, соны ойлаңыздар,
Ойлаңыздар, ойлаңыздар.

Мансаппенен мақтанамыз,
Жақындарға жат боламыз,
«Пендеміз ғой, қайтеміз?» деп ақталамыз.
Басынан аттап біреудің,
Төрге шықсақ шаттанамыз,
Сырттай аппақ, ішімізде қап-қарамыз.
Бауырымыз бақыт тапса,
Жарылуға шақ қаламыз,
Жалған күлкі, жалған сезім, қаптамамыз біздің.

АР-ҰЖДАН ҒЫЛЫМЫ



**Ар-ұждан алдындағы адалдық -
өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.**

Әл-Фараби

- Дәйексөзді оқып, мағынасын түсініп алыңыздар.



Шәкәрімнің ар ілімі

Мырзагелді Кемел

Бізде «ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан қандай анықтама беріледі? «Шәкәрім» энциклопедиясында А.Тоқсамбаева: «Ар – адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар – оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», – дейді. Ар – адамдық сананың негізі деп: «ар түзер адамның адамдық санасын» деген өлең жолдарымен Шәкәрім де айтқан. Шәкәрімше айтқанда, ар өзіне жақын, әлі ара жігі ашылып зерттелмеген ұят, ұждан ұғымдарымен бірлікте.

Сонымен, ар дегеніміз не? Қазіргі заманғы адамгершілік туралы түсінікті этика деп атайды. Немесе, мораль. Осы екеуі адамгершілік деген ұғымға сәйкес келеді. Бірақ Абайда да, Шәкәрімде де адамгершілік деген сөз жоқ, Абай оны адамшылық дейді, Шәкәрім – адамшылық, ар дейді. Адамшылыққа қатысты білімді Шәкәрім «ар білімі» дейді. «Ар білімі» деген тіркес, түсінік – Шәкәрімнің жаңалығы. Ғарифолла Есім айтады: «Ар білімі» ұғымының ауқымы кең. Ар білімі адамның адамшылығының кемелденген кезінде қалыптаса ма деймін. Менің түсінігімше ар ниет арқылы көрініс береді. Әдетте, адамдарды ақ ниетті, қара ниетті деп бөліп жатамыз. Қара ниетті адамда ар бола ма? Керісінше, арсыздық солардан шығады. Ақ ниетті адамдардың әр ісінде ізгілік жатады. Арлы адамдар – солар. Адамға бас иіп, құрмет білдіру де соларға тән. Ар білімі болса – арлылықты да, арсыздықты да зерттеуі керек» дейді.

Сонымен ар білімі деген – ар туралы біздің біліміміз. Яғни білуге тиісті, білуге міндетті нәрселер. Ғарифолла Есім осыны айта келіп Шәкәрімнің «ар білімін» өзінше талдай келе оны «ар жүйесі» деп атайды. Оны төмендегіше негіздейді: «Адамзат жаратылғалы алдымен заттық табиғатқа ие болған, яғни басқы мақсат – ішіп, жеу, қарынды

тойындыру. Мұны философ ғалым бірінші жүйе – тән жүйесі деген. Екінші болып жан жүйесі айтылады. Үшіншісі – адамның санасы. Төртінші – нәпсі жүйесі, ол тек ішіп-жеу емес, артына ұрпақ қалдыру ниеті. Бесінші – көңіл жүйесі, яғни көңіл азығын іздеу. Алтыншы жүйе – рух жүйесі, яғни адамның рухани мәдениеті. Жетінші жүйе – ар жүйесі, ол Жаратушыға барар соңғы баспалдақ».

Ғарифолла Есім ар жүйесі дегенді өз сөзімен былайша түсіндіреді: «Ар жүйесі дегенде адамшылық кеңістігі айтылады. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ұждан, ғашықтық, достық, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық, даналық, талаптылық, т.б. Ар дегеніміз көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы деуге болады». Біз автордың бұл ойымен толық келісеміз. Орынды-ақ.

Бұл тұжырымдарды біз мақұлдаймыз және болашақта терең зерттеу, өмірге енгізу қажеттігін түсінеміз. Сөйте тұра адамгершілік пен арды зерттейтін түсінікті «ар ілімі» деп атауды ұсындық. Себебі не? Себебі біз ар ұғымы білім шеңберінен шығып, ғылым, таным, дін түсініктерімен астасып кететін ұғым деп танимыз. Сондықтан оны «ар ілімі» деп атауды лайық санаймыз.

Біздің түсінігімізше, ардың оянуы үшін білімді болу аз, адам алдымен көргенді, тәрбиелі болуы керек. Таным-түсінігі мол адам арсыздыққа бармайды. Ардың оялуы – арға нұқсан келетін істі болдырмайды. Ол үшін білім аз, көргенділік, көрегендік керек.

Ғылым көзі – іздену, ағартушылық. Ғылым – бүкіл елді сусындата алар шалқар көл, халықты байлыққа, бақытқа бөлер таусылмас кен, рухани дерттің бәрін аластайтын, елге қуат, күш беретін дәру. Білім алуды ғылыммен ұштастыра игерсе, қазақ та тарих көшінде өзгелермен тең дәрежеде болашаққа бет алмақ, басқалармен басы теңеспек, бәсекелес бола алмақ.

Ойшыл ақынның «Үш анық» атты философиялық еңбегінде де осы «жан мақсұты» негіз етіп алынған. «Үш анықтың» негізінде келіп ар ілімі қалыптасады. Ар ілімі – ол рухани тазару жолы.

«Үш анықта» ар ұғымы ұждан деген ұғыммен түсіндіріледі: «Адамдағынысап, әділет, мейірім – үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан деген ұғым туады» дейді. Сөйтеді де: «адамшылық арым соны істеуді ұнатады» деген «ұжданың солай қылғанды ұнатады» дегендік болып шығады» дейді. Демек ұждан мен ар тең түсінік. Шәкәрім ұждан, яғни ар туралы пікірін: «ұждан – жан тілегі» деп қорытындылайды. Осы философиялық трактатта Шәкәрім: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» дейді.

Шәкәрім: «таза дене, толық мінез ой істерін керек қылады, соның қатты бір керегі – ұждан. Оны адам осы өмірі үшін ғана керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Атым қалсын, мені жақсы көрсін, пәленше сондай таза деген үшін емес. ...Ұжданның жан тілегі екеніне нанған адам өмірде істеген қиянатына қатты өкініп, күйіп, істеген жақсылығына қуанып өлсе керек. Олай нанбай, ұжданды құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деп ұғатын кісіге жақсылық пен қиянаттың көп айырмасы болмаса керек. Оған бүгінгі өмірдің айла-әдісін тапса болғаны. ...Ұждан – өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң-жол тазарта алмайды» дейді.

Шәкәрімнің ар ілімінің мақсаты – ішкі тазалыққа жету арқылы хақты тануға жол ашу. Сондықтан Шәкәрімнің ілімі барлық адамзатты бақытқа жеткізуге бағытталған дейміз. Ол – қазақ философиясының ойын ерекше белеске көтерген ойшыл. Шәкәрім өз өмірі арқылы даналыққа жеткен тұлға екенін дәлелдеген дегдар жан. Даналық деп арлылыққа, ақыл мен сабырға, ізгілікке негізделген қарекетті айтамыз. Даналықтың арналары – ізгі ой, ізгі мінез-құлық және ізгі іс. Осы үшеуі де Шәкәрім бойынан табылған, оның тұлғасын биіктетіп тұрады.

Шәкәрім философиясы «Өзінді таны, соның нәтижесінде адамды таны» деуге келеді. Шәкәрім зерттеулері бойынша адам болмысы үш бөліктен тұрады: тән, рух және жан. Тән табиғаттың негізгі элементтері топырақ, су, ауа, от және эфирден тұрады, ол – материалдық болмыс. Рухқа сезім, ой-өріс, ақыл-ес, түйсік және әркімнің өзіндік «мені» жатады. Жан болса адам өмірін басқарушы, қуат көзі, тіршілік болмысы. Жан таным-білімге және рухани ләззатқа құштар. Жанның толығыуы тек рухани жолмен ғана жүзеге асады. Рухани жетілген адамның бүкіл болмысы кемелді келеді. Жан тәнді тек рух арқылы билейді. Адамның материалдық болмысын жан мен рух болмысы жеңіп тұрса, нағыз жетілген адам содан шығады.



1. Сіздің пікіріңізше, ар, ұждан деген не? Адам өмірінде ар, ұжданның маңызы қандай?
2. Даналық дегенді қалай түсінесіз? Сіз үшін даналыққа жетудің жолдары қандай деп санайсыз? Жауабыңызды түсіндіріп айтыңыз.
3. Автордың «Даналықтың арналары – ізгі ой, ізгі мінез-құлық және ізгі іс» деген сөздерін қалай түсіндіресіз?
4. Шәкәрім бабамыздың ар ілімі мен өзін-өзі тануды не байланыстырады деп ойлайсыз? Мысал келтіріп, түсіндіріңіз.
5. Оқылған мәтіннен өзіңіз қандай сабақ алып, ой түйдіңіз?



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Ұлы ойшыл Шәкәрімнің «Арманым байлық, мансап, мақтан емес, Ары зор, ата ұлы емес, адам ұлы» деген өлең жолдарын қалай түсіндіңіздер?
- Өзіңіздің өмірлік арман, мұратыңыз қандай?
- «Өзін-өзі тану» сабақтарынан не үйрендіңіз? Ойыңызды сыныптастарыңызбен бірге талқылаңыздар.



«Менің құрдастарым» жобасын қорытындылау

«Менің құрдастарым» жобасының тұсаукесерін әзірлеп, шығармашылық жұмыстардың, сондай-ақ фотокөрме және бейнематериалдар көрмесін ұйымдастырыңыздар.

Жоба бойынша жұмыстың қалай жүргізілгені, рөлдерді бөлісіп, шығармашылық ізденіс барысында орын алған қызықты оқиғалар туралы әңгімелеп беріңіздер. Өздеріңіз үшін қандай жаңалық ашқандарыңызды ортаға салыңыздар. Жоба жұмысының нәтижелеріне талдау жасап, қорытындылаңыздар.

Тұсаукесердің соңында өздеріңіз жыл бойы орындаған шығармашылық жұмыстарыңызды пайдалана отырып, «Жаңа ғасыр жеткіншектері» атты коллаж жасаңыздар.



Адамның рухани өсіп, дамуы оның өзінің күнделікті өмірінде мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімдікте өмір сүрген кезінде орын алады. Руханилық – бұл адамдардың қарым-қатынастарында көрініс тапқан адалдық, қайырымдылық, даналық, риясыз махаббат.

Ұлы қазақ ақыны әрі ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлының жазғанындай, адам баласының өмірін түзетіп, барлық адамдардың тату тұруы үшін адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуы керек екен. Адал еңбек, арлы ақыл және ақ жүрек – бұл қол, бас пен жүрек бірлігі. Осы үштік бірлік ой, сөз және іс бірлігінде көрініс табады. Адамның шынайы рухани байлығы оның басында туған ойдың жүрегінен өтіп, содан кейін сөз бен істе жүзеге асырылуында.

Рухани білім – әрқашан практикалық білім. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Қазақ Елінің жастары білімді,

көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылулары керек екендігін атап көрсетті. Себебі, жаңа дәуірде тек бәсекеге қабілетті, аса білімді, рухани бай, сауатты адамдар ғана табысқа жетеді. Ел жастарында осындай қасиеттер болса, кез-келген мемлекеттің болашағы жарқын болары анық.



Тек алға

Сөзін жазған Ринат Зайытов

Әнін жазған Маржан Арапбаева

Тіршілік қайнап тұрса,
Көңілің сайрап тұрса,
Жас жаның жайнап тұрса,
Дала.
Сөндірме жан нұрыңды,
Жазғырма тағдырыңды,
Бақытқа әр күніңді бала.

Қайырмасы:

Арманың барда,
Шаршама талма.
Жасқанып қалма,
Жүре бер тек алға.
Өмір сынаса,
Көңілге алма.
Әніңді жалға,
Жүре бер тек алға.

Қиналсаң анда - санда
Үмітің алдаса да,
Өтпелі әрқашан да,
Бәрі.
Сәтсіз күн оралмасын,
Қайғыға жоламасын,
Жүректің жоғалмасын,
Сәні.

Қайырмасы:

Бақ жұлдызың жанады,
Арманға қанат қағады.
Мұңайма ешқашан да өмірде,
Әр адам бақыт алады.

БІЛІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІЛЕУ

1-тест

Дана адам қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?

- а) Парасаттылық, көрегендік, ізгілік, рақымдылық.
- ә) Сыпайылық, ізеттілік, кішіпейілділік, мейірімділік.
- б) Білімпаздық, алғырлық.

2-тест

Адамға өзін-өзі рухани кемелдендіру үшін не қажет?

- а) Білім, өмірдің мәні мен мақсаты туралы терең ойлану.
- ә) Көп іздену, көп оқу.
- б) Рухани-адамгершілік білім, бойындағы жағымсыз қасиеттерден құтылуға және жағымды қасиеттерді дамытуға деген талап пен тәртіп.

3-тест

Риясыз сүйіспеншілік – бұл:

- а) өзіңді және өзіңнің жақындарыңды сүйе білу.
- ә) өзіңді сүйе білген адамдарды сүйе білу.
- б) барлығын ешбір себепсіз, есепсіз, қайтарып күтпестен сүйе білу.

4-тест

Ар-ұждан үнімен өмір сүру дегеніміз:

- а) қоғамдағы қабылданған ережелер мен талаптарды бұлжытпай сақтау.
- ә) ақиқатқа сүйеніп, оймен, сөзбен және іспен сүйіспеншілік таныту.
- б) үнемі өз ойымен өмір сүру.

5-тест

Сіздің пікіріңізше, адам өмірінде ар-ұжданның маңызы қандай?

- а) Ар-ұждансыз өмір сүру мүмкін емес, кез келген адам оларды жастайынан сақтауы тиіс.
- ә) Меніңше, ар-ұждан деген ұғымдар менің құрдастарым үшін маңызды емес.
- б) Арлы, ұжданды боламын деп, көп нәрседен құр қаласың.

Ы. Жақаев: «Жауқазын гүлдей жайнаған сендер, жас достарым, шын бақыттысыңдар, ал нағыз бақыт, шынайы қуаныш тек еңбекпен ғана келетінін мен өз өмір жолымнан айқын көрген адаммын. Бақытты заманның бақытты ұрпақтары, еңбекпен есейе беріңдер!»

Ж. Қуанышбаев: «Бүкіл ақыл-ой болмысының негіздері балалық жаста қаланады».

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК

Абырой – 1. Ар, ұят. 2. Атақ, дәреже, бедел.

Адалдық – адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет.

Адамгершілік – қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым.

Ақиқат – 1. Заттар мен құбылыстардың практикада тексерілген анық бейнесі. 2. Шындық, дұрыстық.

Ақыл – 1. Адамның ойлау қабілеті. 2. Түйінді ой, пайдалы кеңес.

Ар – адамгершілік ізгі қасиет.

Ақниет – көңілі таза, пейілі ақ, адал пиғыл адамның кісілік тұлғасы мен мінезіндегі аса құнды қасиет.

Ақкөңілділік – адам баласының жақсы қасиеттерінің бірі. Ақкөңіл адам өзгенің жетістігіне, қуаныш, бақытына өз жетістігі мен игілік-бақытындай қуанады.

Әдеп – 1. Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. 2. Сыпайыгершілік, ізеттілік.

Бейімділік – 1. Икемділік, ыңғайлылық. 2. Қабілеттілік, іскерлік.

Борыш – 1. Қарыз, бересі, берешек. 2. Міндет, парыз.

Даналық – кеменгерлік, данышпандық.

Дүниетаным – дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті, жалпы ой-өріс.

Жақсылық – қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік.

Жанашырлық – 1. Ниеттестік, тілектестік, қамқорлық, ет жақындық. 2. Бір адамның қиын жағдайға тап болған өзге адамға тілектес, ниеттес, сыйлас кісілеріне деген ерекше көңіл-күйі, қамқорлығы.

Жауапкершілік – 1. Адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет. 2. Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі.

Жауапкершілік - тәртіптіліктің, адамдықтың белгісі.

Ибалылық – әдептілік, инабаттық, сыпайылық.

Иман – адам бойына тән ізгілік, адамгершілік.

Игілік – 1. Қайырымды іс, жақсылық. 2. Бақыт, дәулет, ырыс. 3. Қажетті жағдай, пайда.

Имандылық – адамгершілік және адамгершілік ережелері.

Инабаттылық – әдептілік, ибалылық, ізеттілік.

Кемелдену – толысу, жетілу.

Кісілік – адамгершілік, азаматтық.

Қабілет – адам бойындағы бір нәрсеге деген бейімділік қасиет, іскерлік.

Қайырымдылық – қайырымы молдық, мейірімділік.

Қамқорлық – қамқор болушылық, қамын ойлаушылық.

Қиянат – зрлық-зомбылық, озбырлық.

Құндылық – 1. Қымбаттылық, бағалылық. 2. Маңыздылық, мәнділік.

Мақсат – бір нәрсеге (нәтижеге) жету үшін алға қойылған міндет.

Махаббат – ата-ананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы.

Мейірімділік – мейірбандылық, қайырымдылық, шапағаттылық.

Мінез-құлық – адамның іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан байқалатын өзіндік қасиет.

Намыс – 1. Адамгершілік, ар, абырой. 2. Ұят, ұждан. 3. Адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті, лап етпе сезім.

Өмірлік ұстаным – адамның дүниетанымдық, моральдық-психикалық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы.

Парасат – ақыл-ой, сана-сезім.

Парыз – адам бойына тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.

Рақмет – ілтипат білдіріп, айтылатын ризалық алғыс.

Рақым – қайырым, мейірім, шапағат.

Риясыз – шын ықыласпен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз.

Риясыздық – қалтқысыздық, бүкпесіздік, шынайылық.

Рух – 1. Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым. 2. Рухани күш-қуат, батылдық.

Рухани – адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән.

Рухани дүние – адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпыадамзаттық инабат, парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы.

Руханилық – рухани, адамгершілік және интеллектуалды

қызығушылықтардың материалдыққа қарағанда басым жағдайы, адам жанының таза қасиеті.

Сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы.

Сезім – сыртқы дүние мен құбылыстардың адамға еткен іс-әрекетін сезіну, байқау, қабылдау қабілеті.

Сүйіспеншілік – құштарлық, ынтықтық көңіл күй.

Сыйластық – сый-құрметке лайық, татулық, достық.

Татулық – тату болушылық, жақсы сыйластық.

Ұждан – ар, намыс, ұят.

Ұстаным – нақты бір мәселеге көзқарас, позиция.

Шыншылдық – адалдық, турашылдық. Шындықты бағалай білу және шындықты айта білу, адамның іс-әрекеті оның ойы мен сөзіне қайшы болмауы үшін өмір сүре білуі.

Ізгілік – жақсылық, адалдық, игілік. Адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі.

Ілтипаттылық – кішіпейілділік, әдептілік, инабаттылық.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақ ақыны, қазақ әдеби тілінің негізін салушы, ойшыл.

Аймауытов Жүсіпбек (1889–1931) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист.

Алтынсарин Ыбырай (1841–1889) – қазақ ағартушысы, педагог, ақын, жазушы.

Аристотель (б.з. дейінгі 384–322) – ежелгі грек философы, ғалым, ойшыл.

Әбу Насыр Әл-Фараби (870–950 ж.ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, логика, музыка зерттеушісі.

Әйтеке би (1666–1722) – қазақ биі, қоғам қайраткері.

Әлімбаев Мұзафар (1923) – Қазақстанның халық жазушысы.

Әуезов Мұхтар (1897–1961) – қазақ жазушысы, ғалым.

Байтұрсынов Ахмет (1873–1937) – қоғам қайраткері, ақын әрі аудармашы.

Баласағұн Жүсіп (1015(16) – белгісіз) – түркітілдес халықтар ақыны, ойшыл.

Бұхар жырау (1668–1781) – қазақ ойшылы.

Гарсия Маркес Габриэль (1927–2014) – колумбиялық жазушы, әдебиеттен Нобель сыйлығының лауреаты.

Гете Иоганн Вольфганг (1749–1832) – неміс ақыны, ойшылы.

Гоголь Николай Васильевич (1809–1852) – орыстың ұлы жазушыларының бірі.

Горький Максим (1868–1936) – орыс жазушысы.

Грег МакКеон (1977) – ағылшын жазушысы және психологі.

Гуго Сен-Викторский (1096–1141 жылдар) – француз ойшылы, педагогі.

Гюго Виктор Мари (1802–1885) – француз жазушысы.

Дидро Дени (1713–1784) – француз философы, жазушы.

Дулатов Міржақып (1885–1935) – қазақтың аса көрнекті ағартушысы.

- Есенберлин Ілияс* (1915–1983) – аса көрнекті қазақ жазушысы.
- Есімов Ғарифолла* (1947) – ғалым, профессор, абайтанушы.
- Жабаев Жамбыл* (1846 –1945) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, жыршы.
- Жұмабаев Мағжан* (1893–1938) – қазақ ақыны, педагог.
- Зайытов Ринат* (1983) – қазақтың айтыскер ақыны.
- Іүгінеки Ахмет* (XII ғ.) – түркі халықтарының ақыны.
- Кекілбайұлы Әбіш* (1939–2015) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері.
- Келімбетов Немат* (1937–2010) – түрколог-ғалым, профессор.
- Кенжеахметұлы Сейіт* (1939) – жазушы, этнограф.
- Қазыбек би* (XVIII ғ.) – орта жүздің төбе биі.
- Қайсенов Қасым* (1918–2006) – Қазақстанның Халық қаһарманы, көрнекті жазушы.
- Қалдаяқов Шәмші* (1930 –1992) – композитор, Қазақстанның халық әртісі.
- Қалдыбай Мамытбек* (1939) – жазушы, журналист.
- Қалиев Серік* (1961) – айтыс ақыны.
- Қорқыт ата* (VIII ғ.–да өмір сүрген) – ақын, күйші, ойшыл.
- Құдайбердіұлы Шәкәрім* (1858–1931) – ақын, аудармашы, философ.
- Мақатаев Мұқағали* (1934–1978) – қазақтың көрнекті ақыны.
- Молдағалиев Жұбан* (1920–1987) – қазақ ақыны, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты.
- Молдағалиев Тұманбай* (1935–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.
- Момышұлы Бауыржан* (1910–1982) – Кеңес Одағының батыры, жазушы.
- Монтень Мишель* (1533–1592) – француз философы және жазушысы.
- Моцарт Вольфганг Амадей* (1756–1791) – австрия композиторы.
- Мұқанов Сәбит* (1900–1973) – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері.
- Мұстафин Ғабиден* (1902–1985) – қазақ жазушысы.

Мұхатова Оразгүл Хасенқызы (1960) – тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Мүсірепов Ғабит (1902–1985) – қазақ жазушысы және драматургі.

Мырза Әли Қадыр (1935–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Назарбаев Нұрсұлтан (1940) – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

Назарбаева Сара Алпысқызы (1941) – ҚР Бірінші Ханымы, «Өзін-өзі тану» РАББ авторы.

Нәжімеденов Жұмекен (1935– 1983) – қазақ ақыны.

Несін Жүнісбай (1950) – спорт журналисі, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

Ницше Фридрих Вильгельм (1844–1900) – неміс философы, ақын және композитор.

Нұршайықов Әзілхан (1922–2011) – Қазақстанның халық жазушысы.

Нұрышева Гүлжиһан (1959) – философия ғылымдарының докторы, профессор.

Оңгарсынова Фариза (1939–2014) – қазақ ақыны, халық жазушысы.

Платон (205– 270) – ежелгі грек философы.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899–1964) – геолог-ғалым, профессор, академик.

Сәтиев Қайырбек – композитор.

Сейдімбек Ақселеу Сланұлы (1942-2009) – жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым.

Сенека Луций Анней (б.з. дейінгі 4 жылдар- б.з. 65 жылы) – философ, ойшыл.

Сервантес Мигель (1547– 1616) – испан жазушысы.

Серікқалиұлы Зейнолла (1938-2004) – жазушы, аудармашы, ғалым.

Сократ (б.з. бұрынғы 436-338) – ежелгі грек публицисі, философы.

Софокл (б.э.д.497 – 406) – ежелгі грек драматургі.

Сухомлинский Василий Александрович (1918-1970) – атақты украин педагогі.

Толстой Лев Николаевич (1828-1910) – граф, орыс жазушысы.

Толыбаев Құрманбай Игілікұлы (1926-2004) – жазушы.

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлы (1835–1865) – қазақ ғалымы, ағартушы, саяхатшы.

Ушинский Константин Дмитриевич (1824–1870) – орыс педагогі.

Фалес (б.э.д. 624–547) – ежелгі грек ойшылы және ғалымы.

Чернышевский Николай Гаврилович (1828–1889) – Ресей философы, публицист, жазушы.

Чехов Антон Павлович (1860–1904) – орыс жазушысы, прозашы, драматург.

Шакузадаұлы Нұрхат – жазушы.

Шекспир Уильям (1564 – 1616) – ағылшын ақыны және драматургі.

Ысқақ Әкім (1960) – жазушы, эссе-кітаптар мен көптеген әндердің авторы.

Ясауи Қожа Ахмет (1103(05) – 1167) – ақын, «Диуани хикметтің» авторы.

МАЗМҰНЫ

I тарау. Таным қуанышы

«Менің құрдастарым» жобасы. I кезең	8
1-2 сабақтар. Өмір жолын таңдау	9
3-4 сабақтар. Мәнге толы өмір	22
5-6 сабақтар. Адам ойының, сөзі мен ісінің бірлігі	37
7-8 сабақтар. Даналықтың сарқылмас күші	45

II тарау. Адам болам десеңіз...

«Менің құрдастарым» жобасы. II кезең	59
9-10 сабақтар. Адамның адамгершілік қасиеттері	60
11-12 сабақтар. Әйелдің орны, рөлі	73
13-14 сабақтар. Ер адам – парызды, жауапкершілік пен тәртіпті іске асырушы	87
15-16 сабақтар. Адамның еркіндігі	98

III тарау. Адам және әлем

«Менің құрдастарым» жобасы. III кезең	111
17-18 сабақтар. Отбасы татулығы – қоғамдағы татулық	112
19-20 сабақтар. Ұжымдағы ынтымақтастық	120
21-22 сабақтар. Өзгелерге қызмет ету – өзіңе қызмет ету	129
23-24 сабақтар. Бақыт – бірлікте	136

IV тарау. Адамзаттың рухани тәжірибесі

«Менің құрдастарым» жобасы. IV кезең	148
25-26 сабақтар. Адамзат даналығының бастаулары	149
27-28 сабақтар. Мәңгілік ізденіс – мәңгілік жол	158
29-30 сабақтар. Сүйіспеншілік – жоғарғы Ақиқат ретінде	167
31-32 сабақтар. Адамның рухани сұлулығы	175
33-34 сабақтар. Ар-ұждан ғылымы	184

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша түсіндірме сөздік	190
Есімдер көрсеткіші	192

Оқу басылымы

Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

Суретшісі: Алиева Д.
Дизайн және верстка: Абкеева А.